

НҰРАДИН ГҮЛХАН

**МӘДЕНИ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ
ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ СИМБИОЗ
АСПЕКТІЛЕРІ**

Монография

**Алматы
2023**

*М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде
Ғылыми Кеңесінде мақұлданып баспаға жіберілуге ұсынылды.
(Хаттамамен №13 , 29 маусым 2023 жыл)*

Пікір бергендер:

Сатершинов Бахытжан Меңлібекұлы – философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері;

Ермагамбетова Куралай Сергабыловна - «Мәдениеттану» мамандығы бойынша PhD философия докторы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Философия» кафедрасының доценті м.а.;

Кульбаева Дина Дюсебаевна – философия ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «Философия және саясаттану» кафедрасының меңгерушісі.

Н Нұрадин Г.Б.

Мәдени қатынастар жүйесіндегі әлеуметтік-философиялық симбиоз аспектілері: Монография. – Алматы: ТОО «Лантар books», 2023. - 222 б.

ISBN

Бұл монографияда жер шарын мекендеген адамзаттың қалыпты өмір сүруі үшін аса қажетті философия, мәдениеттану, әлеуметтану және саясаттану пәндеріне коллаборация жасалып, олардың симбиотикалық қолданылуы дипломаттық, толеранттық, бірегейлік принциптері арқылы пәнаралық байланыста қарастырылады. Әлеуметтік-философиялық симбиоз бағытында жоғары академиялық білім беру арқылы әлем халықтары арасындағы ақпарат пен тәжірибе алмасу, нақты тақырыптар бойынша тұжырымдамалар мен әдістерді зерделеу қажеттілігі бар деп танылды. Монографияның мақсаты «мәдени ынтымақтастық», «құқықтық мемлекет», «әлеуметтік даму», «экологиялық мәдениет», «көпмәдениеттілік» «этнотолеранттылық», «философиялық мәдениет», «мәдени тану», «мәдени иемдену», «бұқаралық мәдениет», «танымал мәдениет», «мәдени бірегейлік» сынды бірқатар бітімдік ұғымдарды әлеуметтік-философиялық контексте тұжырымдау. Осы арқылы Қазақстанның жоғары академиялық білім беру жүйесінің ары қарай дамуын көздей отырып еліміздің бейбітшілік пен татулық бөсігінде ұзақ ғұмыр кешуіне ықпал ету.

Монография қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша білім беру бағдарламаларын игеруші студенттер мен олардың оқытушыларына, магистранттар мен докторанттарға және мәдени қатынастар жүйесі тақырыбын кеңірек түсінуге ұмтылушыларға арналған.

ӘОЖ
КБЖ

ISBN

© Нұрадин Г.Б.
© ТОО «Лантар books», 2023

Мазмұны

Кіріспе	4
---------------	---

"МӘДЕНИ ДИПЛОМАТИЯ" ТАРАУЫ

1.1. Көпполярлы әлемдегі «жұмсақ күш» атауына ие мәдени дипломатия.....	8
1.2. Мәдени ынтымақтастық: философия мен әлеуметтанудың симбиотикалық қолданылуы	28
1.3. Мәдени қатынастар жүйесіндегі құқықтық мәдениет пен әлеуметтік даму	56
1.4. Экологиялық мәдениет - адамның адамшылық болмысының сақталуы	722
1.5. Этнотолеранттылық - көпмәдениетті білім беру кеңістігінің өзегі.....	998

«МӘДЕНИ ДИПЛОМАТИЯ» ТАРАУЫ БОЙЫНША

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	113
--------------------------------------	-----

"МӘДЕНИ БІРЕГЕЙЛІК" ТАРАУЫ

2.1. Философиялық мәдениет – әлеуметтік-мәдени элементтер өзгерісі.....	1222
2.2. Мәдени сабақтастық және интеграция	1465
2.3. Жаңа жаһандық контекстегі «мәдени тану» мен «мәдени иемдену» мәселелерінің ара қатынасы.....	1743
2.4. «Бұқаралық мәдениет» пен «танымал мәдениет» ұғымдарының философиялық өлшемі.....	1854
2.5. Мәдени бірегейлік процесіндегі әлеуметтік-философиялық ұстаным	1987

«МӘДЕНИ БІРЕГЕЙЛІК» ТАРАУЫ БОЙЫНША

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	2110
ҚОРЫТЫНДЫ.....	2198

Кіріспе

Бүгінгі таңда әлем картасы екі жүзге жуық заңды шекаралармен шектесетін маңызды бөліктерден тұрады, ал картаға үңіле қараса әлем субұлттық бірліктерді құрайтын аса күрделі құрылымға айналады. Қалай болғанда да жер тұрғындары мен олардың басқарушы органдары халықаралық мәдени қатынастардың негізгі қатысушылары болып табылады. Жер бетін мекендеген адамзаттың бүгінгі бейнесі келісті емес, болмысы бұлыңғыр, адамзаттың өзіне өзі тауып берген проблемасы аз емес, алайда оның болашағын айқындайтын анық жол – ол мәдени қатынастар аясын кеңейту арқылы бейбітшілік пен достыққа, ымыраластық пен татулыққа қол жеткізу.

Мәдени қатынастар жүйесі - бұл бірегей тәсіл, сонымен қатар халықаралық қатынастардың тиімді және бейбіт құралы. Әр ұлттың өз бояуы мен болмысын сақтап қалуы қаншалықты маңызды болса, бүгінгі күні халықаралық мәдени қатынастардың маңыздылығы одан да жоғары болып отыр. Ұлттық мәселелерден де жоғары түсіндірмелерге ие мәдени қатынастардың халықаралық саясатының әдістері барған сайын маңызды бола түсуде, өйткені олар қазіргі тенденциялар мен қиындықтарды анық әрі дәлірек көрсете алады. Сол себепті қазіргі сәтте мәдени қатынастарды салыстырмалы зерттеу және оған әлеуметтік-философиялық талдама жасау халықтың бұқаралық санасының, ұлттың болмысы мен мемлекеттік саясаттың маңызды түсіндірмесі бола алуы мүмкін. Еліміздегі 130 дан астам ұлт пен ұлыстың мекендеген жерінде бейбітшілікпен татулық туы жоғары болуы үшін ел ішіндегі мәдени қатынастар саясаты субұлттық қабылдауды біріктіретін бірегей тәсіл және әлемдік тәжірибе бола алады. Себебі іс жүзінде әкімшілік шекаралар мен мәдени шекаралар үнемі тоғыса бермейді және оның салдары ауыр болуы ықтимал. Сондықтан да мәдени қатынастар жүйесінің мәдениетаралық және мәдениетішілік қатынастар шеңберінде жүзеге асырылуымен оның әлеуметтік-философиялық талдамасы құптарлық болуы тиіс.

Көпшілікке мәлім монография стилі оқулық және оқу құралдарына қарағанда бөлек. Монографияда белгілі бір тақырып немесе қандайда бір күрделі әрі өзекті мәселе негізге

алынып ол егжей-тегжейлі талдануы қажет ғылыми зерттеу. Осы қағиданы нысанаға ала отырып монографияның бағытын таңдап, атауын бекіту үшін ғылымның заманауи бағытын анықтау қажеттілігі туды. Ғылымның қазіргі бағыты бір-бірімен байланысты немесе туыстас пәндердің ынтымақтастығына бағытталған. Жалпы білім беру саласында, әсіресе жоғары академиялық білім беру процесінде зерттеу нысандарында, тақырыптарында, мақсаттары мен зерттеу әдістерінде ұқсастықтары бар бірнеше пәндердің ынтымақтастығы және дәйекті қолданылуы өзекті болуда. Мысалы, тарихты, әдебиетті және тілді зерттеуді біріктіру зерттелетін тіл контекстінде зерттелетін халықтың дәуірін, мәдениетін, дәстүрлері мен менталитетін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Байланысты пәндердің ынтымақтастығы білім көлемін арттыруға, мәселелерді әр түрлі тұрғыдан қарастыруға, топта жұмыс істеуді үйренуге, мәселелерді шешудің әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қолдануға, сондай-ақ әр түрлі бағытта дамуға мүмкіндік береді. Осы мақсатта философия, мәдениеттану, әлеуметтану және саясаттану сынды бір-бірімен тығыз байланысты қоғамдық-гуманитарлық пәндерге симбиоз немесе коллаборация жасауды мақсат еттік. Себебі монографияда көтерілетін мәселелер аталған барлық пәндердің зерттеу нысандарына жанасады және сол бағытта өзгеше қарастырылады әрі тұжырымдалады.

Монография стилінде еңбек жазудың тағы бір талабы бойынша автор әр түрлі тәсілдерді қолдана отырып, бір тақырыпты барлық жағынан қарастырады және өз тұжырымдарын фактілермен әрі дәлелдермен қолдайды. Себебі монография диссертациялар мен магистрлік жұмыстар сияқты ғылыми еңбектерде жиі қолданылуы және белгілі бір пән бойынша белгілі бір білім саласын немесе терең тақырыпты сипаттай алуға негіз бола алуы мүмкін. Осындай басты қағидаттарды жүйелей келе және зерттеу жүргізілу барысында көптеген түзетулер мен толықтыруларды басынан өткеріп «Мәдени қатынастар жүйесіндегі әлеуметтік-философиялық симбиоз аспектілері» атты монография атауы туды. Зиялы қауым назарына ұсынылып отырған монографияны екі үлкен тарауға және әр тараудың ішінен бірнеше тараушаларға бөлу жоспарланып отыр. Кез-келген дайын кітапты оқуға ниеттенген

оқырман үшін еңбектің мазмұны, өзектілігі мен жаңашылдығы, оқылу тілінің жатықтығымен қатар рәсімделу стилі де маңызды. Осы ойды негізге ала отырып монографияға ыңғайлы рәсімдеу стилі таңдалды. Онда әр тараудың алдында тек сол тараудың мазмұны жеке көрсетіледі және тарау соңында сол тарауда ғана қолданылған әдебиеттер тізімі беріледі. Мұндай рәсімделу стилі оқырманның өзіне қажетті тараушалар мен ондағы әдебиеттерді тез табуына ыңғайлы болу мақсатында пайдаланылды.

Көпполярлы әлемдегі әр мемлекеттің әлемдік мәдени саясатқа негізделген, соның басты қағидаттарына жүгінетін өзіндік мәдени саясаты болады. Ол мемлекеттің мәдениет саласындағы қызметіне негіз болатын әрекеттік принциптері, басқару тәжірибелері мен рәсімдерінің жиынтығы ретінде түсініледі. Әлбетте, барлық елдерге сәйкес келетін бірыңғай мәдени саясат болуы мүмкін емес. Әрбір мемлекет өзінің мәдени саясатын өзінің алдына қойған мәдени құндылықтарына, мақсаттарына және таңдауына сәйкес анықтайды. Алайда «адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына» жүгіне отырып қазіргі заманғы әлем үшін әрбір адамның, халықтың, ұлттың өзіндік ерекшеліктері мен бірегейлігін сақтау, олардың жеке немесе саяси құқықтарын, діни немесе сенім бостандығын білдіруді құқықтық мәдениет шеңберінде талқылау арқылы ғылымды мәдениеттің бір бөлігі ретінде қарастыру маңыздылығы негізге алынды. Себебі қазіргі таңдағы адамзаттың қызығушылығы мен алаңдаушылығының салдарлары әлемді индустрияландыру және механикаландыру мақсатындағы көптеген түпкі себептерге ие. Шын мәнінде адамзат индустрияландыру бағытында дамыған сайын материалдық игіліктерден гөрі шығармашылық қызметке қажеттілік бар екенін түсініп гуманизмнің жаңа қырларын ашуы тиіс. Мұндай әрекет қазіргі әлемнің технологиялық жетістіктерін мәдениеттің жетістіктерімен үйлестіруге жаңа ынталандыру тетіктерінің пайда болуына алып келді. Монография осындай мәселелерге философиялық контексте жауап беруге, осы бағытта ізденіс жасауға тырысады.

Адамның жердегі жақсы өмірге деген өмір бойғы ізденісі шындалған сайын оған жетудің жаңа жолдары көптеп ашылуда. Демек, оны анықтау жұмысы қиындай түседі деген сөз. Шапшаң

дамып жатқан технология физикалық өмір сүру жағдайларын өзгерте отырып, таңқаларлық қарқынмен дамып қана қоймайды, сонымен қатар әлеуметтік институттар барған сайын күрделене түседі және адамның бақылауынан алшақтайды. Адам жасаған барлық дүние тек жақсылықтың нышанын білдірмейді. Нәтижесінде қазіргі адам мен оның ұрпақтары қандай әлемде өмір сүруі керектігін анықтайтын тағдырлы шешімдер қабылдау кезінде адамшылық ой-тұжырымдарға деген қажеттілік артады. Монография осы бір арпалысқа түсінік беруге тырысады. Осылайша «Жаңа Қазақстан» атауымен мәдени саясаттың жаңа формасын жасақтауға ұмтылған еліміздің өзгеше келбетіне өзінше үлес қосуды көздейді.

Кіріспе	4-7
1.1. Көпполярлы әлемдегі «жұмсақ күш» атауына ие мәдени дипломатия	8-27
1.2. Мәдени ынтымақтастық: философия мен әлеуметтанудың симбиотикалық қолданылуы	28-55
1.3. Мәдени қатынастар жүйесіндегі құқықтық мәдениет пен әлеуметтік даму	56-70
1.4. Экологиялық мәдениет - адамның адамшылық болмысының сақталуы	72-97
1.5. Этнотолеранттылық - көпмәдениетті білім беру кеңістігінің өзегі	98-112
«Мәдени дипломатия» тарауы бойынша пайдаланылған әдебиеттер тізімі	113-121

1.1. Көпполярлы әлемдегі «жұмсақ күш» атауына ие мәдени дипломатия

Адамзат баласы жер бетінде пайда болғалы бері тынымсыз қозғалыста. Осы қозғалыс адамзаттың өмір жолын түзіп, бүгінгі күнге дейін сүйемелдеп келе жатыр. Қозғалыстың бастауы аса жәй басталғанымен уақыт өте ол тез қарқынға көше бастады, соңғы отыз жылдық қозғалыстың көз ілеспес жылдамдықта болуына алып келді. Палеоантропологтардың айтуынша жер бетіндегі тіршілік 3,5 миллиард жылдан астам уақыт бұрын пайда болды, бірақ адамзаттың дамуы алты миллион жыл бұрын біртіндеп басталды. Климаттың және қоршаған ортаның өзгеруі ежелгі адамдардың қайта-қайта бейімделуіне себеп болды, яғни мәдени қатынастар жүйесі қалыптасып жатты.

Мәдени қатынастар жүйесі - бұл кешенді, әрі бірегей тәсіл, сонымен қатар халықаралық қатынастардың тиімді және бейбіт құралы. Мәдени қатынастардың жалпы нәтижелері - тығыз байланыс, жақсы түсіністік, терең қарым-қатынас, өзара тиімді мәмілелер және мемлекеттер, халықтар, мемлекеттік емес субъектілер мен мәдениеттер арасындағы кеңейтілген тұрақты

диалог. Мәдени қатынастар жүйесі тек адамдар арасында ғана орын алатын және бағаланатын болғандықтан оның сан алуан қырлары көп. Ұсынылып отырған монографияда мәдени қатынастар жүйесінің философиялық және әлеуметтік қырлары мен олардың симбиоздық сипаты қарастырылады. Мәдени қатынастар жүйесін толыққанды қалыптастырудың ең қолайлы аналитикалық негізі – мәдени дипломатия.

Мәдени дипломатия бүгінгі күні «жұмсақ күш» деген ерекше феноменге ие болып стратегиялық байланыстар, институтционалдық негіздер, қоғамдық көзқарастар, мәдени менеджент, ұлттық брендинг, ынтамақтастыққа негізделген саясат т.б. бірқатар қызметтерді тоғыстырып мемлекеттердің әлем сахнасында өз бедерін жоғалтпауына ықпал етіп отыр. Алайда бұл қызметтің де тамыры теренде, тарихы әріде жатыр. Осы тұста Қалас Жамалов «Әлемдік өркениет іздері: ежелгі шығыс» атты еңбегінде Амарн дәуірінің тағы бір құнды ескерткіші – дипломатиялық мұрағат деген мәміле жасай отырып, Амарндық жазба деректердің таралу аймағы өте кең, ол Вавилон мен Ассирияны, Митан және Хеттер патшалығын, Кипр аралын және Сирия-Палестина князьдықтарын қамтиды. Деректер патшалықтар арасындағы әулеттік некелер, әскери-дипломатиялық одақтар жөніндегі келіссөздер, халықаралық саудамен байланысты құқық сұрақтарының шешімі жайлы сыр шертеді (мысалы, Мысырда қайтыс болған кипрлік саудагердің артында қалған дүниесі кімге тиесілі деген сынды) [1, 53-54 бб.] деген мәлімет береді. Философия тарихындағы Николло Макиавелли, Френсис Бэкон, Готфрид Вильгельм Лейбниц сынды аса ірі философтар да дипломатиялық істермен кәсіби түрде айналысқан. «Философия» оқу құралының авторы Серік Мырзалы «Қоғамтану, саясат, дипломатия т.с.с. салаларда софистика мен эклектика – жиі кездесетін құбылыстар» [2, 466 б.] деген көзқарасын білдірген. Қазақ тарихында «Ресеймен достық қатынастардың негізін қалаған да, Қытай және Орта Азия мемлекеттерімен дипломатиялық қарым қатынастардың негізгі қағидатын бекіткен де Абылай хан болды» [3, 305 б.] немесе «Тіпті, қазақ хандығы қалыптасқаннан кейін де қазақтар өздерін мұсылман санағанымен, исламның бес парызын орындауды міндетті деп санамады. Өзбек хан дінді таратуда

күш қолданумен қатар, дипломатиялық жолды да пайдаланды. Ал уағызшылар ретінде арабтарды емес, Қожа Ахмет Яссауидің шәкірттерінен болған сопыларды қолданды» [4, 112 б.] деген нақты мәліметтер берген. А.Р. Әліпбаевтың «Дипломатия тарихы» атты дәрістер жинағының «Қазақ хандығының дипломатиясы» атты 12-ші дәрісінде қазақ дипломатиясының тарихи жолы жазылған. Онда автор қазақ дипломатиясы туралы негізгі мәліметтерді «Таурих-и гузида-ий Нусратнама», «Тарихи – Рашиди», «Шайбанинама» [5, 92-93 бб.] сынды еңбектер арқылы мәлім екенін алға тартады.

Адамдар әу бастан ақ бірге тұруды, бір жерге шоғырлана өмір сүруді, жұптасу мен топтасуды дұрыс деп шешті және бұл шешімінің шын мәнінде дұрыстығы бүгінгі күнгі жер шарындағы адамдардың көпполярлы әлем құрып, ел, халық, мемлекет болып барлық жерлерге қоныстануында. Алты құрлықта түр-түсі, әдет-ғұрпы, салт-санасы, тілі мен ділі, жалпы мәдени өмірі бір-бірінен аса ерекшеленетін көптеген халықтар мекендейді. Олардың дене бітімінің ұқсастығы ортақ болғанымен өркениеті тұрғысынан күрт ажыратылады. Бір қарағанда азияттық, африкалық, американдық, үнді адамының дене бітімдеріндегі түрлаулы айырықшылықтарға қарап нәсілдік шығу тегі мәдени өмірді анықтайды деп шешім қабылдауға болады, алайда олардың өзіндік ерекше өмір салты аталмыш мәдени өмірден әлдеқайда тартымды. Әрбір өнертабысшының өзіндік бояуы бар ерекше өнертабысы сынды әрқайсысының өзіндік әдет-ғұрыптары мен нанымдары бар болғанына қарамастан континенталды мәдени қатынастар жүйесі бір-бірімен тығыз байланысты.

«Мәдени дипломатия» термині 1930 жылдары пайда болды және оны американдық зерттеуші Ф.Баргхорн ғылыми айналымға енгізді. Оның анықтамасы бойынша, мәдени дипломатия – «мәдени материалдар мен кадрларды насихаттау мақсатында манипуляциялау» [6] деп берілген. Кейін бұл терминнің біздің жағдайымызда өзге сипатқа ие болуын отандық ғалым К.Ш. Төлеуова өзінің «Мәдени дипломатия мемлекеттің «жұмсақ күші» ретінде» атты ғылыми мақаласында былай баяндайды: «1920–1930 жылдары КСРО басшылығының саясаты мемлекеттің Батыстағы жағымды имиджін

қалыптастыруға бағытталған болатын. Сыртқы саяси мақсаттарына қол жеткізу үшін кеңестік басшылық мәдени дипломатия әдістерін де қолданды. Мәдени дипломатия тұжырымдамасының табиғаты екі жақты: дипломатия ұғымының өзі қатаң және нақты шектерді талап ететін болса, мәдениет бұл ұғымға қандай да бір шығармашылық реңк әкеліп, мәдени дипломатияны сыртқы саясаттың өзіндік арнаулы құралына айналдырды» [7, 50 б.]. Ғалымның бұл талдамасынан мәдени қатынастар жүйесінің маңыздылығы мен ымыраластық болмысының мәнін аңғаруға болады. Осы себептен де болар батыста мәдени дипломатияны мемлекеттің «жұмсақ күші» деп атайды.

«Жұмсақ күш» тұжырымдамасының авторы ретінде американдық саясаттанушы Дж. Най мырза саналады. Бұл ХХІ ғасырдағы жаһандану процестерінің нәтижесінде мемлекеттердің әлемдік саяси ықпалын күшейту құралы іспеттес халықаралық қатынастардың жаңа полицентрлік жүйесін қалыптастыру жағдайында әскери-саяси күш және экономикалық ресурстармен қатар жүретін мемлекеттің «жұмсақ күші» тұжырымдамасы ретінде қарастырылды.

Ол өзінің тұжырымдамасына үш негізгі компонентті енгізді:

1. Мемлекеттік құндылықтар жүйесінің тартымдылығы;
2. Мемлекеттік мәдениеттің тартымдылығы;

3. Мемлекеттің сыртқы саясаттың әскери емес тетіктерінің тиімділігі [8]. Дж. Най пікіріне жүгіне отырып, батыстық көзқарас бойынша мәдени дипломатия дегеніміз қоғамдық дипломатия, яғни белгілі бір мемлекетті мекендейтін халықтар, қала берді көпполярлы әлемдегі барлық ұлттар мен ұлыстар арасында толерантты қарым-қатынас құрып, олардың өнер туындылары, әдеби мұралары мен мәдениеттің басқа да компоненттерін құрметтеу, мемлекетаралық қатынастарды нығайту, әлеуметтік-мәдени ынтымақтастықты арттыру, мемлекеттің ұлттық мүдделерін ілгерілету және оның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету деп тұжырымдауға болады. Осы тұста Дж. Най мырзаның мемлекет күшін екі түрге бөліп қарастырғанын айта кеткен дұрыс болары анық.

Біріншісі, «қатты күш» («hard power») - әскери, қатал режимде орындалады. Бір мемлекеттің екінші мемлекетке деген үстемдігін, қысқа мерзімдегі тікелей ықпалын білдіреді.

Екіншісі, «жұмсақ күш» («soft power») - әлемдік саясаттың өзгермелі сипатына жауап береді, ұзақ мерзімге және жанама әсерді білдіреді. [9, 19 с.]. Алайда кейбір әдебиеттерде Дж.Найдың «ақылды күш» («smart power») - есеппен, ақырын орындалатын экономикалық күш деген үшінші атауы да кездесіп қалады. Дегенмен «жұмсақ күш» атауы 2004 жылдан бері қарай көпполярлы әлемнің сыртқы және ішкі саясатының мәдени дипломатиялық қағидасы ретінде ғылыми айналымға еніп кетті. Осы тұста «бірполярлы мемлекет» құру саясатының дұрыс емес екендігі әлем алдында өзінен-өзі айқындала бастады. Әлем «көпполярлы мемлекет» болу арқылы бейбітшілік принциптерін бекітеді. Жаһандық сын-қатерлер мен қауіптер, соның ішінде халықаралық терроризм, аймақтық қақтығыстар, есірткі трафигі, заңсыз көші-қон сынды толып жатқан әлемдік мәселелердің барлығы дерлік өркениеттің дұрыс өрбімеуі, ондағы қателіктер мен ақаулар болып табылады.

Бүгінгі таңда халықаралық қатынастар немесе мемлекеттік қызметке тікелей қатысы жоқ адамдардың арасында да Дж. Найдың қалаған нәтижеге жетудің үш жолы кең тарап кетті. Бұл әдісті кез-келген жұмыс беруші өз кәсіпорнында қолдана алады және оның тиімділігі халық арасында кең таралған. Әрбір жұмыс беруші өзінің қол астындағы жұмысшыларының әлеуетіне қарай бір жолды таңдауға немесе жолдарды кезекпен қолдану арқылы нәтижеге жету мүмкіндігі бар. Сонымен:

Біріншісі, «қамшы» - мәжбүрлеу немесе бақылауды күшейту, жазалауды қолдана отырып нәтижеге қол жеткізу;

Екіншісі, «тәтті тоқаш» - марапаттау немесе мақтау арқылы нәтижеге жету;

Үшіншісі, «тартымдылық» - басқалардың да сіздің қалағаныңызды қалайтындай ету сезіміне жеткізу арқылы нәтиже көру [10].

Ресейлік ғалым И.В. Радиков «жұмсақ күш» бейнесін қалыптастыру мақсатын көздеген мемлекеттің халықтық имиджін жақсартуға бағытталған ақпараттық, діни және насихаттық сипаттағы түрлі басымдықпен жүргізілетін іс-

шараларын «жасанды» жол ретінде қарастыра келе «жұмсақ күштің» бейнесін қалыптастыратын үш негізгі бағытты көрсетеді. Оның біріншісі қоғамдық дипломатия болса, екіншісі мемлекеттік, яғни қалыптасқан дәстүрлі дипломатия, ал үшіншісі болса шет елдердің дамуына көмек көрсету бағдарламалары мен гуманитарлық көмек көрсету [9, 21 с.] бағыттары болып табылады. И.В. Радиков көрсеткен жолдардың тұрмыстағы көрінісі айқын. Ел ішінде түрлі әлеуметтік мәселелер көтеріліп қоғамдық резонанс туындаған шақтарда қоғамның рөлі мен орны анық байқалады. Кейбір жағдайларда мемлекеттік дипломатиядан гөрі қоғамдық дипломатия тез әрі ұтымды нәтижеге қол жеткізеді. Әрбір бай мемлекет кедей мемлекеттердің есебінен баюда, сондықтан олар өз өтемдерін өтегісі келеді, кедей мемлекеттердің алдында өздерін қарыздар сезінеді, оны сыпайы, ресми атаумен «гуманитарлық көмек» деп атайды. Норвегиялық экономист Э.С.Рейнерт «Бай елдер қалай бай болды және кедей елдер неге кедей болып қалады» [11] атты экономистер мен саясаткерлер арасындағы танымал еңбегінде байлық пен кедейліктің ара жігін ажыратуға тырысады. Ол бай елдердің еркін сауда арқылы емес, үкіметтің араласуы, протекционизм және стратегиялық инвестициялардың үйлесімі арқылы бай болғанын ашып көрсетеді және түсінікті тілде баяндайды. «Адамзат кедейлік үшін аса ірі құн төлейді. Сәбилер мен балалар өлімінен, алдын алуға болатын аурулардан, азаматтық соғыстар мен ресурстардың жетіспеушілігінен туындаған қақтығыстар және жалпы түрлі жағдайларға байланысты жоғалған өмір жылдары адамдарға азап пен қайғы-қасірет әкеледі» [11, 18 с.].

Э.С.Рейнерт аталмыш кітабында атақты француз философ-ағартушы Вольтердің «Кандид, или оптимизм» атты романындағы бас кейіпкер Кандид пен оның метафизикалық-теологиялық-космология мұғалімі, профессор Панглосты мысалыға ала отырып қазіргі заманғы саяси жағдаяттарды өткір сынайды. Романда бас кейіпкер жас, әрі арманшыл Кандид өз ұстазы профессор Панглостың «барлық мүмкін әлемдердің ең жақсысы» дейтін ұстанымына иланып сол кермет әлемді тануға үйінен жыраққа кетеді. Алайда ол ең жақсы әлемнің орнына ығыры шыққан кедейлік, ұры-қары, тонаушылық, күш

көрсетуші әскерлер, діни қудалау, жер сілкінісі, кеме апаттары тағысын тағы толып жатқан келеңсіз жайттарға куә болады. Оның үстіне сүйікті қалыңдығы сүйкімді Кунегундені сарбаздар зорлап, ішін пышақ салып ақтарып тастайды да Кандидтің өзін құлдыққа сатып жібереді. Осы сәтте осы әлемді үнемі «барлық мүмкін әлемдердің ең жақсысы» деген ұстанымынан танбайтын, дәл осылай қайталай беруден еш жалықпайтын ұстазы профессор Панглосқа Кандид «барлық мүмкін әлемдердің ең жақсысы осы болса басқалары қандай екен?» деген сауал қояды. Мұндай оқиғаны баяндау арқылы Вольтер сыртқы күштерге, яғни провиденцияға, сенімге, құдайларға, нарыққа санасыздықпен, соқыр сезімге ие, әрекетсіз, оптимистік детерминизмге шабуыл жасайды. Профессор Панглосты кейіпкерлеген Еуропаның түкке тұрғысыз, сенімділіктен жұрдай, құбыжық оптимизімінен Кандид сомдаған аңғал халықты ақыл-ой құлдығынан босату әрекеті болды. Бүгінгі күнгі Панглостың экономикалық теориясы жоғарыдан төменге қарай - ерікті түрде таңдалғандарға негізделген, басқарушы теориялық сипатқа ие, ал шын мәнінде ол керісінше, төменнен жоғарыға қарай - экономикалық дамуға жиі немқұрайлы қарайтын шындықты бақылау негізінде құрылуы тиіс. Жан бағу, отбасы асыру, жақсы өмір сүруге тырысу мақсатында қаншама адамдар иммигрант ретінде бай елдерге ағылуда. Олар өз ойлағандарына жеткеннен гөрі аждаһаның аузында жұтылып кетіп жатыр. Дегенмен адамзат ақыл-ойы дамып, өркениеттіліктің өресіне жеткен сәтте профессор Панглос сендірген «барлық мүмкін әлемдердің ең жақсысы» ұстанымын шындыққа айналдырудың бірден-бір дара жолы мәдени қатынастар жүйесін жақсарту, ымыраластық, татулық және келісімге келу, бір сөзбен қайырғанда мәдени дипломатия екеніне сенуге болады.

«Мәдени дипломатия» саласының тұжырымдамалық аппараты тым күрделі. Мәдениет - бұл «жоғары», яғни әдебиет, өнер, білім және бұқаралық мәдениетті қамтитын қоғам үшін маңызды мағынаға ие құндылықтар жиынтығы. Мәдени дипломатияны іске асыру процесінде мемлекеттік басқармалар дәл осы аталғандарды өзге шетелдік аудиторияға көрсетуге тырысады. Мәдени дипломатия - бұл қоғамдық дипломатияның

негізгі құрамдас бөлігі, ол халықаралық қоғамды ақпараттандыру, қолдау, дамыту, білім беру және мәдениет саласындағы басқа да халықтармен байланыс жасау арқылы өзге елдерге тартымдылық бейнесін көрсету. Қоғамдық дипломатияны ұстанушылар мемлекеттік құрылымдар және физикалық тұлғалар, яғни кәсіби дипломаттар, сондай-ақ үкіметтік емес және белгілі бір коммерциялық ұйымдар. Өзара тәуелді әлемнің жаһандануы жағдайында, бұқаралық коммуникация технологияларының таралуы әр түрлі елдерден келген адамдардың қарым-қатынасын жеңілдетеді, осылайша мәдени дипломатия халықаралық қатынастарды қамтамасыз етудің ерекше маңызды аспектісі болып табылады. Оның негізі - бейбітшілік пен тұрақтылық. Осыған байланысты қазіргі уақытта барлық ірі мемлекеттер мәдени дипломатияны өздерінің сыртқы саясатына қосуға тырысады, стратегиялар жоспарлар құрып оны ұтымды пайдалануды көздейді [12, 136-137 с.].

Мәдени дипломатия атауымен жүзеге асырылатын мәдени қатынастар жүйесіне:

- Өнер, оның ішінде театр, кино, музыка, би, кескіндеме, мүсін т.б.;

- Көрмелер, оның ішінде халықаралық, ЭКСПО көрмелері т.б. ;

- Ғылым, оның ішінде білім беру бағдарламалары, академиялық және ғылыми алмасу бағдарламалары, гранттық қаржыландыруға ие жобалар, Нобель сынды конкурстар мен премиялар, степендиялар т.б.;

- Спорт, оның ішінде әлемдік турнирлер, қыстық, жаздық, пара олимпиадалар, чемпионаттар т.б.;

- Тіл, оның ішінде әдебиет, шетелде кітапханалар құру және аса танымал шығармаларды шет тілдеріне аудару, жаңалықтар мен мәдени бағдарламаларды шетелге тарату т.б.;

- Музыка мен кино, оның ішінде Грэмми, Music Awards, Оскар, Каан фестивалі т.б.;

- Дін, оның ішінде дінаралық диалог бастамалары, симпозиум т.б.;

- Арулар немесе сән байқауы, оның ішінде әлем аруы, ғалам аруы, подиум, жоғары сән кутюрье т.б.;

➤ Экономика мен саясат, оның ішінде конференция, форум, дөңгелек үстел, галстуксыз кездесулер, салтанатты жиындар т.б. жатқызуға болады. Түптеп келгенде мұның бәрі осындай әртүрлі мүмкіндіктер арқылы адамдар арасында ұзақ мерзімді мәдени қатынас жүйелерін орнату міндетіне кіреді. Жыл сайынғы үздіксіз болатын іс-шаралар мен қомақты сыйақылар, оның ар жағындағы әлемдік деңгейдегі танымал болу мүмкіндіктері адамдарды үнемі қызықтырады, сәйкесінше оны ұйымдастырушы елдер мен ұйымдар тартымдылығын қалыптастырады. Осылайша мәдени қаатынастар жүйесі мемлекеттің жария дипломатиясының тиімді құралына айналу және сол елдің имидждік болмысына үлес қосу тетігіне айналады.

Осы тұста бірқатар елдердің мәдени дипломатиялық ерекшеліктерін екшеп көруге болады (1- кесте). Кестені құрастыруға А.Ю.Тома [13], А.А. Полякова [14], А. Альпеисов, Л. Тулешова, С. Абдезимова [15], С.А. Бокерия, В.В. Данилов [16], Т.Ю. Малухина [17], С.С. Ширин [18], Д.С. Краева [19], Р.С. Мухаметов [20], А.А. Александров [21], Н. Сейдін [22], А.Дәлелхан [23], А.А. Тасилова [24] және тағы да басқа көптеген энциклопедиялар, сайттар, статистикалық мәліметтер, ресми құжаттар мен хабарламалар қолданылды.

Кесте 1. Елдердің мәдени дипломатиялық ерекшеліктері

№	МЕМЛЕКЕТ ТЕР	МӘДЕНИ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
1.	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ	• 1991 жылдың 16-шы желтоқсанында өз Тәуелсіздігін жариялады; • 2002 жылдың 7 наурызында «ҚР дипломатиялық қызметі туралы» № 299 Заңы бекітілді; • 140-тан астам мемлекетпен дипломатиялық қарым-қатынастар орнатылған; • Шетелдерде 70-тен астам дипломатиялық миссиялары бар кәсіби дипломаттар бар; • Шетелдермен белсенді ынтымақтастықтың нәтижесінде мемлекетаралық, үкіметаралық және ведомствоаралық деңгейде 3 мыңнан астам әр түрлі салалардағы халықаралық шарттар жасалды; • 1992 жылы жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ерікті түрде ядролық қарудан бас тартылды, әлемнің жетекші ядролық державаларынан халықаралық қауіпсіздік кепілдіктері алынды. • Сыртқы саясат ведомствосының заңнамалық құжаттары: 1992 жылы 2 шілдеде «Қазақстан Республикасы Сыртқы

	істер министрлігі туралы», «Қазақстан Республикасы елшілігі туралы», «Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Өкілінің негізгі міндеттері мен құқықтары туралы» Президенттің Жарлығы шықты. Осы құжаттарға сәйкес 1992 жылы ҚР СІМ Коллегиясы туралы Ереже қабылданды. Министрлікте басшылық қызметкерлерден және тәжірибелі дипломаттардан кенесші рөл атқаратын 17 адамнан тұратын Коллегия құрылады; • Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Сыртқы істер министрі Төлеутай Ысқақұлы Сүлейменов; • Сол кездерде Қазақстанға сырттан оралған тәжірибелі дипломаттар: С. Құрманғожин, Қ. Тоқаев, С. Батыршаұлы, В.Х. Ғизатов, Х.Р. Омаров, Н.Ж. Даненов, И.М. Аманғалиев;
	Қазақ мәдени дипломатиясының басым бағыттары: ✓ Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдаулары: - «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы»; - «Қазақстан – 2030». Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы; - «Қазақстанның бәсекеге қабілетті әлемдегі 50 елдің қатарына ену стратегиясы»; - «Қазақстан -2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ✓ Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдаулары: - «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі»; - «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі»; - «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі»; - «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» - «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам». ✓ Қазақстанның халықаралық саладағы ұлттық мүдделері: БҰҰ, ЕҚЫҰ, ИЫҰ, ШЫҰ т.б.; ✓ ТМД-дағы ең ықпалды мемлекеттердің бірі ретіндегі ұстаным; ✓ Қорғаныс саласындағы ұлттық мүдделер – әскери қауіп-қатерлерден қорғанысқа бағытталған; ✓ Экономика саласындағы ұлттық мүдделер - әлемнің дамыған 30 еліне ену; ✓ Ішкі саяси және әлеуметтік саласындағы ұлттық мүдделер - мемлекетіміздің нығаюы мен тұрақты ілгерілеуі; ✓ Рухани өмір мен мәдениет саласындағы ұлттық мүдделер - Қазақстанда тұратын барлық ұлттардың рухани дәстүрлері мен мәдениетін сақтау мен дамыту;
	Қазақ мәдени дипломатиясының маңызды құралдары: ✓ 1945 ж. құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) 193 мүшесінің 138 оң дауысымен 2017-2018 жж. тұрақты емес мүшесі болып сайланды; ✓ 2011 жылдың наурызынан 2013 жылдың қазанына дейін БҰҰ Бас Хатшысының орынбасары, БҰҰ-ның Женевадағы бөлімінің директоры Қ. Тоқаев болды; ✓ Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ) мүше және 2010 жылы алғашқы азиялық ел ретінде төрағалық етті; ✓ «Болашақ» халықаралық степендиясы. 1993 жылдан бері посткеңестік мемлекеттер арасындағы алғашқы талантты жастарды шетелдің 33 еліндегі 200 озық университеттерінде білім алу мүмкіндігі; ✓ «Қазақстан халқы Ассамблеясы» 1995 жылдан бері қызмет етіп келеді, басты мақсаты еліміздегі ұлттар мен ұлыстардың ынтымақтастығын нығайту; ✓ «Болашақ қуаты» атты «ЭКСПО -2017» көрмесі. Оған 22 халықаралық ұйымнан 180-нен астам әлем елдерінен 4 миллионға жуық адам қатысты, 4,5 мың

	ерікті қызмет етті; ✓ «Электрондық үкіметтің» порталы 2006 жылдан бастап жұмыс істейді. «Қазақстан Республикасында 2005-2007 жылдары «электрондық үкіметті» құрудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 қарашадағы №1471 Жарлығы «электрондық үкіметтің» порталын құруға негіз болды.
2.	РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ • Ресейде 2000-шы жылдардан бастап мәдени дипломатияға көңіл аударыла бастады; • 2001 жылы Сыртқы істер министрлігі тарапынан Ресей тарихындағы мәдени дипломатияға және оның Ресейдің сыртқы саяси мүдделерін жүзеге асырудағы маңыздылығына арналған «Ресей СІМ-нің Ресейдің шет елдермен мәдени байланыстарын дамыту жөніндегі жұмысының негізгі бағыттары» атты алғашқы іргелі тұжырымдамалық құжат бекітілді; • 2014 ж. «Мемлекеттік Мәдени саясаттың негіздері» атауымен Заң қабылданды; • ЮНЕСКО-дағы мәдени құндылықтарға бай мемлекеттер тізімінде 9-шы орында; • Мәдени дипломатиялық қатынастар мемлекеттік қаржымен қаржыландырылады. Орыс мәдени дипломатиясының басым бағыттары: ✓ Шетелдегі отандастарды қолдау, құқықтары мен мүдделерін қорғау шаралары. Шетелдегі Ресей диаспорасы шамамен 27 миллионы құрайды, оның 10 миллионы ТМД елдерінің аумағында тұрады; ✓ Көпұлтты және көпконфессиялы мемлекет ретінде мәдениеттер, діндер мен өркениеттер арасындағы диалог пен әріптестікті жүзеге асыру мақсатындағы БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕКҰҰ, Еуропалық Кеңес және т.б. сияқты халықаралық және өңірлік ұйымдар шеңберінде дәйекті қадамдар жасалды; ✓ Туристік бағытты дамыту арқылы «туристік держава» болу мүмкіндіктері қарастырылуда; ✓ Спорт, спорттық байланыстар халықаралық аренадағы іс-қимыл Стратегиясының ажырамас және толыққанды бөлігі, мемлекеттің мәдени дипломатиясының және елдің оң имиджін қалыптастырудың маңызды құралы, өйткені олар мәдениетаралық диалогты нығайтуға және Ресейдің халықаралық беделінің өсуіне ықпал ете алады; ✓ Мәдени дипломатияның географиялық қамтуын кеңейту. Осы мақсатта алыс шет елдердегі орыс тілі, ғылымы және мәдениеті мемлекеттік және қоғамдық институттарының кең желісі бар. Азия, Еуропа, Америка, Африка елдеріндегі 69 Ресейлік ғылым және мәдениет орталықтары бар. Бірлескен мәдени бағдарламаларды Ресей Ғылым және мәдениет орталықтары кіретін «Россотрудничество» ведомствосы атқарады; ✓ Әр түрлі халықаралық ұйымдармен белсенді жұмыс істеу: Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы, БҰҰ Балалар қоры, БҰҰ Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы, Ескерткіштер мен тарихи орындарды сақтау жөніндегі Халықаралық Кеңес, Мәдени құндылықтарды сақтау және қалпына келтіру жөніндегі халықаралық зерттеу орталығы, Халықаралық Мұражайлар кеңесі, Халықаралық мұрағаттар кеңесі, Халықаралық музыка кеңесі, Халықаралық би кеңесі, Халықаралық театр институты, Халықаралық бейнелеу өнері қауымдастығы, Халықаралық баспагерлер Федерациясы, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы және БҰҰ жүйесінің ұйымдары мен құрылымдары, үкіметаралық, үкіметтік емес және қоғамдық бірлестіктер мен халықаралық мәдени ынтымақтастықты дамытуға ықпал ететін ұйымдар.

	Орыс мәдени дипломатиясының маңызды құралдары: ✓ Спутниктік хабар тарату: - «Бірінші арна-Дүниежүзілік желі», «РТР-Планета», «НТВ-әлем», халықаралық «ТВ орталығы» телеарнасының нұсқасы – «TVCI»; - 1999 жылдан бері «Бірінші арнаның» алғашқы халықаралық нұсқасы жасалды, ол «ITVRUS-Eurore» Еуропа елдеріне хабар таратуға арналған; - 2002 жылдан бері Балтық елдеріне арналған «Бірінші арнаның» «Бірінші Балтық Каналы» атты халықаралық нұсқасы жұмыс істейді; - 2004 жылдан бері «ITVRUS-USA&Canada»АҚШ пен Канадаға хабар тарату басталды. ✓ Ресей жоғары оқу орындарының филиалдар желісі. Қазіргі уақытта ТМД-ға қатысушы барлық дерлік мемлекеттерде және Балтық елдерінде Ресейдің ЖОО филиалдары бар. Олар Ресейдің орыс тілі мен мәдениетін шетелде зерттеуді кеңейту, орыс мәдениетін сақтауға жәрдемдеседі және жақын шет елдердегі орыс тілі, ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде және Балтық елдерінде орыс тілінің қолданылуын қамтамасыз етеді; ✓ Ресей-ұлттық (славян) университеттерінің жүйесі. Олар Армения (Ереван), Беларусь (Могилев), Қырғызстан (Бішкек) және Тәжікстанда (Душанбе) ашық; ✓ Білім беруді шет елдерге экспорттау орталығы. Шетелдік азаматтардың білім алушылар саны бойынша Ресей 8 орында; ✓ «Орыс әлемі» қоры. Жақын және алыс шетелдердің 17 елінде 26 орыс орталығы бар. Негізгі бағыты - орыс мәдениетінің, әдебиетінің, кинематографиясының, спортының өсуіне арналған тақырыптық апталар өткізу, орыс тілі мен мәдениетіне арналған фестивальдар, мерекелер мен кештер ұйымдастыру.				
3.	<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 30%; text-align: center; vertical-align: top;"> ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ </td> <td style="vertical-align: top;"> • Халықтың аса бай тарихы мен халықтық потенциалы, ұлттық мәдениеттің байлығы; • Қытай мәдени дипломатиясының модернизациясы мен жаңа сыртқы саяси доктринасы; • Модернизациясының сәттілігі: әр түрлі даму модельдерінің идеялары, жаһандық тұрақтылықты сақтау және әмбебап өркендеу үшін мұртты құруға негізделген «үйлесімді» дипломатия болу; • Шетелде тұратын қытай диаспораларын (хуацяо), олардың рөлімен цифрлы және экономикалық тұрғыдан қолдану; • Саяси емес Конфуций институттары. Қытай Білім Министрлігі, білім беру деректерінің негізгі міндеті Қытайдың мәдени және тілдік танымын одан әрі нығайтуға, Қытай мен басқа елдер арасындағы достық қатынастарды дамытуға, әлемдік мәдени дамуды ынталандыруға, үйлесімді қоғам құруға пайдалану. Қазір Азияда Конфуцийдің 100-ден аса институттары жұмыс істейді. Оған Қытай тілінің 30 курсы, АСЕАН елдерінің үлесіне 29, Конфуций Институты және 15 тілдік курс кіреді; • Қытай тілін білу мансаптық өсуге, аймақтағы бизнес пен іскерлік байланыстардың негізгі тіліне айналдыру жұмыстары, сәйкесінше АҚШ, Еуропа, Ресейде Қытай институттың филиалдары ашылды; • 2013 жылы Конфуций Институты қабылдаған «Даму Жобасы – 2020». Оның ережесіне сәйкес, келесі 10 жыл ішінде қытай тілі планетаның ең көп сөйлейтін тілі болып, оны сөйлейтіндердің саны екі есе өсуі керек; </td> </tr> <tr> <td colspan="2" style="text-align: center;"> Қытай мәдени дипломатиясының басым бағыттары: </td> </tr> </table>	ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ	• Халықтың аса бай тарихы мен халықтық потенциалы, ұлттық мәдениеттің байлығы; • Қытай мәдени дипломатиясының модернизациясы мен жаңа сыртқы саяси доктринасы; • Модернизациясының сәттілігі: әр түрлі даму модельдерінің идеялары, жаһандық тұрақтылықты сақтау және әмбебап өркендеу үшін мұртты құруға негізделген «үйлесімді» дипломатия болу; • Шетелде тұратын қытай диаспораларын (хуацяо), олардың рөлімен цифрлы және экономикалық тұрғыдан қолдану; • Саяси емес Конфуций институттары. Қытай Білім Министрлігі, білім беру деректерінің негізгі міндеті Қытайдың мәдени және тілдік танымын одан әрі нығайтуға, Қытай мен басқа елдер арасындағы достық қатынастарды дамытуға, әлемдік мәдени дамуды ынталандыруға, үйлесімді қоғам құруға пайдалану. Қазір Азияда Конфуцийдің 100-ден аса институттары жұмыс істейді. Оған Қытай тілінің 30 курсы, АСЕАН елдерінің үлесіне 29, Конфуций Институты және 15 тілдік курс кіреді; • Қытай тілін білу мансаптық өсуге, аймақтағы бизнес пен іскерлік байланыстардың негізгі тіліне айналдыру жұмыстары, сәйкесінше АҚШ, Еуропа, Ресейде Қытай институттың филиалдары ашылды; • 2013 жылы Конфуций Институты қабылдаған «Даму Жобасы – 2020». Оның ережесіне сәйкес, келесі 10 жыл ішінде қытай тілі планетаның ең көп сөйлейтін тілі болып, оны сөйлейтіндердің саны екі есе өсуі керек;	Қытай мәдени дипломатиясының басым бағыттары:	
ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ	• Халықтың аса бай тарихы мен халықтық потенциалы, ұлттық мәдениеттің байлығы; • Қытай мәдени дипломатиясының модернизациясы мен жаңа сыртқы саяси доктринасы; • Модернизациясының сәттілігі: әр түрлі даму модельдерінің идеялары, жаһандық тұрақтылықты сақтау және әмбебап өркендеу үшін мұртты құруға негізделген «үйлесімді» дипломатия болу; • Шетелде тұратын қытай диаспораларын (хуацяо), олардың рөлімен цифрлы және экономикалық тұрғыдан қолдану; • Саяси емес Конфуций институттары. Қытай Білім Министрлігі, білім беру деректерінің негізгі міндеті Қытайдың мәдени және тілдік танымын одан әрі нығайтуға, Қытай мен басқа елдер арасындағы достық қатынастарды дамытуға, әлемдік мәдени дамуды ынталандыруға, үйлесімді қоғам құруға пайдалану. Қазір Азияда Конфуцийдің 100-ден аса институттары жұмыс істейді. Оған Қытай тілінің 30 курсы, АСЕАН елдерінің үлесіне 29, Конфуций Институты және 15 тілдік курс кіреді; • Қытай тілін білу мансаптық өсуге, аймақтағы бизнес пен іскерлік байланыстардың негізгі тіліне айналдыру жұмыстары, сәйкесінше АҚШ, Еуропа, Ресейде Қытай институттың филиалдары ашылды; • 2013 жылы Конфуций Институты қабылдаған «Даму Жобасы – 2020». Оның ережесіне сәйкес, келесі 10 жыл ішінде қытай тілі планетаның ең көп сөйлейтін тілі болып, оны сөйлейтіндердің саны екі есе өсуі керек;				
Қытай мәдени дипломатиясының басым бағыттары:					

	✓ «Қуатты мәдени мемлекет» құру стратегиясының әлеуетінде "жұмсақ күш" қалыптастыру XVIII партия съезінің шешімдерімен айқындалған ҚКП саясатындағы негізгі міндеттердің біріне айналды; ✓ «Жұмсақ күш» Қытай ұлтының «Ұлы қайта өрлеу арманын» жүзеге асыру процесінде маңызды рөл атқарады; ✓ Болашақта ҚХР үкіметі өзінің имидждік саясатына, ынтымақтастықтың екіжақты және көпжақты форматын дамытуға, халықаралық институттарда және өзара іс-қимылдың көпжақты форматтарында БҰҰ, ШЫҰ-ның «жиырма тобы» және т. б. ұлттық мүдделерін ілгерілетуге жаңа серпін береді; ✓ Мәдениет министрлігі шетелдегі және отандағы коммерциялық емес Қытай мәдени орталықтарын басқарады. Алғашқы мәдени орталықтар Маврикий мен Бенинде құрылды. 1988 жылдан бері 20-дан астам орталық бар; ✓ Қытай тілі мен мәдениеті бүкіл әлемде. Қытай мәдени орталықтары ақпараттық қызметтер мен оқу бағдарламаларын ұсынады және ұйымдастырады: әр түрлі білім беру және мәдени іс-шаралар, дәрістер; Қытай мәдени дипломатиясының маңызды құралдары: ✓ Конфуций институттарын қытай тілін шетелге тарату жөніндегі мемлекеттік кеңсе ҚХР білім беру министрліктері (Ханбань) қаржыландырады әрі материалдық қолдау көрсетеді; ✓ Министрлік халықаралық ынтымақтастық пен алмасуды жүзеге асыратын 3 еншілес ұйымға жауап береді: - Қытай қауымдастығы: жоғары білім беру және халықаралық алмасу үшін; - Қытай қызмет көрсету орталығы: академиялық алмасу үшін; - Қытай стипендиялық кеңесі. ✓ Мәдениет министрлігі (Вэньхуа бу). Ол бірқатар ауқымды мәдени жобалар мен Қытайдың шетелдегі мәдени жылдарын ұйымдастырады: - Жоба «Мәдениет жылы» - мәдени алмасу бағдарламаларының сериясы. Қытай мен шет елдер арасындағы мәдени алмасу бағдарламаларының сериясы және көркемөнер көрмелерін, спорттық іс-шаралар, сән көрсетілімдері, концерттер және осыған ұқсас іс-шараларды қамтиды. Қытай мәдениеті жылдары, оның ішінде дәстүрлі қытай операсы, балет концерттері, ұлттық оркестр Францияда (2004), Ресейде (2007), Италияда (2010), Германия (2012) өтті.		
4.	<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 30%; text-align: center; vertical-align: top;"> ФРАНЦУЗ РЕСПУБЛИК АСЫ </td><td style="vertical-align: top;"> • Француз мәдени дипломатиясының тұжырымдамасы: «Мәдениет – Саясат» (La culture, c'est la politique); • «Мәдени дипломатия» терминінің орнына «Ықпал ету дипломатиясы» деген тікелей ұғым қолданылады; • Мәдени дипломатиядағы мемлекеттің үйлестіруші рөлі және мәдени бағдарламаларды мемлекеттік қаржыландыру жоғары деңгейде; • Сыртқы істер және мәдениет пен коммуникация министрлігін қоғамдық дипломатия үшін орталықтандырган жалғыз батыс елі; • Жаңа ақпараттық-коммуникациялық жүйелерді пайдалану, технологиялар; • Француз тілін одан әрі насихаттау және тарату; • Университетаралық ынтымақтастық пен тәжірибе алмасуды кеңейту, әлеуетті арттыру, жоғары білім беру саласында ұсынылатын мүмкіндіктер; </td></tr> </table>	ФРАНЦУЗ РЕСПУБЛИК АСЫ	• Француз мәдени дипломатиясының тұжырымдамасы: «Мәдениет – Саясат» (La culture, c'est la politique); • «Мәдени дипломатия» терминінің орнына «Ықпал ету дипломатиясы» деген тікелей ұғым қолданылады; • Мәдени дипломатиядағы мемлекеттің үйлестіруші рөлі және мәдени бағдарламаларды мемлекеттік қаржыландыру жоғары деңгейде; • Сыртқы істер және мәдениет пен коммуникация министрлігін қоғамдық дипломатия үшін орталықтандырган жалғыз батыс елі; • Жаңа ақпараттық-коммуникациялық жүйелерді пайдалану, технологиялар; • Француз тілін одан әрі насихаттау және тарату; • Университетаралық ынтымақтастық пен тәжірибе алмасуды кеңейту, әлеуетті арттыру, жоғары білім беру саласында ұсынылатын мүмкіндіктер;
ФРАНЦУЗ РЕСПУБЛИК АСЫ	• Француз мәдени дипломатиясының тұжырымдамасы: «Мәдениет – Саясат» (La culture, c'est la politique); • «Мәдени дипломатия» терминінің орнына «Ықпал ету дипломатиясы» деген тікелей ұғым қолданылады; • Мәдени дипломатиядағы мемлекеттің үйлестіруші рөлі және мәдени бағдарламаларды мемлекеттік қаржыландыру жоғары деңгейде; • Сыртқы істер және мәдениет пен коммуникация министрлігін қоғамдық дипломатия үшін орталықтандырган жалғыз батыс елі; • Жаңа ақпараттық-коммуникациялық жүйелерді пайдалану, технологиялар; • Француз тілін одан әрі насихаттау және тарату; • Университетаралық ынтымақтастық пен тәжірибе алмасуды кеңейту, әлеуетті арттыру, жоғары білім беру саласында ұсынылатын мүмкіндіктер;		
	Француз мәдени дипломатиясының басым бағыттары: ✓ Бұрынғы колониялардағы саяси элита мен мамандардың қалыптасуы, мемлекеттік әкімшілендіру, құқық, ынтымақтастық, денсаулық сақтау; ✓ Француз мәдени мұрасын сақтау, сән, гастрономия салалары;		

	✓ Франкофонияны (француз тілді 56 мемлекетті елдерді біріктіру) қолдау; ✓ Өңірлік стратегияны іске асыра отырып жаһандық деңгейді қамтамасыз ету арқылы цифрлық инновацияларды нығайту.
	Француз мәдени дипломатиясының маңызды құралдары: ✓ Халықаралық БАҚ: • Тәулігіне 24 сағат, әлемнің 200 елінде қабылданады, 165 миллион көрермен бар «TV 5 Monde» негізгі франкофон арнасы Еуропалық ынтымақтастық, әсіресе француз-герман осі бойынша құпталады. France Médias monde өзінің әріптесі Рейнмен өте тығыз қарым-қатынаста, Deutsche Welle. Атап айтқанда, екі компания Еуропалық жастарға арналған, тек әлеуметтік желілерде қол жетімді бұқаралық ақпарат құралы-ENTR-ді іске қосу үшін күш біріктірді; • Тәулік бойы хабар тарататын, 40 миллион тыңдаушысы бар «Франс Интернационал» (RFI) қысқа толқынды радиосы, әлемдегі радиостанциялар арасында 4-ші орында; • Мәдениет және шығармашылық индустриясын қолдау елдің тартымдылығын арттыруды да көздейді. 2019 жылы Film France пен atout France арасындағы келісім Франциядағы шетелдік фильмдер мен аудиовизуалды бағдарламаларды түсіруге мүмкіндік береді. Бұл бағдарлама үшін Үндістан, Қытай, Бразилия, АҚШ және Оңтүстік Корея басым нарықтар болып табылады; • «Мәдени маусымдар» деп аталатын ірі екіжақты пәнаралық іс-шаралар өзара тиімді мәдени ынтымақтастық сипаты. 60-тан астам серіктес елдермен бастапқыда өнер және мәдени салаларға арналған маусымдар қазір білім беру, жоғары білім, зерттеу, спорт, экономика, туризм және гастрономияға жол ашты. Мысалы, «Африка-2020 маусымы» пәнаралық бағдарламаның символына айналды. Ол 2020 жылдың желтоқсанынан 2021 жылдың қыркүйегіне дейін бүкіл Францияда өтті және Африка континентінің түкпір-түкпірінен 1500-ге жуық іс-шараларды қамтыды. 2022 жылы өтетін «Франция-Португалия маусымы» екі елді байланыстыратын жақындық пен достықты және еуропалық бірліктің қиындықтарын көрсетеді. ✓ Француз тілін оқыту және француз тілді елдердің мәдениеттерін ілгерілету мақсатындағы әлемнің 146 елінде 1000-нан астам ұйым енетін «Альянс Франсез» мәдени-білім беру орталықтарының халықаралық желісі; ✓ Француз тілі мен мәдениетін тарату мақсатында 2011 жылы құрылған «Француз институты» (Institut français) үкіметтік емес ұйымы; ✓ «Гранд Опера» - Парижде орналасқан әлемнің ең ірі театрларының бірі; ✓ «Лувр мұражайы» - 1792 жылдан бері қызмет етіп келе жатқан Париждегі ең ірі, әрі танымал мұражай. Тамашалаушылардың саны 15 миллионға жуықтады.
5.	ИТАЛИЯН РЕСПУБЛИКАСЫ • Мәдениеттің орасан зор әлеуетін бай мәдени мұраны Ұлттық экономика мен сыртқы саясатты дамыту мақсатында ұтымды пайдаланады; • Әлемдік мәдениетке музыка, өнер, сәулет саласында елеулі үлес қосқан; • Тартымды туристік бағыт, Ұлттық туризм агенттігі айналысатын (ENIT), сала жылына 3%-ға өседі; • Мәдени салаға ұлттық бюджеттің 1%-дан да азын бөледі, қалдық принципі бойынша қаржыландырады; • Мәдениет бюджетке жыл сайын шамамен 80 миллиард еуро (ЖІӨ-нің 5,8%) әкеледі; • Әлемдік мәдени мұраның 40% иеленеді, 47 мәдени ескерткішімен ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұра тізімінде бірінші орында; • Миландағы ЭКСПО-2015 мәдениеттер мен ұлтаралық

		диалогтың кездесу алаңы болды; • Экс экономика министрі Д.Тремонтидің дағдарыс кезіндегі «Мәдениетке қарын тоймайды!» сөзі тұжырымдамаға айналды.
	Итальян мәдени дипломатиясының басым бағыттары: ✓ Жаңа ақылды технологияларға басымдылық беру, мәдени және инновациялық құрамды едәуір күшейу; ✓ Итальян мәдениетін шетелде тарату, итальян тілі мен имиджін дәріптеу; ✓ Мәдениеттің, саясаттың және экономиканың үйлесімді байланысы; ✓ Жедел экономикалық дағдарысты бастан өткеру, сыртқы саясатты басымды ету; ✓ Сән, дизайн, сәулет, инженерия, hi-tech салаларындағы дамыған шығармашылық индустрия; ✓ Экономиканы қалпына келтіру, мәдени туризмді дамыту, инвестициялар тарту; ✓ Мәдени дипломатия институтының қызмет етуі. Итальян мәдени дипломатиясының маңызды құралдары: ✓ «Ла Скала» (Teatro alla Scala) – Миландағы опера мәдениетінің әлемдік орталығы. 1776-1778 жж. құрылысы басаталды, ұзақ әрі тартымды тарихқа ие, 1946 жылдан бері тұрақты қызмет етіп келеді; ✓ «Cantica 21» қазіргі заманғы өнер туындыларын өндіруді қолдау жөніндегі қоғамдық комитеттің жобасы. Жобаның мақсаты - 21 ғасырдағы Италияның шынайы бейнесін жеткізу және итальяндық суретшілерге немесе ұжымдарға Италия тұрғындарына жарияланбаған заманауи өнер туындыларын жасауға және шығаруға бағытталған; ✓ «Anholt-Gfk nation Brands Index» зерттеуіне сәйкес Италия бірнеше жыл бойы табысты ұлттық брендтері бар 10 елдің көшбасшылар тобында; ✓ «Erasmus+» тілдік және студенттік бағдарламалар бойынша алмасу ✓ «Made in Italy» жобасы - туристік және итальяндық аспаздық ерекшеліктер туралы айту. Жоба 2015 жылы басталды және үш мектепті қамтиды: Prato Dating of Prato, A. Moro S. Cesarea Terme және Levi Montalcini of Acqui Terme. Ол қонақ үй және туристік институттардың студенттері мен оқытушыларының қатысуымен итальяндық тағамдарды, шарап пен туризмді насихаттауға бағытталған. Студенттер үшін осу мүмкіндігі.	
6.	ҰЛЫБРИТАНИЯ ЖӘНЕ СОЛТҮСТІК ИРЛАНДИЯ БІРІККЕН КОРОЛЬДІГІ	• Тарихы мен мәдениет бай ел, «жоғары» мәдениеттің тартымдылығы: мұражайлар, галереялар т.б.; • Поп-мәдениетінің тартымдылығы: кинематография, телешоу, музыка, әдебиет. Британдық романдар, фильмдер мен сериалдар рекордтық танымалдылыққа ие: Гарри Поттер, комедияшы Мистер Бин, 007 агенті Джеймс Бонд т.б.; • Білім беру жүйелері, ағылшын тіліндегі жетекші позициялар; • Дамыған шығармашылық индустрия; • Саясатты орталықтан үйлестіру, мемлекеттік бақылау; • Дамыған, үнемі кеңейіп келе жатқан елшіліктер желісі; • Елдің қатаң визалық саясаты мәдени дипломатияны дамыту мәселелері, туризм, академиялық алмасулар үшін қиындық туғызады.
	Ағылшын мәдени дипломатиясының басым бағыттары: ✓ Британдық Кеңес. Ол 1934 жылдан бастап Ұлыбританияның Вели СІМ бастамасымен құрылған үкіметтік емес ұйым. Ұлыбритания, Британдық Білім, философия және өмір салты туралы оң мәліметтер таратады, ағылшын тілін	

	ілгерілетеді. Әлемнің 110 елінде жұмыс істейді. Халықаралық студенттер үшін степендияларымен тартымды: Маршалл степендиясы (АҚШ азаматтары үшін), Британдық Ұлттар Достастығының степендиясы және Chevening т.б.; ✓ «Global Watch Online» порталы - сыртқы саясат ведомствосының сауда және өнеркәсіп департаментінің халықаралық технологиялық қызметі; ✓ «UK Watch Online» порталы - сауда және өнеркәсіп, отандық жетістіктер, биотехнология т.б. технологиялар; ✓ Маман алмасу «халықаралық технологиялар промоутерлері» бағдарламасы; ✓ Зерттеу кеңестері - ғылым мен техниканы ілгерілетудің ұжымдық стратегиясы, 7 зерттеу кеңесі мен гуманитарлық зерттеулер дирекциясы; ✓ Британдық Ұлттық ғарыш орталығы - ғарышты бейбіт жолмен игеру, Үкімет пен зерттеу кеңестерінің атынан жұмыс істейді; ✓ «I-bio UK» - биотехнология саласына қызығушылық танытқандар үшін Ұлыбританияның ғылым министрі Л.Сейнсбери ұйымдастырған Интернет порталы; ✓ GOST - Ұлыбританиядағы ғылыми қызметті ұйымдастыру, техника және технологиялар туралы хабардар ететін Британдық Кеңестің бағдарламасы; Ағылшын мәдени дипломатиясының маңызды құралдары: ✓ «BBC News» - ең ірі жаңалықтар мен ағымдағы оқиғаларды жинауға және таратуға жауапты компания. Әлем бойынша 250-ден астам корреспонденттері бар 50 шетелдік жаңалықтар бюросы бар. Жылдық бюджеті 350 миллион фунт стерлингтен асады, онда 3500 қызметкер жұмыс істейді, оның 2000-ы журналистер. Ішкі, халықаралық және онлайн жаңалықтар бөлімшелері Лондонда (Broadcasting House), парламенттік репортаждар Лондон студияларынан шығарылады және таратылады. Азаматтық салық есебінен қаржыландырылады; ✓ Сыртқы істер және Ұлттар Достастығы министрлігі (Foreign and Commonwealth Office); ✓ Халықаралық даму министрлігі; ✓ Ұлттық қауіпсіздік кеңесі (the National Security Council); ✓ Мәдениет, БАҚ және спорт министрлігі; ✓ Мемлекеттік корпорация мәртебесіне ие BBC ("BBC World Service") дүниежүзілік қызметі;		
7.	<table border="1"> <tr> <td data-bbox="188 954 352 1430"> АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ </td><td data-bbox="352 954 963 1430"> • Американдық мәдениет пен өмір салтының тартымдылығы; • Американдық саяси идеология. Көптеген елдерде резонанс тудырса да тартымды балама; • АҚШ құндылықтары: либералды демократия мен нарықтық экономика, индивидуализм, әлеуметтік ұтқырлық және бостандық (әйелдерге арналған бостандықтарды қоса алғанда); • Сыртқы саяси философия: «Бір полярлы әлем туралы түсінік» тұжырымы - әскери артық-шылық, яғни жалғыз әлемдік держава мәртебесін иемдену мақсатында өз әскери күшін сақтау және нығайтуға үшін ұмтылыс (Кіші Буш кезі); • БҰҰ Бас Ассамблеясының 64-ші сессиясының ашылуында «Ешбір ел ешбір елге үстемдік ете алмайды және олай болмауы керек» тұжырымы (Барак Обама кезі) • Өнер мен мәдениет ұйымдарын қаржыландыру төрт арна арқылы жүзеге асырылады, оған кинематография, поп-музыка, кітап шығару жатпайды. 1) өз қызметінен түскен кірістер, 2) инвестициялардан түскен кірістер, 3) мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражат есебінен, 4) жеке тұлғалар көрсететін қолдау есебінен және корпоративтік қорлар. </td></tr> </table>	АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ	• Американдық мәдениет пен өмір салтының тартымдылығы; • Американдық саяси идеология. Көптеген елдерде резонанс тудырса да тартымды балама; • АҚШ құндылықтары: либералды демократия мен нарықтық экономика, индивидуализм, әлеуметтік ұтқырлық және бостандық (әйелдерге арналған бостандықтарды қоса алғанда); • Сыртқы саяси философия: «Бір полярлы әлем туралы түсінік» тұжырымы - әскери артық-шылық, яғни жалғыз әлемдік держава мәртебесін иемдену мақсатында өз әскери күшін сақтау және нығайтуға үшін ұмтылыс (Кіші Буш кезі); • БҰҰ Бас Ассамблеясының 64-ші сессиясының ашылуында «Ешбір ел ешбір елге үстемдік ете алмайды және олай болмауы керек» тұжырымы (Барак Обама кезі) • Өнер мен мәдениет ұйымдарын қаржыландыру төрт арна арқылы жүзеге асырылады, оған кинематография, поп-музыка, кітап шығару жатпайды. 1) өз қызметінен түскен кірістер, 2) инвестициялардан түскен кірістер, 3) мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражат есебінен, 4) жеке тұлғалар көрсететін қолдау есебінен және корпоративтік қорлар.
АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ	• Американдық мәдениет пен өмір салтының тартымдылығы; • Американдық саяси идеология. Көптеген елдерде резонанс тудырса да тартымды балама; • АҚШ құндылықтары: либералды демократия мен нарықтық экономика, индивидуализм, әлеуметтік ұтқырлық және бостандық (әйелдерге арналған бостандықтарды қоса алғанда); • Сыртқы саяси философия: «Бір полярлы әлем туралы түсінік» тұжырымы - әскери артық-шылық, яғни жалғыз әлемдік держава мәртебесін иемдену мақсатында өз әскери күшін сақтау және нығайтуға үшін ұмтылыс (Кіші Буш кезі); • БҰҰ Бас Ассамблеясының 64-ші сессиясының ашылуында «Ешбір ел ешбір елге үстемдік ете алмайды және олай болмауы керек» тұжырымы (Барак Обама кезі) • Өнер мен мәдениет ұйымдарын қаржыландыру төрт арна арқылы жүзеге асырылады, оған кинематография, поп-музыка, кітап шығару жатпайды. 1) өз қызметінен түскен кірістер, 2) инвестициялардан түскен кірістер, 3) мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражат есебінен, 4) жеке тұлғалар көрсететін қолдау есебінен және корпоративтік қорлар.		

	Американдық мәдени дипломатияның басым бағыттары: ✓ FLEX (Future Leaders Exchange), жастарды елге тарту үшін демеушілік жасайды немесе интеллектуалды және саяси элитаны дайындаудың классикалық американдық бағдарламасы «Фулбрайт»; ✓ «Жария дипломатия» - халықаралық аренада АҚШ-тың имиджін жақсарту үшін жан-жақты ықпал ету және түсіндіру. Бұл жұмыспен Bureau of Public Affairs айналысты, Лондонда, Дубай және Брюссельде американдық ақпараттық орталықтар құрылды, электронды ақпараттар таратылды; ✓ Ұлттық өнерді қолдау қоры. 1965 жылы құрылған қор шығармашылық жобаларды, мәдениет ұйымдарын, жекелеген өнер қайраткерлерін, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарын мақсатты қаржыландыруды жүзеге асырады. Қордың бюджеті 2006 жылы 125 млн 660 мың долларды құраған; ✓ АҚШ Конгресс кітапханасы. Оның бюджеті 2004 ж. 559 млн 299 мың 548 долларды құрады. Кітапханаға жеке және корпоративті қайырымдылықтар 1987 жылдан 2005 жылға дейін 284,5 миллион доллар бөлген; Американдық мәдени дипломатияның маңызды құралдары: ✓ Голливуд – кино, ойын-сауық индустриясының ең маңызды символы. Ол «Даңқ аллеясы», TCL Қытай театры, «Парамаунт Пикчерс» студиясы, «Голливуд боул» концерттік алаңы, «Оскар» өтетін «Долби» театры, «Тай Таун» мейрамханасы т.б. сынды атаулармен шендесіп тұр; ✓ «I Heart Media, Inc.» - 1972 жылдан бері Техас штатының Сан-Антонио қаласында орналасқан американдық бұқаралық ақпарат құралдары корпорациясы. 850-ден астам толық жұмыс істейтін АМ және FM радиостанцияларына иелік ететін елдегі ең ірі радиостанция. Компания «I Heart Radio» сандық платформасы арқылы интернет-радио және подкасттармен айналысады; ✓ «Диснейленд» - 1955 жылдан бастап жұмыс істеп келе жатқан ең ірі ойын сауық паркі, оны тамашалаушылардың саны 20 миллионға жуық.
--	--

1-кестедегі 7 елдің мәдени дипломатиялық ерекшеліктері екшеленді. Олардың әрбірі көпполярлы әлемде өзінің жағымды тұсымен тарих сахнасында, ел жадында болуды мақсат етеді. Әр елдің мәдени қатынастар жүйесі әр түрлі болғанымен олардың көздеген мақсат-мүддесі бір. Алпауыт елдердің экономикалық ауқымы мен тегеурінді саясаты «жұмсақ күш» жолында басқаша сипатқа ие. Мұның түбінде адамзаттық және адамдық қатынастар ұрығы жатыр. Әр елдің, әр ұлттың, әр адамның өзіндік орны, өзіндік болмысы бар, ал бұл саясат осы принципті ұмыттырмайды, керісінше оның дамуына, өркен жаюына тікелей ықпал ететіні анық.

«Portland» агентствосы 2015-2019 жылдар аралығында халықаралық «Soft Power 30» рейтингін жасады. Төмендегі 2 - кестеде рейтингтің алғашқы ондығының топтамасы құрастырылып отыр. Рейтингтің атауында тұрғандай оған 30 ел қатысты. Кестедегі 2019 жыл бойынша алғашқы ондықтағы елдерден бөлек Италия, Норвегия, Испания, Дания, Финляндия, Австрия, Жаңа Зеландия, Белгия, Солтүстік Корея, Ирландия,

Сингапур, Португалия, Польша, Чехия, Греция, Бразилия, Қытай, Венгрия, Түркия және Ресей қатысты.

«SOFT POWER 30» РЕЙТИНГІ

Кесте 2. «Soft power 30» рейтингі

30 мемлекет	2015	2016	2017	2018	2019
ФРАНЦИЯ	73.64	72.14	75.75	80.14	80.28
	4 орын	5 орын	1 орын	2 орын	1 орын
ҰЛЫБРИТАНИЯ	75.61	75.97	75.72	80.55	79.47
	1 орын	2 орын	2 орын	1 орын	2 орын
ГЕРМАНИЯ	73.89	72.60	73.67	78.87	78.62
	2 орын	3 орын	4 орын	3 орын	3 орын
ШВЕЦИЯ	66.49	66.97	69.32	74.77	77.41
	9 орын	9 орын	9 орын	8 орын	4 орын
АҚШ	73.68	77.96	75.22	77.80	77.40
	3 орын	1 орын	3 орын	4 орын	5 орын
ШВЕЙЦАРИЯ	67.52	67.65	70.45	74.96	77.04
	7 орын	8 орын	7 орын	7 орын	6 орын
КАНАДА	71.71	72.53	72.90	75.70	75.89
	5 орын	4 орын	5 орын	6 орын	7 орын
ЖАПОНИЯ	66.86	67.78	71.66	76.22	75.71
	8 орын	7 орын	6 орын	5 орын	8 орын
АВСТРАЛИЯ	68.92	69.29	70.15	72.91	73.16
	6 орын	6 орын	8 орын	10 орын	9 орын
НИДЕРЛАНДИЯ	65.21	64.14	67.89	73.79	72.03
	10 орын	10 орын	10 орын	9 орын	10 орын

Мәлімет <https://softpower30.com/> сайтынан алынып құрастырылды.

«Мәдени дипломатия» халықаралық қатынастарға, дипломатияға және трансшекаралық байланыстарға қатысты көптеген тектіктерді толықтай сипаттай алады. Мәдени дипломатия термині бастапқыда мәдениетті дипломатиялық мақсатта пайдалану ретінде анықталғанымен қазіргі кезде дәстүрлі дипломатиялық тарихтан асып түсетін қолданушыларды, ұйымдарды, мәселелерді, бағыттар мен институттарды қамтитын ірі тұжырымдамаға айналды. Мәдени дипломатия, шын мәнінде, мәңгілік тақырып және ежелгі дәуірден бері мемлекеттер мен империяларды басып алған тақырып. Ежелгі құрмет жүйелері, империялық сыйлықтармен

алмасу, итальяндық және испандық соттардағы өнер саясаты, XIX ғасырдағы корольдік сапарлардың салтанаты, сондай-ақ мәдени алмасудың заманауи бағдарламалары - мұның бәрін мәдени дипломатияның бір түрі деп санауға болады. Алайда мәдени дипломатиялық қадамдар мен оны жасаушы кейіпкерлер әрдайым әртүрлі болып келеді. Іс жүзінде империяның немесе ұлттық мемлекеттің атынан немесе мүддесі үшін саналы немесе еріксіз әрекет ететін кез келген адам өзін қазіргі таңда «мәдени дипломат» ретінде көрсете алады. Мемлекеттік қызметкерлермен қатар бұл тізімге кәсіпкерлер, туристер, студенттер, ғалымдар, актерлер, дәрігерлер, журналистер, ветеринарлар, қауымдастықтар, музыканттар және тағы да басқалар кіреді. Мәдени дипломатияның ұзақ мерзімді стратегиялық іс-қимыл жоспары табиғи апаттардан, дағдарыстардан және қақтығыстардан зардап шеккен аудандардағы мәдени мұраны қорғауға, қалпына келтіруге қатысты болуы керек. Мәселенің маңыздылығы мен күрделілігін, бастысы қоғамға деген қажеттілігін оқу орындарының арнайы дипломат маман дайындауы, мәдени дипломатия бағытындағы арнайы курстардың сұранысқа ие екендігінен байқауға болады.

Монографияның «Көпполярлы әлемдегі «жұмсақ күш» атауына ие мәдени дипломатия» атты тараушасын қорытындылай келе мәдени дипломатияның болашақ сипаттамалары қандай болуы мүмкін немесе қандай болуы керек деген сауалға жауап ретінде «Мәдени дипломатия пән ретінде және тәжірибе: тұжырымдамалар, оқыту және дағдылар» атты Сиена университеті арасындағы серіктестік туралы келісім аясында дайындалған 2016 жылғы қорытынды есепке сүйене отырып мәдени саясат саласындағы диалог және зерттеулер нәтижесін ұсынуға болады.

- **Ұзақ мерзімді тәсіл.** Өзара қарым-қатынас арқылы елдер арасындағы мәдени алшақтықтарды жою, мемлекеттік субъектілерден гөрі өзара түсіністік пен мәдени алмасу арасындағы тікелей келіссөздер әлдеқайда көп уақытты қажет етеді;

- **Көп деңгейлі өзара әрекеттесу.** Мәдени дипломатия ұйымдар, көпұлтты корпорациялар, қалалар, провинциялар мен

аймақтар сынды мемлекеттік емес субъектілер мен олардың арасындағы үкіметтік емес субъектілерді қоса алғанда өзара іс-қимылдың әртүрлі деңгейлеріндегі көптеген тәуелсіз мүдделі тарапарды тартуы керек;

- **Елдің ерекшелігі.** Мәдени дипломатия көптеген тәжірибелермен өзіндік институционалдық тәсілдерімен сипатталуы керек. Әр елдің өзіндік мәдениеті бар сияқты, олардың мәдени дипломатияға деген де өзіндік көзқарастары бар.

* Мәдени дипломаттың дағдылары мен құзыреттері: мәдени дипломаттың мәдениетаралық сезімталдығы, әртүрлілікке ашықтығы, тыңдау қабілеті және интеллектуалды қызығушылығы болады деп күтілуде;

* Мәдени дипломатияны оқыту: көпшілікке мәдени дипломатияны ресми оқыту болып табылады [25].

Жалпы мәдени қатынастар жүйесі Еуропалық Одақтың сыртқы саясатының құралы ретінде 17 жыл бойы күн тәртібінде болды. Жылдар бойы жүргізілген процесс нәтижесіндегі жүздеген құжаттар мен бастамалар мәдени дипломатияның басымдыққа ие болу керектігінен хабар береді. Идеологиялық негізгі сипаттамасы «Философия» деген атауға ие мәдени дипломатия институты (ICD) 1999 жылы АҚШ-та, ал оның еуропалық филиалы 2004 жылы Берлинде құрылды. Көпполярлы әлемнің мәдени дипломатиялық бейнесін ұзақ мерзімге сақтауға тырысқан философиялық ойға негізделген іс-әрекеттер адамзат болашағының оңтайлы жолы болмақ. Осы ойды немесе «Көпполярлы әлемдегі «жұмсақ күш» атауына ие мәдени дипломатия» атты бірінші тараушаны американдық саясаткер Милтон Каммингстің «Мәдени дипломатия – бұл өзара түсіністікке ықпал ету мақсатында ұлттар мен халықтар арасындағы идеялармен, ақпаратпен, өнермен, тілмен және мәдениеттің басқа аспектілерімен алмасу» деген қанатты сөзімен аяқтауға болады. Демек, мәдени дипломатия – ол мемлекеттің сыртқы келбеті, өзгелер тануға ықпал ететін сыртқы формасы.

1.2. Мәдени ынтымақтастық: философия мен әлеуметтанудың симбиотикалық қолданылуы

Мәдени қатынастар жүйесі – әрбір мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының ажырамас бөлігі болып табылатын халықаралық қатынастар парадигмасы. Халықаралық құқыққа сәйкес ортақ мәдени мұраға негізделген мәдениетаралық диалог пен ішкі және сыртқы саясатты қоса алғанда философиялық-әлеуметтанулық мәселе. Философия мен әлеуметтану адамның мінез-құлқы, әлеуметтік нормалары, адамшылығы және ақыл-ой жұмысы туралы көптеген гуманитарлық бағыттағы мәселелерді қарастыру барысында ортақ шешімдерге келіп, бірін-бірі өте жақсы толықтыра алады. Осы себептен де болар әлемдік дәрежедегі ұйымдар мен олардың көшбасшылары сыни тұрғыдан ойлау, пайымдау, талдау, шығармашылық мәселелерді шешу және қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту мақсатында философия мен әлеуметтануға жүгіне отырып, мәдени қатынастар жүйесінде тәжірибелей алады.

Әрбір философия белгілі бір мәдени қатынастың салдары немесе реакциясы, тіпті оның мәнін түсіндіруші немесе қорғаушысы болып қызмет атқара алады. Философия кез-келген мәдениеттің ажырамас бөлігі дегенде осы мәселені түсіну қажеттілігі туындайды, себебі әр мәдениет өзінің құндылықтарын, сенімдері мен дүниетанымын негіздейтін прогрестің катализаторы ретіндегі қызмет ететін құрал. Философия қоғамның қалыптасқан нанымдарына, әдет-ғұрыптарына, тәжірибелері мен институттарына сыни тұрғыдан күмән келтіруі және оларға қарсы тұруы мүмкін. Себебі рефлексивті сыни ойлау негізіне ие философия өмір салтымен, мінез-құлықты бағыттауға арналған зерттеу формасымен интеллектуалды көкжиегімізді күшейтетін және кеңейтетін, біздің болжамдарымызды мұқият тексеретін және біз өмір сүретін сенімдер мен құндылықтарды нақтылайтын ойлау формасымен тікелей байланысты. Философия адамды надандық, алалаушылық, жікшілдік, шектеулі көзқарастар мен әдет-ғұрыптардың деспотизмінен босатуға көмектеседі.

Мәдениет - бұл бастапқы деректер, философтар өздерінің аналитикалық эксперименттерін жүргізетін зертхана. Мәдениет

барлық өзге ғылымдар сынды ең бірінші өз кезегіндегі ретті іс-әрекеттің философиясы тұрғысында қарастырылады. Кез-келген шынайы жаһандық философия әлемнің барлық мәдениеттерімен аймақтарының философиялық дәстүрлерін қамтуы керек деп тұжырымдалады, өйткені адамзат алдында тұрған кейбір өзекті мәселелерге балама жауаптар іздеуде философия кейбір жаһандық мәселелердің ұзақ мерзімді шешімдерін табуға мүдделі. Әмбебап әрі жасампаз адамзатқа деген осы міндеттемеде философия бір ғана мәдениеттің шешіміне немесе тек ең ықпалды мәдениеттерге тәуелді бола алмайды.

Сонымен, философия - шындық, білім, мораль, этика, құқық, заңдылық және эстетика теорияларына қатысты адам өмірі, адамның мінез-құлқы мен болмыс табиғаты аясындағы кең идеялар мен әмбебап сұрақтарды талдауға және қарастыруға шақырса, әлеуметтану - ол өмірді құрайтын әлеуметтік шиеленістердің өзара әрекеттесуін және желілердің әртүрлі түрлерін зерттей келе сұрақтардың құқықтық, саяси және мәдени жүйелерде қалай қарастырылатынын қамту мүмкіндігіне ие. Екі жүйелі ғылымды мәдени қатынастар жүйесінде зерттеуді симбиотикалық тұрғыда қарастыру үшін бірқатар прогрессивті тәсілдер мен көптеген ғалымдардың инновациялық пікірталастары қолданылады.

Монография атауындағы «симбиоз» ұғымы биологиялық термин ретінде ғылыми айналымға енген және оны алғаш қолданған неміс ботанигі және микробиологы Генрих Антон де Бари. Гейдельберг, Марбург және Берлинде медицина саласында оқып, 1855 жылы Германияда алғашқы ботаникалық зертхана, 1867 жылы Галледе ботаника институтын құрып, Фрайбург, Галле және Страсбург университеттерінің профессоры болып қызмет еткен ғалым Генрих «симбиоз» терминін 1878 жылы екі ұқсас емес организмнің тығыз бірлестікте бірге өмір сүруіне сілтеме жасау үшін енгізген [26]. Биология саласында бірден үлкен қолдауға ие болмаған термин біраз уақыт ғылыми айналымға түспей жатып қалады, 20 ғасырдың басында ресейлік микробиолог, ауылшаруашылық микробиология мектебінің ұйымдастырушысы К.С. Мережковский симбиотикалық процестер арқылы организмдердің шығу тегі мен эволюциясын сипаттау үшін

«симбиогенез» тұжырымдамасын жасады, бұл дарвиндік эволюциялық теорияның жалпы даналығынан айқын ауытқу болып табылды. «Мен бұл процесті «симбиогенез» деп атадым, себебі симбиоз қатынастарына енген екі немесе одан да көп тіршілік иелерінің қосылуы мен бірігуі нәтижесінде организмдердің пайда болуын білдіреді» [27, 68 с.] дейді К.С.Мережковский. Ғалым пайымдауынша «жануарлар» мен «өсімдіктер» атты екі негізгі эволюциялық көпжасушалы ағзалар монофилетикалық, яғни тектік түбірлі шығу тегіне ие емес, екі немесе үш мүлдем басқа ағзалардың симбиозы нәтижесінде пайда болды деген тұжырым жасады. К.С. Мережковский осы бағыттағы өз еңбектерін еуропалық озық тілдерде жариялағанымен аса қатты танымалдылық пен өзге әріптестері тарапынан қолдауға ие болмады.

Алайда, 1960-70 жылдары эукариоттық және симбиотикалық шығу идеясын насихаттаушы Линн Маргелис [27, 69 с.] симбиотикалық эволюциялық гипотезаны дәлелдеу және насихаттау бойынша тынымсыз күш-жігерін бастағанға дейін әлем мұндай олжаларға назар аудармады. Симбиоз бен симбиогенезді зерттеу соңғы онжылдықтарда қарқын алуда және симбиоз ұғымы эволюциялық биологиядан асып түсті және адам денсаулығы, микробиология, қоғамдар мен экологияны зерттеуде қолданылды. 1970 жылдардың басында нақты нәтижелер алынды, онда митохондрия сияқты хлоропласттардың симбиотикалық жүруін көрсететін дәлелдер берілді. Қазір олардың цианобактериялармен байланысы қарастырылып, ғылыми айналымға мықтап орнатылған [28]. Осылайша биология ғылымы арқылы ғылыми айналымға енген «симбиоз» термині уақыт өте гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдар саласында да қолданыла бастады.

Өмір туралы ғылымдардағы «симбиоз» қытай тілінде «гун шен» және жапон тілінде «кесей» деп аударылып, екі тілде де қытай таңбаларымен таңбаланады, алайда сөзбе-сөз «тәуелділік», «өзара тамырласу» және «бірге өмір сүру» деген мағыналарда Қытай мен Жапонияда кеңінен қабылданды және екі елдегі әлеуметтік, коммерциялық және тіпті саяси тәжірибелерде көптеп кездеседі [29]. Оның философиялық тамырын тіршілік иелері, яғни адамдар, өсімдіктер, жануарлар

мен бейорганикалық материалдың шығу тегі мен бірлігі туралы онтологиялық ойға ойысатын немесе шексіз формалары бар ғалам «Дао», «болмыс», тіпті өзін-өзі сипаттаудың көрінісі болып табылатын философия тарихындағы кең таралған ежелгі шығыс философиялық дәстүрлерінен табуға болады.

Ежелгі шығыстық ойлау жүйесі бойынша барлық нәрселердің шығу тегі өзара байланысты. Тарқатар болсақ, бір жағынан, конфуцийшілдік пен даосизм ғарыштық тәртіп пен адамзаттың бірлігі туралы ұқсас теориялармен бөлісе отырып, даосизм - адамзат пен ғарыштың изоморфизміне, яғни бірдей немесе теңдей деген сенімге негізделген тағамдық, медициналық және рухани тәжірибелерді дамытты. Екінші жағынан, буддизм өзінің аса күрделі «карма», «сансара» сынды өзара тәуелді, ішінара бірлескен «пайда болу» немесе «шығу тегі» теорияларымен барлық нәрселердің себептілігі турасындағы ойды түсіндіреді. Демек, Қытай және Жапон елдеріндегі өмір туралы ғылымдардағы «симбиоз» термині «өз бетінше өмір сүру» және «өзгелермен бірге өмір сүру» деген тұжырымдамаларға ие бола отырып, әдістемелік тұрғыдан өзімізді, басқалармен қарым-қатынасымызды, сондай-ақ айналамызды зерттеудің реляциялық және біртұтас тәсілдерін қажет етеді. Этикалық тұрғыдан алғанда, олар бірлік сезімін күшейтеді, өзін-өзі көрсетуге, өзін-өзі шектеуге, басқаларға қатысты ізгіліктерге, ынтымақтастыққа және өзара қолдауға ықпал етеді.

Қытай және жапондық симбиоздың бірлікке негізделген ойлауы планетарлық, ғарыштық, тіпті ғаламдық масштабқа ие. Себебі ол дуалистік ойға жатпайды, антропоцентризмнен асып түседі, индивидуалистік инстинктерді реттейді, өзін-өзі шектеуді насихаттайды, нөлдік бәсекелестік менталитетін тежейді және барлық тіршілік иелерінің өзара байланысын атап өтеді. Қазіргі геосаяси бәсекелестік, қатаң технологиялық және коммерциялық бәсекелестік, шиеленіскен әлеуметтік және нәсілдік келіспеушіліктер мен табиғи ортамыздың деградациясы әлемінде адамзат ұжымдық сананың деңгейін көтеріп, өзін және қоршаған ортаны ұйымдастырудың басқа философиясын қабылдауы керек [29]. Шынында да, қазіргі таңда барлық тіршілік иелері арасындағы байланысты мойындау және бірге

өмір сүру философиясын дамытуға деген ұмтылыс бар, ол адамзаттық өзара тәуелділік, адам өмірінің мәні және біздің қоршаған ортамен қарым-қатынасымыз екенін мойындауға, яғни азаматтық және саяси философияны жақтауға, үйлесімділікте бірге өмір сүруге насихаттайды. Талқылауға негіз болып отырған өмір туралы ғылымдардағы «симбиоз» ұғымын беретін қытайлық «гун шен» және жапондық «кесей» сөздерінің мағыналық қарым-қатынасы мен тұжырымдамасы бірдей философиялық негізге ие болмауы мүмкін, бірақ олардың этикалық және саяси ұмтылыстары бір-біріне сәйкес келетіні анық.

Әлем халықтарын алға сүйреп бара жатқан озық ғылымдар мен технологиялар адамзатты жаңа ойлауға шабыттандырады және адамдарды адамның өмір сүру жағдайларын қайта қарауға шақырады. Адамға адам әрі объект, әрі субъект, сондықтан оны үнемі жаңартып, іс-әрекеттер жүйесін қайта қарастырып отыру қажеттілігі бар. Соңғы онжылдықтарда жоғарыда талқыланған симбиоздың кең таралған биологиялық құбылысы мен симбиогенез теориясы адамдардың табиғатпен және бейорганикалық заттармен онтологиялық байланысы туралы пікірталастың қайта басталуына себеп болды, сондықтан біз ойлауды қалай өзгертіп, адам істерін қайта құруымыз керек. Осы ойдың бағытын мәдени қатынастар жүйесіндегі негізгі факторлардың бірі – «мәдени ынтымақтастыққа» тоқталу қажет.

«Мәдени ынтымақтастық» ұғымы көпполярлы әлемдегі мемлекеттердің көбеюі мен олардың арасындағы өркениеттілік деңгейінің жоғарылағаны сайын күрделеніп, нығаюда. Бейбітшілік пен тыныштық, татулық пен үйлесімділік, достық пен бірлікті негіз ететін «ынтымақтастық» ұғымының мәдени қатынастар жүйесінде алатын рөлі мен орны орасан зор. Әлем бедеріндегі екі жүзге жуық мемлекеттің ынтымағы адамзаттың тыныштығы. Бірақ бұл оңай әрі тез орындалатын қағидат емес. Сол себептенде болар қазіргі таңда «мәдени ынтымақтастық» ұғымы жалпы қолданыста «халықаралық мәдени ынтымақтастық» терминіне айналып бара жатыр. Бұл айналымнан негізгі ұғым еш жапа шекпейді, керісінше шекарасы кеңіп, мемлекеттік және жеке секторға, сондай-ақ ұлттық шекаралар арқылы білім, дағдылар, өнер және ақпарат

беруге жәрдемдесу жөніндегі ұлттық және халықаралық күш-жігерге толып кемелдене береді. Оған барлық салалардағы тәжірибе алмасуларға негізделген іс-шаралар мен бағдарламалар кіреді.

Басты нысандағы «халықаралық мәдени ынтымақтастық» терминінің өзі ғылыми айналымға дәл қазіргідей түсінікте бірден енген жоқ. Оның құбылып, толығып әрі өзгеріп отыруына әр кезеңдерде орын алған түрлі тарихи-саяси оқиғалар ықпал етті. Шамамен 1940 жылдарда орын алған елеулі дүниежүзілік оқиғаға дейін халықаралық мәдени ынтымақтастық негізінен жеке тұлғалардың немесе діни ұйымдар, білім беру мекемелері, қорлар және бизнес топтары сияқты ерікті ұйымдардың аясында өрбіді. Қазіргі таңда халықаралық мәдени ынтымақтастық шеңбері кеңейіп ғылыми, әлеуметтік, саяси, діни, медициналық, педагогикалық, техникалық, цифрлық, өнер, спорт т.б. іс-шаралармен қамтылған. Осы тұста педагог пен баланың субъект-объектілік қарым-қатынасындағы демократизмді, теңдікті, әріптестікті жүзеге асыратын ынтымақтастық технологияларына негізделген «ынтымақтастық педагогикасына» сүйенуге болады.

Педагог ғалымдарың айтуынша ынтымақтастықта оқыту педагогикада бұрынан қолданылған. Ынтымақтастық педагогикасы жаңа бағыт ретінде өткен ғасырда өте кең таралған педагогикалық технологиялардың бірі болып табылады. Сол дәуірдегі оқыту үдерісінде Н.К.Крупская, С.Т.Шацкий, В.А.Сухомлинский, А.С.Макаренко, К.Д.Ушинский, Н.П.Пирагов, Л.Н.Толстой және шетелдік Ж.Ж.Руссо, Я.Корчак, К.Роджерс, Э.Берн сияқты ғалымдардың еңбектерінде білім мен тәжірибенің өзара байланысын күшейту мақсатында қолданылатын әдістерге ерекше мән берілді. Аталған ғалымдар оқытуда бірлескен, ұжымдық іс-әрекеттің ынтымақтастық сипатын ашуды көздеді. XX ғасырдың 80-жылдары педагогикада елеулі кезең болды. Мұнда мектептегі оқыту үдерісінің жаңа әдістемесі қалыптасып, сабақ барысында ұжым ішіндегі ынтымақтастық, шығармашылық жұмыстарға барынша назар аударылды. Бұл кездегі ынтымақтастық педагогикасын дамытуға В.Ф.Шаталов, Н.П.Гузик, Ш.А.Амонашвили, И.П.Волков, И.Т.Гончарова, Н.Ы.Палтышев,

Е.Н.Ильин, С.Н.Лысенкова, Б.П.Никитин, В.А.Караковский және т.б. ат салысты. Жалпы орта білім беретін мектеп пен отбасының ынтымақтастық қызметі Г.К.Байделдинова, Қ.Т.Әтемова, Ш.М.Шүйіншинаның ғылыми-зерттеу еңбектерінде қарастырылып, ынтымақтастың әртүрлі аспектілерінде дәйектелген [30, 101-102 бб.].

Педагогика саласында қарқынды дамуға ие «ынтымақтастық педагогикасына» жүгіне отырып, табиғат, қоғам және адамның «белгісіздік» қасиетіне ие болуының артықшылық екенін ұғынуға болады. Бұл айғақ адамзатқа ежелгі заманнан бері белгілі. Осы тұста ежелгі Рим тарихшысы Гай Плиний Секундустың: «Бұл өмірде анық бір ғана нәрсе бар, ол өмірде анық ештеңе жоқ екендігі» деген қанатты сөзі ойға оралады. «Ынтымақтастық педагогикасы» жағдайындағы «белгісіздік» - егер дәлелденген немесе үйренген ойлау және әрекет ету тәсілдері мәселені шешуге көмектеспесе, онда жеткілікті емес немесе анық емес ақпаратпен күресуге не болмаса ақпараттың толық жетіспеушілігі жағдайында әрекет етуге тура келетін жағдаят ретінде анықталады. Философиялық тұрғыдан «белгісіздіктің» мәні диалектикалық болып табылады. Бір жағынан, бұл адамды күтпеген жағдайға душар етеді, онда оған белгілі ықтимал шешімдер қажетті нәтиже бермейді. Екінші жағынан, бұл оны жаңа білім іздеуге, өз бетінше ойлауға, бірнеше нұсқалардың ішінен ең тиімді шешімді таңдауға, ұтымды әрекет етуге, нәтижеге жетуге және оның болжамдары мен үміттеріне сәйкес келмеуі мүмкін емес екендігіне дайын болуға мәжбүр етеді. Белгісіздік әрқашан болған және барлық жерде болады, тек оның дәрежесі, ауқымы және табиғаты өзгереді.

Педагогика саласына жаңа леп әкеліп отырған «ынтымақтастық технологиясы», «ынтымақтастық оқыту», жалпы «ынтымақтастық педагогикасы» Қазақстанда да табысты қызмет етуде. Атап айтқанда, Қ. Нұрғалиев, Р.Б. Нұртазина, Р.Г. Лемберг, Қ. Айтқалиев, Қ.О. Бітібаева, Г.М. Кубраков және т.б. жаңашыл ұстаздар оқытудың ынтымақтастық идеяларын өз еңбектерінде көрсете білді. Ынтымақтастық педагогикасының негізінде білім беру мен оқытудың гуманистік идеялары, адамгершілік сипаттары басым болады. Мұны А.А. Бейсенбаева,

К.С. Құрманбай сынды ғалымдардың еңбектерінен көруге болады. Ынтымақтастық педагогикасының технология ретінде нақты бір құрылымы, әдістемелік негіздемесі айқындалып берілмейді. Бұл технология қазіргі оқыту үдерісіндегі барлық жаңа инновациялық технологиялармен ішінара байланысты қарастырылады, өйткені мұнда білім алушының жұптық, топтық қарым-қатынастағы жеке даралық қабілеттері ғана емес, сонымен қатар оның топпен бірлесе жұмыс жасай алу құзыреттіліктері де маңызды деп танылады [30, 101-102 бб.]. Ынтымақтастық технологиясы педагог пен оқушы арасындағы өзара түсінушілік, ынтымақтастық, серіктестік қарым-қатынасын жүзеге асырады. Оқушы мен мұғалім ынтымақтастықта жұмыс істей отырып, ортақ мақсатқа жету үшін іс-әрекеттің барысы мен нәтижесін бірігіп талдайды [31, 137 б.].

Ынтымақтастықтың қазақ үшін берері әрдайым мол болған. Бұл ойды отандық ғалым Т. Мансұровтың «Қазақстан және Ресей» атты еңбегіндегі мына сөздермен түйіндесе болады: «Халықтардың қарым-қатынасындағы басты да мәнді қырлардың бірі - мәдени ықпалдастық. Көптеген парасат иесі ғалымдардың экономикалық проблемалары қанша күрделі, қаншама білгір болса да мәдениет мәселелері, рухани игілік жайлары басым тұрады дейтін пікірмен санаспаса болмайды. Шынында да адамдардың санасы мен имандылығындағы ақау – нағыз қасірет. Ықылым заманнан-ақ мәдени ынтымақтастықтың рухани астасу тарихтың қандай тар кезеңдерінде болсын халықтарды достастырып, егемен елді табыстыратын берік дәнекер болған. Ал, Қазақстан мен мәдени байыту дәстүрі сонау ғасырлар Еуразиялық тоғысудың өнегесі, үндестік пен үйлесімділіктің үлесі десе де болады» [32, 249 б.].

Талай ел басына күн туып, бүтін бір ел тарих санасынан жоғалып кету қаупі туып тұрған шақтарда өркениеттілік үлгі көрсеткен озық ойлы жандар болған. Ертеректе қол бастаған батырлар мен ел бастаған көсемдер жау жағын бітімге шақырып, жауласпайық, тектен-текке қан төкпейік деп келісімге шақырып, түрлі бітім-шарт жасасқан. Осындай ымыраластық сипатындағы ерекше келісімнің бірі - «Ынтымақ ережесі». 20-шы ғасырдың басында Қазақтанның қоғамдық-саяси және

құқықтық ой-пікірінде мүлдем беймәлім болып келген мәселе жергілікті елді мекендерде ауыл арасында басқару үшін дұрыс жолға қою болды. Қазақ қоғамына патша өкіметі енгізген болыстық жүйенің тиімсіздігі бәрімізге белгілі. Қазақ қоғамына дерт болып жабысқан осы мәселе жікке, партияларға бөлініп алған халықты қайта ынтымақтастырып басын біріктіру мәселесіне көңіл бөлінді. Осылайша, жемісті нәтиже ретінде және ой толғанысы мен білімділік айғағы болып дүниеге «Ынтымақ ережесі» келді. Бұл құжат бұрын-соңды ғылыми айналымға түскен емес. Оны 1960 жылы Барлыбек Сыртановтың туған баласы Әбдікәдір Барлыбекұлы Сыртанов Талдықорған қаласындағы І. Жансүгіров мұражайының қолжазбалар қорына табыс еткен екен. Барлыбек Сыртанов отставкаға шыққан соң, ел басқару ісімен тікелей шұғылданып, халықтың партияға, руға, жікке бөлінуінің тамырына балта шабу мақсатында Бұқабай елі арасында 50 үйден тұратын қауымдастықта тәжірибе ретінде, ауыл ақсақалдарымен тікелей ақылдаса отырып, басқарудың жаңа «Ережесін» енгізеді. Бұл құжаттың басында «Бұқабай балаларының Ынтымақ ережесі» бар. Барлыбек Сыртанов 50 үй арасында мынандай ұйым ашады деген мәлімет бар. Талдықорған облысы Қапал ауданы тұрғындарының айтуына қарағанда, бұл «Ереже» Бәкеңнің «Ынтымақ ережесі» деп аталып кеткен, небары 15 баптан тұрады, бірақ жазылған жылы белгісіз [33, 13 б.]. Барлыбек Сыртанов жазып қалдырған бұл құжаттың мазмұнына ғылыми тұрғыдан талдау жасап қарасак, ел басқару ісін дәстүрлік салт-санамен, әдеттік құқық нормаларымен реттеуді негізге алған. Ереженің негізгі идеясы көшпелі қазақ қоғамына әлеуметтік практиканың сындарынан өтіп қалыптасқан, дала демократиясының гуманистік қайырымдылық, қауымдастық сияқты негіздерімен ислам дінінің талаптарына сай келетін ұғымдар болып табылады [34, 60-61 бб.]. Сол кездердегі заманның қолдан бұрмаланған шағында жүзеге аспаған «Ынтымақ ережесін» шын мәнінде де халық тағдырына жан ашығандық, халық қамын ойлағандық деп есептеу абзал. Ынтымақтастың алғышарты әріде, тұрмыстық тарихы тереңде болғанымен ХХІ ғасырда ол адам мен әлеуметтік өмірдің барлық салаларында айқын көрінді.

Төртінші өнеркәсіптік революция, барлық алдыңғы революциялар сияқты, әлемнің әдеттегі көрінісін тез өзгертті, бұл өндіріс, тұтыну, қызмет көрсету және әлемдік еңбек нарығында түбегейлі өзгерістерге әкеледі. Іргелі ғылымның жетістіктері ғылыми және гуманитарлық қамтамасыз ету мен білім беруден едәуір озып, қайшылықтар туғызады және дағдарыстық құбылыстарды алдын-ала анықтады. Жасанды интеллект пен робототехниканы кеңінен қолдану нәтижесінде жақын арада бірқатар мамандықтар жоғалады, бірақ жаңалары пайда болады.

Тарихқа көз жүгіртер болсақ, XX ғасырдың 20-30 жылдарына дейін еңбектері француз әлеуметтануының базасына айналған ірі әлеуметтанушы, мәдениет философы, позитивист Эмил Дюркгейм жаратылыстану ғылымдарына бағытталған позитивизмнің негізін қалаушының өсиетін сақтай отырып, мәдениет философы ретінде көптеген сұрақтарға жаңа, әрі ерекше жауаптар берді. Ол Конттың қоғам мен мәдениетті өздерінің арнайыланған даму заңдылықтарымен біріккен тұтастық; ұжымдық сана формасының басымдылығы; еңбек бөлінісі мен қоғамдық келісім немесе «ынтымақтастық» деп үшке бөлінген дәстүрін қысқартып, қоғам, мәдениет дамуын екі негізгі кезеңнен тұрады деп тұжырымдады [35, 9 б.]. Огюст Конт саяси күштерді екінші дәрежелі деп санаған болатын, ол «адамгершілік» пен «рухани күш» сынды әлеуметтік әрекеттің серіппелерін алға жіберді. Конттың бұл ойына қарап оның еркіндік философиясының әлеуметтік функцияға негізделгенін пайымдауға болады. Конт айтқан әлеуметтік құбылыстарға, табиғат заңдары мен саясатқа бағыну – адамгершілік сипаты жатады. Конт алға тартқан позитивизм мемлекеттердің жаңа теорияларын құра алды. Ғалым пайымына жүгіне отырып әрбір материалдық құндылықтың қандай да бір бағасы, құны бар, ал руханилықтың құны жоқ, оны сатып алу мүмкін емес, оны тек адам бойына ізгілік дәні секілді егіп, әділетті қоғамда өсіріп, жетілдіре алатындығымызға көз жеткіземіз. Осы ойды жүзеге асырудың бірден-бір озық құралы ретіндегі ынтымақтастықты әлеуметтанушылар белгілі бір тарихи даму кезеңіндегі қоғам мүшелелерінің ассоциалануы, «ынтымақтастық» өлшемі деп түйіндейді. Э.Дюркгейм негізгі фактор ретінде әлеуметтік-

мәдени өмір көрсеткіші болатын қоғамдағы еңбек бөлінісін алды. Дәл осы еңбек бөлінісінің дәрежесінен сол немесе басқа қоғамның «ынтымақтастық» өлшемі белгілі болды. Ол «әлеуметтік ынтымақтыстыққа» негіздей отырып тарихтың бірініші кезеңіне «механикалық ынтымақтастық» екіншісіне «органикалық ынтымақтастық» деп айдар тақты [36, 122-125 с.].

«Механикалық ынтымақтастық» - бұл ортақ құндылықтар мен сенімдерге ие қоғам мүшелерінің әлеуметтік интеграциясы. Бұл ортақ құндылықтар мен сенімдер жеке мүшелерде жұмыс істейтін «ұжымдық ар-ұждан» болып табылады, оларды ынтымақтастыққа шақырады. Дюркгеймнің пікірінше, қоғам мүшелерін ынтымақтастыққа мәжбүрлейтін күштер қатты денеде молекулалардың бір-біріне жабысуына әкелетін ішкі энергияларға өте ұқсас болғандықтан, ол «механикалық ынтымақтастық» терминін енгізу арқылы физика ғылымының терминологиясын қолданды.

«Органикалық ынтымақтастық» - бұл адамдардың бір-бірінің қызметтеріне деген қажеттілігінен туындайтын әлеуметтік интеграция. Органикалық ынтымақтастықпен сипатталатын қоғамда салыстырмалы түрде үлкен еңбек бөлінісі бар, ал жеке адамдар тірі дененің өзара тәуелді, бірақ сараланған мүшелеріне ұқсас жұмыс істейді. Қоғам барлығына бірыңғай ережелерді енгізуге аз сүйенеді және әртүрлі топтар мен адамдар арасындағы қатынастарды реттеуге көбірек сүйенеді, көбінесе шарттар мен заңдарды кеңінен қолдану арқылы жүзеге асырады [37].

Әрине Дюркгейм механикалық күйден органикалық күйге дейінгі әлеуметтік ынтымақтастықтың дамуы әдістемесін тек батыс қоғамына негіздеп жасады. Дюркгеймнің әлеуметтік ынтымақтастық теориясы мен қоғамның мүмкін болу себебін түсіндіруге деген ерекше көзқарасы фактісіне сәйкес. Сайып келгенде, Дюркгейм әлемге қоғамның маңыздылығын шынымен ашқан алғашқы әлеуметтік теоретик ретінде танылды. Оның табандылығының нәтижесі қоғамды бір уақытта бір адамға назар аударудың жалпы тәсілі емес, бақылау және өлшеу құралдары арқылы ғылыми зерттеу жасау болды. Әлеуметтік фактілер тұжырымдамасы Дюркгеймді талдауда маңызды рөл атқарады, өйткені олар қоғамның сенімдері мен құндылықтары

туралы бейтарап есепті біріктіреді. «Әлеуметтік айғақ» өзгермейді деген қарапайым теория оны әлеуметтік ынтымақтастық тұжырымдамасын нақтылаудың ерекше құралына айналдырады. Ол «механикалық ынтымақтастық» қоғам дамып, оның құрылымы күрделене түскен сайын өз позицияларын біртіндеп «органикалық ынтымақтастыққа» тапсырады, сондықтан «органикалық ынтымақтастық» ынтымақтастықтың басым түріне айналады деп сендірді. Бұл батыс қоғамының даму жолы ретінде айқын әрі нақты тәжірибе. Сондықтан, қазіргі Батыс қоғамдарының жылдар бойы қалай дамығанын түсіну үшін біз «механикалық ынтымақтастықтан» «органикалық ынтымақтастыққа» ауысуды, сондай-ақ әр мемлекетке байланысты сипаттамаларды және сонымен қатар қасиеттерді бағалауымыз керек.

Сол мезетте Дюркгейм пікірін қолдаған немесе қарсылық білдірген және өз тарапынан толықтырған немесе пікір білдірген ғалымдар қатары жеткілікті болды:

➤ Британдық заңгер философ *Майкл Кларк* «Дюркгейм механикалық ынтымақтастық неғұрлым қарабайыр, индустрияға дейінгі қоғамдарда бар екенін анықтады, мұнда еңбек бөлінісі негізінен ажыратылмаған және оның мүшелері арасында өзара тәуелділік аз» [38, 246-255 р.] деп мәлімдеді. Дюркгейм көптеген қоғамдарды «индустриалды» және «индустриалды емес» деп тек екі топқа бөлу арқылы сәтсіздікке ұшырады. Дюркгейм индустриалды қоғамдардың кең спектрін көрмеді немесе мойындамады, оның орнына индустрияландыруды ешкілерді қойлардан бөлетін тарихи су алабы ретінде елестетеді [39] деп өткір сынаған;

➤ Классикалық және заманауи әлеуметтік теория туралы көптеген ғылыми еңбектер жазып жүрген Висконсин-Мэдисон университетінің әлеуметтану кафедрасының доценті, 2004 жылы жарық көріп көпшіліктің көңілінен шыққан «Эмиль Дюркгейм: қазіргі заманның әлеуметтанушысы» (Emile Durkheim: Sociologist of Modernity) [40] атты еңбектің авторлары *Мұстафа Эмирбайер мен Айра Дж. Коэн* «Қоғамды біріктіретін «әлеуметтік желім» - бұл Дюркгейм «Орда» деп атаған оның мүшелері арасындағы біртектілік» [41] деген анықтама берді;

➤ Медицина ғылымдарының докторы, психиатрия профессоры, «Стресске жауап беру синдромдары» кітабының авторы және ресми психиатриялық номенклатураға үлес қосушы, травматикалық тәжірибенің қиылысы, жеке тұлғаны дамыту және психотерапия мен психоанализдегі өзгерістер бойынша сарапшы, консультациялар, сот сараптамасы, психоаналитикалық психотерапия жүргізуші майталман маман **Марди Хоровиц** «Бұл әдетте «ұжымдық сана» деген басым тұжырымдамамен сипатталады, бұл «қоғамның орташа мүшелеріне ортақ сенімдер мен сезімдердің жиынтығы» [42] деп пікір білдірген. Бұл ұжымдық сана қоғам мүшелерінің іс-әрекеттері мен сенімдеріне сәйкес бағалануы керек моральдық негізді қамтамасыз етеді. Индивидуализм іс жүзінде жоқ және оған жол берілмейді, өйткені ол жалпы байланыстардан ауытқуды білдіреді;

➤ Американдық әлеуметтанушы **Роберт Кинг Мертон** – әлемдік әлеуметтануының танымал классигі, есімі баршаға таныс П.А.Сорокиннің жетекшілігімен Гарвард университетінде қорғаған, Э.Дюркгейм мен М.Вебердің еңбектеріне тәнті болғаны сондай олардың жазбаларын «Интеллектуалды жұмыстың эталоны» деп мойындай отырып, «Біз, бәріміз, Дюркгейм мен Вебердің мұрагерлеріміз, олардың жұмыстары бізге дамитын идеяларды ұсынады, мысалдар келтіреді, теориялық пайымдауда, проблемаларды таңдауда жақсы талғамның үлгілері болып табылады және бізге теориялық сұрақтар қоюға үйретеді» [43, 50 с.] деп мәлімдеді. Сонымен қатар Мертон позитивист ретінде «Дюркгейм индустрияландыру кезінде пайда болған әлеуметтік заңдарды зерттеу үшін физика ғылымдарының әдістері мен критерийлерін қабылдады, бірақ табиғатта тамыры бар физика ғылымдары механикаландыру нәтижесінде пайда болған заңдарды түсіндіре алмайды» [39] деп жазғырды. Осы тұста әлеуметтану ғылымына «Аномия» терминін бірінші болып енгізген Дюркгейм болса, оны кейінірек дамытып, ары қарай ауқымын кеңейткен Мертон екенін айта кету керек. «Аномия» - бұл әлеуметтік-этикалық нормалар мен құндылықтардың ыдырауына немесе жойылуына әкелетін әлеуметтік жағдай, кейде тіпті «аномалия» деп те түсіндіріледі. Дюркгейм

аномиясы мен Мертон аномиясының басты айырмашылығы - Дюркгейм аномиясы теориясы тез әлеуметтік өзгерістермен бірге жүретін әлеуметтік келісім мен ынтымақтастықтың жоқтығын сипаттайды, ал Мертон аномия теориясы аномияның нормадан ауытқуға және қоғамдағы қылмыстың пайда болуына қалай әкелетінін сипаттайды;

➤ Американдық әлеуметтанушы, кедейлік пен теңсіздікке бағытталған зерттеулер жүргізуші доктор *Дженнифер Лэйрд*. Ол цифрлы әлеуметтанушы ретінде деректерді визуализациялау, модельдеу және микросимуляция әдістерін қолданады. АҚШ-тың әртүрлі штаттарындағы кедейлік деңгейіндегі айырмашылықтардың көздерін, мемлекеттік сектордағы жұмыспен қамту теңсіздігін және мексикалық иммигранттар арасындағы жұмыссыздықты зерттейтін мақалалар жариялады. Оның зерттеулері «Demography», «Social Science Research» және «American Sociological Review» журналдарында жарияланды [44]. Лэйрдтің айтуынша, Дюркгеймнің кітабындағы еңбек бөлінісінде гендерлік проблема, сексистік қайшылықтар бар деп тұжырымдайды: индивидтерді «ерлер», ал «әйелдерді» жеке және әлеуметтік емес тіршілік иелері ретінде көреді. Осы схеманы қолдана отырып, философ әйелдердің индустриалды және индустрияға дейінгі қоғамдарда атқарған рөлін мүлдем елемеді» [39] деп өз зерттеушілік позициясы тұрғысынан қарастырып пікір айтады;

➤ Эдинбург, Эксетер университеттерінің профессоры, жаратылыстану ғылымдары және әлеуметтану ғылымдары дәрежесін ие *Барри Барнс* ғылымдағы білімді генерациялау мен бағалауды әлеуметтанулық зерттеудегі және ғылыми сараптаманың сенімділігіне негізделген алғашқы жұмысымен танымал. Ол сондай-ақ әлеуметтік ғылымдардың негізгі мәселелеріне, әсіресе ұжымдық іс-қимыл мәселелеріне, ұжымдық іс-әрекеттің генераторы ретінде мәртебелік топтарға және әлеуметтік тәртіп пен билік жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде өзін-өзі көрсететін білімге бұрыннан қызығушылық танытады. 1990 жылдардың ортасынан бастап ол өз жұмысын жаңа адам технологияларына және олардың әлеуметтік және мәдени маңыздылығына көбірек бағыттады [45]. Алайда, Дюркгейм теориясына сәйкес, органикалық ынтымақтастық әлі

де кең және өте сараланған еңбек бөлінісі бар прогрессивті және индустриалды қоғамдарда көрніс табады. Органикалық ынтымақтастық қазіргі батыс қоғамын сипаттайтын ынтымақтастықтың ең жақсы түрі ретінде жіктеледі. Механикалық ынтымақтастықта ұжымдық іске асыру әлсірейді, өйткені индивидуализмге көбірек көңіл бөлінеді, оны қоғам «әрқайсысы ерекше рөл атқаратын және өздері сараланған бөліктерден құралған әртүрлі органдардың жүйесі» деп санайды [46]. Барнс пікірінше Дюркгейм ынтымақтастықтың екі түрін анықтай алғанымен, ол өзінің этика ғылымындағы ең қиын кедергілерге тап болады, атап айтқанда, әлеуметтік ынтымақтастық «толығымен моральдық құбылыс» болғандықтан, оны дәл байқау және өлшеу мүмкін емес. Мәжбүрлеу, шындық, объективтілік және байқау сияқты сипаттамаларға ие және қоғамдағы ең тұрақты және дәл элемент бола отырып, заң сыртқы индекс үшін таңдаулы таңдау болып табылады [41].

Жоғарыда бірқатар ғалымдардың Э.Дюркгеймнің «әлеуметтік ынтымақтастық» аясындағы «механикалық ынтымақтастық» және «органикалық ынтымақтастық» туралы бөлінісіне берген сын-пікірлері ұсынылды. Қалай болған күнде де Дюркгейм ұсынған ынтымақтастықтың бұл түрлері бірін-бірі толықтыратын дифференциация құбылысы нәтижесінде мүшелер арасындағы өзара тәуелділікті күшейтуге тән қабілетке ие. Бұл мүшелер үшін «бір-біріне көбірек тәуелді болу» қажеттілігін білдіреді, өйткені әркімнің еңбек бөлінісіне байланысты сараланған рөлдері бар, бұл бөлінген жағдайда қоғамның ыдырауына әкеледі. Сондықтан өзара тәуелділік органикалық қоғамда «әлеуметтік желімді» қалыптастыратын кілт екені анық. Механикалық ынтымақтастықтан органикалық қозғалысты жүзеге асыратын шешуші фактор негізінен әлеуметтік тығыздық тұжырымдамасы болып табылады. Бұл ұзақ уақыт ішінде қоғамдардың ұйымдық құрылымындағы өзгерістер нәтижесінде қоғам мүшелері арасындағы өзара эрекеттестіктің, өз кезегінде өзара тәуелділіктің артуына қатысты болды. Бұл халықтың көбеюіне, технологияның, қалалардың қарқынды дамуына және олардың географиялық шоғырлануының артуына байланысты. Дәл осы «әлеуметтік

массаның қоюлануы» қазіргі Батыс қоғамдарын сипаттайды және олардың әлем сахнасы төріне шығуына мүмкіндік берді.

Жалпы ынтымақтастықтағы философиялық, педагогикалық, әлеуметтік, саяси, діни немесе мәденитаралық айырмашылықтардың ара жігін ажырату мүмкін емес. Мұндай шиеленіс қарапайым тұрмыста да орын алады, яғни адамдар туыстық қатынастардан бөлек бейтаныс адамдармен де кез-келген уақытта және кез-келген жерде ынтымақтастық құра алады. Туыстық түбір біріктірмейтін ынтымақтастықтар мерзімі ұзақ та қысқа да, пайдалы немесе керісінше зиянды, арнайы не оқыстан, ерікті не болмаса мәжбүрлі болуы да мүмкін. Қалай болған күнде де әртүрлі дәрежелі қоғамда әртүрлі дәрежедегі адамдардың әртүрлі дәрежедегі жағдаяттарда әртүрлі ынтымақтастыққа қол жеткізуі оңайлықпен орын алмайды, аса қиын болуы да мүмкін, себебі адамдар өзін-өзі қалыпты ұстау немесе діттеген мақсатына жеткізу үшін жеке мүдделерін жиі жеңуге немесе ортақтандыруға мәжбүр болады. Осы тұста философиялық тұрғыдан түбірі оң «ынтымақтастық» түрлі құбылыстарға түседі, кейде тіпті өзінің теріс тұстарын да көрсетіп қалады. Адамзат өзінің тарихи бастауында тіршілік камы, өмір сүрудің негізгі факторы ретінде жасаған - «бірлік», «ынтымақ», «достық» сынды қағидаттарды таңдауы оның «тайпа», «ру», «одақ», «мемлекет» сынды үлкен бірігулер нәтижесіне алып келді. Бірігулердің күрделенуі, ауқымдануы мен түрленуі уақыт өткен сайын адамдардың бір-бірімен ынтымақтасу талаптарын күшейте берді. Ынтымақтасу талаптарының күшеюі адамдардың ортақ мүдделерінің көбеюіне алып келді. Ортақ мүдделердің көбеюі адамдардың қоғамдық игіліктер жасауға итермеледі, индивидуализмнен институционалдыққа бет бұрғызды. Зандар мен ережелерді, ресурстарды сақтау, өзгерістердің алдын алу, климат және өлімге әкелетін аурулардың таралуын басу т.б. көптеген өзекті әлеуметтік ірі мәселелер жаһандық капитализмнің құрылымы мен құндылықтары, ұлттық мемлекетке саяси қатыстылығы және өзін-өзі көрсетуге, оқуға және өзгерістерге жол бермейтін мәдени топтарға қатысты жаһандану дәуіріндегі ынтымақтастық сын-тегеуріндерді негіздеді.

Жаһандық сипаттағы ірі мәселелерді әр саланың ғалымдары өз салалары, зерттеу нысандары бойынша шешуге және әлемге аса тиімді ұсыныстар ұсынуға ұмтылды. Сондай ұмтылыстардың бірі PhD докторы және ЮНЕСКО Бейбітшілік философиясы кафедрасының директоры, Джауме университетінің профессоры, бейбітшілік институты (ISIP) Вице-Президенті, Джауме университетінің бейбітшілік институты (ЮДЕСП) мен Бейбітшілік және қактығыс институты, Гранада университеті (IPAZ), адам құқықтары институтының ғылыми қызметкері Висент Мартинес Гузман. Гандидің бейбітшілік пен зорлық-зомбылық үшін алтын медалінің иегері Гузман дүние жүзіндегі әртүрлі университеттерде «бейбітшілік философиясын» насихаттап, бейбітшілікті, қактығыстарды және дамуды зерттеу саласындағы үздіксіз халықаралық академиялық зерттеу бағдарламаларын ұсынып жүрді. Ғалым философия мен бейбітшілікті зерттеу саласында жемісті жазбаша мұра қалдырды. АҚШ-тағы Канзас университетінің ғалымы Марта Джалали-Раббани «Жаһандану дәуіріндегі ынтымақтастық: әлем философиясының тәсілдері» атты мақаласында Мартинес Гузманның бейбітшілік философиясына сүйене отырып, біздің бейтаныс адамдармен ынтымақтасу қабілетіміз тұрғысынан «бір-бірімізбен қарым-қатынас жасау және түсіну қабілетіміз», «бір-бірімізге ұқсастықты тану қабілетіміз», «ынтымақтастық қабілетіміз» дамиды. Сайып келгенде, ынтымақтастықты кеңейту үшін «мен» түсінігін қайта қарау қажеттілігі бар және саяси институционалдық өзгерістерді анықтау үшін трансұлттық қоғамдық сала, жаһандық ішкі саясат және әлемдік қоғам үшін конституцияны қолдану қажеттігін алға тартады [47]. Гузманның «бейбітшілікті тарату философиясын» қолдаған да оны «ЮНЕСКО-ның ресми аудармасы» деп сынығандар да көп болды. Ол өзін сынағандарға ««Әлем мәдениеті» ол менің ұсынысым, біз әрдайым әлем туралы ойланғымыз келеді, өйткені біз көптеген жолдармен бейбіт өмір сүргіміз келеді және оның көмегімен адамдар татуласа алады. Мен «бейбітшілік мәдениеті» туралы ғана емес, «бейбітшілік үшін мәдениеттер» туралы сөйлегенді ұнатамын. Себебі, этимологиялық тұрғыдан «мәдениет» латын сөзінен шыққаны белгілі, бұл «өсіру» дегенді

білдіреді. Мәдениет - бұл адамдар қолданатын тәсілдер өзіміз бен қоршаған орта арасындағы қарым-қатынасымызды дамыту. Біздің ең көп таралған тәжірибеміздің бірі болған мәдениеттер академиялық білімнен алыс» [48] деген пікір айтады. Гузман ынтымақтастық, бейбітшілік тақырыптарын зерттей жүріп оның жер жүзіндегі таралымы мен насихатталуының кемдігіне көңілі толмайтынын ашық айтады, тіпті адамзат бет бет келіп отырған түрлі келеңсіздіктердің де түпкі себебі осы болуы мүмкін.

Ынтымақтастық идеясының әлемдік дәрежедегі қарастырылуын 2011 жылы жарық көрген поляк ғалымдарының зерттеулер жинағынан көруге болады. Дж.Ф.Маклин редакторлығымен жарық көрген «Ынтымақтастық идеясы: философиялық және әлеуметтік контекстер» [49] атты зерттеу нәтижелері әлемдегі немесе батыс қоғамындағы «ынтымақтастық идеясының» философиялық тарихын құрайтындай әсер береді, онда:

«Ынтымақтастық: оның табиғаты, принциптері мен практикасы» бағытында:

- Дариуш Добржанскийдің «Ынтымақтастық принципі»;
- Тадеуш Буксинскийдің «Еркіндіктен ынтымақтастыққа дейін»;
- Джон Карнидің «Ынтымақтастықтың діни негіздері»;
- Анджей Вавжиновичтің «Август Цешковскийдің философиялық жүйесі»;
- Влодзимер Виловскийдің «Адам ынтымақтастығының негіздері туралы: Ганди ілімі мен зорлық-зомбылықсыз идеялар және христиандық жан-жақты махаббат туралы» атты еңбектер жинақталған.

«Ынтымақтастықтың этикалық және моральдық мағынасы» бағытында:

- Петр Болтуктың «Ынтымақтастық және моральдық кеңістіктің формасы»;
- Джозеф Бордаттың «Алтын ереже жаһандық ынтымақтастық идеалы ретінде: философиялық зерттеу»;
- Ярема Якубовскийдің «Жаһандану және тану» атты еңбектері жарияланған.

«Ынтымақтастық: әлеуметтік-саяси мәселелер» бағытында:

- Ризард Либерковскийдің «Табиғат пен өркениет арасындағы ынтымақтастық»;

- Майкл Тадеуш Ян Катафиаштың «Рухани бірегейліктің мәдени және тұжырымдамалық маңызы: адам ынтымақтастығының алғышарты»;

- Ярослав Пасконың «Посткеңестік Украинадағы моральдық құлдырау мәселесі»;

- Кшиштоф Бжечиннің «Бостандық, ынтымақтастық, тәуелсіздік: «Жауынгерлік ынтымақтастық» ұйымы туралы ой»;

- Ольга Шutowаның «Ынтымақтастық пен сәйкестіктің риторикасы Беларуссияның әдеби көздері: 16-19 ғасырлар» [49] атты зерттеулер нәтижелері топтастырылған. Ғалымдар зерттеулеріндегі ынтымақтастық пен бірегейліктің мәдени, саяси, әлеуметтік, этикалық сипатын жан-жақты зерттелуі кез-келген мемлекет пен оның азаматтары үшін маңызды болары анық. Мемлекет әл-ауқатының төмендеуі немесе ішкі потенциалының бәсеңсуі байқалған жағдайда ең алдымен ұлттық мемлекеттің тұтастығына сызат түседі, азаматтық және саяси ынтымақтастық мәселесі өткірленеді. Мұндай ірі мәселенің күрмеуін шешу турасында саяси философтар мен әлеуметтік теоретиктер бірқатар нұсқаулар береді. Мысалы, адамдардың талап-тілектері мен қалауына немесе олардың бір-бірімен ынтымақтасу қабілетіне шақыру, не болмаса экономикалық тұрғыдан өзара тәуелді әлем құру және оның құндылықтары мен өмір салтын тарату, қазіргі және дәстүрлі мәдениеттерге ықпал ету және оларды қалыптастыру. Мұндай жағдай ішкі қуаты тегеурінді ұлттық мемлекеттердің өз азаматтарының негізгі әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау қабілетін жүйелі түрде нығайтады. Әл-ауқаты кемшін мемлекеттер әлемдік нарықтағы экономикалық бәсекеге қабілетті болу талаптарын қайта қарастыра отырып, халықтың өз үкіметі, оның барлық азаматтарына қалыпты өмір сүру жағдайларына кепілдік береді деген үмітін жойюға әкелуі мүмкін.

Қазіргі таңда әлеуметтік ойшылдар пікірлерін ортаға салатын мүмкіндіктер біртіндеп молайып, әлемнің түкпір-түкпірінде өз ықпалын сақтап қалу үшін әлеуметтік күштер мен жаһандық өзгерістерді анықтай алатындай дәрежеге жетті. Бұл

ең алдымен «азаматтық ынтымақтастықтың» халықаралық деңгейде қалыптасуының айқын көрінісі деп топшылауға болатындығын білдіреді. Халықаралық қатынастар тікелей ұлттық экономикалық және геосаяси мүдделермен ерекшеленді, қуатты мемлекеттер осы қатынастардың ресми және бейресми жағдайларын анықтауда артықшылыққа ие болды да ол біртіндеп «жаһандық ынтымақтастыққа» айналып күшейе түседі. Қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көпшілікке қолжетімділігі «жаһандық ынтымақтастық» аясын кеңейтіп, беделін еселетіп жіберді. Әлемнің кез-келген түкпірінде орын алған қандайда бір саяси немесе әлеуметтік оқиға адамдардың идея алмасу, ортақ мүдделерді анықтау, қоғамдық пікірді қалыптастыру мен ақпараттандыру арқылы азаматтық ынтымақтастықты көрсету және шоғырландыру аренасын құрайды. Мұндай жағдайларда мемлекет өз азаматтарының негізгі әлеуметтік құқықтарын мобильді экономикаға қарсы қорғай алмайды. Демек, адамдар өздерінің саяси бостандықтарын жүзеге асырудың оң немесе теріс практикалық нәтижелерін көрсетеді. Осының бәрі біртіндеп адамзаттың тарихына айналады.

Тарих – бұл әртүрлі мәдениеттер мен діндер арасындағы тұрақты күрес аренасы. Бұл бүкіл әлемдік тарихтың өзіндік, қайталанбас құндылықтар жүйесі, өзіндік өмір салты мен ерекше даму жолы бар елдер мен халықтардың өзара әрекеттесу процесі екендігімен түсіндіріледі. Бұл халықтар арасындағы қарым-қатынастың негізгі модустары, бір жағынан, ынтымақтастық, екінші жағынан салауатты бәсекелестік. Сонымен қатар, олардың сипаты өте кең ауқымда өзгеруі мүмкін. Мысалы, бәсекелестік кейде бақталаластық түрінде жүзеге асырылады, бірақ басқа жағдайларда ол барлық теріс салдармен тікелей қарсыласу сипатын қабылдай алады. Сәйкесінше, елдер мен халықтар арасындағы ынтымақтастық әртүрлі формаларға ие болуы мүмкін. Халықтардың өзара әрекеттесуінің сипаты шұғыл шаруашылық және мемлекеттік мүдделермен анықталады, бірақ көбінесе бұл мүдделердің артында терең меншік факторлары, атап айтқанда рухани және мәдени құндылықтар жатыр. Оларды есепке алмай және түсінбестен халықтар арасындағы татулық көршілік

қатынастарға әкеліп, болашақты жоспарлау өте қиын және тіпті мүмкін емес болып кетеді. Мәдениеттердің өзара іс-қимылы – қазіргі заманның жаһандық мәселелер контексіндегі аса өзекті тақырыптардың бірі. Мәдениет белгілі бір тұтастықты білдіреді, сондықтан белгілі бір мәдениеттің басқа мәдениеттермен ішкі және сыртқы қатынастары неғұрлым көп болса, соғұрлым ол өзінің дамуында жоғары көтеріле алады [50, 194-195 бб.]. Мәдениеттің осындай бір анықтамасы немесе ынтымақтастыққа негізделген сипаты экономикаға да өз ықпалын тигізді деп айтуға негіз бар.

XIX ғасырдың орта шендеріне қарай, анығырақ айтқанда, 1844 жылы Англияның Рочдейл қаласында алғашқы заманауи «кооператив» құрылған. Кооперативтер өзіне-өзі көмектесу, жауапкершілік, демократия, теңдік, бірлік және ынтымақтастық құндылықтарына негізделді. Кооператив мүшелері адалдық, ашықтық, әлеуметтік жауапкершілік және басқаларға қамқорлық жасаудың этикалық құндылықтарына сенді. Уақыт өте келе бұл принциптер жетілдірілді, бейімделді және қайта түсіндірілді. Кооперативтер мен басқа бизнес құрылымдарының арасындағы айырмашылықтардың бірі -олардың әлеуметтік, саяси және іскерлік мүдделерді көрсететін ынтымақтастық принциптері мен құндылықтарына деген адалдығы болатын.

Бүгінгі таңда халықаралық кооператив альянсы қолданатын жеті қағиданы бүкіл әлемдегі кооперативтер қабылдайды.

1. Ерікті және ашық мүшелік

Кооперативтер - бұл өз қызметтерін пайдалана алатын және жынысына, әлеуметтік, нәсілдік, саяси немесе діни қатыстылығына байланысты кемсітусіз мүшелік міндеттерін өз мойнына алғысы келетін барлық адамдар үшін ашық ерікті ұйымдар;

2. Мүшелерді демократиялық бақылау

Кооперативтер – бұл саясатты әзірлеуге және шешім қабылдауға белсенді қатысатын өз мүшелері - кооперативтің тауарларын сатып алатын немесе қызметтерін пайдаланатын адамдар бақылайтын демократиялық ұйымдар;

3. Мүшелердің экономикалық қатысуы

Мүшелер кооперативтің капиталына тең үлес қосады және оны демократиялық жолмен басқарады. Бұл мүшелерге

инвестицияланған капиталға емес, кооперативпен жүргізетін бизнеске пропорционалды түрде пайда әкеледі;

4. Автономия және Тәуелсіздік

Кооперативтер - бұл өз мүшелері басқаратын дербес өзін-өзі басқару ұйымдары. Егер кооператив басқа ұйымдармен келісім жасаса немесе капиталды сыртқы көздерден тартса, бұл мүшелер тарапынан демократиялық бақылауды қамтамасыз ететін және кооперативтің автономиясын сақтайтын шарттармен жасалады;

5. Білім, кәсіби дайындық және ақпарат

Кооперативтер мүшелерге, сайланған өкілдерге, менеджерлерге және қызметкерлерге олардың кооперативінің дамуына тиімді үлес қосуы үшін білім мен кәсіби дайындықты қамтамасыз етеді. Мүше сонымен қатар кооперативтердің табиғаты мен артықшылықтары туралы көпшілікке хабарлайды;

6. Кооперативтер арасындағы ынтымақтастық

Кооперативтер өз мүшелеріне тиімді қызмет етеді және жергілікті, ұлттық, аймақтық және халықаралық құрылымдар арқылы бірлесіп жұмыс істей отырып, кооперативтік қозғалысты нығайтады;

7. Қоғамға қамқорлық

Мүшелердің қажеттіліктеріне ерекше назар аудара отырып, кооперативтер мүшелер қабылдаған саясат пен бағдарламалар арқылы қоғамдастықтың тұрақты дамуы үшін жұмыс істейді [51]. Демек, экономикадағы бизнесті табысты ұйымдастырудың кілті - стратегия мен құрылымды қолдайтын тұрақты және кең таралған нанымдар жиынтығына негізделген мәдениет. Адамдардың отбасында, ұйымдар мен қоғамда бірігуін мәдени қатынастарсыз елестету мүмкін емес. Мәдени қатынастар жүйесі мыңды бір ете алатын қасиетке ие, оны әлемнің алпауыт елдері де, Қазақстан сынды жас мемлекеттері де өз даму жолында ұтымды пайдалануды көздейді. Бұл турасында танымал философ-ғалым С.Е.Нұрмұратов былай дейді: «Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі замандағы даму барысында экономикалық пәрменділік, әлеуметтік-саяси тұрақтылық, діни төзімділік, мемлекеттік қауіпсіздік біздің қоғам үшін маңызды мәдени және әлеуметтік құндылықтар екенін ескеруге тиістіміз. Ал этнос, әлеуметтік топтар, адам үшін ауқымды мәселе –

мәдени бірегейлікті қалыптастыру болып табылады, себебі мәдениеттің әрбір субъектісі өз әлеуетін өзге мәдениеттің субъектілерімен әлеуметтік және мәдени өзара ықпалдастықты жүзеге асыруға тырысады. Бұл жерде олардың әрқайсысы мәдени жаңашылдықпен қатар өз мәдени дәстүрлерін, құндылықтарын сақтап, ары қарай дамытуға тиіс екенін ескеруге тиістіміз» [52, 12 б.]. «Мәдени бірегейлік» ұғымы тек ғылыми термин ретінде ғана түсініледі және ғылыми немесе ресми баяндамаларда қолданылады деген көзқарас бар. Көпшіліктің аталмыш ұғымды күнделікті өмірде пайдаланып жатқандығын түсінуі үшін оның биресми немесе тұрмыстағы қолданысын анықтау қажеттілігі туындайды.

Әрбір адам күнделікті өмірде мәдени бірегейлік ұғымының мазмұндық-мағыналық мәнін айқын көрмесе де оның салдарларына жиі ұшырасып жатады, алайда ол оны мүлдем танымауы немесе сезінбеуі әбден мүмкін. Мәселен, әлеуметтік желілердегі белгілі бір адамның пікірін немесе әрекетін қолдайтын және қолдамайтын топтар пайда болады. Демек, сіз өзіңізге қолайлы позицияны таңдайсыз, реакция білдіресіз, бұл мәдени бірегейлік салдары. Нақтырақ айтқанда, мәдениет белгілі бір адамдар тобы қолайлы деп санайтын сенімдерді, нормаларды, мінез-құлықтарды және құндылықтарды білдіреді. Сәйкестік - бұл өзіңіз үшін қолайлы және шынайы мәліметті білу немесе оңтайлы позицияны ұстану. Әр адам өзіне тиесілі немесе өзіндік санасында болуы үшін айналасындағы барлық сигналдарды саналы түрде түсініп, өзінің жеке басына келген сәтте мәдени сәйкестікті қалыптастырады. Қорыта айтқанда, әр адамның мәдени сәйкестілігі - жеке басының немесе дүниетанымының маңызды бір бөлігі, ол өз өміріндегі сенімдер мен құндылықтарды, жүріс-тұрыстар мен мінез-құлық үлгілерін, тіпті өз ортасы мен қауымдастық нормаларын сіңіруі, түсінуі, түсіндіруі және қабылдауы, не болмаса керісінше ортаға сіңісіп кете алмауы, түсінбеуі немесе түсіндіре алмауы, қабылдамауы кезінде дамиды.

Мәдениет үнемі өзгеріп, серпінді болғандықтан мәдени бірегейлік те бір орнында тұра алмайды. Ең бастысы, адамдар тобы ортақ мақсатқа жету үшін біріккенде мәдениет қалыптаса бастайды. Топ үлкен немесе кіші болса да, сенімдер, нормалар,

құндылықтар мен мінез-құлық үлгілері пайда болады. Алайда ұлттық, топтық ерекшеліктерге байланысты олардың әртүрлі сипатта болуы ақиқат. Қайткен күнде де мәдени ынтымақтастықтың нәтижелілігін көрсететін мәдени бірегейлікті толықтай қалыптастыру, сақтау және одан әрі дамыту маңыздылығы уақыт өткен сайын еселене түсуде.

Отандық ғалымдардың айтуынша қазіргі қоғам аясында ұлттық-мәдени бірегейлікті сақтау маңызы ерекше, себебі бұл халықтың ұлттық-мәдени өзегін, болмысын, философиясын анықтауға мүмкіндік береді. Осы орайда орыс жазушысы А. Сложеницынның «халықты жою үшін, оны тамырынан ажырату керек» деп санаған пікірімен келісуге болады, себебі, өз мәдени бірегейлігінен алшақта даму – жансыз дамумен тең. Осы себептен бұған деген Қазақстанның «рухани» жауабы ретінде көне ұстанымдардың, дәстүрдің еш кедергісіз жаңа инновациялық негізде, мәдени унификация мен мәдени ерекшеліктерді ескере отырып жүргізу стратегиясын айтуға болады [53, 187 б.]. Адам болмысы және оның қоғамнан тыс өмір сүре алмайтындығы, тіпті адамның адамшылығы тек қоғам ішінде ғана мойындалынатыны туралы әлемнің әр кезеңдегі ойшылдары айтып кеткен. Философия тарихының кезеңдік жүйесіне сүйене отырып белгілі бір кезеңдік ой мен философ ойшылдардың бірқатарына тоқталып кетуге болады.

❖ Ежелгі Үнді философиясында қоғамдағы адамның орны жайлы алғашқы ой-толғамдар қарастырылып, діни-философиялық мектептер құрылды, қоғамдық өмір жан-жақты екшеленді, құндылықтар айқындалды;

❖ Ежелгі Қытай философиясында дүниемен, қоғаммен және өзіңмен өзін бірге өмір сүру мәселелері қарастырылып, қоғамдағы адамның рөлі айқындалды. Конфуций сынды ұлт ұстазы үшін адамды қоғамда тәрбиелеу бағыты басты зерттеу нысаны болды;

❖ Аристотельдің пікірінше, адамдар «қоғамдық жануарлар». Отбасының, қоғамның табиғи дамуының арқасында мемлекет пайда болады. Мемлекеттің табиғаттан айырмашылығы, онда көптеген әлеуметтік қатынастардың өріс алғандығы. Мемлекет басшысы қалыптасқан қоғамдық

жағайларға сәйкес адамдарды басқаруы тиіс. Әсіресе жастарды тәрбиелеу мәселесі басты мақсат болу керек [54, 57 б.].

❖ Аугустин періштелер жаратылғаннан кейін, адамдар жаралмас бұрын, жануарлар жаратылды деп есептейді. Алайда, Құдай адам нәсілін жалғыз Адам атадан ғана жаратқан. Адам атадан Хауа ана жаратылды және осы алғашқы жұптан барлық адамзат тараған. Адамның бірегей жаратылуы оның бейәлеуметтік жануар екенін білдірмейді. Адам баласы, басқаларға қарағанда, табиғатынан шүйіркелескіш, қоғамда өмір сүруге бейім. Сонымен қатар, жаман пиғылының болуы салдарынан басқаларға қарағанда жанжалға жақын. Адамдар мылқау жануарлар мен періштелердің ортасынан орын алады. Олар ақыл-парасаты жағынан періштелерге ұқсайды, ал дене бітімі жануарларға ұқсас. Алайда Құдайдың әуелдегі жоспарына сәйкес адамдар ажалсыз болғандықтан, періштелермен туыстығы терең болуы керек еді. Олар өмірлерін Құдайға мойынсұнумен өткізсе, өлім межесінен өтпей-ақ, періштелермен бір қоғамда өмір сүрер еді. Адам атаның жұмақтағы күнәсінің салдарынан адамдар жануарлар тәрізді тәндік өлімге ұшырайтын ажалды пендеге айналды. Алғашқы күнәдан кейін адамдардың барлығы дерлік өлім құрығынан құтыла алмайтын болды. Алайда кейбір адамдар өлгеннен кейін Құдайдың рақымшылығының арқасында ізгі ниетті періштелердің қоғамына қосылу марапатына ие болады. Ал кейбір адамдар зұлым періштелермен бірге болу қарғысына ұшырайды. Бұл өлім біріншісіне қарағанда әлдеқайда ауыр [55, 49-65 бб.] дейді Аугустин.

❖ Әл-Фарабидің пікірінше, «Ізгілікті қала» тек материалдық байлыққа қол жеткізу үшін ынтымақтасатын адамдардың бірлестігі емес; бұл қала байлық пен ауқаттылыққа адамдардың өзіндік мақсаты ретінде ұмтылмайды; бұл қала адамдардың ләззат алу үшін бірігуі ретінде ұйымдастырылмайды. Бұл қалада адамдар сый-құрметке жету үшін бір-біріне көмектеспейді; ол басқаларды құл ету үшін өмір сүрмейді; бұл анархиялық басқарудағы, көшбасшылық пен мақсатты ынтымақтастықтың қоғам емес; бұл шынайы білімі бар, бірақ оған сәйкес келмейтін әрекет жасайтын «надан қала» емес. Ақырында, бұл адамдар бақыт туралы жалған түсініктерге

ие болатын және оларға сәйкес әрекет ететін, ешқашан бақытқа жетпейтін қала емес. Ізгілікті қала – бұл Қазіргі заманның мәдениеті мен құндылықтары жетілген, толыққанды, мен өзін-өзі қамтамасыз етуімен сипатталатын адамдар қауымдастығы [53, 187 б.].

❖ Ибн-Халдунға философ ретінде адам және қоғам мәселелерінің шешуге тура келген. Оның ойынша, адамдар ең алдымен азық-түлік табу үшін (онсыз өмір жоқ) бірігеді. Екіншіден, олардың бірігуіне себеп – ол айнала ортадағы қауіпсіздікті сақтау қажеттігі. Негізінен, адамға екі қауіп төнеді: біріншісі, тағы жыртқыштардан, екіншісі – адамдардың өздерінен. Егер бірінші қауіптен адамдар бірігу арқылы, неше түрлі құралдарды жасап, оларды пайдалану арқылы қорғанса, екінші қауіпті жеңу үшін адамдар әлеуметтік ұйымдар құрып, қоғам өмірінде тәртіп орнатулары керек [56, 133 б.].

❖ Табиғи заңдардың негізгісі – өмір сүру, ол үшін азық табу керек. Егер Т.Гоббс ол үшін адамдар тартысқа түсіп, «бәрі бәріне қарсы соғысатынын» айтса, Ш.Л. Монтескье, керісінше, жалғыз адам әлсіз болғандықтан, басқалардан көмек іздейді, басқалармен бейбіт өмір сүруге тырысады деген пікірге келеді. Сонымен біз Монтескьенің адам алғашқы сатысынан бастап, әлеуметтік пенде болды деген ойда болғанын көреміз [56, 192 б.].

❖ Адамның даму сатыларын заңдар арқылы негіздеген Х.Плеснер адам әлемде «өзін сақтап қалу үшін» утопиялық орын заңдарына амалсыздан мәжбүр деп абсолюттілікті теріске шығарды [57, 218 б.].

❖ А.Коллинздің ойынша, еріктіктің «екінші түрі» бар. Адам өзіне қалай ұнаса, солай іс-әрекет жасай алады. Адам ерікті түрде дүние, қоғам жайында ойлай алады. Әрине, ең соңында, біздің іс-әрекетіміз де, ой-өрісіміз де заттың өзіндік табиғатымен анықталады [56, 185 б.].

Бұл турасында философия тарихында «Философиялық антропология» деп аталатын арнайы бөлім бар. Философия тарихында аталмыш бөлімнің орын алуы, теориялық ілім ретінде сарапталуы XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары философиялық антропология ағымын құрған Макс Шелер мен Хельмут Плеснерге тікелей қатысты, кейін оны Арнольд Гелен,

Эрих Ротхакер, Адольф Портман жалғастырып, ақыр соңында Михаэль Ландман, Отто Фридрих Больнов, Ханс Эдуард Хенгстенберг, Макс Мюллер жандандырды.

Қоғам адамдар қалыптастырған орта, адамсыз қоғамды, қоғамды адамсыз елестету мүмкін емес. Адам өз қолымен құрған қоғамның ішіне еніп оны игере алмайтындай хәлге түсті. Адамның осынау дәрменсіз күйіне теңеу келтірмеген, адам және адамның өмірі туралы толғанбаған ойшыл жоқтың қасы. Философия тарихында адамға анықтама берген тұлғалар қатары жетерлік:

- ✓ПРОТОГОР: «Өлшем адам»;
- ✓СОКРАТ: «Ізгілікті адам»;
- ✓ПЛАТОН: «Мінсіз мемлекеттің идеалды адамы»;
- ✓АРИСТОТЕЛЬ: «Қоғамдық жануарға тең адам»;
- ✓ШЕКСПИР: «Әртіс адам»;
- ✓ФОМА АКВИНСКИЙ: «Дене мен жанның бірлігіне ие адам»;
- ✓ДЕКАРТ: «Ойлаушы адам»;
- ✓КАНТ: «Адамгершілікті адам»;
- ✓НИЦШЕ: «Асқан адам»;
- ✓ПАСКАЛЬ: «Ойлаушы қамыс адам»;
- ✓ЛАМЕТРИ: «Машина адам»;
- ✓МАРКУЗЕ: «Бір өлшемді адам»;
- ✓ХЕЙЗИНГА: «Ойнаушы адам»;
- ✓КАССИРЕР: «Нышан, белгі жасайтын символдық адам»;
- ✓ШЕЛЕР: «Ғарыш адамы»;
- ✓ГЕЛЕН: «Кемшілікті адам»;
- ✓ФРАНКЛИН: «Құралданған адам»;
- ✓ФРАНКЛ: «Шаттыққа шомылып, өмір мәнін жоғалтпаған адам»;
- ✓ФАРАБИ: «Бақытты көксеуші және жетуші адам»;
- ✓АБАЙ: «Толық адам»;
- ✓ШӘКӘРІМ: «Ар-ұжданға ие адам».

Адамға анықтама берген ойшылдарға қарап отырып адамның көпжүйелі екендігін мойындауға болады. Айтылған ойшылдар адамның әртүрлі қырларын аша отырып адамның универсалды екенін дәлелдегісі келген болар. Алайда адам осындай күрделі әрі мінсіз құрылымнан тұрса да, өкінішке орай, бүгінгі күні бір рет ғана берілетін өмірден жалығып «зеріккен

адамға» айналуға. Төмендегі 3- кестеде адамның мәнін әр кезеңдерде түсінудің тұжырымдық принциптері берілген.

Кесте 3. Адам мәнін түсінудің кезеңдік принциптері

ТАРИХИ ДӘУІР	ЖЕТЕКШІ ПРИНЦИП	ҚЫСҚА ҚАЙЫРҒАНДА
Ежелгі әлем	Космоцентризм	Адам табиғаттың ішіне еніп, оның бір бөлшегіне айналады
Ортағасыр	Теоцентризм	Адам құдайдың жаратқаны және ол толықтай оған бағынышты
Қайта өрлеу	Антропоцентризм	Адам өз өмірін жасаушы еркін тұлға
Жаңа уақыт	Рационализм	Адамның мәні оның ақыл ойымен өлшенеді
XIX-XX ғғ.	Иррационализм	Адамның мәні еркіндікте, санасыздық пен экзистенцияда, интуицияда

Адам мен қоғам ара қатынасының аса ауқымды талдамасының бір бөлігі ретінде талқылауға түскен «мәдени ынтымақтастық» маңыздылығы зор. Ынтымақтастық мәдени категория ретінде мәдени тұрғыдан белгілі бір шарттарға ие болады. Мәдени консенсус моделі қандайда бір жағдайларда ынтымақтастық ретінде жіктеледі, бұл жіктелім әлемнің алпауыт елдері арасында орын алғанда ғана эксперттер тарапынан талданып бағамдалады. Мұндай жайттар бір теориядағы ынтымақтастықтың бірнеше аспектілеріне үңілуді, өзара қарым-қатынас туралы зерттеу қажеттілігін және бәсекелестік пен көмек сияқты негізгі мінез-құлық үлгілерінің ынтымақтастықпен қалай байланысты екенін қайта қарастыруды қолдайды.

1.3. Мәдени қатынастар жүйесіндегі құқықтық мәдениет пен әлеуметтік даму

Құқықтық мәдениет қоғам өмірінің кез келген аспектісінде ерекше орын алады және маңызды рөл атқарады. Әрбір мемлекеттегі құқықтық мәдениет заң үстемдігі маңыздылығымен анықталады. Азаматтардың қоғамдық белсенділігінің деңгейі олардың мемлекеттік қызметке қатысуы мен бақылауы, ірілі-ұсақты іс-шаралардың жоғары азаматтық жауапкершілікте орындалуы сынды бірқатар азаматтық қоғам институттарын қалыптастыру іс-әрекеттеріне қатысты. Құқық мәдениеті құқықтық жүйені оңтайландырады және жеке тұлғаның құқықтарын қорғайды. Мемлекеттегі құқықтық мәдениет деңгейі неғұрлым жоғарылаған сайын соғұрлым заңнамалық және құқық қорғау процестерінің тиімділігі артады. Мемлекет, тіпті әлем халықтары үшін аса қажетті құқықтық мәдениетті талдамас бұрын «құқық» пен «мәдениет» ұғымдарының ара қатынасын ажыратып алған жөн.

«Құқық» пен «мәдениет» өз алдарына жеке ұғымдар және әрбірінің өзіндік салалық қолданысы, зерттеу аясы бар. Екі жүйенің де әр адамға немесе қоғамға қажетті жүріс-тұрыс, мінез-құлық ережелерін енгізуі мен бақылау қызметіне байланысты болар, олар кейде бір ұғымдай ұйлығысып, біте қайнасып кетеді. Дегенмен, «құқық» пен «мәдениет» бір-бірімен байланысты және бір-біріне әсер етсе де, екеуі екі бөлек әлем. Сол себептен де олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, сондай-ақ олардың өзара байланысын зерттеген жөн. Құқық пен мәдениеттің құрылымдары ұқсас, алайда олардың әрқайсысына сәйкес шығарылатын ережелердің қатаң сақталуын бақылау басты айырмашылық болып табылады. Әрине, екі жүйе де ережелер мен оларды сақтаудан тұрады. Әрбіріміздің ойымыз бен біліміміздің көп бөлігі, сондай-ақ өміріміз бен өмір сүруіміздің көптеген аспектілері белгілі бір формада қабылданған ережелер мен оларға бағыну және сақтау сынды қызметтермен шендестірілген. Бір қарағанда қаталдық немесе мәжбүрлік сияқты болып көрінгенімен адамдар тобының бір-бірімен үйлесімділікте болуын, әрі бірге өмір сүруін қамтамасыз ететін жалғыз жол осы.

Адам генетикасы «мәдени» және «құқықтық» нормалардың мазмұны мен сақталуын қатаң қадағалайды. Адамдар жалғыз өмір сүре алмайды. Олар туылғаннан өлімге дейін бір-біріне тәуелді. Алайда, өмір бойы олар бірлесіп жұмыс істеуге және бір-біріне өз қызметтерін ұсынуға үйренеді әрі бейімделеді. Адам тұтынған әрбір өнімнің ішіндегі өзге адамдардың еңбегі мен үлес салмағы оларды бір-біріне тәуелді етіп, көрінбейтін жіппен күрмеп қояды. Бұл тәуелділіктің бір ұтымды тұсы адамдардың басқаларға қызмет ету және қолдау сенімділігінің еріктілігі. Ал, жануарлар мұндай ұтымдылыққа ие емес, олардың өзгелерге қызмет ету сенімділігі генетикалық болып табылады. Адамдардың бір-біріне деген тәуелділігінің ұтымсыз тұстары да бар. Адамдардың жұптасып, топтасып, ұйымдасып, қауымдасып жүру негізін зерттеп жүрген ғалымдардың бірі Т.Франкельдің «адамдарда бір-біріне зиян келтіруге деген генетикалық кедергі болмауы мүмкін. Осылайша, басқаларға тәуелділік артатын тәуелді адамдар тарапынан қиянат жасау қаупін тудырады» [58] дегенін негізге ала отырып қолдау көрсету немесе бас тарту, мәжбүрлеу, сендіру және келіспеу қабілеті адамзат қоғамдарын бұзуы мүмкін деген ой топшылауға болады. Қазақ қоғамындағы бауырмалдық, туысқаншылдық, көршілік, достық, әріптестік т.б. қарым-қатынастардың беріктік сипатына сүйене отырып тәуелділікті асыра пайдалану жайттарының орын алу мүмкіндігі алға шығады. Алайда қазақ қоғамын өзгелерден ерекшелендіріп, оның бірлік пен татаулықты ту етуінің бірден-бір себебі де жоғарыда аталған қарым-қатынастар сипатында. Масштабты тұрғыдан алғанда қай кезеңде немесе қандай жағдайда болмасын адамдар үнемі тірі қалуға ұмтылды. Осы ұмтылыс адамзат алдынан шыққан барлық қиындықтарды жеңіп, түрлі жойқын күштерді игеруге және реттеуге итермелейді. Ұмтылыс күшінің тегеуріні қанша мықты болса да адамдар адамдарға немесе адамдар үшін ережелер құрастыру, сонымен бірге шектеулер мен міндеттер жүктеуден танбады. Құрастырылған ережелерді бақылау, орындау және адамдардың бір-біріне деген тәуелділігін ұйымдастыру билік ету немесе басшылық жасау қызметтерінен көрніс тапты.

Адамдардың бір-біріне билік етуін шектеу көптеген формаларда болды. Ең алдымен, бұл «құқық» және «мәдениет» нормалары. Құқықтық нормалар мен олардың сақталуын әдетте үкіметтер белгілейді. Мысалы, балаларды қорғауға қатысты құқық нормалары. Көптеген жылдар бұрын балалар ата-аналарының меншігі болып саналды [59]. Ата-аналардың өз балаларына деген меншік құқығы көптеген елдерде мемлекеттік органдар қолдайтын заңдармен, соның ішінде үкіметтердің балаларды ата-аналарынан оларға қатыгездік жасағаны үшін алып кету өкілеттіктерімен шектелді. Қазақ қоғамында да ата-ана мен бала арасындағы құқықтық шиеленістері бар. Мәселелер заңдық тұрғыдан «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамызындағы №345 ші Заңымен бекітілген [60].

Заңды ережелер сынды мәдениет ережелері кейде мәжбүрлі болуы мүмкін, бірақ оларды құру мен қолдану аясы заңдардан гөрі өзгеше сипатта. Мәдениет заңды ережелер сынды ауыр жазадан гөрі медальдар, құрмет мадақтамалары мен марапаттар немесе қаржылай ынталандыру, сыйақы тағайындау сияқты ынтымақтастық тетіктерін қамтығанды жөн деп есептейді. Мәдениет ережелерін бұзу көбіне адамның қоғамдағы орнымен анықталады. Мәдениет ережелерін жиі бұзатын адамдар өзінен-өзі қоғамнан шеттетіледі. Дегенмен, «құқық» пен «мәдениеттің» басты айқындаушы тетіктері ретінде ережелерді жасаушылардың жеке мүддесі, ережелердің негізгі мақсаттары мен құндылықтары, ережелерді әзірлеу шарттары мен сүйенетін тұжырымдалары, ережелердің қолданыс аясы және оны қолданатындардың қабылдау дәрежесі т.б. атауға болады.

Сонымен қатар, «құқық» пен «мәдениет» арасындағы өзара байланыс пен екі саланың да өзара ықпалын, мәдениетаралық іскерлік ара қатынасын қарастыру ісі де маңызды. Соңғы ширек ғасырда мәдениеттің халықаралық бизнес пен мәдениетаралық іскерлік байланысқа тигізетін ықпалы зерттеуші ғалымдардың басты назарында болып отыр. Десек те, мәдениет ешқашан өзінен-өзі оқшауланбайды, ол баяу болса да өзгеріске ұшырайды, алайда заңмен тығыз байланысады. Нәтижесінде мәдениет заңға, ал заң мәдениетке өз ықпалын тигізеді. Осылайша «құқықтық мәдениет» қызметі өз ісіне кіріседі.

Құқықтық мәдениет жетілдірілген институционалдық мемлекеттік құрылымда қызмет істеген жағдайда оның нәтижесі айтарлықтай болады. Құқықтық мәдениет қызметінің процестік талдамасы Ташкенттік ғалым Н.У. Макхамованың «Eurasian Journal of Humanities and Social Sciences» журналына шыққан «Құқықтық мәдениеттің рөлі мен қазіргі қоғамның дамуы» атты мақаласында жақсы көрсетілген.

Біріншіден, құқықтық мәдениет - бұл белгілі бір форма, адамның үйлесімді дамуы арқылы жалпы әлеуметтік дамуға қол жеткізуі. Бұл даму дұрыс дамумен байланысты құқықтық құндылықтарды (әдістер мен құралдарды) құру, әлеуметтік дауларды шешу, адам құқықтарын қорғау институттарының және т.б. жеке тұлғалар, қажетті құқықтық бейбіт және тәртіпті қоғам үшін болатын жағдайлар;

Екіншіден, құқықтық мәдениет - бұл адамзаттың жинақтаған құндылықтары және оларды қоғамдық қатынастардың басқа салаларында сақтаушы, селекционер, генератор және қайталаушы. Құқықтық мәдениет - бұл тірі организм, оның барлық элементтері ретінде нормалар, құқықтық құжаттар, институттар, процестер, режимдер, мәртебелер, адам рухының өнімі, еңбек, тарихи тандау, өмірді растауды атауға болады. Сондықтан заңға ұқыпты қарау – мәдениет, қоғамдық дамудың шарты, күш-жігердің тиімділігіне кепілдік адам тұлғасын жетілдіру. Өнімдер құқықтық мәдениеттің элементтері - құқықтық нормалар, құқық ескерткіштер, дауларды шешу әдістері, эксперименттік құқықтық қызмет, халықтық құқықтық фольклор. Заңды бұзу - мәдени қабатты қалпына келтірілмейтіндей шығындарға әкелетін ұлттың, мемлекеттің, саяси өзін-өзі тануы және қоғамда хаос пен озбырлыққа әкелуі мүмкін қарым-қатынас;

Үшіншіден, құқықтық мәдениет - іс жүзінде жалғыз құқықтық нысан, ол арқылы құндылықтар және ұлттық құқықтық құбылыстардың ерекшелігі қайталанатын, яғни мемлекеттілік, құқықтық тәртіп және құқықтық жүйе [61, 14-15 р.]. Сайып келгенде, құқықтық мәдениет ұғымын анықтау өте қиын, себебі, идеялардың құқықтық тұрғыдан анықталуы мен олардың қалай жүзеге асу практикасын дәл анықтау мүмкіндігі төмен. Дегенмен құқықтық мәдениеттің құбылысын контекстеу,

ретке келтіру және талдау мүмкіндігі әрқашан бар. Мұндай мүмкіндікке процестердің себебін түсіндіру, құрылымның ішкі және тарихи релятивистік сипаттарын қарастыру, құқықтық мәдениет феноменін талдау арқылы қол жеткізіледі. Құқықтық мәдениеттің осы аталған мүмкіндіктерін ашу үшін оның түп қазығы болып табылатын «құқықтық мемлекет» пен «азаматтық қоғам» ұғымдарына тоқталған жөн. Бұл ұғымдардың ара қатынасы әртүрлі ғылымдар контекстінде зерттелініп, мәселенің философиялық мәні әлеуметтік философияның түрлі бағыттарында қарастырылуда. Бүгінгі өркениеттілік дәрежесіндегі қоғамдағы аталмыш ұғымдардың зерттелуіне мелекеттік жүйе мен билік формалары және негіздері тәріздес қарымды да, ауқымды сұрақтардың тұтас әрі күрделі жүйелілігі толық негіз бола алады.

Мемлекеттің құқықтық мемлекетке айналуының алғышарты ретінде өзінің іс-әрекетін заң арқылы жүргізуіне бағытталған жүйесі адамзат өркениеті дамуының бастапқы кезінен басталған. Заңның үстемдігі - ежелгі Грецияда қалыптасқан қағида, ол барлық адамдар мен ұйымдарды бірдей заңдар жинағына бағынуға міндеттейді. Бұл бүкіл әлемдегі өркениеттерге өте қатты ықпалын тигізді. Антика дәуірінің ойшылдары Сократ, Ксенофан, Демокрит, Платон, Аристотель, Полибий, Цицерон т.б. мемлекеттік билік пен құқықтық мемлекеттің байланысы мен өзара тигізер ықпалын көрсетуге тырысты және егер заң азаматтар мен мемлекетке бірдей болса, сонда ғана адамдар тұрағының саяси формасы әділ мемлекет бола алады деп санады. Оны Аристотельдің «Заң билігі жоқ болса, онда ешқандай мемлекет құрылысына орын жоқ» немесе Цицеронның «Мемлекет – ол халықтың ісі», - деп айтқан қанатты сөздерінен анық аңғаруға болады. Ежелгі Греция мен Римдегі мемлекеттік-құқықтық идеялар мемлекет жайлы ілімнің қалыптасуы мен дамуына белгілі ықпалын тигізді [62, 86-87 бб.].

Заңның үстемдігі - бұл елдегі, мемлекеттегі немесе қауымдастықтағы барлық адамдар мен ұйымдар бір заң кодексіне жүгінетін және соған сүйене отырып есеп беретін принцип. Аристотель философиясынан бастау алған заң үстемдігі оның «Саясат» деп аталатын жұмысында «мемлекетті

ең жақсы көшбасшы немесе ең жақсы заңдар басқарған дұрыс» деген тұжырымға алып келуіне әкелді.

Кейінгі феодализм дәуірі негізіндегі құқықтық мемлекет жайлы ойды, сол замандағы ойшылдар М. Макиавелли мен Ж. Баден тарихи жағынан айтып кетсе, ерте буржуазиялық революция кезінде құқықтық мемлекет концепциясын дайындауда көптеген тың идеяларға мұрындық болған алдыңғы қатарлы ойшылдар Г. Гроций, Б. Спиноза, Г. Гоббс, Д. Локк, Ш. Монтескье, Д. Дидро, П. Гольбах, Г. Джефферсон және т.б. еңбектері өлшеусіз. Аталған және аталынбаған құқықтық мемлекет туралы ой толғаған әрбір ойшылдың әділетті мемлекет құруға ат салысқандығы анық. Бүгінгі күнгі қазақ қоғамының да алға қойған айқын бағыттарының бірі – «әділетті мемлекет» құру идеясы. Мұндай мемлекетті құру үшін мемлекеттің әрбір азаматы осы үшін мүдделі болуы қажет. Тек ортақ мүдде ғана оның реалды жүзеге асуына өз ықпалын тигізе алады. «Әділетті мемлекет» құру, «әділетті қоғамды» қалыптастыру ісін жолға қою үшін осы бағытта теориялық білім қалыптастыруға тырысқан ойшылдардың еңбектеріне сүйену қажет. Президент Қ.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» деп аталатын Қазақстан Халқына Жолдадауы да осыны меңзейді. Төмендегі 4 - кестеде құқықтық мемлекет қызметінің әр кезеңдердегі түсініктемелері берілген. Талдама нақтылығы және жүйелілігімен түсінікті.

Кесте 4. «Әділетті мемлекет» туралы пікірлер топтамасы

«ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ» ФОРМАСЫ		
СОКРАТ «Білетіндер ғана билік етсін!»		Тіпті әділетсіз заң болса да ол бұзылмауы тиіс, себебі заң жекенің ісі емес, көптің ісі, бұзылған заң көптің келісімін бұзды, демек әділетсіз. Әділетсіз әрекет зиян тигізеді, ал әділ әрекет пайдасын тигізеді деп бүлінген бөлікпен бірге өмір сүрудің қажеті жоқ, яғни тіпті кек алу үшін де өзге қателескен кезде жамандық жасамау керек.
ПЛАТОН «Өз ісіңмен айналысу және ашуланбау — әділеттілік!»		«Әділеттілік» – бұл өз рөлін орындау, өз әлеуетін оның табиғатына қайшы келмей, шегінен шықпай отырып жүзеге асыру. Бұл әділ мемлекетке де, әділ адамға да қатысты. Әділ мемлекетте әр адамда белгілі бір міндеттер жиынтығы, қоғам алдындағы міндеттемелері бар, олардың әрқайсысы үйлесімді тұтастыққа әкеледі. Адам өзінен талап етілетін нәрсені істегенде, ол лайықты құрмет пен сыйақы алады, ал егер ол тапсырманы орындамаса, ол сәйкесінше

		жазалананды.
АРИСТОТЕЛЬ «Әділеттілік заңды және әділ, әділеттілік - әділетсіздікті әділ бөлу мен түзетуді білдіреді!».		«Әділетті мемлекет» – халықтың бақытқа жетуінің жалғыз құралы. Әділ конституция – «монархия», әділетсіз «тирания», «олигархия» және «демократия», алайда бұлардың әрқайсысында айна тәрізді екінші беті бар. «Әділетті конституция» - барлығының игілігіне, ал «әділетсіз конституция» - тек сайланғандардың игілігіне ықпал етеді. Егер мемлекеттің негізгі рөлі адамдардың бақытын қамтамасыз ету болса, онда әділетті мемлекет мүлдем болмауы да мүмкін, бірақ ол одан толығымен бас тарту дегенді білдірмейді, керісінше, әділдікке назар аударып үнемі жоғары бақыт жағдайына ұмтылу керек, өйткені әділеттілікке ұмтылатын қала, жетілмеген болса да, ең қолайлысы. «Әділетті мемлекетке» әділдік пен ізгілікті ынталандыратын заңдарды қолдану, халықты бақыт бағытында саналы таңдау жасауға үйрету, жеке адамның емес, тұтастай алғанда бүкіл адамның мүдделерін көтермелеу арқылы жақындауға болады.
ДЕМОКРИТ «Заңдарды адамдар жасайды, ал табиғи түрде олар атомдар мен бос орын жасайды»		Әділетті болып көрінетін нәрсе табиғатқа қайшы келетін нәрсе емес, әділетсіз, өйткені ол заңдар тек жаман фантастика. Заңдар жақсы адамдар үшін де, жаман адамдар үшін де пайдасыз: біріншісіне заңдар қажет емес, екіншісі одан жақсармайды. Заң адамдардың өміріне көмектесуге тырысады. Бірақ оған азаматтардың өздері бақытты өмір сүргісі келген кезде ғана қол жеткізе алады: заңға бағынатындар үшін заң тек өз ізгіліктерінің дәлелі.
ЦИЦЕРОН «Адамзаттың түпкі мақсаты - әділеттілік!»		Әділеттілік пен ақылға қонымды саясат арасында ажырамас байланыс бар. Рим Республикасы тек қатал күштің арқасында ғана емес, оның ішкі институттары мен сыртқы саясаты кез-келген басқа мемлекетке қарағанда әділеттілік талаптарына сәйкес келгендіктен қуатты болды. Әділ болып көріну, керісінше, әділеттіліктің нақты орындалуы өзімен бірге нақты стратегиялық пайда әкелді. Өз уағында әділетті институттардың игіліктерін шексіз үлкен империяға тарату жөніндегі дүниежүзілік тарихи миссиясы бар Рим Республикасы идеясы дамыды.
ПОЛИБИЙ «Адамдар ақыл-ойды қолдана бастағанда ғана жануарларға ұқсамайды»		Адамдар өздерінің әлсіздігі мен қорқынышының арқасында бірігеді де, олардың ішіндегі ең мықтысы билікке көтерілді. Бір адам екіншісінің ренжігенін көргенде болып жатқан оқиғаға наразы болады, ренжіген көршісінің ренішімен бөліседі және өзін сол күйде елестетеді. Демек, моральдық қиял мен эмпатия арқылы «әділеттілік» идеясы қалыптасады. Адамдар ұтымды және өзімшіл тіршілік иелері. Қорқыныш пен жанашырлықтың қосарлануы біздің өмірімізді басқарады. Қорқыныш болған кезде, адамдар тұрақты қоғам құра отырып, бір-бірімен ынтымақтасады және жанашыр болады. Қоғам мүшелері өздерін басқалардың орнына қою үшін қиялға ие болмаған кезде

		проблемалар туындайды. Бұл жанашыр емес адамның іс жүзінде ұстамдылық танытпауына және басқалардың есебінен өзіне пайда әкелуіне алып келеді.
ФРАСИМАХ		Әділеттілік, менің ойымша, бұл ең мықтыға сай. Адамдарға қамқорлық жасайтын құдайлар болмауы керек, өйткені әділеттілік біздің ең үлкен игілігіміз болса да, адамдар әдетте әділетсіздікке ұрынады.
ХИЛОН		Әділетті бол! Заңға бағын! Өз-өзіңді таны!
АНТИФОНТ		Әділеттілік заңдары дегеніміз бір адамның екінші адамды бақылап, оны жауапқа тартқысы келген кездегі конвенция мәселелеріне бағынуы немесе табиғаттың талаптарын орындауы. Сырттан шығарылған әділеттілік заңдары басқалардың игілігіне қызмет етсе, ішкі табиғат талаптары жеке мүдделерге қызмет етуді көздейді. Тіпті әділеттілік заңдарына бағыну бізді жиі дәріменсіздік құрбаны етеді. Егер табиғи талаптар әділеттілік заңдары сияқты объективті құндылық болса, онда біз оны ұтымды түсінуге тырысқанымыз жөн, ал егер әділеттілік қарапайым келісімнің құрылысы болса, онда мұның соңы сәтсіздікке ұшырайды.
ГЕСИОД		Әділеттілік ұғымы тек адалдықты, байсалдылықты ғана емес, ең алдымен біреудің мүлкін қандай да бір жолмен алдау немесе зорлық зомбылық арқылы тартып алудан бас тартуды білдіреді. Әділдіктің негізі - өзара тиімділік өлшемі.
АВРЕЛИЙ АВГУСТИН		Әділеттіліктің барлық адамдарға құрмет көрсетуге тырысуды талап ететін негізгі қасиеті бар. Әділеттілік - пропорционалды бөлу мен өзара мәмілелерді қамтитын әділетсіздіктің қарама-қарсы түрлері арасындағы ұтымды орта.
ТОМАС ГОББС		Әділеттілік - азаматтық қоғамға қажетті жасанды ізгілік, ерікті қоғамдық келісім келісімдерінің функциясы.
ДАВИД ЮМ		Әділеттілік – кең мағынада мүлкті қорғау арқылы қоғамдық пайдаға қызмет етеді.
ИМАНУИЛ КАНТ		Әділеттілік - бұл ізгілік, ол арқылы біз басқалардың бостандығы мен құқықтарын бұзбай, олардың ерікті әрекеттеріне араласпай, жеке автономиясы мен қадір-қасиетін құрметтейміз.
МИЛЛ		Әділеттілік - бұл адам бостандығын нығайтуға және қорғауға ықпал ететін ең маңызды әлеуметтік игіліктердің ұжымдық атауы.
ДЖОН		Әділеттілік - қоғамның барлық мүшелерінің негізгі

РОУЛЗ		кұқықтары мен міндеттеріне қатысты максималды тең еркіндік тұрғысынан талданады, әлеуметтік-экономикалық теңсіздік барлығына тең мүмкіндіктер мен пайдалы нәтижелер тұрғысынан моральдық негіздеуді талап етеді.
ӘЛ ФАРАБИ		Әділ болу керек, бірақ қыңыр болмау керек, әділеттілік алдында мінез көрсетіп қасарыспау керек, бірақ әділетсіздік пен пасықтық атаулыға мүлде рақымсыз болуы шарт.
ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН		Әділеттіліктің ақ туы іспеттес, күнтуды Елік - орталық, кіндік тұлға. Себебі, ізгілікті қоғамның мәңгілік арқауы - әдептілік. Ол - ана сүтімен сүйекке сіңген қасиет. Ал, ақыл да, дәулет те, қанағат та, сезім де туылғаннан емес, жүре бігер қасиеттер және тұрақты болмайды. Дәулет баянсыз, тұрақсыз, түлеп, жаңғырып тұрады. Ақыл адалға бітеді, қанағат сараңдықпен де шектесуі мүмкін. Олардың әрқайсысы жеке дара алып қарағанда дүниеге тұтқа болмайды, адамды бақытқа жетелей алмайды. Бұлар әділеттің төңірегінде топтасса ғана қоғам зиялы қоғам ретінде танылады.
АБАЙ ҚҰНАНБАЙ ҰЛЫ		Әділеттілік жайлы қырық бесінші қара сөзі: «Адамшылықтың алды - махаббат, ғадаләт, сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол - жаратқан тәңірінің ісі. Айғыр биеге ие болмақта да махаббат пен сезім бар. Бұл ғадаләт, махаббат сезім кімде көбірек болса, ол кісі - ғалым, сол - ғақил. Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп.» деумен бекітеді.
ОРТАҚ ИДЕЯСЫ:		
Заң – мемлекет пен оның азаматтарына бірдей болғанда ғана адамдар тұрағының саяси фомасы «әділ мемлекет» бола алады.		

Америка Құрама Штаттарының тәуелсіздігі Декларациясының авторы Джефферссон қоғамдық келісім және адамының шын мәнідегі шынайы құқығы тұрғысынан биліктің монархиялық формасын сынға алып, шынайы халықтық суверенитетті яки еркіндік пен өзін-өзі билеуін талап етеді. Джеффорсонның декларациясы адам құқығы болу керектігін және мемлекет алдымен осы принципті қорғау жолында құрылатындығын баяндайды. Декларацияда адам құқығы және жеке адам құқығы мемлекет мүддесімен қатар тұратын болады. Мемлекеттің жаңа доктринасы үшін, бұл тіпті өте тың да келелі жағдай еді, себебі алғаш рет адам құқығы мемлекеттік билік жүйесімен тығыз байланыстырылып, тікелей мемлекеттік

шаруаға айналды. Демек, құқықтық мемлекет өркениетті мемлекеттің іргетасын қалайды, адам мен қоғам арасындағы еркін қатынасты орнатады, сонымен қатар, заңдағы заң шығару еркіндігінің сипаты мен қалыптасуына деген бақылауды және басқа да белгілерді қалайды. Азаматтық қоғам да құқықты мемлекет белгісі. Азаматтық қоғам азаматтың белгілі бір құқықпен еркіндікке ие болуы арқылы, өзін қоғамның жеке дара мүшесі ретінде сезініп, өзінің барлық іс-әрекетіне моральды түрде жауапкершілігін сезінетіндей жағдайға жеткенде ғана айтуға болады.

Қазіргі уақытта әлемнің көптеген елдері заңның үстемдігін сақтау керек деп келісті. Америка Құрама Штаттарында ешкім, тіпті президент те заңнан жоғары емес дегенді білдіреді. Америка Құрама Штаттарының федералды соттары заңның үстемдігі корпорациялар мен мекемелерге қатысты деп санайды. Соттар барлық адамдар жалпыға қол жетімді және тәуелсіз бағаланатын заңдарға сәйкес жауапқа тартылуы керек деп мәлімдейді. Заңдар адам құқықтары саласындағы халықаралық принциптерді сақтай отырып, бірдей және дәйекті түрде қолданылуы керек. Заңның үстемдігі қазіргі қоғамдарға тұрақтылықты және кез-келген көлемдегі қоғамдастық ішіндегі азаматтар арасындағы қақтығыстарды шешудің нақты жүйесін ұсынады.

Азаматтық қоғам жөніндегі тұғырнамалар жүйесі ХҮІІ ғасырдан бастап теориялық түрде қалыптаса бастады. Т. Гообс, Б. Спиноза, Ж.Ж. Руссо, Ш.Л. Монтескье, И. Кант, Г.Гегель, Т. Пейн осы теорияның негізін қалаушылар болып есептелінеді. Азаматтық қоғам жайлы тұғырнаманың қалыптасуы жеке еркіндік идеясымен, әрбір жеке тұлғаның өзіндік құндылықтарының қалыптасуымен тығыз байланысты. Феодализмнің тұсында қоғам туралы түсінік: қоғамдық өмірдегі маңызды институттар (меншік, жанұя, еңбек ұжымы т.с.с.) феодалдық иемдену, сословие, цехтік бірлестік түрінде көрінді және осылардың нәтижесінде феодалдар мемлекеттік өмірдің статустық элементтерін иемденді. Нақ осылар арқылы жеке адамдардың мемлекеттік ұйымдарға деген қатынасы нақты көрінді [62, 89 б.].

Буржуазиялық қоғамның ерекшелігі әлеуметтік қабаттардың саяси және әлеуметтік түрде бөлінуінде де анық байқалады. Бұл стратификация азаматтық қоғамдағы жеке адамның құқықты статусын, оның әлеуметтік-экономикалық мәнінен бөледі және оны бір уақыт ішінде әрі жеке тұлғаға, әрі қоғам азаматына айналдырады. Жеке мүдделер, жалданбалы еңбек және құқық өрісі саяси бақылаудан босатылады. Мұра болып қалатын барлық сословиелік жеңілдіктер өз күштерін жоғалтады. Бірінші орынға әлеуметтік қозғаушы күштердің тәуелсіз бөлігі ретіндегі жеке адамның табиғи қабілеттері мен еркіндігі қойылады. Азаматтық қоғам экономикалық және мемлекеттік құрылым арасында орналасқан, сондықтанда ол тұтас жүйелік әлеуметтік және рухани аймақтардың жиынтығын құрайды. Дамыған азаматтық қоғамның ең маңызды базасы, XX ғасырда басталған өнеркәсіптегі өркениет, машиналандырылған өнеркәсіп және осыларға байланысты еңбекті бөлу жүйесі, экономикалық қатынастықтың негізгі формасы болып табылатын еркін нарықтық қарым-қатынастар.

Азаматтық қоғам, мемлекет және оларды құратын күрделі институттар, әр түрлі әлеуметтік күштер мен көзқарастардың арасындағы үйлесімділікке жету үшін құрылған. Қоғамдық келісім, әсіресе, құқықтық мемлекеттің нормасымен арадағы межені көрсетеді. Басқаша айтқанда, жеке тұлғалардың бір-бірімен күресін бұзушы потенцияның мығымдылығы кез-келген адамдар бірлестігінің көп және аз мөлшердегі өмір сүру ерекшелігіне, олардың бірлігінің мәніне байланысты. Соның ішінде, мәселен, бір-біріне ұқсайтын элементтердің біркелкілігінің маңызында ғана емес, оларды құрайтын адамдар, әлеуметтік топтар, қарым-қатынастар, сонымен қатар, олардың айырмашылығы, көп түрлілігі, плюрализмі алдыңғы қатарға суырылып шығады. Плюрализмді қарапайым, әртүрлі ішкі субстанцияның бірлігінен айрылған, шекелуі категория пайдасыз қозғалыстардың әртүрлігі деп түсінбеу қажет. Азаматтық қоғам бірлігінің мәні – қазіргі өмірге деген ортақ мақсатқа ұмтылған, азаматтық қоғамда өмір сүретін әлеуметтік күштер, институттар, ұйымдар мен топтардың жасампаз іс-әрекеттеріне барынша тәуелді [63, 79 с.].

Жеке адамның өзіндік құндылығын, құқығын және еркіндігін мойындау, сол жеке адамның өз алдындағы және қоғамның басқа мүшелерінің алдындағы жауапкершілікке бапйланысты көптеген азаматтардың еркіндігін, теңдігін, әділеттілігін және құқығын қорғау, өмір сүруге бейімділігін және жүйенің бірқалыптылығын сақтау – мемлекет пен азаматтық қоғам араасындағы тепе-теңдікті сақтаудың тың жолдарын іздеуге әкеп тірейді. Бұндай теңдікті бұзу, болжап болғысыз қиын нәтижелерге әкеліп соғады. Азаматтық қоғамда заң бойынша азаматтардың мынадай құқықтарының сақталуына кепілдік беріледі: экономикалық және саяси болмысын таңдаудағы еріктілік, идеология басымдылығының болмауы, есесіне ар-ұят еріктілігінің басым болуы. Ал экономикасының негізі – экономиканың көп сатылығы, оның әр түрлі меншік формаларымен және нарықтық қатынастық байланысына негізделген. Азаматтық қоғамның саяси өмірі барлық азаматтардың мемлекеттік және қоғамдық істерге қатысуына толық мүмкіндік береді. Мемлекет пен азамат ортақ жауапкершіліктері арқылы байланысады, яғни, заңның мәртебелілігін сақтау және баршаның заң алдындағы теңдігін қамтамасыз ету. Осыған орай, жалпы халықтық қабылданған нормаларға сай, адам құқығы сақталатын азаматтық қоғам өмір сүреді: яғни, ұлттық-этникалық, саяси, діни, жыныстық-жастық белгілеріне қарамастан кез-келген және жеке адамды заңды түрде мықтап қорғау (оның мүліктері мен үйлеріне ешкімнің құқығының болмауын, мамандық таңдауға құқысын, тұрғылықты жерін таңдауға құқысын, тұрғылықты жерін таңдауға деген құқығы, мемлекеттен кетуі және келуі, хат жазуы, жеке телефон арқылы сөйлесуінің құпиялығының сақталуы, сөз еркіндігі, жазу және хабар еркіндігі): азаматтың көзқарасына және рухани қажеттіліктеріне ерік беру: сот органдары және қоғамдық ұйымдар жағынан азаматтар құқығын барлық жағынан қорғау [62, 92 б.].

Мемлекеттегі құқықтық мәдениеттің деңгейі «әлеуметтік даму» әлеуетімен өлшенеді. Әлеуметтік даму қоғамдағы әрбір адамның әл-ауқатын жақсартуға бағытталған, осылайша ол өзінің толық әлеуетіне қол жеткізе алады. Қоғамның жетістігі мемлекеттің әрбір азаматтың әл-ауқатымен тікелей байланысты,

себебі әлеуметтік даму – халық болашағын қаржыландыру, яғни инвестициялау дегенді білдіреді. Мемлекеттің әрбір азаматы ұлтына, жынысына, жасына, статусына қарамастан өз ойлаған арманы мен дiттеген мақсатына жету сенiмдiлiгiне ие болуы керек. Бастысы ол жолдың абыройлы, болуы мен мақсатты жүзеге асыру кезіндегі кедергілерді жою талап етілуі аса маңызды. Себебі кедейлікте өмір сүретін адамдар әрқашан кедей болатынын мойындаудан бас тартуына алып келіп адамдардың өзін-өзі қамтамасыз ету жолында алға жылжу үшін көмектеседі. Мемлекеттің әрбір тұрғыны өсіп, өз дағдыларын дамытып, отбасылары мен қызметтік өмірлеріне маңызды үлес қоса алуы керек. Егер мемлекет азаматтарының басым көпшілігі дені сау, білімді және толыққанды жұмыс күшін қамтамасыз етуге ие болса және өз қызметіне лайықты жалақы алатынына сенімді болса, онда олар өздерінің негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыруға және табысқа жетуге дайындала бастайды. Философиялық-моралдық тұрғыдан мұндай адамдар және олардың отбасылары да жетістікке жетеді және бүкіл қоғамды бірге дамытуға қауқарлы.

Әлеуметтік дамудың ең ірі факторларының бірі балаларды ерте жастан оқыту, сапалы оқу мен оқыту бастамаларын қаржыландыру арқылы азаматтар табысының жоғары деңгейін қамтамасыз ету. Балалар білімінің үздік бастауын қамтамасыз ету олардың кейінгі өмірдегі жетістіктерін арттыру үшін үлкен маңызға ие. Қоғамның жетістігі үшін қол жетімді және сапалы бала күтімі жүйесі қажет. Адамдар балаларына қауіпсіз өмір мен жақсы күтім жасалатынын білгенде ғана өнімдірек жұмыс істей алады. Жұмыс берушілерде жақсы қызметкерлер болған кезде ғана сәтті бизнес, табысты өндіріс жасай алады. Табысты өндіріс пен сәтті бизнес болған кезде ғана ұйымдар мен кәсіпорындардың экономикалық жағдайы жақсарады, сәйкесінше мемлекетке салық түсімі молайады, халық қуаттанады. Бүгінгі таңда жақсы бала күтімі бағдарламаларына инвестиция салу қоғам үшін көптеген ұзақ мерзімді экономикалық пайда әкелуі әбден мүмкін. Демек, білім беру, жұмыс орындарын құру, салауатты, белсенді өмір салтын насихаттау, қауіпсіз және құқықтары қорғалған түрлі санаттағы

ұйымдар қоғамның экономикалық өркендеуіне толықтай ықпал ете алады.

Мемлекеттің халық сапасын қаржыландыруы - кедейлікті азайтудың бірден-бір негізгі жолы. Әрбір мемлекет үшін ең құнды ресурс – ол сол мемлекеттің халқы және соларды дамытудың оңтайлы жолдары. Мемлекет тұрғындарының әлауқатын жақсарту және кедейліктің алдын алу немесе азайту үшін мемлекеттік мекемелер, қоғамдық ұйымдар, кәсіпорындар, университеттер жауапкершілікті бөлісуі қажет.

Әлем халықтарының әлеуметтік даму процесін бақылап, бағыт-бағдар беріп отырған Біріккен Ұлттар Ұйымы 1995 жылы тұрақты дамудың әлеуметтік ұйғарымдарын құрайтын бірқатар әлеуметтік-саяси принциптерді, мақсаттар мен құралдарды ұсынды:

- Біздің қоғамымыздың жұмыс істеуі мен әл-ауқатын анықтайтын шешімдерді құруға және іске асыруға азаматтық қоғамның кең түрде қатысуы;

- Демографиялық мақсаттарға жетуге, халық өмірінің сапасын арттыруға септігін тигізетін және тұрақты даму мен кедейшілікті жою қарқынын тездететін экономикалық стратегиялар мен даму стратегияларына демографиялық мәселелердің ықпалдастығы, сондай-ақ тұрақты экономикалық өсу мен тұрақты дамудың кең ауқымды үлгілері;

- Әлеуметтік топтар мен елдер арасындағы өсуге себеп болған пайдаларды әділ және кемсітусіз бөлісу және кедейшілікте өмір сүріп жатқан адамдар үшін өнімді ресурстарға қолжетімділікті кеңейту;

- Тиімді және әлеуметтік дамуға септігін тигізетін нарықтық күштердің өзара әрекеттесуі;

- Әлеуметтік антогонизмге алып келетін факторларды еңсеруге бағытталған мемлекеттік саясат және плюрализм мен көптүрлілікті құрметтеу;

- Демократия, даму мен адамның барлық құқықтары және негізгі бостандықтар арасындағы байланыстарды өзара нығайтуға септігін тигізетін қолайлы, тұрақты саяси және құқықтық құрылым құру;

- Діни және мәдени көптүрлілікті қоса алғанда, плюрализм мен көптүрлілік принциптері мен оқшаулануды

болдырмаумен сипатталатын саяси және әлеуметтік үдерістерді сақтау;

➤ Әлеуметтік даму мүддесінде және жоғары деңгейде өткен халықаралық кездесу және тұрғын халық пен даму, сонымен қатар қауым мен азаматтық қоғамның рөлі бойынша халықаралық конференцияда жария етілген ұстанымдарға, мақсаттар мен міндеттемелерге сәйкес отбасының рөлін нығайту;

➤ Білімге, технологияға, оқытуға, медициналық қызмет көрсету мен ақпаратқа кедергісіз қол жеткізуді кеңейту;

➤ Барлық деңгейлердегі серіктестік пен ынтымақтастықты нығайту;

➤ Адамдарға салауатты және өнімді өмір үшін мүмкіндіктер тудыратын мемлекеттік саясат құру;

➤ Адамдарға бағытталған тұрақты даму ұйғарымында қоршаған табиғи ортаны қорғау мен сақтау.

Осы құралдарды жүзеге асыру мақсатында халықаралық тәжірибедегі тұрақты дамудың әлеуметтік мәселелерінің төмендегі индикаторлары қабылданған:

✓ *Табыстар теңсіздігінің индексі* - Джини (Oipi) индексі немесе табыстарды шоғырландыру индексі қоғамда табыстарды бөлісудің біркелкі еместігінің дәрежесін көрсетеді, олардың біркелкі бөлінуінің теориялық сызығынан халықтың сан жағынан тең топтары бойынша табыстарды нақты бөлуден ауытқушылықты анықтайды;

✓ *Қорлар коэффициенті* - қоғамдық жіктелу дәрежесін сипаттайды және ең жоғары табысы бар халықтың 10%-і мен ең төмен табысы бар халықтың 10%-інің ақшалай табыстарының орташа деңгейлері арасындағы арақатынас ретінде анықталады;

✓ *Халық өсуінің қарқыны* - белгілі бір кезең ішінде халық саны өзгеруінің жыл сайынғы орташа деңгейі;

✓ *Көші-қонның таза деңгейі* - халықтың орташа санына белгілі бір кезең ішінде белгілі бір аумақта иммигранттар мен эмигранттар саны айырмасының қатынасы;

✓ *Халықтың тығыздығы* - белгілі бір аумақтың ауданына бөлінген елдің немесе аумақтың барлық халқы (шаршы шақырымға шаққандағы адам санымен белгіленеді);

✓ *Ересектердің сауаттылық деңгейі* - 15 жас және одан жоғары жастағы сауатты ересек халықтың бөлігі;

✓ *Білім беруге жұмсалған жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) - ЖІӨ бөлігі* ретінде белгіленіп, білім беруге жұмсалған шығындар (%);

✓ *Туу кезіне күтілетін өмір ұзақтығы* - берілген кезеңдегі нәресте өлімнің табиғи жасына дейін өмір сүруі қажет орташа жылдар саны;

✓ *Нәрестенің қалыпты салмағы* - жаңа туған балалардың 2500 граммға тең немесе одан 1000 граммға артық салмағы ретінде анықталады;

✓ *Бала өлімінің деңгейі* - сол кезеңде тірі туған 1000 баланың ішінен 1 жасқа дейінгі шетінегендерінің саны;

✓ *Ана өлімінің деңгейі* - 1000, 10000 немесе 100000 тірі туған балаға шаққандағы қайтыс болған аналардың саны;

✓ *Жалпы ішкі өнімге (ЖІӨ) қатысты денсаулық сақтауға жұмсалған жалпы ұлттық шығындар* - қоғамдық және жеке шығындарды қоса алғанда, денсаулық сақтау қажеттіліктеріне бағытталған ЖІӨ үлесі (%);

✓ *Бір адамға шаққандағы орташа тұрғын аудан* - пәтердегі немесе үйдегі адам пайдаланатын тіршілікке қажетті кеңістіктің орташа саны (шаршы метр) [64]. Бір қарағанда бұл мәліметтер тек экономикалық қажеттілігі бар сынды көрінуі мүмкін, алайда осы тұрғыдағы индикаторлар арқылы әр мемлекеттің әлеуметтік дамуы өлшенеді. Мемлекеттің дамуы - оның халқының да дамуы. Әр жеке адам өз дамуын көздеген кезде мемлекеттің дамуын алдыңғы қатарға шығарғаны абзал, себебі өз дамуы соның үлес салмағында қоса дамиды.

1.4. Экологиялық мәдениет - адамның адамшылық болмысының сақталуы

Қазіргі таңдағы ғылымның жеткен орасан зор жетістіктеріне, цифрлы технологияның қарыштап дамуына карамастан жер шарындағы ұлттар мен ұлыстардың саны туралы мәліметтерде еш нақтылық жоқ. Әртүрлі ақпараттық көздер әртүрлі сандарды көрсетеді. Көптеген ресми ақпараттарда жер шарында 2000-нан 4000-ға дейін ұлттар мен ұлыстар тұрады деген аса алшақтықты мегзеген сандар бар. Мұндай көмескіленген мәліметтер адамзат мекен еткен жер шарының әр алуан екендігінен хабар береді. Сан алуан ұлттар мен ұлыстарды мүмкіндігінше бір ұйымның астына біріктіріп, олардың бірлігі мен татулығын қамтамасыз етуді мақсат етіп құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми сайты әлемде 90 елде тұратын 476 миллионға жуық жергілікті өкілдер бар екендігіне сенім білдіреді. Олар әлем халқының 5% - дан азын құраса да, планетадағы ең кедей тұрғындардың 15% - ы соларға тиесілі. Жергілікті халықтар 5000 түрлі мәдениеттің және әлемнің көптеген тілдерінің спикерлері болып табылады, олардың жалпы саны 7000-ға жуық [64] деп көрсете отырып, 9 тамыз – «Халықаралық әлемдегі байырғы халықтар күні» деп белгілеген. Көрсетілген сандарды құрайтын адамдар өз жерлерін «тарихи жер», «тарихи отан» ретінде қорғап, оны «киелі мекен» деп санайтыны анық. Олар байырғы халықтар, яғни ата-бабалардан қалған ерекше мәдениет пен дәстүрлерді тасымалдаушы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуді өздеріне аманат еткен адамдар. Аманатқа қиянат жасамауды көздеген олардың осы уақытқа дейін талай қиыншылықтарды бастарынан өткергені анық. Өз құқықтарын ерекше халықтар ретінде қорғауға байланысты проблемаларды жеңе отырып өз-өздерін сақтау олардың ішкі имунитеніне айналғандай.

Байырғы халықтар өзелерге қарағанда өздерінің табиғатқа деген қатынасын, жеке басын, әлеуметтік-экономикалық және мәдени ерекшеліктерін өздері өмір сүретін қоғамдық ортада басым болатыннан өзгеше сақтай алады және салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, аумақтық құқықтарын, сондай-ақ табиғи ресурстарға деген иелік ете алуын сақтау құқығын тануға тырысады. Жергілікті халықтардың өзге халықтардан гөрі туған

жер, тарихи отанға деген жақындығы басымырақ болғанына қарамастан, олар жер шарындағы ең осал және мұқтаж популяциялар санатына жатады. Ол әлем халықтарының дүниежүзі тарихынан белгілі. Байырғы халықтардың аталған мұқтаждықтарын негізге алып оларды қорғау, жер иесі ретінде құрмет көрсету қажеттігін қолдаған халықаралық ұйымдар мен қауымдастықтар, клубтар мен топтар баршылық. Олар байырғы халықтардың құқықтарын қорғау және олардың мәдениеті мен өмір салтын сақтауға көмектесу үшін шаралар қабылдау қажеттілігін мойындайды.

Жер бетінде адамзатқа еш тыныштық жоқ. Олар ерсілі-қарсылы жүрісін тоқтатпайды, тіпті олардың осы жүрісі немесе қозғалысы адамзат дамуының басты қозғаушы күші болып табылады. Адамның бір континенттен екіншісіне, бір мемлекеттен екіншісіне тынымсыз ауысып отыруының себептері көп. Ең басты себептеріне соғыс, депортация, климаттың өзгеруі, білім алу, денсаулық сақтау, саяхаттау, қудалау, қызмет бабы, интернационалды неке, діни жүйе бойынша, жұмыс не болмаса перспектива іздеу, ғылыми немесе бизнес жоба т.б. осы аталған және аталынбай қалған түрлі ірі немесе ұсақ себептердің салдары нәтижесінде адам популяциясының динамикасы өсіп қалалық агломерация басымдылық берді. Жер шарындағы адамдар қозғалысының себептері көбейіп, соған сәйкес қозғалыс қарқынының үдеуі байырғы халықтардың қорғансыздығы мен басымдылығының бәсеңдеуіне әкеледі. Тағы бір ескеретін жайт, байырғы немесе жергілікті халықтардың басым көпшілігі ауылдық жерлерде тұрады деген кең таралған болжамға қарамастан, қазір қалалық жерлерде жергілікті халықтың едәуір бөлігі тұрады. Өз тарихи отаны мен өз жерінен жоғарыда аталған немесе аталынбай қалған өзге де себептер есебінен қоныс аударатын байырғы халықтар қалалық жерлерде қалыпты өмір сүру үшін жақсы мүмкіндіктер тауып, өз экономикалық жағдайын жақсартқанымен, өздерінің дәстүрлі жерлері мен ондағы тұрмыстық танымынан алшақтатады. Бұл үрдіс ұрпақтар жаңарған сайын көмескіленіп, жойылып кете береді. Мұндай жайттың ең алғашқы соққысын «экологиялық мәдениет» алады.

«Экология» термині гректің «oikos – тіршілік ететін жер, үй, қоныс, мекен, орта» және «logos – ілім, сөз» аудармасын беретін, ағзалардың бір-бірімен өзара қатынасын және қоршаған ортаны зерттейтін биология бөлімі. Бұл терминді 1866 жылы неміс жаратылыстанушысы Э. Геккель енгізіп, «экология» терминінің мағынасын «экономия, жануарлық ағзалардың үй жағдайындағы тұрмысы, жануарлардың органикалық және органикалық емес ортаға деген қатынасы туралы ғылым» деп түсінді. Қазіргі заманғы экология органикалық әлемнің өзгертілінген деңгейлерін – түрленулер, биоценоздар, биогеоценоздар, биосфераны толығымен қарастырады. Сонымен қатар экология ғылымын қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттерін қарастырады деп түсінсе де болады [35, 60 б.]. Анығына келгенде экология - адамның тіршілік ету ортасы. Экологиялық орта - бұл табиғи орта, тіршілік ету ортасы немесе үйдің түрі, оның ішінде организмнің тіршілік етуіне байланысты барлық қоршаған орта. Экологиялық орта ауа, топырақ, су, ресурстар және т.б. бейорганикалық элементтерден, микроорганизмдер, саңырауқұлақтар, жануарлар, өсімдіктер және т.б. секілді органикалық элементтер және «Адам» атты басты тұрғыннан құралатыны бәріне белгілі. Экологиялық ортада элементтер бір-бірімен тығыз байланысты және экологияның негізгі ережелерін құрайтын экологиялық ортаның объективті заңдарымен негізделген диалектикалық қатынастарда болады. Бұл экожүйеде адамдар қоршаған ортаның физикалық жағдайларына байланысты туады, өмір сүреді және дамиды.

Жаһандық экологиялық мәселелерді түсіну ең алдымен оның философиялық-әлеуметтік мәнін, содан соң оны экологиялық мәдениет контекстінде талдау қажеттілігінен туындайды. Экологиялық мәдениет мәдени қатынастар жүйесінің бір тармағы ретінде экологиялық жаһандық проблемаларды қоғамдық қатынастарда практикалық тұрғыдан трансформациялау, сондай-ақ кедергілерден шығу жолдарын эзірлеу арқылы мәдениеттегі дағдарысты жою немесе алдын алу үшін де аса қажет. Бұл мәселелер әлемдік деңгейдегі ғалымдардың назарынан тыс қалып жатқан жоқ. Соның бірі XIX ғасырдың соңында құрылған Қытайдың Солтүстік

провинциясының астанасы Хэйлунцзяндағы «Харбин» ғылым және технологиялар университетінде жүргізілген зерттеу жұмысы. Бір қызығы, Харбинде көптеген орыс басылымдары сақталған, соның ішінде өлкетану мұражайындағы жасыл күмбезді православиелік София соборы. Зерттеу жұмысының белді өкілдерінің бірі Яньян Гэ «қоршаған орта философиясы тұрғысынан әлем адамның, табиғаттың және қоғамның күрделі және толық экологиялық жүйесінде бар. Таза объективті табиғат пен таза адам әлемнің қайнар көзі емес. Нақты шығу тегі - адамның, табиғаттың және қоғамның күрделі және толық экологиялық жүйесі» деп есептейді. Өмір сүру тұрғысынан «экологиялық философия» адам мен табиғаттың қарама-қайшылығы мен оқшаулануына теріс қатысты, ал тұтас және күрделі экожүйе, яғни адамның, табиғат пен қоғамның өзара бірлігі нақты әлемді құрайды. Қоршаған орта философиясының онтологиясы үш бөлімнен тұрады:

- қарым-қатынас (реляциялық) онтологиясы;
- процесс онтологиясы;
- холизм.

Реляциялық онтология әртүрлі қатынастардан тұратын нақты әлемнің болуын білдіреді, оның ішінде ең маңызды екі қарым-қатынас әлеуметтік қатынастар мен экологиялық қатынастарды қамтиды. Әлеуметтік қатынастардың негізі - адамдар арасындағы қарым-қатынас, ал экологиялық қатынастардың негізгі органы - адам мен табиғат. Әлемнің бүкіл даму процесі осы екі қарым-қатынасқа бағытталған. Процестің онтологиясы әлемнің даму процесін білдіреді. Философия арқылы әлемдегі заттар статикалық емес, динамикалық екенін білуге болады. Әлемнің дамуы - абсолютті қозғалыс пен салыстырмалы тыныштықтың бірлігі. Процесс заттардың негізгі формасы болып табылады. Холизм - бүтін мен бөлік арасындағы қатынасты білдіреді. Бүтін жетекші орынды алады, бөлімді басқарады, бөлікте жоқ функциялары бар және бөлікті бүтіннен бөлуге болмайды. Бұл бізден жалпы жағдай туралы түсінік құруды, жалпы жағдайды жоспарлауды және оңтайлы мақсатқа жетуді талап етеді. Бүтін бүтінді шектейтін бөліктерден тұрады. Негізгі бөліктердің функциялары мен өзгерістері тіпті бүтін функцияларда шешуші рөл атқарады. Бұл бөліктің рөліне назар

аударуды, бөлімде жақсы жұмыс істеуді және бөліктің дамуын тұтастықтың дамуына ықпал ету үшін пайдалануды талап етеді [65]. Зерттеуші тобы батыс философиясының Қытай теориясының қоршаған орта философиясының дамуына жіті талдау жүргізе отырып оның болашақ бағытына тигізетін ықпалын анықтайды. Олар К.Маркстің адам мен табиғат ара қатынасы мәселесін зерттеу жұмысының негізі ете отырып қазіргі таңдағы батыс философиясын теориялық нұсқаулық ретінде қабылдайды, ұлттық жағдайларды түсіне отырып адамгершілік тәрбиесін күшейту және ережелерді жақсарту тұрғысынан қоршаған орта философиясының Қытай теориясының дамуына Батыс философиясының ықпалы мен болашақ тенденцияларын зерттеуге тырысады.

Экологиялық мәдениет - моральдық құндылықтар, нормалар, әлеуметтік жүйелерді қамтитын қоғамның қоршаған табиғи ортамен қарым-қатынасы мен өзара әрекеттесу тәсілдері, жалпы синтездеу процесінің белсенді жалғасы болып табылады [66, 20 с.]. Демек, мәдени қатынастар жүйесі қарастырылған шақта оның экологиялық мәдениет сынды қалыптасқан құбылысын елемеуге немесе назардан тыс қалдыруға болмайды. Мұндай жүйелер біріге келе мәдениет философиясын, ары қарай жалпы мәдениетті түсінуге және түсіндіруге қызмет етеді.

«Экологиялық мәдениет» қоғамның экологиялық сферасын, демек, экологиялық қабілеттер, әрекеттер, қатынастар және институттарды өзіне қосып алады. Экологиялық сфераның функционалды өзегі болып «Табиғатты қорғау → Табиғатты қайта қалпына келтіру → Табиғатты жетілдіру → Табиғаттың апатты жағдайларынан адамдарды қорғау» атты төрт жүйеден тұратын экологиялық әрекет табылады. Экологиялық сфера мен экологиялық әрекет сөздері табиғат пен қоғамның өзара ықпалы сөздерімен мағыналас байланыста. Экологиялық сфера мәдениетінің сапасы мен деңгейін қоғамдағы мемлекеттік және қоғамдық экологиялық институттар жұмыстарының тиімділігі мен экологиялық білім, тәрбие мен өнегеліліктің шамасына сәйкес нақты адамдардың әрекеттері арқылы анықтауға болады.

«Экология мәдениеті» терминін алғаш енгізгендердің бірі орыс жазушысы, академик Д.С. Лихачев болды. Ол мәдени ортаны яғни мәдени мұраны табиғат ортасын қорғағандай

қорғаштау қажеттігін баса айтты. Ғалымның жалпы мәдениеттануға қосқан ерекше үлесі ретінде В.И. Вернадский ықпалымен жүзеге асқан «жер гомосферасы» идеясы және жаңа ғылыми пән ретінде негізі қаланған «мәдениет экологиясын» атауға болады. 1987 жылы академиктің үш томдық таңдамалы топтамасы басылып шығарылды. Экологиялық мәдениет мәдени ортаны адамның рухани, өнегелік өмірін жүзеге асыру үшін жасалған жағдай деп қарастырылады. Бұл термин экологиялық эстетиканың бір бөлімі бола отырып, адам мен қоршаған ортаның диалектикалық өзара байланысы тұрғысынан эстетикалық мәселе ретінде зерттеледі. Сайып келгенде, экологиялық мәдениет адамның гуманистік мінез-құлқының сақталуын қадағалайды.

Экологиялық мәдениет - адам мен табиғат арасындағы еркін қатынастардан туындайды. Экологиялық дағдарысты туғызған адамның табиғаты емес, оның кереғар дүниетанымы мен пиғылы, санасы. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап, әлемді қамтыған экологиялық дағдарыс ғылыми зерттеудің объектісіне айналды, оның қалыптасуының әлеуметтік-мәдени себептері айқындалып, жаңа экологиялық өркениетке деген ұмтылыс ғаламдық күшке айналды. Мәдениет пен экология түбірлес, екеуі де «үйді» қарастырады. Экологиялық мәдениет тек мәдени мұраларды қорғаумен шектелмейді. Мәдениет – экологиялық қорғау қызметтерімен қоса парасатты-гуманистік «мәдениетті пайдалану» талаптарын өзіне қосып алуы қажет. Экологиялық мәдени сананы қалыптастыру, оның қоғамда шын мәнінде жұмыс істеуі түрлі экологиялық апаттар, дағдарыстар, шиеленістер және т.б. алдын алуы мүмкін [35, 61-62 бб.].

Экологиялық мәдениет өз алдына үлкен бір жүйе ретінде өзін өзі ұйымдастыра алатын қабілетке ие, себебі оның құрылымдық байланыстары мәдениеттің тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып рухани қызметті де атқарады. Жүйе ретінде экологиялық мәдениеттің негізгі элементтерінің ішінде мыналарды ажыратуға болады:

- Адамның рухани қажеттіліктерін қанағаттандыратын рухани құндылықтар;
- Адамдардың өнімдерді жасау, сақтау, игеру және тарату жөніндегі қызметі;

- Материалдық және рухани еңбек;
- Әлеуметтік нормалар мен мекемелердің жиынтығы;
- Адамдардың табиғатқа, өзімен-өзі қарым-қатынасы;
- Сапалық жағынан ерекше тарихи әр түрлі кезеңдердегі

адамдардың өмірінің нақты формасы;

➤ Функциялар мен диспозицияның өзгеруін қарастыру қажеттілігін анықтайтын этникалық және ұлттық қоғамдастықтың ерекшеліктері [67, 169-170 с.]. Аталынған әрбір элементтер өз алдына маңыздылық бере отырып тұтас бір жүйені құрай отырып «экологиялық ақпарат», «экологиялық идеология», жалпы алғанда экологиялық мәдениеттің қалыптасуына тікелей ықпал етеді.

Экологиялық мәдениет - қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешудегі эпистемологиялық компоненті ретінде үйлестіруші рөл атқарады. Онда экологиялық ақпаратты жедел алу және тарату жаңа типтегі ойлауды қалыптастыру аса маңыздылыққа ие. Тиісті экологиялық ақпараттандыру атропоцетризмді экоцентризмге өзгертуге мүмкіндік береді, бұл қазіргі жағдайдан шығудың жолын табуға және экологиялық күйреудің алдын алуға көмектеседі. Қазіргі қоғамды жаһандық ақпараттандыру сананы жасылдандыру процесімен байланысты болуы мүмкін. Экологиялық сана экологиялық мінез-құлық мәдениетін қалыптастырады, өйткені экологиялық идеялар адамның бағытына әсер ететін құндылық ретінде әрекет етеді. Жаһандану жағдайында экологиялық идеологияның экологиялық мәдениеттің аксиологиялық құрамдас бөлігі ретіндегі рөлі артып келеді. Экологиялық идеологияның мәні планетарлық өзін-өзі тану философиясында көрінеді. Экологиялық мета білім беру - бұл гомеостаз және коэволюция принциптеріне сәйкес келетін адамның саналы өмір салтын таңдауын қалыптастыруға ықпал ететін жаһандық биосфералық білім. Қоғамның экологиялық мәдениетін белгілі бір тарихи сәтте белгілі бір қоғамдағы мәдениет процесі және жағдайы ретінде қарастыруға болады. Бұл дәстүрлі құндылықтарды сақтауға тырысатын және байланыс құралдарымен байланысты жаңа шындықтарды ескеретін ерекше интеграциялық білім деп айтуға болады [68, 126 с.];

Экологиялық мәдениет ұғымының маңыздылығы оның диалектикалық байланысында болып отыр. Қоғамның экологиялық мәдениеті деген жиынтық ұғым мәдениеттің бірлігін білдіретіні анық, ал мәдениеттің өзі философия бөлімдерінің бірі «әлеуметтік философиядағы» ең ауқымды, кең, әрі жан-жақты ұғым болып табылады. Осы тұста неміс философы Гегельдің «Логика ғылымы» атты еңбегіндегі «Тақырып неғұрлым бай болса, соғұрлым ол әртүрлі тараптарды қарастыруға мүмкіндік береді, сондықтан да оған берілген анықтамалар әр түрлі болары хақ» [69, 413 с.] деген зерттеу тақырыбына берген анықтамасын назарға алуға болады. Гегель берген анықтамаға сүйене отырып «экологиялық мәдениет» тақырыбының сан қырлы бөліктерінің ішіндегі адамның табиғатқа деген қатынасы, өз мекеніне деген адамшылық көзқарасына қарай ойысамыз. Себебі адам табиғаттың ішінде өмір сүріп жатыр, табиғаттан кейін және табиғаттың ішінде дүниеге келді, сондықтан да ол оны тек пайдаланып ғана қоймай, оның теңдігінің бұзылып кетуіне мұрсат бермей сақтауға, бұзылған тұстарын мүмкіндігінше қайта қалпына келуіне жағдай жасауы тиіс. Табиғат өркениет шеңберінде де энергия немесе пайдалы шикізат көзі тіпті пайдалы құрал ретінде де қарастырылады. Өркениет адамды, табиғатты жаулап алып, өзінің экономикалық, техникалық және басқа қажеттіліктерін өтеуге, табиғатпен күресуге бағдарлайды. Осыған орай, адамда табиғатты міндетті түрде аялау, экологиялық теңдікті сақтау керек деген ой пайда болады. Табиғат - тал бесік. Табиғат дағдарысы, экологиялық дағдарыс - әлем дағдарысы. Мұндай келеңсіздікке жол бермеу үшін адамзатқа экологиялық мәдениет және экологиялық мәдени сана ауадай қажет.

Әлемге есімі әйгілі Нобель сыйлығының лауреаты Альберт Швейцер 40 жыл бойы жазған «Мәдениет және Этика» еңбегінде өз алдына қоғамды ояту міндетін қояды. Оның ойынша этиканы әлем туралы білімге сүйене отырып негіздеу мүмкін емес, құлдыраудың негізгі себебі – «оптимистік-этикалық дүниетаным». Сондықтан мұндай дүниетанымнан алшақтау керек, батыс қоғамындағы мәдениеттер міндетті түрде оптимистік-этикалық тұрғыдан бас тарту керек деп санайды.

А.Швейцер аталмыш еңбегінде: «материалды жетістіктер – бұл мәдениет емес; олар қоғам мен индивидті толық жетілдіру идеясының қызметіне қойылғанда ғана салыстыратындай бола алады» [70, 15 с.] деген тұжырым жасаған. Осы тұжырымға жүгіне отырып көптеген процестерді мәдени іс-шаралар деп есептеу қиын. Бұл жағдай әсіресе өздерінің мақсаттары үшін басқа халықтардың табиғи және интеллектуалды байлықтарын пайдалануға мүмкіндік беретін, техникамен индустрия арқылы табиғатты бағындырудағы басты құрал болып табылатын, индустриалды дамыған елдерде орын алуда. Демек, дамыған, алдыңғы қатарлы елдер, тұрмыс-жағдайы төмен елдер алдында қарыздар. Себебі олар сол елдер есебінен байып отыр. Ислам діні де осы мәселеге көңіл бөліп, байлықты шектеу мақсатында «зекет» салығын салған. Мұндағы басты философия бір адамның мол байлыққа кенелуі, келесі екі-үш адамның кедейленуі есебінде жүзеге асып отыр деген қағида. Сондықтанда «Зекет» салығы тек ауқатты адамдарға салынатын болған. Экологиялық мәдени сананы қалыптастыру процесі қазақ халқында өте жақсы дамығанды нақты мысалы бола алады. Қазақтар малдың жүнінен киіз басып, үй жабдықтарын жасаса, терісін илеп ыдыс-аяқтар, жүнін түтіп, иіру арқылы киімдер тіккен, малдың сүйектерінен сабын жасаған. Демек, «қалдықсыз өндіріс» орын алған, ал бұл дегеніңіз экологиялық қалыпты бұзбай сақтау, табиғаттың ластануына жол бермеу деген сөз. Жалпы алғанда, қазақтар шаруашылықпен айналысқан, шикізат өндеген, өнімдер өндірген, ең бастысы мал арқылы сауда қатынастарын дамытып, айырбас немесе қазіргі ғылыми тілдегі «бартер» жасау жолдарын жүзеге асырған. Шаруашылық дамытудың тағы бір ерекшелігі малдардың жаз айларында солтүстіктің салқын аймақтарында, керісінше қыстың ызғарлы күндерінде оңтүстіктің жылы аймақтарында бағылуы. Мұндай тәжірибе қазақ халқының георгафиялық және экологиялық ілім-білімдерінің табиғи түрде дамығандығын, дала өркениетін меңгергендігін байқатады. Орталық Азия елдерінде көшпелі шаруашылықтың басқалармен салыстырғанда Қазақстанда мейлінше дамығандығы анық. Мұндай жағдаяттардың барлығы дерлік адамдардың бірлесе,

жинақталып өмір сүруге деген ықпалдастығынан туындайды [35, 62-63 бб.].

Отандық ғылымдағы мәдениет мәселесін жан-жақты қарастырып жүрген ірі ғалымдардың бірі Т.Х.Ғабитов экологиялық мәдениет проблемасын зерттеп «Экологиялық мәдениет» атты арнайы оқу құралын жазды. Онда ол қазақ мәдениетіндегі бірқатар экологиялық ұстанымдарды алға тартты:

- Табиғатты қастерлеу, қорғау қазақ халқының мәдени дәстүрі болып табылады;

- Көшпелі өмір сүрген қазақ елі табиғат сырын терең ұғынған және табиғатты игерудегі білімі жан-жақты болды;

- Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде табиғат пен адам етене тығыз байланыста болды және олар бір-бірінен ажырамас күйде өмір сүрді;

- Көшпелілер өздерін табиғаттың тікелей жалғасы, табиғаттың перзенті ретінде сезінді;

- Игерілмеген қуаң дала мен шөлейтті жерлерді көшпелілер игере алды;

- Қазақтар көк шөпті жұлмады, шыбықты сындырмады, себебі жас өмірдің бәрі бақыттың бастамасы, барлық тіршіліктің қайнар көзі деп санады. Егер көкті жұлсаң, көктей орыласың, қарғыс атады деп ырымдады;

- Қазақтар бұлақты, бастауды ластамады, босқа жерді қазбады, себебі тіршілік көзі бұлақ деп есептеді. Жерді бекер қазу, теріс қылыққа баланып, ажал, өліммен байланыстырылды;

- Көшпелілер табиғатты тірі, ақылды деп санап, оның қоғамдағы әлеуметтік мәдени реттеушілік қызметін жоғары бағалады;

- Қазақтардың ежелгі діні «тәңіршілдік», табиғатты құрмет тұтудан, оған сыйынудан туындады. Діндегі басты құдай «Көк тәңірі» тіршілік пен өмірдің бастауы деп түсінілді;

- Қазақтар үшін «қоршаған орта», «өскен орта» ұғымдары маңызды әрі қастерлі болып саналды;

- Көшпелілер шексіз кеңістікте өзімен-өзі табиғатпен жеке қалып сұхбаттасқан, сырласқан, өзінің табиғатпен шынайы жақындығын сезінген;

- Көшпелілер табиғат құбылыстарына болжам жасаған, оған алдын-ала сезе отырып бейімделіп дамыған, жайылым мен өрісті жыл мезгілдеріне сай ауыстырып, жердің құнарлылығын сақтап отырған [71, 18-19 бб]. Ғалым пікіріне жүгіне отырып ата-бабаларымыз экологиялық мәдениеттің негізін қалаушылар болғанын ұғынуға болады. Шексіз кеңістікте, маң далада тек табиғатпен жақындасып ғана аман қалуға болады, табиғатты түсіну жолы ғана оның ішінде адам ретінде сақталып қалудың жалғыз жолы, негізгі тетігі деп түсінді және осы түсінік олардың жасаған дұрыс қадамы мен батыл шешімі ретінде өз нәтижесін көрсетті.

Экологиялық мәдениеттің түбін түсінген қазақ ғалымы А. Байтұрсынов қазақ жерінің климат, жердің топырағы, суы, кені, жан-жануары, демографиясы сынды географиялық факторларын қарастыра келе, эволюциялық даму жолын негізге алады. Ол: «Шаруашылық өзгерісі, шаруашылықтың бір түрінен екінші түріне түскенше талай ғасырлар өткен. Мұны Еуропа тілінде эволюция деп атайды. Дүние ісі секіріп алға баспайды, эволюция жолымен жылжып, жылысып өзгереді. Дүниеде тәркі етіп аса көзге көрінетін іс адам баласының тіршілік еткен тәсілі. Сол тіршілік тәсілінің жүзінде тастан жасалған балтадан бастап, осы күнгі сансыз құралдарға жетіп отыр. Ор сияқты үлкен шұңқырларды паналағаннан бастап, осы күнгі биіктігі аспанмен таласқан салтанатты сарайларға жетіп отыр. Сол тіршілік жүзіндегі адам баласының дүниелік табу жолында істеген істерін кәсіп деп, құралмен жасаған тәсілдерін шеберлік деп атаймыз» [72, 66 б.] деп өркениеттің эволюциялық жолына талдау жасаған.

Өндіріс-шаруашылық жайы табиғат жағдайымен кіндіктес екендігі даусыз. Дүние «жылылықтың» аз-көбіне қарай, экватордан әрі де, бері де қарай жер жүзі үйек-үйекке тілініп бөлінеді. Бел орталыққа таяу күн төбеге келетін нағыз ыстық жерлер «ыстық үйек» деп аталады. Оған таяу үйек «жылы үйек», оған таяу «салқын үйек», оған таяу «суық үйек» ең ақырында темірқазық. Біз жердің салқын үйегінде тұрамыз. Біздің оңтүстік жағымыздағы таяу үйек «жылы үйек», онан әрі «ыстық үйек». Өркениет пен мәдениет әуелі «жылы үйектен» көрінеді». Өркениеттің жемісі мол, аңы көп «ыстық үйектен»

басталмау себебі, онда тамақ асырап, күн көру жеңіл, тіршілік етуге тәсіл қажет емес. Мәдениет ми мен аяқ-қол қатар істеген жерге орнамақшы деп өз тұжырымын дәлелдей келе, алғашқы төрт өркениеттің жердің жеті дариялы «жылы үйегінде» пайда болғанын атап көрсетеді. Ол өркениеттер: «Ніл дариясының бойындағы Мысыр мәдениеті, Ассирия һәм Вавилония мәдениеті, Тигр һәм Евфрат дарияларының бойында, Ант мәдениеті Ант һәм Хуанхэ дарияларының бойында, Қытай мәдениеті Хуанхэ һәм Янцзы дарияларының бойында».

А.Байтұрсынов мәдениет дамуының факторларына көп көңіл бөле отырып, кейбір ғалымдар пікірлерінің біржақты екендігін баса айтады. Мәдениеттің ерте немесе кеш, жылдам не баяу дамуына табиғаттың ықпалы мол екендігін дәлелдейді. «Салқын үйек» пен «суық үйектегі» жерлерге мәдениет адам баласы табиғатпен тартысудың тәсіліне жетіп, ғылым, өнер біліп, табиғат жайсыздығын жағдайлы етуге жетілген кезде орнаған [72, 67 б.] деген ғылыми тұжырым жасайды. Алғашқы қазақ ғалымдарының бірі А. Байтұрсыновтың өркениет дамуына мұндай жетік зерттеу жүргізуі терең білім мен ізденімпаздықтың жемісі екенін дәлелдейді.

Қазіргі заманның туындаған жаһандық проблемаларын жеңу үшін «Адам → Табиғат → Қоғам» жүйесіндегі қарама-қайшылықтарды үйлестіру мәселесі тұр. Қоғам мен табиғат қатынастарын үйлестірудің шешуші факторы ретінде үш маңызды аспектіні атауға болады.

Бірінші, қоршаған әлем туралы білімнің үйлесімділігі;

Екінші, адамның сыртқы ортасын құрудың үйлесімділігі;

Үшінші, адамның, оның денесінің ішкі ортасының үйлесімділігі, яғни оның физикалық, рухани және психикалық денсаулығына жауапты рух пен жан [73, 145 с.]. Автор атаған үш факторды бірін-бірі толықтыратын, бірінсіз екіншісінің тіршілігін елестете алмайтын «үштік одақ» деп атауға тұрарлық. Қазақы ошақтың үш бұты бірігуі арқылы қазанды көтеріп, оның ішінде ас пісіріледі. Ал адам, табиғат пен қоғам сынды үш одақтың бірлігі адамзаттың болашағын бағдарлайды, паналап отырған жалғыз мекен, жер шарын сақтауға көмектеседі. Дегенмен адамның барлығының ойы бірдей емес, алайда көздеген түпкі мақсаты бір, айырмасы оны кімнің қалай

түсінуінде, яғни жету жолдарында. Мысалы, Йель университетінің элеуметтанушысы Уильям Грэм Самнер элеуметтік дарвинизм философиясына қатысты бірнеше мақалалар жазды. Самнер әділ қоғамдағы табиғат пен бостандық туралы өзінің көзқарасын одан әрі былай түсіндіреді: «Тіршілік үшін күрес табиғатқа қарсы бағытталған. Бұл біздің қажеттіліктерімізді қанағаттандырудан бас тартуымыз керек деген сөз, бірақ адамдар ау бастан бір-біріне бәсекелес болып келеді. Демек, бәсекелестік табиғат заңы болып табылады. Табиғат толығымен бейтарап. Ол өзіне жігерлі және батыл шабуыл жасайтын адамға ғана бағынады. Осылайша, ол кез-келген түрдегі басқа ойларға назар аудармай, ең бейімделгендерді ғана марапаттайды. Сонымен, егер еркіндік болса, онда адамдар одан қанша еңбек сіңірсе сонша алады, ал олардың иеленуі мен ләззат алуы олардың өмір сүруіне және іс-әрекеттеріне тура пропорционалды. Бұл табиғат жүйесі. Егер біз оны ұнатпасақ және оны түзетуге тырыссақ, мұны істеудің бір ғана жолы бар. Біз ең жақсысын алып, ең жаманын бере аламыз. Біз жаман істегендердің жазаларын қабылдамай, оларды жақсырақ істегендерге жүктей аламыз. Біз одан да көп жетістікке жеткендерден сыйақы алып, оларды нашар әрекет еткендерге бере аламыз. Осылайша біз теңсіздіктерді азайтамыз. Біз ең бейімделмегендердің өмір сүруіне үлес қосамыз және бостандықты жою арқылы оған қол жеткіземіз. Біз бұл баламадан асып кете алмайтынымызды түсініңіз. «Бостандық» + «теңсіздік» - ең мықтылардың аман қалуы, «бостандық» + «теңдік» - бейімделмегендердің өмір сүруі. Біріншісі қоғамды алға жетелейді және оның барлық жақсы мүшелерін қолдайды, соңғысы қоғамды төмен түсіреді және оның барлық нашар мүшелерін қолдайды» [74].

«Адам-Табиғат-Қоғам» үштік одағының ара қатынасын эколог-антрополог ғалымдар «экожүйе» деп те атайды. Экожүйесі бар адамның мінез-құлқы, қоршаған ортаны қабылдауы жоғары және экожүйе адамның дамуына тікелей ықпал етеді екен. Сонымен қатар, авторлар экологиялық сананы және экологиялық ортаның деградациясының қауіптілігін жиі талқылайды. Мысалы, француз антропология профессоры Джордж Оливье адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты

талқылайды. Ғалым пікірінше, мәдени орта - «адамдар мен табиғат», «адамдар мен қоғам», «адамдар мен адамдар» арасындағы қарым-қатынасты қамтитын мәдени кеңістік. Демек, антропология да, мәдениет те адамның табиғаттағы рөлін немесе табиғаттың адамдағы рөлін зерттей алады [75]. Экономикалық дамудағы адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас тәсілін профессор-экономист Рогалл Холгердің тұрақты экономикадағы зерттеулерінің нәтижелері арқылы көруге болады. Рогалл - Берлин экономика және құқық университетінде жаңа қоршаған орта экономикасын зерттейтін ғалым. Автор тұрақты экономиканың он перспективасын ұсынады: негізгі міндет - табиғаттың төзімділігін шектеуде экономикалық, экологиялық және әлеуметтік-мәдени нормаларға қалай қол жеткізуге болады, сонымен қатар ішкі әділеттілік пен ұрпақаралық сипат принципін ұстану. Жалпы осы бағыттағы ғалымдар мәселені әр тараптан қарастыра отырып адамзат тарихындағы адам мен табиғат арасындағы қатынастарды зерттеу, жүйелі көзқарастарды ұсыну қажеттілігіне назар аудартады.

Көптеген ғалымдар адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас мәселесін шешудің бағыты, мақсаты және негізгі ғылыми, кәсіби, заманауи т.б. шешімдерін көрсетуге тырысып бағуда. Алайда адамзат өсіп-өніп келе жатқан жер шарында ірі экологиялық апаттар толстар емес. Қазіргі таңда 400-ден астам анықтамаға ие мәдениет теориясын зерттеуші ғалымдардың әрбірі өзіне ұтымды бір көзқарастарымен мәдениетті әртүрлі аспектілерде қарастырады. Философиялық тұрғыдан мәдениет - тарихи-әлеуметтік практика барысында адам жасаған және әлеуметтік даму тарихының жетістіктерін сипаттайтын барлық материалдық және рухани құндылықтар ретінде түсініледі және түсіндіріледі. Мәдениет - ең алдымен адам мен табиғаттың қарым-қатынасы. Табиғат - бұл адам үшін бастапқы нүкте ғана емес, сонымен бірге адам мекені, өмір сүру ортасы, алғышарттары. «Мәдениет» ұғымының қарастырылу аймағының көлемді болғаны соншалық, кейде тіпті ғалымдар үшін көптеген жұмбақтарды жасыратын тақырып ретінде де қарастырылады. Қалай болған күннің өзінде де адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты одан әрі зерттеу өте өзекті болып табылады.

Адам табиғатсыз физикалық және материалдық қажеттіліктерді жасай алмайды және қанағаттандыра алмайды. Адамдар өздерінің тұтыну өнімдерін тек табиғатпен біріккенде ғана жасай алады. Табиғат пен адамның бірлігі бір уақытта олардың мәдени маңыздылығын құрай алады. Адамның табиғи әлемін жаулап алу процесі табиғат әлемімен бірлікте ғана жүзеге асады, яғни еңбек арқылы жасалған адамның шығармашылық құндылықтарының барлығы мәдени құндылықтар болып табылады.

Осы тұста өз теорияларымен адамзатты өздеріне қаратқан Карл Маркс пен Фридрих Энгельстің «адам - еңбек заты ретінде ғана емес, сонымен бірге еңбек өнімі ретінде де өз қолымен жасалған мәдени жануар» деген сөздерін негізге алу орынды. Фридрих Энгельстің ойлауынша мәдениет - бұл адамның әлеуметтік қызметі ғана емес, сонымен бірге адамның табиғи дамуы. Мәдениет табиғаттан өзгеше, бірақ табиғат мәдениеттен өзгеше емес. Егер мәдениет адамның әлеуметтік даму деңгейі болса, онда кез-келген жерде адам табиғаттың тікелей өнімі және қоғамдық қатынастардың динамикалық субъектісі болып табылады. Табиғат бастапқы нүкте, сондай-ақ адам дамуының қозғаушы күші ретінде қарастырылады. Табиғат - бұл тірі материал ретінде қолданылатын тауар ғана емес, бұл әрекет құралы, сонымен қатар адамның барлық мәдени іс-әрекетінің маңызды шарты. Адам мен табиғаттың бірлігі аймақтық бірегейлікті тудырады. Егер адамдар табиғаттан бөлінсе, олар өмір сүре алмайды және дами алмайды, демек, табиғи жойылуға қарсы тек «мәдени әрекет» болып табылады [76]. Ғалымдардың тұжырымдарына жүгіне отырып, экологиялық мәдениет адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынастың адам жүзеге асыратын іс-әрекет процесіндегі көрінісі екендігіне көз жеткізуге болады. Бұл адамның физикалық және рухани қажеттіліктеріне қызмет ететін құндылықтарды құрудың практикалық қызметіндегі табиғаттың рөлін түсіну арқылы көрінеді. Сол себепті өсіп келе жатқан жас ұрпаққа экомәдени білім беру экологиялық мәдениеттің адамзаттың болашағының қозғаушы күшіне айналуының негізгі шешімдерінің бірі болуы мүмкін. Бұл туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму

Бағдарламасы негізінде көптеген көлемді іс-шаралар жүргізілді. Тарихқа көз жүгіртсек:

✓ 1972 жылы БҰҰ-на экомәдени білім беру туралы ұсыныс түскен;

✓ 1975 жылы Сербия Республикасының астанасы Белградта ұсыныс негізінде жалпы және экологиялық білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша «Белград хартиясы» атты ғаламдық құжатты қабылданды;

✓ 1977 жылы Грузия Республикасының астанасы Тбилисиде ЮНЕСКО қоршаған ортаны қорғау саласында білім беру бойынша конференция өткізді. Нәтижесінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы білім көмегімен игерілетін міндеттердің бес санаты анықталды:

- Қоршаған ортаға және онымен байланысты проблемаларға қатысты сананы және оған ұқыпты қарауды қалыптастыру;

- Қоршаған ортаны танып-білу және онымен байланысты проблемалар туралы білім алу;

- Қоршаған ортаны қорғауға қатысты жауапкершілік сезімін қалыптастыру;

- Қоршаған орта проблемаларын анықтау мен шешу үшін дағдыларды игеру;

- Қоршаған орта проблемаларын шешуге белсенді түрде қатысу;

✓ 1987жылы БҰҰ-ның Дүниежүзілік қоршаған орта мен даму комиссиясы «Біздің жалпы болашағымыз» атты есебінде «қоршаған орта үшін қауіпсіз, жолда экономикалық дәуірге» аяқ басуға шақырды. Алғаш рет «тұрақты даму» концепциясы ұсынылды;

✓ 1990 жылы Таиландтағы Джомтьенде жалпыға білім беру бойынша Дүниежүзілік конференцияда адамдардың өмір сүруі, барлық қабілеттерін дамыту, адамгершілік қасиеттерді сақтау жағдайында өмір сүру және жұмыс істеу, өз өмірінің сапасын дамытуға, жақсартуға жан-жақты қатысу, негізделген шешімдер қабылдау және білім алуды жалғастыру үшін қажетті білім көлемін және базалық оқыту мазмұнын қамтитын базалық білім беру қажеттіліктері анықталды;

✓ 1992 жылы Бразилияда қоршаған орта және даму бойынша «Рио де-Жанейро декларациясы» қабылданды. Бұл экологиялық білім беру саласындағы ірі серпін болды;

✓ 1992 жылы, яғни ләл сол жылы Торонтода (Канада) қоршаған орта мен даму саласындағы білім беру және ақпарат бойынша Дүниежүзілік конгресс өткізілді. Осы жылдан бастап тұрақты дамуға қол жеткізу негізінен білім беру процесі болып табылатыны туралы халықаралық консенсус байқалады;

✓ 1993 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы Тұрақты даму жөніндегі комиссия құрды. Аталған комиссия Біріккен Ұлттар Ұйымының Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесінің функционалдық комиссиясы болып табылды. Ол жыл сайынғы конференцияларда ХХІ ғасырға арналған Күн тәртібінің мәселелерін үнемі қарастырып отыратын болып келісілді;

✓ 1993 жылы Аустрия республикасының астанасы Венада адам құқығы бойынша дүниежүзілік конференция өткізілді;

✓ 1994 жылы Мысыр Араб Республикасының астанасы Каирдағы Халықтың қоныстануы мен дамуы бойынша халықаралық конференция өтті;

✓ 1994 жылы Барбадос Республикасының астанасы Бриджтаунда шағын аралдық дамушы мемлекеттердің тұрақты дамуы бойынша жаһандық конференция болды;

✓ 1994 жылы Түркия Республикасының ең ірі қалаларының бірі Стамбулда елді мекендер бойынша жоғарғы деңгейдегі кездесу болды;

✓ 1995 жылы Дания Королдігінің астанасы Копенгагенде әлеуметтік даму мүддесін көздеген жоғарғы деңгейдегі дүниежүзілік кездесу өтті;

✓ 1995 жылы Қытай Халық Республикасының астанасы Пекиндегі әйелдердің жағдайы бойынша дүниежүзілік конференция болып өтті;

✓ 1996 жылы Италия астанасы Римде азық-түлік мәселесі бойынша жоғарғы деңгейдегі дүниежүзілік кездесу болды;

✓ 1996 жылы ЮНЕСКО-ның атына ұсынылған ХХІ ғасырға арналған білім беру бойынша Халықаралық комиссияның «Білім – бұл меншіктік құндылықтар категориясы» атты баяндамасында білім берудің демократиялық және жарқын болашақты қамтамасыз ету үшін қажет екендігі

атап көрсетілді. Білім берудің негізі ретінде нақты факторлар айқындалды: барлық адамдарды өмір сүру үшін оқыту, білім алу мақсатында оқыту, өмір бойы іс-әрекетке қабілеттілікке оқыту;

✓ 1997 жылы Грецияда (Салоники) қоршаған орта және қоғам мәселелері бойынша халықаралық конференцияда тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін халыққа білім беру мен ақпараттандыру, азаматтық түсінігі тұрақтылыққа бағдарланған оқу бағдарламаларындағы бірінші кезектегі мақсаттардың бірі екендігі атап көрсетілді;

✓ 1998 жылы білім және ақпарат бойынша кең көлемді резолюция қабылданды. Онда жүргізілетін жұмыстардың ауқымды бағдарламасы бекітілді, мемлекеттерге тұрақты даму мақсаттарын барлық деңгейдегі білім беру бағдарламаларына енгізу ұсынылады және олардың осы бағыттағы іс-қимылдарына қолдау көрсетілетіні атап өтіледі;

✓ 1999 жылы «Болонья декларациясы» қабылданды. Декларация өз бастауын 1986 жылы өзінің 900 жылдық мерейтойы қарсаңында Еуропаның барлық университеттеріне «Университеттер Ұлы Хартиясын» (Magna Charta Universitarum) – қабылдауға тасталған үндеуі және 1988 жылы қабылданған құжатқа қол қойған 80-ге жуық университеттер тарихынан алады. 1999 жылы Болоньяда білімге жауапты 30 еуропалық министрлердің Бірінші конференциясы өтті. Олар қабылдаған «Еуропалық жоғары білім аймағы» декларациясы салыстырмалылыққа жеткізетін негізгі мақсаттарды және Еуропа елдеріндегі жоғары білімнің ұлттық білім беру жүйелерін үндестіруді анықтады. 2001 жылы министрлер Прагада, 2003 жылы – Берлинде кездесті. Берлин конференциясы барысында Болон Декларациясына қол қойған елдер саны, Ресейді қоса алғанда 40-қа жетті. Төртінші кездесу 2005 жылы Норвегияның Берген қаласында өтті, онда Болон процесіне енуге Украинамен бірге бұрынғы Кеңес Одағының бес елі құлық танытты. Бесінші кездесу 2007 жылы Лондонда, ал алтыншысы – 2009 жылы Левен/ Лувен-ла-Невада, жетіншісі – 2010 жылы Будапештте, сегізіншісі – 2012 жылы Бухарестте орын алды. Қазақстан Болон Декларациясына 2010 жылы қол қойды [77];

✓ 2000 жылы Сенегал республикасының астанасы Дакарда білім беру мәселесі бойынша дүниежүзілік форум өтті. Онда білім алу адамның негізгі құқықтарының бірі және бейбітшілік және тұрақтылық орнату, тұрақты даму үшін маңызы зор екені расталды;

✓ 2001 жылы Швейцария Конфедерациясының ірі қалаларының бірі Женевада тұрақты даму бойынша жоғарғы деңгейдегі дүниежүзілік кездесуге арналған министрлердің Аймақтық кеңесінде тұрақты дамуды іс жүзінде қалай жүзеге асыру мен оны қалай ынталандыруға болатыны туралы жалпы түсінікті кеңейту мақсатында білім беру жүйесін және тұрақты даму бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеу процесін жетілдіру жөнінде шешім қабылдады;

✓ 2002 жылы Оңтүстік Африка Республикасының ірі қалаларының бірі Йоханнесбургте өткен тұрақты даму бойынша жоғарғы деңгейдегі Дүниежүзілік кездесудің Декларациясы мен шешімдерін орындау Жоспарында қайта білім берудің негізгі факторларының бірі ретінде білім беру жүйесінің барлық деңгейіне тұрақты дамыту тұжырымдамасын енгізу қажеттігі атап көрсетілді;

✓ 2005 жылдан бері Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында тұрақты даму мүддесінде білім берудің онжылдығын жариялау ұсынылды және осы бастаманы аймақтық деңгейде таратуда жетекші рөл атқару жұмыстары келісілді [78].

БҰҰ-ның конференциясы барлық елдердің үкіметтерін тұрақты дамудың ұлттық концепцияларын қабылдауға шақырды. Біздің еліміз де бұл үндеуді жылы қабыл алды. Оған Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынған «Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға көшу концепциясы» атты құжаттың бекітілуі дәлел бола алады. Концепция Республиканың экологиялық саясаты оның экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Оған қоса сол кездегі Республика Президенті Н.Ә.Назарбаев БҰҰ Бас Ассамблеясында тұрақты дамуға жетудің түйінді мәселелерін шешудегі еліміздің белсенді қызметін 1992-1998 жылдар аралығындағы ядролық полигонды жабу, ядролық қарудан бас тарту және Арал теңізін сақтап қалуға арналған интеграциялық

процестерді алға тарта отырып баяндама жасады. Ары қарай 2002 жылы 29 желтоқсанда № 1449 қаулымен бекітілген Елдің минералдық-шикізаттық кешені ресурстық базасын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде әскери-сынақ полигондарының аумақтарын кешенді гидрогеологиялық және геоэкологиялық зерттеулер басталды. Одан кейін 2004-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігінің Концепциясы жасалды.

Тұрақты даму мақсаттары - бұл кедейлік пен кедейлікті жоюға, теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы тұруға, жер шарын қорғауға және барлық адамдар үшін бейбітшілік пен гүлденуді қамтамасыз етуге бағытталған әлемде қабылданған мақсаттар. 2030 жылға дейін 17 негізгі бағыттар (Сурет 1.) тандалды, олардың жүзеге асырылуы елді өмірдің барлық негізгі салаларының тұрақты дамуына және осы әлемдегі әрбір адамға қатысты жаһандық мәселелерді шешуге жетелейді. Тұрақты даму мақсаттарын енгізу және оған қол жеткізу процесі БҰҰ өкілдері тарапынан да, Қазақстан Республикасының үкіметі тарапынан үнемі бақыланады. Тұрақты даму мақсаттарына тиімді жету үшін ведомствоаралық және тұрақты дамудың мақсаттық индикаторлары жөніндегі сарапшылар тобы БҰҰ-ға мүше әр мемлекет үшін осы көрсеткіштерді мемлекет меншігіне айналдыру мүмкіндігі бар ғаламдық көрсеткіштер жүйесін жасады. Бүгінгі күні Қазақстанның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу мониторинг жүйесі 280 индикаторды қамтиды, оның 205-і ғаламдық, ал 75-і ұлттық индикаторлар [79].



<https://egov.kz/cms/kk/zur>

Сурет 1. Он жеті тұрақты даму мақсаттары

Жалпы әлемдегі және өз еліміздегі экологиялық дағдарыстардың шиеленісуі, оған қоса, табиғи тепе-теңдікті қалпына келтіруді жедел түрде қолға алу қажеттілігін ескере отырып, көптеген ғалымдар тығырықтан шығудың бірден-бір жолы ретінде экологиялық білім беруді ұсынады. Алайда экологиялық білім беру нәтижесінде қалыптасатын «экологиялық сауаттылық» деңгейінің аса жоғарыламауы экологиялық білім берудің стратегиялары мен мақсаттарын қайта қарастыруды және қайта құруды талап етеді. Мамандар экологиялық білім беру процесі нәтижелі болуы үшін арнайы қауымдастықтар мен ұйымдар құру, жаңа тұжырымдамалық концепциялар ұсыну қажеттілігін алға тартады. Елімізде экологиялық мәселелерді шешу, экологиялық қоғамдастықты нығайту, экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет жүйесін қалыптастыру жұмыстарын ұтымды жүргізу мақсатында Ғылыми-техникалық кеңес құрылды және 90-нан астам экологиялық ұйым мүшелігіне ие «Қазақстанның экологиялық ұйымдары қауымдастығы» жұмыс істейді. Қазақстанның экологиялық ұйымдары экологияны және қоршаған ортаны, жасыл экономиканы, тұрақты даму мақсаттарын жетілдіруге және Париж келісімінің мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған бастамалар мен жобаларды іске

асыру үшін үлкен жұмыстар атқаруда [80]. Еліміздегі экологияға қатысты барлық мәселелер Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі қоршаған ортаны қорғау, метеорологиялық және гидрологиялық мониторинг, «жасыл экономиканы» дамыту, қалдықтармен жұмыс істеу (медициналық, биологиялық және радиоактивті қалдықтарды қоспағанда), табиғи ресурстарды қорғау, олардың ұтымды пайдаланылуын бақылау және қадағалау, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру, орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, басқару процестерін үйлестіру салаларында басқаруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы арқылы шешіледі. Министрліктің келесідегідей ведомстволары бар:

1) Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті;

2) Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті;

3) Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті;

4) Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті [81].

Жалпы күрделенген, шиеленіскен экологиялық мәселелердің басында адамның әлеуметтік және физикалық ортаға бейімделуін зерттейтін «мәдени экология» аймағы тұр. Адамның бейімделуі деп халықтың белгілі бір немесе өзгеретін ортада өмір сүруіне және көбеюіне мүмкіндік беретін биологиялық және мәдени процестер түсініледі. Мәдени экология - бұл адам тобы мен оның қоршаған ортасы арасындағы қатынастарды зерттейтін, сол мәдениеттің өмір сүру тәсілдері мен оны қолдайтын экожүйелердің өзара байланысына бағытталған ағым. Экожүйе адамның биологиялық қалыбын, ұйымын және жүріс-тұрыс, мінез-құлқын тұжырымдамалық түрде біріктіреді. Мұны диахронды, яғни әр түрлі дәуірлерде болған субъектілерді зерттеу немесе синхронды, яғни

қолданыстағы жүйені және оның компоненттерін зерттеу деп екі жақты қарастыруға болады.

Мәдени экология - адам өміріндегі экологиялық өрістің артықшылықтары мен кемшіліктерін қамтитын жеке ғылым. Бұл ғылымның негізін салған американдық антрополог, XX ғасырдың ортасындағы жетекші нео-эволюционистердің бірі, Иллинойс университетінің құрметті профессоры - Джулиан Хайнс Стюард. Ол шаруа ауылдарының әлеуметтік ұйымын зерттеді, Солтүстік американдық шошони (Солтүстік Американың Үнді тобы, қазіргі Оңтүстік - Шығыс Калифорниядан орталық және Шығыс Невада мен Ютаның солтүстік - батысы арқылы Оңтүстік Айдахо мен Батыс Вайомингке дейінгі аумақты алып жатырған халықтар) үндістері мен әртүрлі Оңтүстік американдық үндістер арасында этнографиялық зерттеулер жүргізді және өлкетанудың алғашқы жақтаушыларының бірі болды [82]. Джулиан Стюард мәдени экология парадигмасын жасап, мәдени ядро идеясын енгізді. Ол 1930 жылдары үлкен бассейн шошондарын зерттеп, олардың жаңғақ ағашына қатты тәуелді аңшы-жинаушылар екенін атап өтті. Стюард ағаштар сирек кездесетін жерлерде халықтың тығыздығының төмендігін анықтап, осылайша ресурстық база мен халықтың тығыздығы арасындағы тікелей байланысты көрсетті. Ол сондай-ақ судың болуы мен оны басқаруға қатысты осы байланысты білдіруге қызығушылық танытты. Оның мәдени экология туралы идеяларына Оңтүстік Американың байырғы тұрғындарының зерттеулері де ықпал етті. Ол өндеген анықтамалық екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жарық көрді. Стюард теориялары қазіргі уақытта мәдениетаралық заңдылықтар ұқсас орталардың болуына байланысты болатын нақты және көп сызықты эволюцияның мысалдары ретінде қарастырылады. Стюард қоғамның мәдени экологиясын зерттеудің үш кезеңін анықтады:

(1) оларды алу және өңдеу үшін қолданылатын табиғи ресурстар мен технологияларды сипаттау;

(2) осы өмірді қолдау және экономикалық қызмет үшін әлеуметтік еңбек ұйымының сипаттамасы;

(3) осы екі құбылыстың мәдениеттің басқа аспектілеріне әсерін қадағалау. Джулиан Стюард детерминизм мен

мүмкіндіктің арасында жиі ауытқып отырды. Ол мәдени құбылыстардың заңдарын ашудың салыстырмалы әдісіне қызығушылық танытты [83].

Джуллиан Стюард «мәдени экология» ұғымының, соған сәйкес пәннің пайда болуына жетекшілік етті. Оның пікірінше, табиғат пен адамның өзара әрекеттесуі оның өмір сүру аймағында экологияның пайда болуы мүмкін. Қоғамдастықтар мен дәстүрлі өмір салты арасындағы саяси оқиғалар табиғи ортаға мінез-құлық өзгерістерін тудыруы мүмкін. Стюардтың пікірі бойынша мәдени экология - бұл қоғамның табиғатқа бейімделуі нәтижесінде пайда болатын өзгеріс. Оның пікірін дәлелдеу үшін көптеген зерттеулер жүргізілді. Егер сіз аң аулау, балық аулау немесе мал шаруашылығымен айналысып, киім маталарыңызда жүн қолданып, сүт өнімдерін жасасаңыз, және сіздің аймағыңыздағы климаттық жағдайлар сіздің өмір салтыңызға әсер етсе, сіз мәдени экологияның элементіне айналдыңыз. Сіз оған тұтастай қарауыңыз керек және оны осылай кодтауыңыз керек. Мәдени экология сөзсіз палеолит дәуірінен бастап елді мекендер ретінде таңдалған әр аймақта бар. Бұл табиғаттың адам үшін пайдасының барлығы деп түсінуге де болады [84]. Ғалым мәдениетті қоршаған ортамен бейімделу және қарым-қатынас процесі деп түсінді. Ол эволюциялық процестердің бейімделуді ұстанатындығын анықтауы керек, өйткені бейімделудің өзі үздіксіз жүреді, өйткені ешбір мәдениет қоршаған ортаға абсолютті бейімделуге қол жеткізе алмайды деп есептеді.

Ғалым Джоан Холл «Мәдени экология: бұл не, ол нені зерттейді және зерттеу әдістері» атты мақаласында «Мәдени экология адамдардың мінез-құлқын зерттеуді қамтиды, бұл оның антропологиялық және әлеуметтік ғылым аспектісі, сонымен қатар қоршаған орта сипаттамалары адамның мінез-құлқына қалай ықпал ететіндігін түсінеді, бұл биологиялық ғылымның бөлігі» деп анықтама берді. Табиғаттағы адамның рөлі мен орны туралы алаңдаушылық соңғы ғасырда, әсіресе жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдар шеңберінде арта түсті. Осы себептен адамның қаншалықты табиғаттың ажырамас бөлігі екенін білу өте маңызды болды, оның басқа түрлерден айырмашылығы және оның мәдениетіне қарай қалай

өзгеретіндігі, оның қоршаған ортадағы мәдениеттің дамуы өте маңызды. Бұл мәдени бейімделулер әр түрлі жолмен ұсынылуы мүмкін: құралдар, ресурстарды сақтау және пайдалану, қоршаған ортаны пайдалану кезіндегі сыныптардың басымдығы, тілдегі, наным-сенімдер жүйесіндегі, діндегі көріністер ... Бұл элементтердің барлығы белгілі мәдениеттен экожүйеге бейімделу механизмдері. Мысалы, шөл далада өмір сүретін мәдениетте, өте қымбат және сирек кездесетін тауар ретінде көрінетін суға ерекше қамқорлық жасалуы әбден мүмкін [85]. «Мәдени экология» термині шартты түрде жақында ғылыми айналымға енген жаңаша көзқарасты білдіретін ұғым ретінде танылып отыр. Ұғым отандық ғылыми айналымда аса танымал емес. Алайда ресейлік ғалым-философ, философия және әлеуметтік-саяси зерттеулер институтының маманы Е.Ю. Липецтің айтуынша этностардың өмірі мен тіршілігінің проблемаларын көрсететін қазіргі ғылыми ой және ұлттар барған сайын «мәдени экология» ұғымына жүгінеді. Осы тұста пәндердің аралық сипаты маңызды. Тарих, экология, этнография, география және бүгінгі таңда мәдениеттану мен философия этнос пен экологияның өзара байланысының пәнаралық өрісін бейнелейтін толыққанды көрініс жасауға көмектеседі. Бұл вектор жаңа зерттеулер ретінде саналады, алайда оның қалыптасуы ежелгі дәуірде қаланған. Тарихи-мәдени процестің дамуының әртүрлі кезеңдерінде белгіленген мәселелер шеңберін зерттеуге бағытталған зерттеулер пайда болды. Бастапқыда этникалық экологияның бағыты қалыптасты. Сонымен, ежелгі философтар, тарихшылар қоршаған орта мен этностардың мәдени ерекшеліктерінің байланысын байқады. Бұл бақылаулар біртіндеп географиялық детерминизм идеяларына айналды, уақыт өте келе оларды Ш. Монтескье, Ж. Баден, Ф. Ратцель, Л. Гумилев, П. Сорокин және т. б. сияқты мамандар қорғап, дамыта бастады. Бүгінгі таңда мәдени экология және этникалық экология ұғымдары синоним болып саналады [86, 42 с.].

«Мәдени экология» ұғымының жаңа ғылыми көкжиегі кеңейуде, мұндай қадамдардың барлығы дерлік кең тұрғыда адамның адамшылық болмысынан алшақтамауына әрекет жасау болып табылады. Саналы қазіргі адамның пайда болғанына 300

мың жылдан астам уақыт болды деген ғалымдардың тұжырымына жүгіне отырып осы уақыттың көп бөлігінде олар табиғи ресурстар мен олардың тепе-теңдігіне тікелей байланысты кез келген басқа жануарлар сияқты өмір сүрді деп айта аламыз. Уақыт өте келе, өзінің ақыл-ой қабілеттері мен әлеуметтік ұйымдасу қабілеттерінің арқасында адамзат білім мен технологияны дамытып, жинақтады. Адамзаттың дамуы өрлеген сайын ол өзі өмір сүрген мәңгілік мекені табиғатқа таңдануды тоқтатып, оны билемекке, өзіне бағынышты ету арқылы үстемдікке жетуге ұмтылды. Табиғатты зерттеу нысанына айналдыра отырып адамзат оны пайдалануды заңдастырды, қаржы көзі ретінде қарау көзқарасы қалыптасты. Оның нәтижесі табиғи ресурстарды шамадан тыс пайдалану, оларды ластау, қалпына келтіру жұмыстарының жүргізілмеуі, екінші табиғатқа аса көңіл бөлу, ластаушы заттардың қалдықтары сынды тағы да басқа толып жатқан экологиялық келеңсіздіктер мен дағдарыстардың орын алуына әкеліп соқты. Мұндай жайттар жаһандық теңгерімсіздіктерге, климаттың өзгеруіне, биоәртүрлілердің жоғалуына алып келді.

Осындай келелі мәселелердің салдарымен емес оның себебімен күресу қажеттілігін алға тартқан отандық ғалым-философ, мәдениеттанушы Тұрсын Хафизұлы Ғабитов экологиялық мәдениетті барлық ғылым салаларына енуі керектігін баса айтады. Оның пікірінше «Экологиялық мәдениет білім берудің барлық салаларына енуі қажет және тұрғындардың барлық топтарын қамтуы абзал. Ол қоғамның табиғатпен тепе-теңдік ұстай алу қабілеті ретінде дамуы керек. Экологиялық дағдарысты тек экологиялық мәдениеттің негізінде ғана еңсеруге болады, оның негізгі маңызы адам мен табиғи ортаның бірге үйлесімді дамуы, сондай-ақ қоршаған ортаға тек материалдық ғана емес, сонымен бірге рухани құндылық ретінде қарау» [72, 7 б.].

Соңғы уақыттарда адамзат басынан өткеріп жатқан табиғи апаттардың түпкі себебі өзі екендігін және кейбір экологиялық олқылықтарды қалпына келтіру мүмкін еместігін түсінді. Оған әлемдік деңгейдегі адамзаттың әлеуметтік және саяси алаңдаушылық іс-әрекеттері дәлел бола алады. Әлем бойынша мыңдаған ұйымдар түрлі экологиялық зерттеулер жүргізіп

экологиялық дағдарыстар салдарын азайту үшін технологиялық шешімдер ұсынуда. Технология экологиялық мәселелерді шешу мақсатында расыменде тиімді болуы мүмкін, алайда ол әрқашан біздің мәдени ерік-жігерімізге байланысты жер ресурстарын қарқынды пайдалануға мүмкіндік беретін құрал екені анық. Осы тұста технологияны тек табиғи тепе-теңдіктің пайдасы немесе зияны үшін пайдалану ерік-құқығын негізге ала отырып, этика мен мораль, экологиялық мәдениетке байланысты құрал екенін үнемі ескерген жөн. Сонымен, адамның адамшылық болмысын анықтайтын экологиялық мәдени трансформация тек экологиялық білім беру арқылы ғана болу мүмкіндігі талассыз.

1.5. Этнотолеранттылық - көпмәдениетті білім беру кеңістігінің өзегі

Жаһандану процесі жалпыға бірдей тенденцияға айналған әлем халықтарының өзара тәуелді қатынастар жасауына итермелеген көрінбейтін күш. Жаһандану - әлемдегі экономикалық, әлеуметтік және мәдени трансформациялардың қалыптасқан тенденциясы немесе жаһандану тенденциясы. Бұл бағытты өзгерту мүмкін емес. Себебі ол адамзат тарихының ұзақ цикліне орналастырылған және оны дамудың әртүрлі кезеңдерінен көруге болады. Жаһандану мәдениетаралық байланыстарды кеңейту процесінде де маңызды рөл атқарады, себебі әр түрлі елдердің өкілдері дамудың жаңа бағыттарын еселеу мақсатында «көпмәдениеттілік», «толеранттылық», «мәдени релятивизм» шеңберіндегі әлемдік әртүрлілікті қолдайды. Саяси-экономикалық, мәдени, білім беру кеңістігіндегі барлық салаларда қолданыс тапқан аталмыш ұстанымдар әлемдік мәдениеттің жалпыадамзаттық жетістіктері ретінде дәріптеледі. Осылайша адамзат өркениеті техника мен технология жарысын тоқтатып оның орнына «бөлісу», «қамқор болу» процестеріне аса назар аударады. Оған дәлел жалпыадамзаттық білім беру процесіндегі этномәдени сәйкестіктердің тиімді тетік ретінде жұмыс істеуі және этносаралық қатынастарды үйлестіру құралына айналуы. Педагогикалық процесте көпмәдениетті білім берудің практикалық тұрғыда іске асуы аса маңызды, өйткені оның нәтижесінде әр түрлі әлеуметтік-мәдени құрылымдардың өзара әрекеттесуі жандана түседі.

Әлем бойынша зерттеуші ғалымдар назарының «көпмәдениеттілік», «толеранттылық» және «мәдени релятивизм» сынды ұғымдарға түсуі және оның ғалымдар тарапынан жан-жақты зерттелуі жаһандануға, интегративті процестерге, адамдардың жаппай көші-қонына, мәдениетаралық байланыстардың кеңеюіне тікелей ықпал ете отырып, педагогика, мәдениеттану, саясаттану, лингвистика сынды бірқатар пәндердің жаңа саласына айналуға. Алайда көпмәдениетті білім беру тек аталған пәндер бойынша арнайы мамандардың ғана емес, сонымен бірге қоғамның да назарын өзіне аударады. Өйткені қазір әлемдегі жаһандану, тұлғааралық,

топтық, этикааралық қақтығыстар, әртүрлі дискриминациялық ұлттық құбылыстар, саяси және діни антагонизм және өзге де қатынастардың ширығып тұрған кезі. Бұл аталған немесе аталмаған ұғымдардың кез-келгені дұрыс ұғынылмаған немесе дұрыс түсіндірілмеген жағдайда белгілі бір қоғамға, тіпті әлемге деген өз қауіптілігін тудыруы әбден ықтимал. Сол себепті қазіргі педагогикалық саланың осы бағытын дамыту ғылым мен білім беру практикасы бойынша әлеуметтік өмірді демократияландыру және ізгілендіру процестерін айқындайтын «жетілген қоғам» құруға деген ұмтылысы болып табылады. Жаһандану процесіндегі көп этникалық немесе ассимиляцияға бейімділігі жоғары көпмәдениетті қоғамдар және белгілі бір табиғи немесе жасанды оқиғалардың салдарынан оқыстан пайда болған мигранттардың жаңа мәдениетке бейімделуі «этникалық өзін-өзі тану» процесі ретінде жиі байқалады. Осындай жағдаяттар барысындағы түсініксіздіктер зорлық-зомбылықтың, этносаралық қақтығыстардың пайда болуына әкеледі және ұлтшылдықтың радикалды нұсқаларын туғызады. Осы тұста қоғамның тұтастығын сақтауға қабілетті әлеуметтік-мәдени кеңістікті құратын «көпмәдениеттілік» әлеуметтік-мәдени тенденцияларды қалыптастыру мәселесінде ерекше орынға ие болады. Көпмәдениеттіліктің ерекшелігі әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі ақпараттық технологияларды, әлеуметтік коммуникацияларды, сонымен бірге, жеке адамға құрметпен қарау, жеке адамның территориялық құқығын сақтау, қадір-қасиетін қорғау сынды бірқатар құндылықтардың мәнін ашады.

Жаһандық саяси тенденциялар дамуы қарқындаған сайын әлем халықтарының экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан ауқымды өзгерістерге ұшырауы, сәйкесінше, әртекті ақпараттарға, тауарлар мен қызметтерге қол жеткізе алуы оңтайлана бастайды. Әлемнің кез-келген нүктесінен келесі бір нүктесіне әртүрлі дәрежедегі қарым-қатынастарды жасау үшін қашықтықты қысқарту технологияларына үнемі жетілдіру жұмыстары жүргізіліп келеді. Сол себепті жер планетасында адамдардың жиі қоныс аударуы орын алады. Бұл жағдай қазіргі таңдағы дилемалық көзқарастарға толы көпмәдениеттіліктің тууына әкеліп соқты. Егер қоғамды тұтас бір ағза деп қарастырсақ онда «көпмәдениеттілік» сынды ұғымды қоғамның

әрбір мүшесі түсінуі үшін «жасаушаралық зат» ретінде пайдалану қажеттілігі оянады. Осы қажеттілікті қамтамасыз ету үшін «жасаушаралық зат» ретінде «көпмәдениетті білім беру» таңдалынды. Бұл әлем ғалымдары тарапынан таңдалған дұрыс шешім болды, себебі ағза үшін жасауша қызметі қаншалықты маңызды болса, білім де қоғам үшін соншалықты маңызды болып табылады.

Көпмәдениетті білім беруді жақсы идея, білім беру реформасы қозғалысы және процесі ретінде зерттеп жүрген американдық ағартушы ғалым, әртүрлілікті зерттеу саласы бойынша зерттеулер жүргізіп жүлдегер атанған, Вашингтон университетінің құрметті профессоры және осы оқу орнындағы көпмәдениетті білім беру орталығының негізін қалаушы директоры Джеймс Альберт Бэнкстің пікірінше «Көпмәдениетті білім беру идеясы барлық оқушыларға, соның ішінде әртүрлі нәсілдік, этникалық және әлеуметтік-таптық топтарға тең білім беру мүмкіндіктерін құруға бағытталған. Көпмәдениетті білім беру жалпы мектеп ортасын қоғамдағы және елдегі сыныптардағы әртүрлі мәдениеттер мен топтарды бейнелейтіндей етіп өзгерту арқылы барлық оқушыларға тең білім беру мүмкіндіктерін жасауға тырысады. Көпмәдениетті білім беру - бұл процесс, өйткені оның мақсаты мұғалімдер мен әкімшілер үнемі ұмтып кететін идеалды іс әрекеттер» [87]. Көпмәдениеттілік ұғымы мәнін жан-жақты аша отырып қарастыруға, оның қырларын айқындауға үлкен күш жұмсап жүрген Бэнкстің зерттеулеріне жүгіне отырып оның көпмәдениетті білім беру жүйесінің барлық аспектілерінде оқушыларға әлеуметтік әділеттілік үшін жұмыс істеуге мүмкіндік беретін көзқарастарды, білім мен дағдыларды қалыптастыру сияқты барлық оқушыларға қажетті әлем азаматтарының негізгі дағдыларына басымдық беретін білім деп түсінетінін аңғаруға болады.

Мәдениет пен білім бір-біріне тікелей ықпал ететіндіктен, барлық мәдениеттер білім беруді бағалайды, ал білім беру жүйесі барлық мәдениеттерді бағалайды. Сондықтанда көпмәдениетті білім беру білім беру жүйесіндегі «толеранттылық», яғни төзімділіктің орны ерекше. Әлеуметтік өмірдегі толеранттылық бүкіл адамзат үшін лайықты өмір

құрудағы маңызды кезең болып табылады. Мультимәдениет ұғымы ғылыми айналымға көпмәдениеттілік ұғымына қарағанда он жылдай кеш еңсе де, АҚШ, Канада, Австрия, Германия сынды елдерде саяси мәнге заңдық мәртебеге ие болды. Алайда, осы екі ұғымның тоғысатын бір ядросы бар ол – толеранттылық. Екеуінің де таралымдық, мәндік ұғымы дәл осы толеранттылыққа келіп тіреледі. Дініне, тіліне, ұлты мен мәдениетіне сәйкес адамдарды дискриминацияламай, керісінше, оларға бір тұтас көзқараспен қарау. Әр адам адамазаттың бір өкілі, оны аталған ерекшелігіне қарап белгілі бір қызметтерден шектетеуге немесе оқшаулауға жол жоқ [88].

Толеранттылық - сан алуан ұлт пен ұлысты ұйытып отырған Қазақстан үшін де, әлем халықтары арасын байланыстырушы, біріктіруші құрал қызметі ретінде ұтымды пайдаланылып отырған әлем үшін де аса маңызды. Осы себептенде болар, 1996 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 16 қарашаны «Халықаралық толеранттылық күні» деп жариялап 51/95 қарары қабылдады. Бұл әрекет 1995 жылы 16 қарашада ЮНЕСКО-ға мүше мемлекеттердің толеранттылық принциптері туралы Декларациясын қабылдауынан кейін болды. Басқалармен қатар, декларация толеранттылық немқұрайлылық та емес екенін растайды. Бұл біздің әлем мәдениеттерінің алуан түрлілігін, өзін-өзі көрсету формаларын және адам болу тәсілдерін құрметтеу және тану. Толеранттылық адамның әмбебап құқықтарын және басқалардың негізгі бостандықтарын таниды. Адамдар табиғаты бойынша әр түрлі, тек толеранттылық ғана жер шарының әр аймағында аралас қауымдастықтардың өмір сүруін қамтамасыз ете алады [64]. Еуропада Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы бекіткен «Халықаралық толеранттылық күнінен» басқа «Еуропалық толеранттылық медалі», «Еуропалық толеранттылық күні» және «Төзімділікті ынталандыру және төзімсіздікті басу туралы Еуропалық үлгі заңы» бар. Сонымен қатар, нәсілшілдік пен төзімсіздікке қарсы Еуропалық комиссия (ECRN) құрылды. Сол сияқты, діни және азаматтық бірлестіктер, сондай-ақ бүкіл Әлемдегі мектептер төзімділікті насихаттайды және мәдени және әртүрліліктің басқа түрлерін есепке алу тәсілі ретінде төзімділікке үйретеді [89].

Ресейлік ғалым С.Л.Новолодская өзінің «История и современность поликультурного образования» атты монографиясында көпмәдениетті білім берудің идеялық бастауы халықтың педагогикалық көзқарастары мен тәжірибесін зерделеуден тұрады дей келе Ян Амос Коменскийдің чех халық ауыз әдебиетінің шығармаларын жинағанын, үйде тәрбиелеу тәжірибесін жинақтап «ана мектебі» идеясын алға тартуын, ең бастысы, «Панпедия» (Пампедия), яғни адамдардың ортақтығы, олардың қажеттіліктері мен ұмтылыстары, балалардың өзара міндеттерін орындауы, қоршаған адамдармен тату-тәтті өмір сүруі, сыйлау қабілеттерін қалыптастыруы және жақын адамды сүю туралы көпмәдениетті білім беру идеясы негізделген бағдарламасын [90] алға тартты. Өкінішке орай, педагогика саласының мамандары үшін аса танымал «Аналитикалық дидактика», «Ұлы дидактика» еңбектерінің авторы Коменскийдің «Пансофия» және «Панпедия» деп аталатын әдістемелік идеялары жүзеге аспады, ғылыми термин ретінде ғылыми айналымда қолданылмады, ғалымның өз идеялық тұғырында қалып қойды. Ол жердегі зұлымдықты жою, әлемдегі тыныштықты қалау, жоғары моральға қол жеткізу, жақсылыққа жақын болу, жамандықтан алшақтау, шындықты жақтау, әділдікті қолдау, яғни «бүкіл әлемде жақсы өмірге қол жеткізу» үшін халықтар арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық мақсатында білім беру мен тәрбиелеу, қоғамды түзетуді көкседі. Егер Коменскийдің бұл әдістері қызмет ретінде толыққанды жұмыс істегенде толеранттылық деңгейі қазіргі деңгейінен әлдеқайда жоғары болу ықтималдылығы бар еді.

Осы тұста «толеранттылықты интериоризациялау» ұғымына талдама бере кету қажет. Интериоризация (франц. 'interiorisation' - сырттан ішке, лат. "interior" - ішкі) – бұл, ең алдымен, зерттеу тақырыбына, сыртқы әлеуметтік ассимиляцияға қатысты іс-әрекет, өмірлік тәжірибе беру. Терминді бірінші рет ғылыми айналымға енгізген Л.С.Выготский. Интериоризацияның мәні - әлеуметтік тәжірибе беру, осы тәжірибенің тасымалдаушысымен өзара әрекеттесу. Интериоризация - тұлғаның дамуы мен қалыптасу процесі ретінде қарастырылуы мүмкін және бұл процесс, А.Г. Асмоловтың пікірінше, үшбұрышты және сананың ішкі

жоспарын жеке дуализациялауды, интимизациялауды және өндіруді қамтиды. Бірінші қыры - мәдени дамудың негізгі генетикалық Заңына сәйкес бірлескен қызмет процесі туралы, екінші қыры, «бізден» «менге» ауысуды көрсетеді, үшінші қыры – ішкі жоспар бойынша әрекеттің кезең-кезеңімен ауысуы [91]. Толеранттылықты интериоризациялау өскелең ұрпақтың болашағына алаңдаушылық, сенімсіздік сияқты әлеуметтік мәселелердің пайда болуына жол бермеудің орынды әрекеті болып табылады. Бұл ретте қоғамдық құндылықтарды интериоризациялау жеке тұлғаны бейімдеу мақсатында көрінеді, яғни оның табыстылығы, құндылықтарды түсінуі, қабылдауы арқылы қол жеткізіледі. Толеранттылықты интериоризациялау процесі барысында сыртқы факторлар ішкі факторға айналып бірігеді де, халықтық, ұлттық, нәсілдік құндылықтарға сіңісіп кетеді.

Отандық ғылыми айналымда «Ұлттық толеранттылық» ұғымы еркін жүр. Ғалым С.Борбасов: «Ұлттық толеранттылық бәрімізге ортақ біздің тарихи-мәдени кеңістігіміздегі қоғамды біріктіретін маңызды фактор. Бұл ұлтаралық қатынастарды, саяси тұрақтылықты реттеудің маңызды факторы» [92, 15 б.] деп анықтама берсе, Г.Б.Дайрабаева мен А.Ж.Малдыбек «егер халықтың төзімділігі бақылаудан шығып кетсе, бұл хаосқа, анархияға әкеледі. Керісінше, егер мемлекеттік құрамдас бөліктер ұлттық болса төзімділік рұқсат етілген шекараны бұзбайды, содан кейін олар Қазақстанда тұратын барлық ұлттардың, этностардың біріктіруші факторлары болып саналады» [93, 97 б.] деген пікір білдіреді. Жалпы қазақ тілді мәліметтерде «ұлттық толеранттылық» ұғымы еркін қолданыста.

Ресейлік ғалым Т.П. Днепрова пікірінше «Ұлттық толеранттылық» термині жақында ғана ғылыми әдебиеттерде қолданыла бастады және әлі нақты анықтамасы жоқ. «Отандық білім берудегі ұлттық толеранттылық» құбылысының мәнін және ұлттық толеранттылықты жүзеге асыру мүмкіндігін түсіну үшін тәжірибеде «ұлттық толеранттылық» деген жалпы ұғымды түсіндіруге жүгіну қажет. Ол үшін кейде ғылыми әдебиеттерде анықталатын басқа екі ұғымды осы тұжырымдамамен салыстыру қажет деп санаймыз. Олардың біріншісі –

«этникалық төзімділік» ұғымы, екіншісі - «ұлттаралық толеранттылық». Неліктен бір құбылыстың мәнін білдіретін термин тек прототипке ұқсайтын басқа терминмен ауыстырылған кезде ұғымдарды қате түсіндіру орын алады? Бұл жағдайда ұлттық этникалық толеранттылықты «ауыстыру», яғни оларды сәйкестендіру. Мұны «халық», «этнос», «ұлт» ұғымдарында шатасулардың болуымен түсіндіруге болады. «Этнос» және «ұлт» ұғымдары жиі араласады. Алайда, ғылымда әр түрлі құбылыстарды бір терминмен атау дұрыс емес сияқты, әр түрлі терминдермен бірдей ұғымды білдіру мүмкін емес - бұл олқылықтар мен қателіктерге әкеледі. Олардың артында тұрған ұғымдарды және олар белгілеген шындықтарды ажырату керек. Сонымен, ұлт - бұл атрибут, қоғам, билік және мемлекет мәселелерімен байланысты саяси дискурс. Этносты дәстүрлі түрде этнография мен этнология саяси емес, мәдениеттану ретінде зерттейді. Осы терминдерді ашудың әртүрлі тәсілдерін қарастырып, отандық білім берудегі толеранттылықтың қалыптасу ерекшелігін көрсететін осы құбылыстарды түсінудегі ұстанымымызды анықтауға тырысамыз» [94, 88-89 с.].

Жоғарыда айтылғандай қазақстандық ғылыми айналымдағы «ұлттық толеранттылық» ұғымының еркін таралуына отандық бір топ ғалымның Global Media Journal-ға жарияланған «Tolerance as an ethical indicator of kazakh mentality and traditional culture» атты мақаласындағы тұжырымы негіз бола алады. Онда «Толеранттылық - қазақ менталитетінің көрсеткіштерінің бірі. Мұны мәдениеттен, дәстүрден және өнерден, дүниетаным мен философиядан, рухани күйден көруге болады. Толеранттылық қазақ менталитетінің негізгі белгілерінің бірі болып табылады және қазақ халқының ішкі жай-күйін көрсетеді. Қазақтар үшін толеранттылық - бұл өмір салты және қоғамдағы қарым-қатынас нысаны. Қазақстан әлемдік және дәстүрлі діндердің басты ережесі болып табылатын дінаралық келісім мен пікірталасты көрсетеді. Қазіргі уақытта Қазақстан бейбітшілік пен толеранттылық жағдайында өмір сүретін әлемнің беделді елдерінің бірі болып табылады» [95] делінген.

Қазақ даласына орын тепкен әрбір ұлттың өзіндік тарихы бар, дархан халқымыздың оларды жатсынбай, бір нанды бөліп жеуінің өзі толеранттылық белгісі. Кеңес одағының жетпіс

жылдық саясатының және қазіргі техника мен технологияның дамуының ықпалынан қазақ халқының болмысы мен ойлау жүйесі үлкен өзгерістерге ұшырады. Бүгінгі күні көпмәдениетті білім беру арнайы пән ретінде орта білім беру саласына еңбегенімен отандық ғылымда өзіндік алатын үлкен орны, жүргізілген зерттеулер, қорғалған ғылыми диссертациялар бар. Мысалы, С.С.Аубакированың «Қазақ қоғамындағы толеранттылықтың тарихи-мәдени типтері: кросс-мәдени зерттеулер» атты PhD докторлық диссертациясы негізінде жасалған сауалнама нәтижесі. Сауалнамаға 10-нан астам ұлт өкілдерінен құралған 1000 респондент қатысқан. Өзге ұлт өкілімен бір топта оқуға, жатақханада бірге тұруға, тұрмысқа шығуға қалай қарайсың деген сұрақтарға респонденттердің басым көпшілігі позитивті жауап қайтарған. Басқа ұлт өкілімен доспын деген 77%, елімізде немесе белгілі бір қалада өзге ұлт өкілдерімен бірге тұруға 88%, респонденттер қарсылық білдірмеген. Ең бастысы респонденттер толеранттылық, яғни, әртүрлі ұлт өкілдерінің бір-біріне деген төзімділік және достық қарым-қатынас құруын бала кезден қалыптастырған жөн екендігін алға тартқан [96]. Докторант өз зерттеуінде ұлттық бөлініс, бірін-бірі қабылдамау, құрметтемеу сынды бірқатар көпмәдениеттілік мәселелерінің шешілмегендігін алға тартады. Бұл ел бірілігі мен халық тұтастығының алғышарттары ретінде өте өзекті мәселе. Сол себепті қазақстандықтарға көпмәдениетті білім беру арқылы толеранттылық шекарасын бекітуге болады.

Толеранттылықты тәрбиелеу мемлекеттік және қоғамдық институттардың ортақ ісі, басты идеологиялық бағыт. Тарих табыстырған 130-дай ұлттың ортақ мүддесі болуы үшін орта білім беру саласына көпмәдениетті білім беру бағдарламасын оқыту қажеттілігі туындап отыр. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Мектептегі оқыту процесінің тәрбиелік бағыттылығын дамыту» атты әдістемелік құралында «патриоттық және азаматтық санасы жоғары, адамгершілікті, толерантты, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды меңгерген, салауатты өмір салтымен өмір сүретін, шығармашылық қабілетін жүзеге асыратын көпмәдениетті тұлғаны қалыптастырудың нәтижелі жолының бірі – оқу

процесіндегі тәрбие компонентінің әлеуетін арттыру болып табылады» [97] делінген.

Бір планетаны мекендеген адамзаттың ассимиляциялануы экономикалық дағдарыстар, соғыстар, интернационалды некелер мен отбасылардың болуы, коллонизациялар т.б. себептерге байланысты орын алды. Қайткен күнде де әр ұлт өз бояуын сақтап қалуды мақсат тұта отырып, өзге ұлттармен бірлікте және татулықта өмір сүруді қалайды. Әлемнің көпмәдениеттілікті қолдауы, жастарды толеранттылыққа тәрбиелеудің мәні мен оның мазмұны да осында. Толеранттылықты тәрбиелеу процесі оқу-тәрбие процесін сақтай отырып, көпмәдениетті түсіндіру және оның алуан қырлырына қатысты ой-пікірлер алмасу, сұхбаттасу негізінде жатыр. Қоғамда әр түрлі жағдайда, әр түрлі мерзімде және әр түрлі форматта қарым-қатынасқа түсетін ұлт өкілдері мен олардың көзқарастары және түсінік-пайымы сәйкес келмеген жағдайда өзін-өзі бақылау, ұстамдылық, төзімділік, дәрменсіздік, менмендік, сабырлық, сыпайылық т.б. шыдамдылық механизмдері шекарасын белгілеп, сол аралықта өзін лайықты ұстау. Толеранттылықты тәрбиелеу ұзақ процесс, себебі толеранттылық - жеке тұлғаның қасиеті [88, 91 б.].

«Қазақстанның рухани мәдениеті. Толеранттылық» атты энциклопедияда «толеранттылық» ұғымына мынандай анықтама берілген: «Толеранттылық (ағылш. tolerance – төзімділік, көнбістік) – басқа ойға, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-әрекетке, әдет-ғұрыпқа, сезім-күйге, идеяларға төзімділік, жұмсақтық көрсете білу қасиеті. Толеранттылық құқығы мен бостандығы, плюреализммен қатар негізгі демократиялық принциптердің бірі болып есептеледі. Толеранттылық – қоғамның жалпы және саяси мәдениеті деңгейінің көрсеткіші. Саяси төзімділік (толеранттылық) деп өзгеше көзқарасқа жол беруден тайынбайтын белгілі бір саяси күштердің тұғырын түсіну керек. Егер бұл күштер билік басында болса, саяси төзімділік барынша кең түсінілетін конституциялық шеңберде оппозицияның қызметіне жол беру саясатынан көрніс табады. Жеке тұлғаға келетін болсақ, саяси төзімділік терминін саяси қарсыластар пікіріне құлақ асуға дайын болуды, оларды логикалық дәлелдеу арқылы өз жағына тартуға тырысуды білдіреді. Толеранттылық

тек саяси ұстаным ғана емес, оның діни, этикалық, мәдениеттанулық және тағы да басқа қырлары бар. Құрандағы 109-сүреде былай делінеді: «мен сіздердің табынатындарыңызға табынбаймын ғой, сіздер де менің табынатыныма табынбайсыздыр. Сіздерге – өзіңіздің дініңіз, маған болса – өз дінім». Бұл жолдарда төзімділіктің негізгі қағидасы анық әрі дәл тұжырымдалған [98, 283 б.].

Толеранттылық ұғымының тұрмыстық тілге де еніп негізге ала отырып оның қызметі толықтай атқарылып жатыр деп түсіну қиын. Толеранттылықты түсіну процесін трансформациялық тәсіл ретінде қарастыра болсақ, этникалық және мәдени топтар туралы материалдардың биресми көздерден таралуы, орта және жоғары білім беру мекемелеріндегі көпмәдениетті білім беру бағытына сәйкес арнайы пәндердің болмауы, арнайы оқыту жүйесінің болмауы немесе жүйеленбеуі толеранттылық тәжірибесінің, құндылықтары мен көзқарастарының толыққанды бейнеленбеуіне ықпал етеді. Адамның өзін-өзі түсінуі қаншалықты қиын болса, оның өз ұлтын түсінуі де соншалықты қиын. Этнотолеранттылық осы қиындықты еңсеруге немесе көмектесуге аса тиімді ортақ мұра мен дәстүр.

Этнотолеранттылықты ұғыну дегеніміз - әрбір адамның әртүрлі ұлттармен бірге қоғамда өмір сүруін ұлттық мемлекеттің барлық азаматтарының ұлтты біріктіретін көптеген мәдени дәстүрлер, құндылықтар мен саяси мұраттар ортақ екенін түсінуге көмектесуі. Көпмәдениетті білім беру «*pluribus unum*» идеясын өзектендіруге, яғни демократиялық құндылықтар шеңберінде біріктірілген әр түрлі халықтарының мәдениеттерін мойындайтын және құрметтейтін қоғам құруға тырысатындығымен ерекшеленеді, яғни көпмәдениетті білім берудің өзегі латынның «*E pluribus unum*» идеясымен астасады, толығырақ айтқанда әр адам бөлісе алатын демократиялық құндылықтар аясында біріктірілген және өзінің, сондай-ақ әртүрлі халықтар мәдениетін мойындайтын және құрметтейтін қоғам құру. «*E pluribus unum*» — латыншадан тікелей аударғанда білдіру, «көптен – біреу» немесе «көп ішіндегі жалғыз» деген мағынаға саяды. Бұл атаудың АҚШ пен тығыз байланысы бар. Американдық өмірдің үш сыни онжылдығында:

1770, 1850 және 1920 жылдары «The E Pluribus Unum», «көптің бірін» жасауға тырысқысы келетін студенттерді, мұғалімдерді және басқа зерттеушілерді пайдалануға арналған арнайы жоба жасалды. «E Pluribus Unum» жобасы гуманитарлық ғылымдар Ұлттық қорының гранты есебінен қаржыландырылады. Оны Успенск колледжінің тарих профессоры, доктор Джон Мак Клаймер басқарады. Оған қоса, 1776 жылы Джон Адамс, Бенджамин Франклин және Томас Джефферсон Америка Құрама штаттарының алғашқы үлкен мөріне «E Pluribus Unum» атты ұранды ұсынды. Латынша жазылған бұл фраза америкалық біртұтас ұлт құруға деген негізгі шешімге айналды. Осы жылдар ішінде «E Pluribus Unum» Американың шығу тегі мен сенімі әртүрлі адамдардан біртұтас ұлт құруға деген батыл әрекетін еске түсірді. Әртүрлілікті құрметтеу кезінде бірлікті іздеу міндеті Америка тарихын, әдебиетін және ұлттық мінез қалыптастыруда шешуші рөл атқарды [99, 18-19 бб.]. Бүгінгі таңда батыстық ақын Сабыр Адайдың өлеңдерінен алынған «Әр қазақ менің жалғызым!», «Жүрегімде әр қазаққа орын бар!» деген сөз тіркестері халық арасында көп таралған. Американдықтар үшін ұранға айналған «E Pluribus Unum» сөзімен бара бар «Әр қазақ менің жалғызым!» сөзі ресми бекімеген халықтық ұранға айналып отыр. Бұл сөз үлкен мінбелерде де, тұрмыстық тілде де, әннің атауларында да кездеседі. Мұндай көрністер этнотолеранттылық ұғымының немесе этникалық толеранттылықтың мақсаты мен аспектілерін, өлшемін, көріну формаларын, мазмұндық бірігуін, ол туралы білімді құру және түрлендіру, тарату жұмыстарын жүйелеуді, жеке, әлеуметтік және азаматтық әрекеттерді зерттеуді қажет етеді.

«Этникалық толеранттылық» ұғымы этнологтардың еңбектерінде басқа халықтардың мәдениеттеріне «құрмет» қатынасы ретінде түсіндіріледі, сонымен бірге басқа халықтардың істеріне «араласпау», «қабылдауға дайын болу» ретінде және олармен келісім негізінде өзара әрекеттесу [100, 21 с.] болып табылады. Этнотолеранттылық бағытында зерттеулер жүргізіп жүрген ғалым Е.А.Окладникова пікірінше философтар этникалық толеранттылықтың әлеуметтік құбылыс және мінез-

құлық тәжірибесі, сондай-ақ онымен байланысты дүниетаным ретінде көрінудің бірнеше формаларын атап өткен:

1. Белсенді, байланыстарға ашықтық;
2. Пассивті, өз этникалық тобының өкілдерімен басқаларға оң көзқарасты сақтай отырып қарым-қатынас жасау;
3. Селективті, этносаралық байланыстардың шектеулі сипатта болуы;
4. Мәжбүрлі, жағдайлардың қысымымен өзара іс-қимылдың іскерлік сипаты.

Қазіргі философиялық теория тұрғысынан этникалық төзімділік әлеуметтік төзімділіктің төрт деңгейінің бірі. Әлеуметтік қатынастардағы этникалық төзімділік өркениеттік, мемлекетаралық және жеке тұлғамен қатар өмір сүреді. Өркениеттік деңгейде толеранттылық әртүрлі мәдени әлемдердің өзара әрекеттесу сәтіндегі зорлық-зомбылықсыз байланысты болжайды. Өркениеттер арасындағы мұндай байланыс әртүрлі мәдениеттердің шығармашылық дамуына ықпал етеді. Мемлекетаралық деңгейде толеранттылық мемлекеттердің экономикалық даму сипатына, этникалық немесе діни қатыстылығына қарамастан, олардың ынтымақтастығы мен бейбіт қатар өмір сүруінің шарты ретінде түсініледі. Этносаралық деңгейде толеранттылық көпұлтты қоғамдардағы қарым-қатынастардың үйлесімділігіне қол жеткізу тәсілі ретінде түсініледі, өйткені әлемдегі барлық нәрсе оның қарама-қайшылықтарына негізделген (К.Ясперс) және кез-келген айырмашылықтар айтарлықтай ұқсастықтарды жасырады. Негізінде толеранттылықты мұндай түсіну адамдардың өз іс-әрекеттері үшін жеке және топтық жауапкершілігі және адамдардың әмбебап құқықтары мен бостандықтарын тану идеясы [101, 79 с.] болып табылады.

Этнотолеранттылық толеранттылыққа қарағанда күрделі, яғни жекеден жалпыға өтуі. Әрбір мемлекет өз азаматтары ретінде әрүрлі ұлттар мен ұлыстарды біріктіріп отырған шақта оны түсіну маңыздылығы арта түседі. Зерттеуші ғалымдардың бірі Г.В.Палаткина өз диссертациясында этнотолеранттылықтың бірқатар сипатын атап көрсетеді:

- 1) өзара әрекеттесетін адамдардың тілдеріне құрметпен қарау; сөйлеуде қателіктер жіберген кезде ренжітетін

ескертулердің болмауы; басқа тілден кейбір сөздерді үйренуге тырысу;

2) жаман халықтар жоқ екенін нақты көрсету және түсіндіре білу, тек жаман адамдар болуы мүмкін;

3) өзара іс-қимыл жасайтындардың бір-біріне деген нәзік қарым-қатынасымен, мұнда әркім екіншісінің тілектерін тыңдайды, өз пікірін білдіре алады; «қуғын-сүргіннің» болмауы;

4) өзінің және басқа да ұлттық мәдениеттерді зерделеуге ұмтылу және нақты уәждеме беру; күнделікті өмірде өзінің және басқа біреудің мәдениетінің элементтерін пайдалану; әртүрлі ұлттардың мерекелеріне қатысуға ниет білдіру;

5) басудың (зорлық-зомбылықтың) кез келген түрінің болмауымен; кез келген жағынан екпесіз өз әдет-ғұрыптары мен сенімдерін түсіндіруге мүмкіндік беру (егер қаласа);

6) азшылық пен көпшілік арасындағы қарым-қатынас барлық өзара әрекеттесушілердің барлық істерге қатысуымен сипатталады [102, 214-215 с.]. Палаткинаның этнолеранттылық сипатына діни, саяси және мәдени аспектілерді қосып толықтыруға болады. Келесі зерттеуші ғалымдардың бірі Б.Б. Даумова Қазақстандағы этникалық толеранттылықтың жай-жаспарын баяндай келе, мынандай қорытындыға келеді.

Этномәдени құзыреттілікті қалыптастырудың тиімділігі келесі ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттармен анықталады:

- жүйелі ұйымдастыру және оқу процесінің интеграцияланған сипаты;

- мазмұнды, белсенді және жеке компоненттердің бірлігі, олардың үйлесімді қатынасы;

- білім беру процесінде оқушылардың субъективті ұстанымын қамтамасыз ету (субъективті өзара әрекеттесу субъектісін ұйымдастыру, өзін-өзі анықтау кеңістігін кеңейту);

- білім беруді гуманитаризациялау (білім беру процесін әр түрлі гуманитарлық техникамен, заманауи психологиялық-педагогикалық идеялармен қанықтыру);

- білім беруді әдіснамалау (білімнің өзгеруінің жоғары қарқыны және оқу процесінің мазмұнындағы ұйымдастырушылық динамика).

Осылайша, этнотолерантты құзыреттілік норма мен дәстүр ретінде көпмәдениетті әлемнің өмір сүруін және дамуын қамтамасыз етеді. Тек этнотолерантты мемлекетте ғана әр адамның өзі, өз этносының өкілі болу құқығын бұзбай өмір сүруге болады [103, 62 с.]. Автор пікірі қолдауға тұрарлық, себебі тыныштық пен бейбітшіліктің, жайлылық пен үйлесімділіктің мәні орасан, ал оны түсіну және сақтау қалыпты өмір сүрудің кепіліне айналғаны анық. Қазір әрбір мемлекет этнотолерантты болуға мүдделі, адамзаттың дамуы мен өркениеттер иірімі өзінен-өзі осы жағдаятқа алып келіп отыр.

Толеранттылық мәдени, этникалық, діни және саяси тұрғыдан қазіргі алуан түрлі қоғамдағы маңызды негізгі элемент болып саналады. Әр түрлі эмпирикалық дәлелдер толеранттылық әлеуметтік тұрақтылық пен үйлесімділікке оң ықпал ететіндігін растады. Осы тұста саясаттанушылар мен этнологтар алдында этникалық төзімділік пен саяси төзімділіктің ара жігін ажырата отырып зерттеу мәселесі өткірлене түседі. Халықтың этникалық және саяси төзімділігіне сай жүріс-тұрыс, мінез-құлқын зерттеу мәселелері де бой көтереді. Мұндай өткір мәселелерді түсіндіретін механизмдер мен модельдер этнотолеранттылық маңыздылығын түсінуге жаңа жол ашуы мүмкін.

«МӘДЕНИ ДИПЛОМАТИЯ» ТАРАУЫ БОЙЫНША ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жамалов Қ. Әлемдік өркениет іздері: Ежелгі Шығыс / Қалас Жамалов. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2015. – 360 бет.
2. Мырзалы С. Философия. Толықтырылып, түзетіліп шығарылған басылым / С.Мырзалы – Алматы: «Бастау» баспасы, 2017. – 648 б.
3. Қазіргі Қазақстанның рухани жаңғыруындағы қазақ философиясының рөлі мен маңызы. Ұжымдық монография. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану Институты, 2020. – 341 б.
4. Жанабаева Д.М. Қазақ мәдениетіндегі дәстүр мен жаңашылдық мәселесі: Монография / Жанабаева Д.М. – Жалпы ред. З.К. Шәукенова, С.Е. Нұрмұратов. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2016. – 212 б
5. Әліпбаев А.Р. Дипломатия тарихы: дәрістер жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 148 б.
6. Barghoorn F.C. The Soviet Cultural Offensive. The role of Cultural Diplomacy in Soviet Foreign Policy. Princeton, 1960. P. 353
7. Төлеуова К.Ш. Мәдени дипломатия мемлекеттің «жұмсақ күші» ретінде // Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет. Халықаралық ғылыми-талдау журналы. № 1 (60), 2017. - 47-55 бб.
8. Nye Joseph Jr. Propaganda Isn't the Way: Soft Power // The International Tribune. January 10, 2003. P. 17.
9. Радиков И., Лексютин Я. «Мягкая сила» как современный атрибут великой державы // Мировая экономика и международные отношения, 2012, № 2, с. 19–26. DOI:10.20542/0131-2227-2012-2-19-26
10. Nye J., Wang Jisi. The Rise of China's Soft Power and its Implications for the U.S. / Power and Restraint: a Shared Vision for the U.S. – China Relationship. Eds. R. Rosecrance, Gu Guoliang. N.Y., 2009. P. 23–24.
11. Райнерт, Э.С. Как богатые страны стали богатыми, и почему бедные страны остаются бедными [Текст]/ пер. с англ. Н. Автономовой; под ред. В. Автономова; Гос. ун-т—Высшая

школа экономики.—М.: Изд. дом Гос. ун-та—Высшей школы экономики, 2011.—384 с.—(Экономическая теория).—1000 экз.—ISBN 978-5-7598-0816-9 (в пер.).

12.Цвык Г.И. Культурная дипломатия в современных международных отношениях (на примере России и Китая) // Вестник РУДН. Серия: всеобщая история. 2018. Т. 10. № 2. С. 135–144. DOI: 10.22363/2312-8127-2018-10-2-135-144.

13.Тома А. Ю. Мягкая сила США как инструмент внешнеполитического влияния на союзное государство // Актуальные проблемы международных отношений и глобального развития. Минск, 2021. Вып. 9. С. 263–275. <https://doi.org/10.33581/2311-9470-2021-9-263-275>

14.Полякова А.А. «Мягкая сила» в контексте внешней политики США: концептуально-теоретические аспекты // Вестник РГГУ. Серия: Политология. История. Международные отношения. 2015 – 91-102 с.

15.Альпеисов А., Тулешова Л., Абдезимова С. Основные механизмы культурной дипломатии США в Казахстане // CONCORDE, 2018, N 5. - 59-65 с.

16.Бокерия С.А., Данилов В.В. Особенности культурной дипломатии Италии на современном этапе // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Международные отношения. 2019. Т. 19. № 4. С. 643—653. DOI: 10.22363/2313-0660-2019-19-4-643-653

17.Малухина Т. Ю. Инструменты культурной дипломатии современной Италии / Т. Ю. Малухина // Сборник материалов всероссийской молодежной научной конференции «Гуманитарная дипломатия: личность, социум и мир» (Екатеринбург, 20-21 апреля 2018 г.). - Екатеринбург: Издательство Уральского университета, 2018. – С. 203-209.

18.Ширин С.С. Фактор культуры во внешней политике Великобритании и Германии // Современные проблемы межкультурных коммуникаций. СПб., 2005. С.197-204.

19.Краева Д.С. Культурная дипломатия России и Великобритании: компаративный анализ // Сборник материалов всероссийской молодежной научной конференции «Гуманитарная дипломатия: личность, социум и мир» 2018.

Екатеринбург: Издательство Уральского университета, 2018. – С. 199 -203.

20.Мухаметов Р.С. Культурная дипломатия КНР: институты, инструменты и проблемы // Исследование глобальных процессов. 2019. – 150-157 с.

21.Александров А.А. Международное сотрудничество в сфере культурного наследия: учебное пособие / Отв. ред. проф. В. И. Уколова. М.: Проспект, 2009. – 176 с.

22.Сейдін Н. Қазақстанның сыртқы саяси жетістіктері. Қазақ әдебиеті газеті. 18.11.2016.

23.Далелхан А. Қазақ-Қытай қарым-қатынастарының стратегиялық басым бағыттары // Мемлекеттік басқару және қызметі. 2016. -81-88 бб.

24.Тасилова А.А. Әлемдік коммуникация желісіндегі қоғамдық дипломатия. 6D050400 – Журналистика бағыты бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2019. – 141 б.

25.Cultural diplomacy as discipline and practice: concepts, training, and skills. 2016. Report prepared under the Partnership Agreement between the University of Siena, Department of Social, Political and Cognitive Sciences, and the European Union National Institutes for Culture / EUNIC Global under the framework of Crossroads for Culture: Enhancing EU Member states transnational and international cooperation, Working Package 1 – Culture Policy Dialogue and Research.

26.Бари Генрих Антон де. «Мегаэнциклопедия Кириллa и Мефодия» megabook.ru. <https://megabook.ru/article/>

27.Захаров И. А. 100 лет теории симбиогенеза // Экологическая генетика. том VIII. №2 2010. -66-70 с.

28.Маргелис Л., 1983. Роль симбиоза в эволюции клетки. М.: Изд. Мир. 352 с.

29.Alain Caillé Laisser. Symbiosis and planetary philosophy. 2022. <https://convivialisme.org/2022/06/24/symbiosis-planetary-philo/>

30.Мурзагулова М.Д. Ынтымақтастық педагогикасының студенттердің тұлғалық дамуындағы рөлі // ҚазҰУ Хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. №3(60). 2019. DOI: 10.26577/JES-2019-3-p10

31.Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет.

32.Мансуров Т. Қазақстан және Ресей. - Алматы: Қазақстан, 1999. - 344 б.

33.Анасова А.Б., Қазымбекова Т.Н. Б. Сыртановтың «Ынтымақ Ережесі» және ел басқару мәселесі // Вестник КГПИ. Теориялық және сараптамалық шолу-зерттеулер. 2015. №2. -12-17 бб.

34.Өзбекұлы С. Барлыбек Сыртанов. - Алматы: Жеті жарғы, 1996. - 109 б.

35.Нұрадин Г.Б. Мәдениет философиясы: Оқу құралы. Астана, 2010. 90 б.

36.Каган М.С., Перова Ю.В., Прозерский В.В., Юровская Э.П. Философия культуры. Стоновление и развитие. – Санкт-Петербург: Лань, 1998. – 448 с.

37.Mechanical and organic solidarity. Encyclopedia Britannica. <https://www.britannica.com>.

38.Clarke, Michael, “Durkheim’s Sociology of Law,” British Journal of Law and Society, Vol.3, Issue 2, Winter 1976, s. 246-255.

39.Crossman Ashley. Understanding Durkheim's Division of Labor. 2019. <https://www.thoughtco.com/>

40.Mustafa Emirbayer, Ira J. Cohen. Emile Durkheim: Sociologist of Modernity. 2004. DOI:10.1002/9780470756133

41.UKEssays. (November 2018). Durkheims notion of movement from mechanical to organic. Retrieved from <https://www.ukessays.com/>

42.Horowitz, M. J. (1982). Stress response syndromes and their treatment. In L. Goldberger, & S. Breznitz (Eds.), Handbook of stress: Theoretical and clinical aspects (pp. 711-732). New York: Free Press.

43.Попов А. С. – «Необыкновенная жизнь в науке» Роберта Мертона // Известия ПГПУ им. В. Г. Белинского. 2011. № 24. С. 49–54.

44.Jennifer Laird. <https://csde.washington.edu/>

45.S. Barry Barnes. <https://us.sagepub.com/>

46. Barry Barnes. Durkheim's Philosophy of Science and the Sociology of Knowledge: Creating an Intellectual Niche. Warren Schmaus. 1996. <https://doi.org/10.1086/357697>

47. Jalali-Rabbani Martha. Solidarity in the Age of Globalization: Approaches from the Philosophy for Peace. 2019. DOI: [10.29101/crcs.v27i0.12439](https://doi.org/10.29101/crcs.v27i0.12439)

48. Martínez Guzmán, Vicent (2001), *Filosofía para hacer las paces*, España: Icaria.

49. The Idea of Solidarity: Philosophical and Social Contexts. 2011. General Editor George F. McLean. 215 p. <https://www.crvp.org/publications/Series-IVA/IVA-42.pdf>

50. Нысанбек Ү.М., Ержанова А.Ж. Қазіргі әлемдегі келісім мәселесі: семантикалық және әлеуметтік-мәдени контекстер // Культура и ценности общества в условиях обновления современного Казахстана: сборник материалов республиканской научно-практической конференции. (Қазіргі Қазақстанның жаңғыртылуы жағдайындағы қоғамның мәдениеті мен құндылықтары: республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы). – Алматы: ИФПР КН МНВО РК, 2022. – 320 с

51. Cooperative Principles. UNIVERSITY of WISCONSIN–MADISON. <https://uwcc.wisc.edu/about-co-ops/cooperative-principles/>

52. Нұрмұратов С.Е., Ошақбаева Ж.Б. Жаһандану заманындағы рухани мәдениеттің өзекті мәселелері // Актуальные проблемы развития Независимого Казахстана в процессе его трансформации: Материалы международной научно-практической конференции, посвященный 75-летию доктора философских наук, профессора Булекбаева С.Б. – Алматы, КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2021. – 312 стр.

53. Жаңабаева Д.М., Нүсіпова Г.И. Ұлттық-мәдени бірегейлік – заманауи қоғамның маңызды мәселесі ретінде // Қазіргі Қазақстанның жаңғыртылуы жағдайындағы қоғамның мәдениеті мен құндылықтары: республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы. – Алматы, 2022. – 320 б.

54. Алтаев Ж.А., Ғабитов Т.Х. Ғылым тарихы мен философиясы / Құрастырушы – Алтаев Ж.А.: ЖОО-ның

магистранттары және аспиранттарына арналған оқулық. – Алматы: Раритет, 2007 – 320 с.

55.Хесс Р. Философияның таңдаулы 25 кітабы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 360 б

56.Мырзалы С. М 91 Философия. Толықтырылып, түзетіліп шығарылған басылым / С.Мырзалы – Алматы: «Бастау» баспасы, 2017. – 648 б.

57.Петрова В.Ф., Хасанов М.Ш., Джаамбаева Б.А. Философия. Оқулық. Алматы, 2011. – 291 б.

58. See Tamar Frankel, The Rise of Fiduciary Law, Harv. L. Sch. F. on Corp. Governance (Sept. 10, 2018), <https://corpgov>.

59. See Barbara Bennett Woodhouse, “Who Owns the Child?”: Meyer and Pierce and the Child as Property, 33 Wm. & Mary L. Rev. 995, 1037 (1992)

60.«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы. <https://adilet.zan.kz/>

61. Maxkamova N.U. The role of legal culture in the development of modern society. Eurasian Journal of Humanities and Social Sciences. Volume 5| February, 2022. -14-18 p.

62. Нұрадин Г.Б. Мемлекет пен азаматтық қоғамның өркениеттік ара қатынасы хақында // Философиялық альманах. "Қазіргі заман: пікірлер әлемі". - Алматы - 2006. – № 1. – 86-93 бб. <http://www.kaznpu.kz>

63. Яковлев А.А. Государство и общество – М., 1996.

64. Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми сайты. <https://www.un.org/>

65. Гэ Я., Силланпаа М., Тхакур В.К. Анализ влияния западной философии на развитие китайской теории философии окружающей среды и ее будущее направление. «Hindawi» Журнал экологического и общественного здравоохранения. 2022. <https://doi.org/10.1155/2022/1216866>

66. Ерохин А. М. Религиозное сознание в контексте общественных отношений // Гуманитарные и социально-экономические науки. - 2015. - №2(81). - С. 18-22.

67. Бакланова О.А. Бакланов И.С. Современная российская социальность в контексте социального конструкционизма // Вопросы социальной теории. - 2015. - Т. 7. - № 1-2. - С. 168-177.

68. Колосова О.Ю. Социально-философский анализ экологической культуры // Экономические и гуманитарные исследования регионов № 1 2019. – 123-127 с.

69. Гегель Г. В. Ф. Энциклопедия философских наук. Т. 1. Наука логики. - М.: Мысль, 1974. - 452 с.

70. Швейцер А. Культура и этика. Перевод Н.А.Захарченко и Г.В.Колшанского. Общая редакция и предисловие проф. В.А.Карпушина - М.: Прогресс, 1973. - 336 с.

71. Ғабитов Т.Х. Экологиялық мәдениет [Электрондық ресурс]: оқу құралы / Т. Х. Ғабитов; ҚР Білім және Ғылым министрлігі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2012. - 67 б.

72. Субханбердина Ү., Дәуітов С., Сахов К. Қазақ газетінің жинағы. - Алматы, 1998. - 246 б.

73. Лобейко Ю.А., Говердовская Е.В. Психолого-педагогический аспект развития личности студента-спортсмена в контексте современных социальных условий // Современные наукоемкие технологии. - 2016. - № 4-1. - С. 143-147.

74. Уильям Грэм Самнер. «Вызов фактов и другие очерки», под редакцией Альберта Галлоуэя Келлера (Нью-Хейвен: издательство Йельского университета, 1914).

75. Georges Olivier (1992), *Sinh thái nhân văn* (Human Ecology), World Publisher, Hanoi.

76. Дуонг Тхи Хыонг-, Нго Тхи Тан Хуонг. Экологическая культура и образовательная проблема экологической культуры – мотивация человеческого развития. Американский журнал образовательных исследований. 2018 г. 6(6), 694-702. DOI: 10.12691/образование-6-6-17.

77. Болон процесі тарихы. https://enic-kazakhstan.edu.kz/bologna_process/history

78. БҰҰ ЕЭК-ның Тұрақты даму мүддесінде білім беру саласындағы стратегиясының жобасы. Қосымша. Мәселенің тарихы. <https://unece.org/>

79. Қазақстан Республикасындағы тұрақты даму мақсаттары. <https://egov.kz/cms/kk/zur>

80. Экологиялық ұйымдар Қазақстанның тұрақты дамуына елеулі үлес қосады. <https://ortcom.kz/kk/>

81.Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі <https://www.gov.kz/>

82.Джулиан Стюард. Американский антрополог. Британская энциклопедия. Последнее обновление: 2.02.2023 <https://www.britannica.com/>

83.Панахьо М., Макграт С. Экологическая антропология. Университет Алабама. <https://anthropology.ua.edu/>.

84.Мәдени экология. <https://www.ekoloji.com/kk>

85.Joan Hall. «Мәдени экология: бұл не, ол нені зерттейді және зерттеу әдістері». <https://kk.warbletoncouncil.org/ecologia-cultural>

86.Липец Е.Ю. Культурная экология: современные аспекты исследования этнической культуры // Научная мысль Кавказа. № 4. 2017. - 42-46 с.

87.Banks, J. A. (1995a). Multicultural Education: Historical Development, Dimensions, and Practice. In J. A. Banks & C. A. M. Banks (Eds.). Handbook of Research on Multicultural Education (pp. 3-24). New York: Macmillan.

88.Нұрадин Г.Б., Игисинова Ж.Қ. Толеранттылық принципі ретіндегі көпмәдениетті білім беру. Dumaty University Хабаршысы. 2021. №2. – 81-92 бб.

89.Maykel Verkuyten, Rachel Kollar. Tolerance and intolerance: Cultural meanings and discursive usage. Culture & Psychology. <https://doi.org/10.1177/1354067X2098435>

90.Новолодская С.Л. История и современность поликультурного образования. Монография. Чита: ЗИП СибУПК, 2015. – 122 с.

91.Хиль И.М. Роль интериоризации в процессе формирования правового сознания молодежи. <https://doi.org/10.24158/tipor.2018.6.17>

92.Борбасов С.А. Қазақ ұлтшылдығының мақсаты: ұлттық эгоизмге жол бермей, ұлт қалыптастыру //Ақиқат, №5. - 2014. - 14-19 бб.

93.Дайрабаева Г.Б.мен Малдыбек А.Ж. Формирование толерантной молодежи как одно из важных условий интеграционного процесса. Ахмет Ясауи университетінің Хабаршысы, №2, 2016. -94-102 с.

94.Днепров Т.П. Педагогический анализ понятий «национальная толерантность», «этническая толерантность» и «межнациональная толерантность». Педагогическое образование в России. 2010. № 2. – 88- 98 с.

95.Aubakirova SS, Akhmetova GG, Kudysheva AA, Ismagambetova ZN, Karabayeva AG. Tolerance as an Ethical Indicator of Kazakh Mentality and Traditional Culture. Global Media Journal.

96.Аубакирова, С.С. «Қазақ қоғамындағы толеранттылықтың тарихимәдени типтері: кросс-мәдени зерттеулер».[Мәтін]:дис.6D020400 – Мәдениеттану. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация / Аубакирова Салтанат Советовна. – Алматы, 2016. – 153 б.– Библиогр.: 153 б.

97.Мектептегі оқыту процесінің тәрбиелік бағыттылығын дамыту. Әдістемелік құрал. Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 81 б.

98.Қазақстанның рухани мәдениеті. Толеранттылық. Энциклопедия / әл-Фараби атын. ҚазҰУ; [құраст. Т. Ғабитов және т. б.]. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2014. - 318 б.

99.Нұрадин Г.Б., Дуйсенова Н.Т. Көпмәдениетті білім беру пән ретінде. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: ЖШС Лантар Трейд, 2021. -123 б.

100.Тишков В.А. О Толерантности // Толерантность, взаимопонимание и согласие: материалы междунар. конф. Якутск, июнь 1995 г. / отв. ред. В.А.Тишков. М.: ИЭА РАН, 1997. С. 17-22. 2.

101.Окладникова Е.А. Качественное социологическое исследование этнотолерантной ментальности населения Приневского края. Дискурс. № 3. 2017. -78-91 с.

102.Палаткина Г.В. Этнопедагогические факторы мультикультурного образования: Дис. ...д-ра пед. наук. - М., 2003. – 403 с.

103.Даумова Б.Б. Этнотолерантность как основа гражданского поведения личности. Гуманизация образования. № 7. 2010. -58-62 с.

2.1. Философиялық мәдениет – әлеуметтік-мәдени элементтер өзгерісі	122-145
2.2. Мәдени сабақтастық және интеграция	146-173
2.3. Жаңа жаһандық контекстегі «мәдени тану» мен «мәдени иемдену» мәселелерінің ара қатынасы	174-184
2.4. «Бұқаралық мәдениет» пен «танымал мәдениет» ұғымдарының философиялық өлшемі	185-197
2.5. Мәдени бірегейлік процесіндегі әлеуметтік-философиялық ұстаным.....	198-210
«Мәдени бірегейлік» тарауы бойынша пайдаланылған әдебиеттер тізімі	211-218
Қорытынды	219-222

2.1. Философиялық мәдениет – әлеуметтік-мәдени элементтер өзгерісі

Мәдениеттану тарихы адам баласы өмірінің мәні, өмірге келгендегі миссиясы, дүниетанымы мен дүниегекөзқарасы туралы философия сынды алғашқы ғылымның алғышарты ретінде қалыптасқандықтан және одан бастау алғандықтан оның көптеген келелі мәселелері философия тарихымен шендесіп жатыр. Қазіргі күні мәдени қатынастар жүйесіндегі мәдениеттанулық ойлардың зерттеу аймағы кең, зерттеу нысандары алуан түрлі. Жаңа ғасырдың ең озық қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар қатарындағы «мәдениеттану» - мәдени меңгеру нысандары мен әдістерінің нақтылы бөлінуі, мәдениет нысандарын жасау мен жеткізу, мәдени өмірдегі тұрақты және өзгермелі процестер, мәдени факторлар мен механизмдерді сабақтастырушы, мәдени бірегейлікті сақтаушы.

Адамдардың қоғамда салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенім, ырым-тыйым сынды ұлттық жүйелерден оқшаулануы, белгіленген нормаларды сақтамауы, заңды құрметтемеуі және немқұрайлылығы олардың теріс қылықтары мен құқық

бұзушылық мінез-құлқына әкелетіні және осылайша жеке тұлға мен қоғамға жағымсыз ықпал ететіні сөзсіз. Бұл мәселенің қалыпты болуы философиялық ақыл-ойдың дамуы, мәдени-этикалық нормаларға бағынуы, діни және зайырлы білім беру сынды бірнеше факторларға негізделген. Мәселенің жағымсыз салдарын жеңу үшін адамдар оның себептерімен жақсы күресу керектігін білуі маңызды. Осыған байланысты көптеген агрессивті қақтығыстар мен дау-дамайлар философиялық ой тәрбиесіне толығымен тәуелді болып көрінеді.

Философиялық ақыл-ойдың дамуы оң бағыттағы білім беруге алып келеді, ал дұрыс білім арқылы адам ешқашан адаспайды және бұрысты қабылдамайды. Сонымен қатар, осы арада діндарлық пен әлеуметтік құлдырау арасындағы байланыс та аса маңызды. Егер діни ілімдер динамикасы неғұрлым жоғары болса, онда оның әлеуметтік зияны да соғырлым төмен болады. Әлеуметтік проблемалар әрқашан қоғамға теріс әсер етеді. Әлеуметтік мәселелер жеке немесе ұжымдық санатқа жатады, екеуінің де бойындағы ауытқулар қоғамдағы адамдардың мінез-құлқындағы ауытқуларға тікелей ықпал етеді. Жақсы қалыптасқан мәдени қатынастар жүйесі, заманға лайықты білім беру және ізгілікті философиялық ақыл-ойды дамыту, шиеленіскен әлеуметтік мәселелердің босаңсуына немесе азаюына алып келеді. Әлеуметтік мәселелер біртекті болмайды, сондықтанда оның сыңаржақты шешімі де болмайды. Әлеуметтік мәселелерге әртүрлі факторлар мен аспектілер әсер еткендіктен олардың мәні мен мазмұны әр қилы. Жалпы, көптеген әлеуметтік мәселелердің тамыры адамның шынайы философиялық ойлау мүмкіндігінің азаюынан болады. Адамның сезім әлемінен алшақтауы және болмыс саласын түсінбеуі көптеген салдарлардың тууына себеп болады. Әлеуметтік мәселелердің өсу тенденциясы мен әсерін бірден көру қиындық алып келеді, алайда гуманитарлық-қоғамдық пәндер және «философиялық мәдениет» арқылы проблемалардың алдын алу мүмкіндігі бар.

Философияның мәдениет мәселесімен арнайы айналысатын «мәдениет философиясы» атты бөлімі бар және бұл бөлім өз кезегінде мәдениет мәселелерін философиялық тұрғыдан қарастырып жүр, алайда «философиялық мәдениет» ұғымының

ғылыми айналымы бәсең. Ол ғылыми айналымдағы «мәдениет философиясы» мен «философиялық мәдениет» ұғымдарының ара жігін ажырата алмау себебіне байланысты болуы мүмкін. Дегенменде екеуінің мәндік айырмасын ажыратып берген ғалымдар қатары да бар. Мысалы, Ресей ғылым академиясының ғалым-философы В.М. Межуев «Мәдениет философиясы - бұл мәдениет туралы ғылым емес. Мәдениеттану - мәдени антропологияны да, мәдениет тарихын да, әлеуметтануды да білдіреді, ал философиялық мәдениет пен ғылымның арасындағы айырмашылық шамамен әлеуметтік философияның әлеуметтанудан, философия тарихының тарихтың өзінен, саяси философияның саясаттанудан, философиялық және ғылыми антропология арасындағы айырмамен бірдей. Әрине, бұл философия мен ғылым арасындағы айырмашылық туралы жалпы сұрақтың бір бөлігі ғана. Философиялық мәдениеттің өзіндік ерекшелігін көбінесе философтардың өздері де түсінбейді» [1, 74 с.] деді. Ғалым «философиялық мәдениет» ұғымының траекториясын анықтауға тырысады және аталмыш ұғым туралы өз тұжырымын «адамның өзіндік санасы ретінде қалыптасуы» деп түсіндірді. В.М. Межуевтің айтуынша философтардың мәдениет теориясын құруға деген алғашқы әрекеттері өткен ғасырдың 60-жылдарында басталды. Ғалымдар аталмыш теорияны философиялық немесе нақты ғылым деп есептеу мәселесі бойынша дауласты. Философтар мәдениет теориясын құру қажет, алайда оны философиялық пәндерге жатқызуға әлі ерте екендігін алға тартты. Мәдениет басқа әлеуметтік құбылыстар сияқты өрбиді, бірақ оның философиялық тұрғыда талдануының арнайы тақырыбы болуы керек деп есептеді. Шын мәнінде мәдениет теориясы әлі де адамдардың әлеуметтік өмірі элементтерінің кез-келген іргелі таптарын зерттейтін әлеуметтік ғылымның мамандандырылған салаларына жатқызылуы керек деген ресейдегі мәдениет теориясының негізін қалаушылардың бірі армяндық ғалым-философ Э.С.Маркарян болатын.

Ж.А.Вартанованың айтуынша Эдуард Саркисович Маркарян - философия ғылымдарының докторы, профессор, 20 ғылыми еңбек, атап айтсам, «Жергілікті өркениеттер тұжырымдамасы туралы» (1962), «Адам қызметі мен

мәдениетінің генезисі туралы» (1973), «Мәдениет теориясы және қазіргі ғылым» (1983), «Мәдениет туралы ғылымдар және дәуірдің императивтері» (2000) және т.б., 100-ден астам мақала авторы. Өткен ғасырдың 80-жылдардың басында армян ғалымы әлемде алғаш рет жетістікке жетті, ол жалпы мәдениеттану теориясын негіздеп, мәдениетті әмбебап-технологиялық түсіну мәселесін тарқатып идеяны сапалы жаңа мазмұнмен толтыруға мүмкіндік алды. Оның бұл әрекеті мәдениеттану саласының көптеген зерттеушілерін қызықтырады. Э.С. Маркарян жұмысының әсерінен бұрынғы Одақта ойдың әмбебап-технологиялық, белсенді бағыты қалыптасты. Ғалымның дәйекті жақтаушылары «мәдениет қызметтің барлық түрі «мақсат», «процесс» «нәтиже» сатыларынан өтуі тиіс деген тәсілді ғылыми айналымға енгізгенін қуаттайды. Маркарянның көзқарасы бойынша адамзаттың өмір сүруі мен дамуын қамтамасыз ете алатын стратегиялық бағыт - планетарлық дағдарыс белгілерінен және оның негізгі себептерін анықтауға және жоюға көшуі, сонымен бірге, адамзаттың ең беделді институттарының қамқорлығына алынуы керек. Уақыт өте келе қазіргі адамзаттың құндылықтар жүйесінде елеулі өзгерістер болуы мүмкін және ол шынайы аксиологиялық революция болуы да мүмкін. Өркениеттің жаңа құндылық-нормативтік гуманистік негізі дәл осы жолда салынатын болады [2, 152-154 с.].

И.В.Цветкова «философиялық мәдениетті» философиялық тәжірибе, философиялық ойлау және философиялық қызмет сынды философиялық мәдениеттің өзегін құрайтын философиялық мәтіндер түріндегі шығармашылық нәтижелердің көбеюін қамтамасыз ететін философиялық білім, философиялық дүниетаным және философиялық дәстүр қызметі және оның ішіндегі салаларды біріктіретін жүйе ретінде анықтайды [3, 1 с.]. Философиялық мәдениеттің негізгі элементі – кең мағынада тіл аналитикасы, тар мағынада философиялық категориялар жүйесін құрушы философиялық қызмет. Философиялық қызмет - бұл философиялық идеяларды құру, оларды философиялық мәтіндер түрінде шығару арқылы мәдениетті өзгерту процесі. «Философиялық мәдениет» саласы (философиялық білім, философиялық дүниетаным,

философиялық дәстүр) философиялық шығармашылықтың тарихи дәуірдің әлеуметтік-мәдени контекстімен байланысын орнатады. Философиялық мәдениет саласы философиялық мәтінді жаңғыртуға бағытталған. Бұл жағдайда философия тілі көптеген тілдерге бөлінеді (жұмыс жасалған тіл; аударма тілі; стилистикалық ерекшеліктерді көрсететін автордың тілі; тіл мәдениет салалары (ғылым, дін, мифтер); философиялық мәселелерді тұжырымдау және түсіну үшін қолданылатын философия тілі) [4, 4-5 с.].

Н.Г.Баранецтің айтуынша «Философиялық мәдениет» термині 70-80 жылдардағы отандық зерттеушілердің зерттеулерінде кездеседі. XX ғ. онтологиялық мағынада өзара байланысты философиялық мәселелердің блогы ретінде қарастырылды [5, 18 с.]. Философиялық мәдениет құрылымдық-онтологиялық аспектіте когнитивті-тұжырымдамалық және философия этикасы, философия бейнесі, проблемалар, проблемаларды шешу тәсілдері, философиялық дәстүр сынды құндылық құрылымдарын бөліп көрсетуді ұсынады. Құрамдас элементтердің тізімі «философиялық мәдениет» құбылысының параметрлерін тұжырымдамалық бекіту үшін ашық болып табылады. Философиялық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі – «философиялық дәстүр». «Философиялық дәстүр» деп философиялау, интеллектуализация тәсілін нормативті түрде бағыттау, субъективті түсінуді, тәжірибені аударуды және белгілі бір әлеуметтік-мәдени шектеулерді қамтамасыз ететін тарихи-әлеуметтік форма деп түсініледі. Философиядағы дәстүр зерттеушіге проблематика, әдістеме, тұжырымдамалық аппарат ұсына алады [6, 50 с.]. Философиядағы дәстүр әсер ету, қарыз алу, философияны құру мен ұсынудың белгілі бір канондарын ұстану, зерттелетін мәселелерді таңдау, белгілі бір философиялық тілді сақтау, белгілі бір тарихи кезеңде философиялық қоғамдастық қабылдаған философия бейнесіне назар аудару сипатына ие [5, 65 с.].

О.В.Ершованың айтуынша философиядағы дәстүр әсер ету, қарыз алу, философияны құру мен ұсынудың белгілі бір канондарын ұстану, зерттелетін мәселелерді таңдау, белгілі бір ережелерді сақтау сипатына ие философия тілі, осы тарихи кезеңдегі философиялық қоғамдастық қабылдаған философия

бейнесіне назар аудару. Философиялық дәстүр «философия ішіндегі идеология» ретінде де әрекет ете алатын философиялық қоғамдастық қызметінің орынды бағдарламасы. Философиялық дәстүр философиялық қызметпен таныстыру арқылы жанама түрде таратылады. Мұндай сабақтастықтың болуы философиялық қоғамдастықтың жергілікті және тәртіптік деңгейлерінде конвенциялар құру үшін маңызды. Философиялық танымға кіретін конвенцияларды сақтау, ұсыну, өзектілігін ретроспективті көрсету әрекеттері философиялық дәстүрді сақтау арқылы жүзеге асырылады. Философиялық дәстүр белгілі бір интеллектуалды орта немесе тұжырымдамалық платформа ретінде маңызды, ол философиялық қоғамдастықтың қалыптасқан конвенцияларын таратуға мүмкіндік беріп қана қоймай, конвенцияларды салыстырмалы түрде объективті негізде қалыптастыруға да мүмкіндік береді [7, 163-164 с.].

Б.И.Кононенконың мәдениеттанулық анықтамасында философиялық мәдениет – мәдениеттің арнайы аймағы, барлық субъектілердің мазмұнды және мақсатты әрекеттері:

- метафизикалық проблемалар туралы ойлану;
 - өмірдің мәні проблемасына алып келетін «мәңгілік» сұрақтарға, адам болмысының барынша жалпы және абстракты, универсалды ұғымына, қоғам мен әлемге деген рефлексия;
 - дүниегекөзқарастың теориялық негізін жасақтау [8, 115 с.]
- деп бөлінген.

Философия көптеген ғасырлар бойы дами келе жоғарғы мәдени құндылықтардың кешенді жинағына айналса, философиялық мәдениет адамның жалпы мәдениетін, оның тұлғалығын, әлемге, қоғамға және басқа адамдарға деген қатынасын сипаттайтын мағынаға айналды. Философиялық мәдениеттің ішкі құрылымын төмендегідей аспектер арқылы сипаттауға болады:

- Философиялық мәдениеттің әдіснамалық аспектісі;
- Философиялық мәдениеттің институционалдық аспектісі;
- Философиялық мәдениеттің іс-әрекет аспектісі;

Философиялық мәдениеттің әдіснамалық аспектісінде философия тарихын, философиялық пайымдау тәсілдерін,

философиялық проблематиканы талдау тәсілдерін, жаңасын шығара білу, нақты әдістер мен тәсілдерді қолдана білу сияқты лингвистикалық, семиотикалық, құрылымдық және т.б. [9, 131-144 с.] түрде өрбиді. «Философиялық мәдениет» оны игерудің белгілі бір нормасын орнатуға бағдарлануымен сипатталады, ол негізін қалаушының шығармаларын түсіндіру критерийлерінде көрінеді, оған философияның қалыптасу кезеңдерін зерттеуге мүмкіндік беретін философиялық әдістер жиынтығы кіреді [4, 82 с.]. «Философиялық мәдениет» философиялық құзыреттілік деңгейін анықтау мақсатындада ұтымды қолданылады. Ол осы бағыттағы мақсаттарды түсінуді анықтайтын философтардың негізгі мамандандырылған дайындығына жауап береді, тіпті оған «философия» пәнінің міндеттері де кіреді.

Философиялық мәдениеттің институционалдық аспектісі «мектеп», «одақ», «үйірме», «коммуникативтік топ», «кафедра», «семинар», «қоғам» сынды элеуметтік-танымдық топтармен, «кәсіби журнал», «монография», «философиялық пікірталас», «конференция», «философиялық семинар» сияқты философиялық білімді таратудың белгілі бір тәсілдері мен нысандарымен анықталады. Элеуметтік-танымдық топтар философиялық дәстүрдің көбеюі мен таралуын қамтамасыз етеді, трансляция мен коммуникация, танымал ету механизмін ұйымдастырады [10, 22 с.]. Институттарға, пәндерге, кәсіби әдебиеттерге, ғылыми журналдарға, зерттеу институттарына, арнайы қауымдастықтар мен қоғамдарға, философиялық мектептер мен клубтарға, қаржылай қолдау көрсету мақсатындағы қорлар және тағы да басқа құрылымдар бойынша ұйымдастырылған философиялық қызмет желілері коммуникацияның жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Осы коммуникациялық желілер бойынша философиялық мәдениет таралады және жүзеге асырылады, нәтижесінде философиялық қарым-қатынас дамып, әр түрлі деңгейдегі философиялық зерттеулер жүргізіледі.

Философиялық мәдениеттің іс-әрекет аспектісі ретінде философиялық мәдениетті философиялық білім негіздері бойынша танымдық талдауы және субъектілерінің рефлексивті ой-пікірлері ретінде ұсынуға болады. Философиялық мәдениет рефлексиясы философиялық субъектілердің жеке және топтық

тұрғыда өзін-өзі сәйкестендіруге немесе кодификациялауға, яғни жүйеленуге деген ұмтылысымен байланыстыруға болады.

Философиялық мәдениет ойлау контекстінің аумағын анықтайтын көрсеткіші ретінде де анықталады. Ойлау мәдениеті – өзіндік дамуға бағытталған жеке дара ойлау мүмкіндігі және индивид ойында қалыптасқан формалар мен канондардан шыға алу қабілеті. Танымдық процестерде ойлау мәдениеті интеллектуалды жетілудің жоғарғы дәрежесі бола алады. «Ойлау мәдениеті» деп аталатын жалпы философиялық категория «даналық» категориясына сәйкес келеді. Ойлау мәдениетінің жоғарғы көрсеткіші болып табылатын сөйлеу мәдениеті тілдік құралды түрлі жағдайларда қолдана білу және жеке дара сөйлеудің белгілі бір тілге сәйкестігімен анықталады [11, 10 б.].

Философиялық мәдениет құрылымының негізі - қарым-қатынас мәдениеті. Адамды жануарлардан ерекшелендіретін оның табиғаты мен мәдениеті. Мәдениеттің өзі толығымен әлеуметтік, тіпті оның материалдық аспектілерінде де ол қарым-қатынасқа, яғни интеллектуалды ынтымақтастық және алмасуға тәуелді. Мәдениет тек дене мен жаннан тұратын тіршілік иелері үшін мүмкін, өйткені мұндай композиция өз мүмкіндіктерін дамыту және толық кемелдікке жету үшін басқалармен ынтымақтастықты қажет етеді. Мәдениет - жетілмеген адамға тән, себебі тумысынан интеллектуалды жаратылыс өзін-өзі қамтамасыз ете отырып, мәдениетке ие бола алмайды.

Әлеуметтік-индивидуалистік теориялар адамды ақылға қонымды, толық және әлеуметтік қатынастарға түсетін адам ретінде қарастырады. Шын мәнінде, адам алдымен отбасы деңгейінде, содан кейін жалпы қоғам деңгейінде қарым-қатынас арқылы толыққанды адам және мәдени болмысқа айналады. Ұрпақтан-ұрпаққа тағылым беру арқылы шынайы және құнды түсініктердің, идеялардың, мораль мен әдет-ғұрыптардың өсіп келе жатқан жиынтығы жасалады. Әрбір жеке адамның дамуы өзі өмір сүріп жатқан қоғамның тарихи жолындағы белсенді мүшелерінің айшықты жолдарына тәуелді. Қазақ қоғамын хандар, би-шешендер, әнші-күйшілер, сал-серілер, ойшылдар, ақын-жазушылар, суретшілер мен мүсіншілер, өнертапқыштар мен ғалымдарсыз елестету мүмкін емес. Олардың шығармалары

мен еңбектері жас ұрпаққа білім беру мен дамыту жолын құрап, дамыған қоғамдық сананың негізін қалап отыр. Аталған және аталмай қалған салалардағы жеке тұлғалар жекелеген данышпандықтың көрінісі емес, олар мәдениетті өсірушілер және мәдениетке әркез жаңа формалар әкеліп қарым-қатынастың жаңа мазмұнын қалыптастырушылар.

Қоғамдағы мәдени элементтердің өзгеруі немесе оны өзгерту нәтижесіндегі өзгерістердің «микро», «мезо» және «макро» цикльдерінде болуы модернизация процестері, оның ішінде технологиялық инновациялар себеп болуы мүмкін. Бұл күш мәдениеттің өзгеруіне әкеледі. «Мәдениет өзгерісі» деген кезде оның тікелей болмыстық сипаты айқын болып тұрады, себебі барлық мәдениеттер уақыт өте келе өзгереді, ешқандай мәдениет шын мәнінде тұрақты емес. Алайда, мәдениеттер өзгерісі туралы консервативті көзқарастар да кездеседі, өйткені олар өзгерістерге қарсы тұруға бейім топтар болып табылады. Дәстүрлі мәдени үлгілерді сақтау және қорғау туралы заңдардың қабылдануы, өзгелерден келетін бөтен идеялар мен өзгелердің болмыстық сипатын баяндайтын заттарға тосқауыл қою арқылы басқаларға қарағанда көбірек қарсылық көрсетеді. Сайып келгенде, мәдени өзгерістер өзгермелілік тұрғысынан бірегей емес. Алайда, қазіргі шақ дүниежүзілік, яғни бүкіл әлемдегі мәдени өзгерістердің үдемелі кезеңіне тура келіп тұр. Жер бедеріндегі кез келген мемлекет пен әрбір адам бұл алпауыт өзгерістің иірімінен тысқары қала алмайды. Өзгерістер халықаралық сауданың, әсіресе бұқаралық ақпарат құралдарының кеңеюіне байланысты орын алды. Сайып келгенде, мұның себебі - адам популяциясының жаппай жарылуы. Қазір әлемдегі адамдар саны жарты ғасырдан аз уақыт ішінде екі есеге артып отыр, мұндай өсім адамзаттың дағдарысына, тұщы су қорларының азаюына, азық-түлік тапшылығына т.б. әлемдік әлеуметтік-экономикалық мәселелерге әкеліп тіреп отыр.

Заманауи ғалым Райнхар Целльнер пікірінше мәдениет тұжырымдамасы өзгеріс тұжырымдамасымен тығыз байланысты, өйткені адамның жеке немесе жалпы сәйкестікті құру және сақтау қабілеті өзгертін экологиялық және әлеуметтік жағдайларға бейімделу қабілетіне байланысты.

Мәдени өзгерістердің қайталануы (триггерлері) көп және әртүрлі оқиғаларға әкелетіні жалпыға бірдей танылғанымен, мәдени өзгерістерді бағалау туралы консенсус жоқ. XVIII ғасырдан бастап мәдени өзгерістер батыстық ойлаудағы прогресс идеясымен байланысты болды, нәтижесінде мәдени өзгерістердің бағытына қатысты төрт логикалық ұстаным тұжырымдалды: оптимизм, қайталама оптимизм, пессимизм немесе қайталама пессимизм. 1960 жылдардан бастап мәдениеттану мәдени өзгерістерді әлеуметтік және мәдени тапшылықты жою мүмкіндігі ретінде атап өтті, ал мәдениет және даму теориясы батыстық ойлаудың басым болуына күмән келтіреді және мәдениеттің жергілікті, модернизмге дейінгі, плюралистік және ұжымдық формаларын жаһандық негізгі ағымға енгізуге шақырады [12].

Қазіргі таңда дәстүрлер эволюциясы объективті процесс ретінде ерекше мәнге ие және «ретротрадициялау» жасанды сипат алуда. Оны кез-келген саладан байқауға болады, атап айтсақ, қазіргі дәуірдегі халықтық ортада, бұқаралық мәдениет саласында, дәстүрлердің шартты нысандарында, мәдени дәстүрлерді идеологияландыру үрдісінде, кие мен қасиетке ие ұғымдарды насихаттау және керісінше құрметсіздік таныту жағдаяттарында және т.б. Мұның бәрі мәдениет пен адам қызметінің көрінісі ретінде орын алып әлеуметтік-мәдени өзгерістерге, жаңаның пайда болуына, технологиялық жаңғыртуға алып келеді. Жаңару формасы әр саланың ішкі екпініне тікелей ықпал етеді де дәстүрлерді сұрыптай бастайды. Кейбіреуін бұзса, кейбіреуін мүлдем жоқ етеді. Ескі мен жаңаның өзара әрекеттесу жолдары «сұхбаттасу», «бейімделу», «дәстүрлерді сақтау» және «синтездеу» әрекеттері арқылы бір ізге түсіп заманауи тарихтың тіректерін анықтайды. Дәстүрлер эволюциясы мәдениет пен қоғамның модернизациясына ықпал еткен ірі өркениеттерге тәуелді. Ірі өркениеттер қиылысында түйіскен дәстүрлерге деген көзқарастарда өзгере бастайды.

Жалпы ғылым тарихында «мәдени өзгерістер теориясы» атты арнайы теориялық ұғым бар. Ол мәдени-тарихи процестің мәнін, оның негізгі принциптері мен қасиеттерін ғылыми тұрғыдан түсіндіруді көздейді. Алайда осы ұғымның негізіне айналып отырған «өзгеріс» ұғымының өзіндік философиялық

мәні бар. Өзгеріс – бір қарағанда, белгілі бір нәрсеге өзгерту енгізу арқылы оның өзгеруін байқау болса, екінші жағынан болмыстың бір сапалық анықталған түрінен болмыстың екінші сапалық жағына ауысуы, бір нәрсенің құрамын, құрылымын өзгерту, оның басқа объектілерге қатысты орналасуы және т.б. Яғни, жалпы мағынада кез-келген өзгеріс өзара әрекеттесу, қозғалыс болып табылады, демек, өзгеру қабілеті болмыстың барлық түрлерінің ортақ қасиеттерінің бірі болып табылады. Мәдениет болмыстың бір түрі болғандықтан өзгерістердің белгілі бір параметрлері мен сипаттамаларының да мәдениетке тән болуы заңдылық. Өзгерістер көбінесе процессуалдық сипатқа ие, яғни, дәйекті әрекеттердің жиынтығы немесе құбылыстар тізбегі, процестер мен құбылыстардың өзгеріс күйлері. Өзгерістің өзгергенін немесе өзгермелілігін анықтау үшін оның уақытын, көлемін, бағытын, ұзақтығын, жылдамдығын және салыстырмалылығын анықтау қажеттілігі туындайды. Осы аталғандар ішіндегі ең маңыздысы – «уақыт». Себебі кез-келген өзгерістің басы мен аяғы, яғни белгілі бір уақыт аралығы мен ұзақтығы бар. Өзгеріс жанды, яғни үнемі қозғалмалы сипатқа ие болғандықтан оның «өзгермейтін» қарсы беті тек шартты түрде ғана негізге алынады. «Өзгермеушілік» өз мәнін баяулығымен, тым ұзақ уақыт алатындығымен сипатталады және сөз жоқ адамның санасы мен көзқарасы өлшемімен өлшенеді. Сонымен бірге, өзгерістердің шынайы сипатын жеткілікті уақыт шкаласы ғана анықтай алады.

Мәдени өзгерістер теориясы туралы сөз қозғағанда Д.Х. Стюард сынды ғалымды айтпай кете алмаймыз. Ол 1955 жылы ғылыми-шығармашылық өміріндегі ең маңызды теориялық жұмысы болып есептелетін «Мәдени өзгерістер теориясы: көп сызықты эволюция әдістемесі» атты еңбегін жазды. Аталмыш еңбегінде Стюард әлеуметтік жүйелердің пайда болуы халықтың технологияларын табиғи мекендеу ортасына бейімдеу арқылы анықталған ресурстарды пайдалану үлгілерінен туындайтынын көрсетуге тырысты. Тарқатып айтар болсақ, Стюард антрополог ретінде қоғамдардың қоршаған ортаға қалай бейімделетініне талдау жасады. Ол әлеуметтік көріністерді құру үшін әртүрлі физикалық және тарихи жағдайлардың талаптарын «көп сызықты эволюция» [13] ретінде қарастырды және бұл

ұғымды ғылыми айналымға ендірді. Стюардтың элеуметтік эволюцияға деген қызығушылығы оны модернизация процестерін зерттеуге итермеледі, қоғамның әртүрлі деңгейлері арасындағы қатынастарды зерттеу үшін алғашқы антропологтардың бірі болды.

«Өзгеріс» көбіне дамудың синонимі ретінде қарастырылғанымен өзіндік ерекшелігі бар. Өзгерістің дамудан басты айырмашылығы ырғақты табиғаты арқылы оның әртүрлі жұмыс процестерімен бірге жүретін өзгерістер айналымына тән болуы. Стюард пікірінше апатты типтегі кездейсоқ процестер нәтижесінде пайда болатын өзгерістерде үлгі параметрлері болмайды. Дамуды өзге өзгерістерден ерекшелендіретін бір ерекшелігі оның қайтымсыздығы мен бағыт және заңдылық сипаттамаларының бір мезгілде болуы. Фокус болмаған кезде өзгерістер жинақтала алмайды және мұндай процестер дамуға тән бірыңғай ішкі сызықтан айырылады [14].

Өзгерісті дамумен шендестіре қарастыру ғылымда көбіне «эволюция» ұғымымен сипатталады. Эволюция «экзогенді», яғни бұрыннан бар нәрсені анықтау және ұлғайту немесе «эндогенді» яғни, сапалы жаңа формалардың пайда болу мүмкіндігімен орайласады. Мәдени процестерді сипаттау үшін даму ұғымын жаңа еуропалық ғылымда бірінші болып И.Г. Гердер қолданды деп саналады. Алайда жаңа еуропалық ғылымда нео-эволюционизмнің көрнекті өкілі ретінде саналатын Джулиан Стюард көп сызықты эволюция теориясын тұжырымдай отырып, белгілі бір мағынада Жан-Жак Руссо еңбектеріндегі географиялық детерминизмді жандандырады. Ол мәдени-тарихи процестің барлық тұжырымдамаларын талдап, үш негізгі түрін анықтады:

Біріншісі, бір сызықты эволюция тұжырымдамасы, яғни XIX ғасырдағы эволюционизм, оның ізбасарлары мәдениеттердің үдемелі даму кезеңдерін анықтады;

Екіншісі, Л.Уайттың мәдени эволюцияның жалпы заңдылықтарын ашуға мүмкіндік беретін жалпы немесе әмбебап эволюция тұжырымдамасы;

Үшіншісі, Стюардтың өзінің көп сызықты эволюция тұжырымдамасы, оның әрекеті автордың жеке аймақтар

шеңберімен, тарихи қайталануымен және параллельді даму процестерімен шектелген [15].

Стюард үшін әр мәдениет эволюциясы әр мәдениетке тән табиғи жағдайларға бейімделу қажеттілігімен байланысты ерекше жүйе. Сонымен бірге, ол ұқсас табиғи жағдайлар бір-бірінен алыс болса да, мәдениеттің ұқсас дамуын тудыруы керек. Бұл параллель эволюция құбылысы. Қоршаған ортаның әртүрлі түрлері оларға бейімделудің әртүрлі формаларын тудырады. Бейімделудің нәтижесі күнкөріс өндірісіне тәуелді әлеуметтік-саяси және діни институттарды қамтитын мәдени типтерге айналады. Кез-келген мәдени формалардың пайда болуын анықтау үшін табиғи ортаның, қоғамның, технологиялық даму деңгейінің және оның қызметтік байланысын зерттеу қажет. Бірақ мәдениеттің барлық ерекшеліктерін бейімделу процесінен шығаруға болмайды. Қарапайым мәдениеттерде географиялық ортаның әсері шешуші болып табылады, бірақ дамыған мәдениеттерде басқа факторлар маңызды бола түсуде. Сондықтан жоғары дамыған мәдени жүйелер қарапайым элементтерден тек көптеген элементтермен ғана емес, сонымен қатар күрделіліктің сапалы деңгейімен де ерекшеленеді. Фокус салыстырмалы зерттеулер арқылы анықталған мәдениеттер арасындағы айырмашылықтарға, сондай-ақ мәдени компоненттердің ішкі әртүрлілігіне және оларды өлшеуге ауысады. Эволюция барлық мәдениеттерді, жеке және тұтас мәдени өрістерді қамтиды, бірақ әр жағдайда процесс белгілі бір механизмдердің әрекетіне бағынатын өзіндік жолмен жүреді. Демек, эволюциялық өзгерістер көп қырлы, көп сызықты және бұл көп сызықтық екі мағынаға ие. Бұл эволюция туралы, біріншіден, әртүрлі қоғамдарда, өйткені олар ерекше, ерекше жағдайларда, екіншіден, әртүрлі мәдени салаларда (экономика, саясат, өнер, заңнама және т.б.), онда ол белгілі бір жолмен және әртүрлі механизмдердің ықпалымен жүреді. [13].

Мәдени формалардың өзгеруін түсіндіру үшін Стюард «мәдени экология» ұғымын енгізді. Бұл туралы монографияның «Экологиялық мәдениет - адамның адамшылық болмысының сақталуы» атты тараушасында өрбіген.

Мәдени өзгерістер теориясын тарқатар кезде Джулиан Стюардтан кейін еске түсетін екінші бір ғалым Герт Хофстеде.

Нидерландық (Голландық) ғалым 1960-70 жылдары мәдени өзгерістерге арнайы зерттеулер жүргізіп, 50 елді қамтыған ауқымды зерттеу негізінде барша әлемге әртүрлі халықтардың мәдени сипаттамаларын анықтайтын көрсеткіштер жиынтығын ұсынды. Ғалым ұлттық мәдениеттердің алты өлшемі туралы «Хофстеде моделін» ұсынды. Қазіргі таңда «Хофстедте глобусы» деген интерактивті әлем карталары бар, онда «Өз еліңді таңда!» опциялары бойынша үш өлшемді бағалау графиктеріндегі «Инженер Одиссеясы» онлайн көрмесін [16] тамашалауға болады. Герт 2020 жылы 12 ақпанда қайтыс болды, бірақ оның ұлы Герт Ян Хофстеде әкесінің ғылыми шығармашылығын жалғастыруда.

Герт Хофстеде тұжырымдауынша мәдениет әртүрлі жолдармен анықталады, яғни мәдениет – бұл бір топ мүшелерін екінші бір топ мүшелерінен ажырататын ақыл-ойды ұжымдық бағдарламалау санаттары. Бұл әрқашан ұжымдық құбылыс, бірақ ол әр түрлі ұжымдармен байланысты болуы мүмкін. Әр ұжымның ішінде көптеген адамдар (индивидуум) бар. Егер жеке тұлғалардың сипаттамалары белгілі бір қоңырау иіні секілді өзгерсе, мәдениеттер арасындағы айырмашылықтар да бір қоғамнан екінші қоғамға ауысқан кезде қоңырау иіні сынды ауысады. Төмендегі 1- кестеден Герт Хофстеденің 2011 жылғы «Мәдениеттерді өлшеу: контекстегі Хофстеде моделі» [17, 8-11 р.] атты еңбегінен алынған мәдениетті сипаттайтын 6 өлшемі берілді:

Кесте 1. Герт Хофстеденің 6 өлшемі

№	Өлшем дер атауы	Өлшемдер негізі	Өлшемдер сипаттамасы
1	Қуат қашықтығы (Power Distance)	Адам теңсіздігінің негізгі мәселесінің әртүрлі шешімдерімен байланысты;	Егер мәдениетте билік қашықтығы әлсіз болса, онда қызметкерлер көбірек бастама көтереді және шешім қабылдауға жиі қатысады. Егер билік қашықтығы алшақ болса, онда нақты иерархия құрылады және қызметкерлердің әрекеттері жоғары басшылықтың шешімдеріне көбірек тәуелді болады. Ең аз дамыған елдерде қашықтық көп жағдайда айқын көрінеді. Алайда, дамыған елдерде жағдай онша айқын емес. Мысалы, Скандинав мемлекеттерінде шамалы, бірақ Француз елі мен Бельгияда үлкен. Ел неғұрлым солтүстікке қарай орналасса және оның халқы неғұрлым аз болса, соғұрлым билік қашықтығы аз болады деп айтуға болады.
2	Белгісіз дікті	Белгісіз болашақ жағдайындағы	Бұл өлшем адамдардың күтпеген жағдайларға қаншалықты дайын екенін және олардың

	болдырмау (Uncertainty Avoidance)	қоғамдағы стресс деңгейіне байланысты;	тұрақтылығын бағалайды. Белгісіздікке жол бермейтін елдерде заңнама жақсы дамиды. Қызметкерлер күтпеген жағдайларды болдырмау үшін мінез-құлық нормаларын, стандарттар мен ережелерді бекітуге тырысады. АҚШ-та белгісіздіктен аулақ болудың жоғары индексі бар. Бұл эмоционалдылықпен, демек, мазасыздық пен стресске бейімділікпен байланысты. Белгісіздіктен аулақ болуға Шығыс және Орталық Еуропа, Латын Америкасы, Жапония және неміс тілінде сөйлейтін елдердің тұрғындары да бейім. Алайда, белгісіздіктен аулақ болу индексі төмен елдерде басқа тәртіптегі проблемалар бар: олар көбінесе зерігу мен үмітсіздікке ұшырайды, жалқаулық пен баяулықты көрсетеді. Бұл жағдай Ұлыбритания, Дания, Швецияға тән.
3	Индивидуализм мен коллективизм (Individualism versus Collectivism)	Жеке тұлғаларды бастапқы топтарға біріктіруге байланысты;	Индивидуалистік мәдениеттерде адамдар негізінен өздерінің табыстары мен отбасының әлауқатына қамқорлық жасайды. Индивидуализм батыс елдерінде айқын көрінеді, оның халықтың әл-ауқатымен байланысы байқалады. Индивидуализмге қарама-қарсы - бұл ұжымшылдық, онда адамдар ортақ мақсатқа ұмтылады және басқалардың пікіріне көбірек тәуелді болады. Ұжымдастыру Азия, Латын Америкасы және Африканың көптеген елдеріне тән. Ұжымдық мәдениеттің ерекшелігі – «тұлғаны сақтауға» деген ұмтылыс. Мысалы, егер қытайлық компания құндылықтарына байланысты жоғары ақы төленетін жұмыстан бас тартқанын айтса, онда оның достары мен таныстары тілгі егер олардың барлығына шынайы себеп оның мінез-құлқында немесе құзыреттілік деңгейінің жеткіліксіздігінде екені түсінікті болса да оны көпшілік алдында мақұлдайды.
4	Маскулизм мен феминизм (Еркектік-әйелдік) (Masculinity versus Femininity)	Ерлер мен әйелдер арасындағы эмоционалды рөлдерді бөлуге байланысты;	Бұл өлшем қоғамда гендерлік рөлдердің қалай бөлінетінін анықтайды. Егер мәдениет батыл болса, онда гендерлік рөлдер бөлінеді: кейбір мамандықтар «еркек», басқалары «әйел». Қоғамда бір іске берілгендік, өзіне деген сенімділік пен табандылық бағаланады. Маскулизм АҚШ, Ұлыбритания, Швейцария, Австрия, Ирландия, Германия және Италия сияқты елдерге тән. Мұнда еркектер өзінің қадір-қасиеті мен амбициясын көрсету әдетке айналған. Феминистік мәдениеттерде жыныстардың рөлдері ұқсас, есесіне қарапайымдылық пен қамқорлық бағаланады. Мұндай ерекшеліктер Скандинавия елдерін, Жапонияны, Голландияны және Францияны сипаттайды. Мысалы, голландиялықтар АҚШ-та өзін-өзі таныстыруда қиындықтарға тап болуы мүмкін, өйткені олар қарапайымдылықты бағалайды және американдық мінез-құлықты мақтану және шамадан тыс пафос ретінде қабылдайды.
5	Қысқа мерзім мен ұзақ мерзімді бағдар	Болашақ немесе қазіргі және өткенге қатысты адамдардың күш-жігерінің мерзімді	Стратегиялық ойлау немесе ұзақ мерзімді бағдарлау. Бұл көрсеткіш белгілі бір мәдениеттің болашаққа қаншалықты ұмтылатындығын және адамдардың ұзақ мерзімді мақсаттар қоя алатындығын анықтайды. Ұзақ мерзімді

	(Long Term versus Short Term Orientation)	бағытын таңдауға байланысты;	бағдарланған елдерде жүйелі күш-жігер жұмсау және үлкен инвестициялар салу арқылы есептелген түрде әрекет ету әдетке айналған. Бұл қасиет, мысалы, Жапонияны, Оңтүстік Кореяны және Қытайды сипаттайды. Қысқа мерзімді бағдар мақсаттарға тез жету керек деп болжайды: бұл АҚШ, Канада, Австралия, Венесуэла және Уругвайға тән. Хофстеде бұл аспектіні дінмен байланыстырады: Шығыс Азия елдерінде политеистік діндер басым ұзақ мерзімді бағдар, ал дәстүрді құрметтейтін христиан және мұсылман елдері көбінесе қысқа мерзімді бағдарланған.
6	Ұстамдылық пен жұмсақтық (Indulgence versus Restraint)	Адамның өмірден ләззат алуымен, негізгі тілектерін қанағаттандырумен, ұстамдылыққа қарсы өз қалауларын қанағаттандырумен және оларды бақылауға қарсы қоюмен байланысты	Бұл өлшем белгілі бір мәдениеттің адамдарының өмірден ләззат алуға мүмкіндігі бар немесе жоғын, тіпті олардың талап-тілектерін көрсетуі керек екенін мезгейді. Болжамның жоғары индексі бар елдерде сөз бостандығы мен бақытқа деген ұмтылыс бағаланады. Осы тұста қызметкерлердің бақыты тұжырымдамасы деген ұғым келеді. «Ұстамды» елдерде жүріс-тұрыс пен мінез-құлық әлеуметтік нормаларды анықтайды. Болжамның жоғары деңгейі Солтүстік және Оңтүстік Америка, Батыс Еуропа елдеріне және кейбір жағдайларда Африкаға тән. Ұстамдылық Шығыс Еуропаға, Азияға және мұсылман елдеріне де тән.

Зерттеу «Big Blue» деген лақап аты бар, әлемдегі ең ірі аппараттық және бағдарламалық жасақтама өндірушілері мен жеткізушілерінің бірі, сонымен қатар сервистер мен консалтингтік қызметтер бар IBM американдық компаниясымен жасалған. Алынған ұпайлар мен нәтижелер арасындағы 400-ден астам маңызды корреляциялар келтірілген. Хофстеде өз өлшемдік зерттеуін Грегг пен Бэнкстің саяси жүйелерді талдау өлшемімен (1965), Адельман мен Морристің экономикалық даму зерттеулік өлшеммен (1967), белгісіздіктен аулақ болу туралы Линн өлшемімен, Хэмпсонның психикалық денсаулығын зерттеу өлшемімен (1975), канадалық психолог Майкл Харрис (1980) пен болгар ғалымы Михаил Минковтың (2000) зерттеулеріне [17, 8-11 р.] жүгіне отырып жасаған.

Жоғарыда аталған және аталынбаған ғалымдардың түрлі ғылыми тұжырымдамалары әлемдік мәдени тәжірибеге өзіндік бояуын беріп, оны үнемі дамытып отырады. Әлеуметтік-мәдени өзгерістер урбанизацияланған қалалардан бастау алады да, ары қарай таралады. Әлеуметтік-мәдени өзгерістер урбанизацияланған қалалардың жұмысын жақсартуда маңызды рөл атқарады және оларды «мәдени қала» деген атауға ие болуына ықпал етеді. «Мәдени қала» ұғымы ішінде ақылды

(smart) қала және креативті қаланың негізгі элементтері біріктіріледі.

«Қала құқығы» - бұл идеяны алғаш рет француз әлеуметтанушысы және философы Анри Лефевр 1968 жылы шыққан «Le droit à la ville» атты кітабында тұжырымдаған. Идеяның негізі «қала тұрғындарының жаңартылған, кеңейтілген қала өміріне қол жеткізу құқығына деген сұранысы» болып табылады. Осылайша Лефевр 1991 жылы кеңістікті құру (produce) мәселелерін қарастыра отырып, «кеңістікті өндіру» (production of space) ұғымын енгізеді. Анри Лефевр өз идеяларын әлеуметтік-кеңістіктік әдіс шеңберінде дамыта отырып, кеңістікті өндіру теориясының қалыптасуына елеулі еңбек сіңірді. Лефевр өз жұмысында түрлі жүйелердегі өндіріс пен кеңістік ұғымдарының өзара қатынастарының генезисін көрсетеді. Лефевр бойынша, идея әлемді өндіреді, одан кейін өз кезегінде күрес пен еңбек арқылы бір мезгілде тарихты, білімді және өзіндік сананы жасайтын адамды өндіреді. Лефевр сондай ақ индивидтердің өзара әрекеттесуі арқылы ғана емес, сондай ақ қалалық кеңістіктердің қарым-қатынасы арқылы әлеуметтік белсенділік идеясына келеді. Қалалық даму процесінде белгілі бір кеңістіктер құрылады. Лефевр кеңістік әлеуметтік ұйымның құрамдас бөлігі болып табылатындығы туралы айтады. Ол қоғамдық бақылауды іске асыру үшін мемлекеттің кеңістікті өндіруін көрсетеді. Ресурстарды бөлу арқылы үкімет қалалық кеңістіктегі қандайда бір аумақтық бірліктердің дамуын реттейді [18, 111 б.].

Қала адамдардың өзара әрекеттесу құралы және байлық құру механизмі ретінде өте сәтті болғанына күмән жоқ. Қаланың табысы мен тұрақтылығының кілті - бұл адамның қажеттіліктерін жоғары тиімділікпен қанағаттандырады, ал олай болмаған кезде өзін-өзі өзгерту үшін қажетті өзгерістер тудыратын механизмдер пайда болады. Елу жылдан астам уақыт бұрын Джейн Джейкобс айтқандай, «қалалардың өзіндік бір Ренессанс тұқымдары бар». Агломерацияны үнемдеудің өзі азаматтарға тиімсіздік пен жеткіліксіздікті, ал саясаткерлерге немесе нарық агенттеріне визуализация мен қабылдауды жеңілдетеді. Қала ұзақ тарихи перспективада сөзсіз табысқа ие «формула» және урбанизация қарқынының тарихи

эволюциясына жүгіне отырып ХХІ ғасырдың ортасында әлем халқының 70% - ға жуығы қалаларда өмір сүреді деген болжам жасауға болады. Біріккен Ұлттар ұйымының 2012 жылғы Шанхай отырысында «Адамдар қалалардан тек экономикалық мүмкіндіктер үшін ғана емес, сонымен қатар жақсы білім мен идеялардың, ақпараттың және мәдениеттің үздіксіз ағынын іздейді. Марксистік әдебиеттерде қала адамдарды «ауыл өмірінің ақымақтығынан» құтқарады деп мәлімдейді, сонымен қатар өнеркәсіптік қалаларда жаңа қоғамдық тәртіп туралы арман қалыптасып, нығайтылды. Қала әрқашан сөздің кең мағынасында «бостандық», «мәдениет», «саяси» және «институционалдық инновациялардың нейрондық орталығы» болды. Идеялар мен тәжірибелермен бөлісу, қалаларға біртұтас мәдени «микс» жалпы қоғам үшін үлкен оң сыртқы әсерді білдірді, бұл Джейн Джейкобстың «қала, ұлттар байлығы» деген тұжырымына дейін, бұл қуатты идеяны тамаша қорытындылайды [19].

Рассел-Кестер П., Гирарди С., Сан-Хуан Дж., Молинари Ф., Абрил Б. Сынды бірқатар ғалымдардың ортақ пікірінше қала үштік тұрғыдан түсіндіріледі:

- ресурстар қоймасы;
- байланыс интерфейсі;
- азматтардың өмірі, олардың әлеуметтік және кәсіби тәжірибесі.

Осы тұрғыда осы көзқарастардың әрқайсысы мәдениетті әр түрлі түрде қамтиды, бұл құндылықты құрудың әр түрлі модельдеріне және осы құнды өндіру мен өндірудің әр түрлі процестеріне мүмкіндік береді. Жоғарыда сипатталған қалалық модельдердің әрқайсысында символдық, физикалық, қаржылық, әлеуметтік, адами және мәдени капиталды әртүрлі тәсілдермен біріктіретін өндірістік процестер және қалалық стратегиялар бірнеше жанама әсерлер арқылы трансформациялық әсерлерді тудыратын мәдени тәжірибені қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылады. Бұл дегеніміз, мәдениет өзінің әртүрлі өлшемдерінде шикізат рөлін қайта алады және даму процестерін жандандыру және қалалардың тиімділігін арттыру үшін бастапқы нүктеге айналады [19] деп қорытындыланады.

Жалпы адамзат тарихындағы қалалар тарихы өте ертеден басталады. Қалалардың адамдарды өзіне қарай тартатын бірқатар факторлары бар. Шығыстық нұсқаулар бойынша, арабтың «тамаддун» сөзі өркениет деген мағынаны білдіреді, оның тамыры «мадина» немесе «мадине» қала яғни, қалалық болу, қалада жиналу деген сөзден тараған. Қазақтың «мәдениет» сөзінің түп-төркіні де дәл осы арабтың «маданият» сөзінен қалыптасқан. Тағы бір дәлел әл-Фарабидің «қайырымды қала», «адасқандар қаласы», «надан қала», «игілікке бағытталған қала» туралы әлеуметтік-саяси, этикалық көзқарасы.

«Қала» дегеніміз - көп адамның бір жерде шоғырланып өмір сүруі, демек олар жалпыға бірдей белгілі бір ережелер мен өмір сүру тәртіптеріне көндікпесе, бірігіп өмір сүру мағынасы жойылады. Бірігіп өмір сүру адамдарды мәдениетке, бірін-бірі тыңдауға, бір-бірінің қалауын сыйлауға және өз көзқарастарын біріктіріп, барлығына ортақ қарапайым этикалық нормалардың дүниеге келуіне себепші болады. Қалалық мәдениет XI-XII ғасырларда Францияда пайда болған мәдениет. Бұл жағдай тұтас батыс өркениетінің қалыптасуында үлкен рөлге ие болды. Қалалық мәдениет мәні адам болмысының барлық аймақтарындағы жоғарғы манаптық элементтердің үнемі күшейіп отыруында. Сонымен қатар, көп адамдардың бірігіп өмір сүруі адамдар арасында ынғайлылықты, уақыт үнемділігі, тұрмыс қолайлығы сынды қарапайым өмір элементтерінен туындаған көп қабатты зәулім үйлер мен ғимараттар, жолдар, көпірлер, сарайлар, мектептер, кітапханалар, мешіттер, сауда үйлері, мұз айдындары, стадиондар, алып жобалар, техника жетістіктерінің барлық түрлері және т.т. барлығын материалдық жетістіктерге біріктіріп қалалық мәдениеттің бір көрсеткіші ретінде тануға болады [12, 11 б.]. Сонау антика дәуірінде «Элей мектебі», «Милет мектебі» деп философиялық мектептердің атауын қала атауымен беруі, бертін келе шығыстық ғұламалардың аты-жөндеріндегі «Фараби», «Баласағұни», «Қашқари» деп өздері шыққан қала атауларының қосылуы үлкен философиялық мәнге ие. Қалалар қиялы ұшқыр суретшілерге де жақсы ықпал еткен, оған дәлел Йоханнес Вермеердің «Делфт көрінісі» (1660), Джордж Беллоудың «Нью-Йорк» (1911), Гюстав Кайботтың «Париж көшесі,

жаңбырлы күн» (1877), Фриц Таулованың «Венециядағы дақ» (1894) сынды әлемге танымал суреттер. Өзіміздің қазақ ақындарына да қалалар шабыт берген, «Арыс жағасында», «Алматы түні», «Шырайлы Шымқалам» т.б. Тіпті Менделеевтің химиялық элементтер тізімінде де қалалардың құрметіне берілген атауларды кездестіруге болады. Себебі қалалар мәдениет пен өркениеттің ортасы, адамның қанаттануына, шабытттануына тікелей ықпал ететін мекен, ол адамдар арасында салауатты бәсекелестік орната отырып, мықтыларды іріктейді, сұрыпталғандарды жарқыратып көпке танымал етеді.

Қалалар – тарихи даму деңгейіндегі адамзат қол жеткізген материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы, мәдени процесстер жолы. Қалалар адамдар арасындағы әртүрлі жағдаяттар мен мақсаттар негізіндегі тығыз қарым-қатынастар мен танымдық әрекеттер, ең маңыздысы адамшылық дүниегекөзқарасты қалыптастыру мен интеллектуалды дамуды негіздеу деп түсінуге болады. Қалалар әлеуметтік-мәдени өзгерістердің нәтижесі ретінде әлемдік сипатқа және «мегаполис» деген атауға ие. Мегаполистер ертегілердегі сағат сайын өсетін батырлардай немесе жан-жағындағыларды жұтып, жайпап жіберетін аждаһадай шағын елді мекендерді өзіне қосып, ауылшаруашылық жерлерін өзіне сіңіріп, өндіріс, мәдениет және көлік индустрияларын екпіндетіп, біртұтас орталықтар мен спутниктік құрылғыларды шоғырландырып, миллиондаған адамдарды құшағына алып, олардың өз тіршіліктерін өн бойынан табуына мүмкіндік берген, аса қатты қарқынмен өсіп келе жатқан алпауыт қалалар. Ғылымда мұның бәрін бір сөзбен «қалалық агломерациялар» және «урбанизацияланған қалалар» деп атайды. <https://moya-planeta.ru/> рейтингі бойынша жер шарының ең ірі агломерациясын Нью-Йорк құрайды. Қала маңымен бірге ол 12 093 км² алып жатыр, бұл Мәскеуден екі есе үлкен. Үлкен Бостон - ауданы бойынша ең үлкен 10 қаланың тізімінде екінші орында 9538 км² алып жатқан тағы бір американдық агломерация, шамамен Кипр аумағына тең. Бұл еуропалық қоныс аударушылар игерген елдегі ең көне аумақтардың бірі және оның орталығы Бостон. Келесі Жапониядағы Токио-Йокогама - агломерация 8230 км² аумаққа жайылды, яғни оның аумағында

екі ел: Бруней мен Маврикий сәйкес келеді [20]. Рейтинг ары қарай жалғаса береді, онда қалалардың аумағымен қатар халық тығыздығына қарай да топтастырылған. Әлемдегі мұндай үлкен қалалар әлеуметтік-мәдени өзгерістердің ошағы ғана емес, оны таратушы және үлгі етушілер болып табылады. Мегаполистер әлемнің аз уақыт ішінде көп түрленуіне тікелей ықпал етуде. Алайда сол әлемнің түрленуі туралы пікірлер де сан түрлі.

Ресейлік ғалым-философ В.Миронов пікірінше әлем барған сайын кішірейіп барады. Қазіргі әлемде қоғамға жаһандық коммуникация саласы үлкен әсер етті. Бұл адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын өзгертті. Салыстырмалы түрде соңғы уақытқа дейін мәдениеттер арасындағы өзара әрекеттесу салыстырмалы түрде жергілікті (саудагерлер, сарбаздар мен миссионерлер, баяу және қымбат жерден-жерге саяхаттау) немесе техникалық жағынан шектеулі (мысалы, теңіз хаттары немесе төбедегі Маяк тізбектері) болды. Бұл мәдениеттер өте баяу өзгередінін және үлкен өзгерістердің көпшілігі бір өмірден асып түсетінін білдірді. Мұндай консервативті механизм кез-келген жергілікті мәдениеттің тұрақтылығын қамтамасыз етті, жаңа компоненттерді баяу бейімдеп, мәдениеттің өзін біртіндеп өзгертті. Бұл механизм бірін-бірі толықтыратын екі үлкен компонентке (жоғарғы және төменгі) негізделген. Көпшіліктің дәстүрлері, қалаулары және «ақылға қонымды» этикалық нормалары мәдениеттің бір бөлігінде, көбінесе «бұқаралық мәдениет» деп аталады. Екінші жағынан, мәдениет жалпы қабылданған стереотиптер мен идеялардан алыс өнімдерді жасайды және кейде «жоғары мәдениет» немесе «классикалық мәдениет» деп аталатын мәдени қабаттың бір түрі болып табылады. Негізінде ол күнделікті өмірден алыс. Мәдениеттің бұл идеалдандырылған бөлігі тұрақты, өзгеріске күдікті және сенімді ортақ негізге ие. Осының арқасында мәдениеттің өзі диалогқа айналады. Жоғары мәдениетке жататын барлық нәрсе шынайы білімді адам үшін қажет болып көрінеді. Күнделікті өмірдің элементтері мәдениеттен тыс, кейде тіпті оған лайық емес деп саналады. Жоғары мәдениет әрқашан адам өмірінің кейбір аспектілерін талқылауға мүмкіндік бермейтін оқшаулану және кідіріс мәдениеті болды. Жоғары мәдениеттің тағы бір маңызды ерекшелігі –«толықтық принципі». Жоғары мәдениет

оқшауланған және өзін-өзі қамтамасыз етеді. Оның шығармашылық процестері музыканттың, сәулетшінің немесе философтың шығармалары болсын, аяқталған шығармаларда және «төменгі» мәдениеттің аяқталмаған, оғаш және тіпті жарамсыз мәтіндерінен айырмашылығы аяқталған әдеби мәтіндерде жүзеге асырылады [21, 3-18 с.].

Американдық тарихшы және әлеуметтанушы Стивен Шейпин өзінің «Ғылым және қазіргі әлем» атты еңбегінде «Ғылым қазіргі әлемді құрды және қазіргі мәдениетті де қалыптастыратын ғылым. Ғылым қазіргі әлемді құруды жалғастыруда. Біз қандай атауларды тандасақ та өзгерістердің озық бағыттары — жаһандану, желілік қоғам, білім, экономика - бұл олардың қозғаушы күші деп саналатын ғылым. Ғылым экономиканы басқарады, ең бастысы, бұл біздің мәдениетімізді қалыптастыратын ғылым. Біз ғылыми терминдермен ойлаймыз. Басқаша ойлау - жеткіліксіз, заңсыз, мағынасыз ойлау» [22, 433 р.] деген тұжырым жасайды.

Американдық философ Х.Сколимовски «Техника философиясы адам философиясы ретінде» деген жұмысында техниканың дамуы үнемі мәдени мутациямен, терең әлеуметтік өзгерістермен байланысты ма деген мәселені зерттеумен айналысады. Ол осыған байланысты Қытайда техниканың гүлденуі XIV жүзжылдықта, яғни батыстық Ренессанс пен европалық ғылыми революцияға дейін жүзеге асқандығы туралы айғаққа көңіл аударады. Демек, ғылыми революция әрқашанда техника гүлденуінің қажетті алғышарты бола бермейді, ал техниканың өріс алуы міндетті түрде қандай да болсын қоғамдық өзгерістерге әкеле бермейді. Х.Сколимовски техника философиясын адам философиясы ретінде түсінуді ұсынады. Бұл мағынада адам техникалық императивке бағынғаннан гөрі, техника адам императивіне бағынуы тиіс. Ол адамның табиғаттағы нәзік тепе-теңдікке құрметпен қатынасуын және әлемді бұлайша жабдықтандыру осы тепе-теңдікті бұзбай, бекіткенде ғана рұқсат беруді ұсынады. Оның ойынша адамның білімі қалған барлық жаратылыстарға қарсы бағытталмай, білім бақылау мен жұмсау мақсатындағы күш ретінде қолданылмай, керісінше заттардың табиғатын дұрыс түсінуге және үйлесімділікке қызмет етуі тиіс. Прогрестің гуманистік түсінігі

табиғаттың өзге жаратылыстарының, сонымен бірге адам жаны мен оның сезімдік потенциясының жойылуын емес, керісінше оның рухани әлемінің кеңеюі арқасында жүзеге асатын адамның өзіндік келбетінің өсуін білдіреді [23, 131 б.]. Ғалым айғағы мен пікірі орынды. Бүгінгі академиялық білім аясы «ықпал» мен «беделге» сүйенген дәлелдер ортасы. Заманауи ғылыми-зерттеу университетінде бүгінгі күні жаратылыстану ғылымдары құрметті орынға ие, ал әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар оның көлеңкесінде қалғандай әсерде. Осындай жалпыға ортақ ой, өркениеттерді алға шығарып, өркениетті жасаушы және дамытушы тек жаратылыстану ғылымдары деген сыңаржақты пікірге алып келіп саяды. Алайда, өркениет негізін мәдениет құрайды, яғни өркениет мәдениеттің сыртқы формасы, қабығы. Жер жүзіндегі мәдениеттердің барлығы құрылымы жағынан бір-біріне өте ұқсас. Кез-келген мәдениеттің белгілі бір ерекше тұсы келесі мәдениетте әлсіздік танытса, дәл осы әлсіздік өзге мәдениет өркендеуінің басты себебі болуы мүмкін. Демек, мәдениеттер әрдайым өзгерісте, олардың өзіндік ерекшеліктері мәдени белгілер жиынтығының ұдайылығы мен екпінінен айқын көрінеді. Өзгермелі мәдениеттің орны мен уақыты ауысқан сәтте, мәдениет субъектілері - этнос, социум, тұлғалар да өзгеріп отырады. Ол үшін біз мәдениет динамикасын өте жақсы меңгеруіміз қажет, тек осындай білім ғана бізге константты анықтауға жәрдем береді. Үздіксіз үрдісті меңгеру феноменнің үстемдік етуші белгілерін анықтайды, әрі бейімделуге қолайлы қозғалмалы-иілгіш қалыпқа келіп, терең зерттеуді талап етеді [24, 3 б.].

Әлеуметтік-мәдени өзгерістер әлемнің келбеті өзгерген сайын маңызды бағытқа айнала бастады. Олар адамдардың мәдени айырмашылықтарға байланысты әртүрлі жағдайларды қалай қабылдайтынын және оларға қалай жауап беретінін анықтады. Ашық қоғамдар диалог, дөңгелек үстелдер, галстуксыз кездесулер сынды бейбітшілік пен ынтымақтастықты көздейтін кездесулер арқылы күрделі мәселелерді шешуге көбірек мүмкіндік алды. Әлемде орын алған көптеген өзгерістер философиялық ойлаудың және басқа адамдармен қарым-қатынастың жаңа тәсілін туғызды. Мұндай өзгерістер өмірдің барлық салаларына, соның ішінде бизнеске,

ғылымға, саясатқа және дінге әсер етті. Қоғамдар әлдеқайда кішірейіп, жергілікті өзара әрекеттесулер интерактивті өзара әрекеттесуге ауыстырылды. Көптеген мәдениеттер де өзгере бастады және істерді жүргізудің басқа әдісін қабылдады. Әлеуметтік-мәдени өзгерістер отбасылық қатынастарда да байқалады. Қарым-қатынас көбінесе тәжірибенің немесе тәрбиенің нәтижесі болып табылады. Олар мінез-құлыққа қатты әсер етуі мүмкін және адамдардың әртүрлі жағдайларда қалай әрекет ететініне ықпал ете алады. Алайда арасындағы қарым-қатынас үздіксіздігі тұрақты болғанымен, оның мазмұны әртүрлі сипатқа өзгеріп отырады. Ол өзгеріс қоғамда орын алып жатқан әлеуметтік-мәдени өзгерістер элементтерінің есебінен орын алады.

2.2. Мәдени сабақтастық және интеграция

Адамзат баласы жүріп өткен үздіксіз жолының сабақтаса өрілуінің арқасында бүгінгі күні тұтас бір мәдени-тарихи құрылым түзіліп отыр. Мәдени сабақтастықтың негізгі, әрі ерекше қызметі дәуірлер мен ғасырлардың, жылдар мен айлардың, апталар мен күндердің арасын жалғастырушы әрі дәнекерлеуші қасиеті болып табылады. Дәуірлер орын алмасып ғасырлар жылжыған сәттерде бұл қызметтің әлсіреген тұстары болды. Әр дәуірдің оза шыққан тұлғалары сол әлсіреген тұстарды дөп басып ол олқылықтың орнын толтыруға әрекеттер етті. Әлсіреген мәдени сабақтастықты қалпына келтіру немесе оны ары қарай нығайта отырып жалғастыру үшін ерекше тұлғалар үнемі тарихқа қайта оралып отырды. Мәдени сабақтастық дәуірлердегі мығым дәстүрлердің алға қарай жылжуына көмектесіп отырды, олардың ұрпақтан ұрпаққа берілуіне жауап берді. Әр дәуірде де адамдар дәстүрлерді құрмет тұтты оны мүмкіндігінше сақтауға және таратуға мейлінше ден қойды. Дәстүрлердің орындалуы ешқашан ешқандай адамдар немесе заңдар тарапынан қадағаланбады, бірақ сонда да олар үздіксіз өз деңгейінде орындалып жүрді. Бұл орындалу процесі мәдени сабақтастықтың құзырында болды. Осылайша мәдени сабақтастық дәстүрлердің кезеңнен-кезеңге өту қызметін атқарып, адамзат тарихында ерекше рөл мен орынды иеленді. Дәстүрлердің ұрпақтан-ұрпаққа мейлінше өзгеріссіз, мән-мағынасын сақтай отырып жетуін мәдени сабақтастық тікелей өз мойнына міндеттеді.

Батыстық мәдени қатынастар жүйесінде мәдени сабақтастық ұғымы көбіне «аккультурация» теориясы арқылы қарастырылады. Мәдениеттенушы әрі психолог, Эдинбург университетінің профессоры Джон Виддап Берри адамдардың мінез-құлықы мен жүріс-тұрысына экологиялық және мәдени ықпал ету мәселесімен шұғылданып жүрген ғалым ретінде иммигранттар мен байырғы тұрғындардың бейімделуін және мәдениетаралық байланыстарын зерттеді. Зерттеу нәтижесі бойынша 2019 жылы «Аккультурация». Әр түрлі мәдениеттер бойынша жеке саяхат» [25] атты еңбегін жариялады. Онда ол аккультурация ұғымына былай анықтама береді: «Аккультурация - бұл мәдениетаралық байланыстардан

туындайтын мәдениет пен мінез-құлықтағы топтық және жеке өзгерістер процесі». Ғалым пікірінше бұл өзгерістер әрдайым болды және өсіп келе жатқан қарқынмен жалғасуда, өйткені әртүрлі мәдениеттердің адамдары көбірек көшіп, кездесіп, өзара әрекеттеседі.

Британдық энциклопедияда «Аккультурация, екі немесе одан да көп мәдениеттердің байланысынан туындайтын артефактілерді, әдет-ғұрыптар мен нанымдарды өзгерту процестері. Мәдени байланыстар мен өзгерістер болатын жағдайларға байланысты аккультурацияның екі негізгі түрін ажыратуға болады – «инкорпорация» және «бағытталған өзгеріс».

«Инкорпорация» - адамдардың мәдени элементтерді мәжбүрлеусіз еркін өзгертуі және әртүрлі мәдениеттердегі адамдардың белгілі бір байланыста болғаннан кейінгі саяси және әлеуметтік белгілерді анықтауы. Инкорпорация еркін таңдау өнімі болғандықтан, ол тудыратын өзгерістер көбінесе ұзақ уақыт сақталады.

«Бағытталған өзгеріс» - инкорпорацияға керісінше, яғни жаулап алу немесе саяси бақылау арқылы бірінің екіншісіне мәжбүрлі түрде үстемдік орнатуы. Бір мәдениеттің екіншісіне қосылуы нәтижесінде болған бағытталған өзгеріс мәдени сипаттамаларды таңдау мен өзгертуді қамтиды. Алайда, бұл процестер әр түрлі, ал нәтижелер күрделірек, өйткені олар бір мәдени жүйеге екіншісінің араласуына байланысты пайда болады [26].

Дж.Берри пікірінше аккультурацияға деген алғашқы қызығушылық отаршылдық пен байырғы халықтардың еуропалық үстемдігінің салдары туралы алаңдаушылықтан туындады. Кейінірек ол иммигранттардың (ерікті де, мәжбүрлі де) қабылдаушы қоғамдарға кіріп, қоныстанғаннан кейін қалай өзгергеніне назар аударды. Аккультурацияның табиғаты туралы алғашқы көзқарастар қазіргі пікірталастар үшін пайдалы негіз болып табылады. Атап айтқанда, екі тұжырым кеңінен келтірілді. 1936 жылғы мақалада Редфилд пен оның әріптестері жазған: «Аккультурация әртүрлі мәдениеттерге жататын адамдар топтары бір немесе екі топтың бастапқы мәдени үлгілеріндегі кейінгі өзгерістермен үздіксіз тікелей байланыста

болған кезде пайда болатын құбылыстарды қамтиды». Тағы бір тұжырымда 1954 жылы әлеуметтік ғылымдарды зерттеу кеңесі аккумуляцияны келесідей анықтады: «Екі немесе одан да көп автономды мәдени жүйелердің бірігуінен туындаған мәдениеттің өзгеруі» [27].

Келесі бір батыстық ғалым П. Бойер пікірінше өмір сүру шарты ретінде қарастырылатын мәселе қоғамдық талқылаулар арасында жеке тұлғаны сақтау қайшылығы мен оның аз үлесті топтардың мәдени ассимиляциясының тереңдігі, мәні және салдары. Еуропада әсіре ұлтшылдық пен мәдени ағартушылық арасындағы қатынастарға қарама-қарсы көзқарастар ұсынылды. Қазір көптеген Еуропа елдері этникалық топтардың мәдени автономиясын азаматтық тұрғысында үйлестіру мәселелеріне саяси шешім іздеуде. Дүниежүзілік мәдени интеграция құбылысы қалыптасқан ұлттар мен мәдениеттердің ассимиляция процесіне тап болып отыр [28] деп қазіргі таңдағы өткір әлеуметтік-мәдени мәселені алға тартады. 1960-шы жылдары аккумуляция мәселесінің зерттелу аймағы кеңейіп психология шекарасына дейін жетеді. Аккумуляцияға ерекше назар аударған психологтардың ішінен Теодор Д Грейвс 1967 жылы «Психологиялық аккумуляция» ұғымын енгізді. Аталмыш ұғым адамның сыртқы мәдениеттің де, өзі мүше болып табылатын өзгермелі мәдениеттің де әсерінен мәдени байланыс жағдайында өзгеріске ұшырыған адамның жай-күйін білдіреді. Аккумуляция алдымен топтық деңгейдегі құбылыс ретінде ұсынылғанымен, ол жеке деңгейдегі құбылыс ретінде де танылды. Осы екі деңгейді бөлудің екі себебі бар. Біріншіден, мәдениетаралық психологияда біз адамның жеке мінез-құлқын ол орын алатын мәдени контекстпен өзара әрекеттесу ретінде қарастырамыз, сондықтан екі деңгейде де бөлек ұғымдар мен өлшемдер қажет. Екіншіден, әрбір адам мәдениетке кірмейді және оған бірдей қатыса бермейді және әр адам бірдей өзгермейді [29, 337 p.].

Дэвид Л. Сэм пайымдауынша аккумуляцияны «топтық деңгей» және «жеке деңгей» феномені ретінде ажырату өте маңызды. Екі деңгейде болатын өзгерістер түрлері әдетте әртүрлі. Сонымен қатар, әр топ немесе жеке тұлға аккумуляция кезінде бірдей түрде кірмейді, қатыспайды

немесе өзгермейді. Психологиялық аккультурацияда, тіпті мәдени ортасы бірдей және бір аккультурациялық контексте өмір сүретін адамдар арасында да үлкен жеке айырмашылықтар бар [30].

Эдвард А. Дельгадо-Ромеро, Чарльз Р. Ридли сынды ғалымдардың түйіндеуінше аккультурацияны көп мәдениетті қоғамдарда өмір сүретін адамдардың көзқарастары мен мінез-құлқын өзгерту процесі ретінде немесе отарлау, басып кіру, саяси өзгерістер, жаһандану және технологиялық жетістіктерге, сонымен қатар қоғамның ұтқырлығының артуына орай басқа мәдениетпен байланысқа түскен кезде анықтауға болады. Аккультурация басым топпен байланыс нәтижесінде көзқарастар мен мінез-құлықтардың өзгеруімен бар мәдени құндылықтарды, нанымдар мен дәстүрлерді сақтау арасындағы тепе-теңдікті білдіреді. Америка Құрама Штаттарында білім беру жүйесі және бұқаралық ақпарат құралдары сияқты институттар аккультурация процесінің бөлігі болып табылады. Аккультурация процесінің тағы бір компоненті кеңес беру қажеттілігін мойындауды қамтуы мүмкін. Доминантты мәдениеттегі аккультурация дәрежесі кеңесшінің этникалық құрамына артықшылық беруде немесе клиенттің нәсілдік, этникалық немесе мәдени мәселелерді талқылауға дайын болуында да рөл атқаруы мүмкін [31].

Келесі бір ғалым Артур В. Блум аккультурация деңгейін инкультурация деңгейімен шендестіре қарастырады. «Аккультурация деңгейі» - бұл азшылық топтағы адамның көпшілік мәдениеті шеңберінде жұмыс істейтін және сауатты өзара әрекеттесу дәрежесі. Аккультурацияның жоғары деңгейі көпшілік мәдениеттің сенімдері мен тәжірибелерін түсіну және пайдалану оған қоса көпшілік мәдениеттің функцияларын сәтті орындау құзыреттілігінің жоғары деңгейімен байланысты. Жоғары мәдениетті азшылықтар көбінесе көпшіліктің тілін біледі, көпшілік мәдениет мектептерінде жоғары білім алады, көпшілік мәдениет ұйымдарында жұмыс істейді және көпшілік мәдениетте күнделікті өмірде сауатты жұмыс істей алады. Екінші жағынан, аккультурацияның төмен деңгейі көпшіліктің мәдени іс-әрекетіне аз қатысумен, көпшілік мәдениеттің сенімдері мен әдет-ғұрыптарын нашар түсінумен, кейде

көпшілік мәдениетінің тілін аз қолданумен байланысты болады. Аккультурациясы төмен адамдар көбінесе мәдени мекемеде білім ала алмайды, сондықтан олар үнемі бәсекеге қабілетті деңгейде болады. «Инкультурация деңгейі» - бұл азшылық тобының адамы өзінің азшылық мәдениеті шеңберінде жұмыс істейтін және құзыретті түрде өзара әрекеттесетін дәреже. Мәдениеттің жоғары деңгейі азшылық мәдениетінің нанымдары мен әдет-ғұрыптарын түсіну және пайдалану сонымен қатар азшылық мәдениетінің функцияларын сәтті орындау құзыреттілігінің жоғары деңгейімен байланысты. Жоғары мәдениетті азшылықтар өздерінің этникалық тілін біледі және азшылық мәдениетінде күнделікті өмірде сауатты жұмыс істей алады. Төмен мәдениеттілік азшылықтардың мәдени іс-әрекеттеріне аз қатысумен, азшылық мәдениетінің нанымдары мен әдет-ғұрыптарын нашар түсінумен және азшылық мәдениетінің тілін аз қолданумен байланысты болады. Зерттеушілер аккультурацияның да, инкультурацияның да жоғары деңгейі азшылықтарды тәуелділік мінез-құлқынан қорғаудың факторы екенін анықтады [32]. Ғалымның тұжырымына жүгіне отырып өз еліміздегі ахуалмен шендестіруге болады. Елімізде қазіргі таңда А.В.Блюм мегзеп отырған «көпшілік» – ол ең алдымен негізгі ұлт, сәйкесінше көпшілік ұлт – «қазақ», яғни жалпы мемлекет халқының 70 пайызын құрайды. Ел бойынша демографиялық жағдай Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының деректері (<http://stat.gov.kz>.) негізінде сүйенсек Қазақстандағы «азшылық», яғни жалпы саны 1 пайызды құрамайтын бірнеше ұлттар бар. Атап айтсақ, башқұрттар – 0,09 %, поляктар 0,15 %, шешендер 0,18 %, күрдтер 0,25 %, белорустар 0,26 %, тәжіктер 0,28 %, дүнгендер 0,41 %, корейлер 0,56 %, түріктер 0,61 %, әзербайжандар 0,61 %, немістер 0,9 %. Осы аталған еліміздегі «көпшілік» пен «азшылық» топтарды А.В.Блюм тұжырымдамасына салып оның ой-пікірін өз ахуалымызбен бағамдауға болады.

Фарах А. Ибрагим, Жианна Р. Хойер пайымдауынша аккультурация мәселесі белгілі бір мәдениеттегі адамды қабылдаушы мәдениеттегі сәйкестіктің қатар келуімен тығыз

байланысты. Бұл аккультурацияны жеке тұжырымдама ретінде түсінуді қиындатады, өйткені біз қабылдаушы мәдениетте жеке адамның қалай дамығанын анықтауымыз керек. Мысалы, Таяу Шығыс, Африка, Азия және Еуропа мұсылмандарының дәстүрлі әлеуметтенуін ескере отырып, көші-қон даму жолының кейбір аспектілерінің қалыптасқан қарым-қатынастарының бұзылуы мүмкін. Біріншіден, тіркеу мәселесі және бұл процесс босқын ретінде отбасы жоқ бала қабылдаушы мәдениетке келу немесе ата-анасының қолдауынан айырылу, АҚШ-тағы құрдастарының мәдениетіне бейімделуге тырысуы және отбасы мүшелерімен қақтығысқа тап болу арқылы бұзылуы мүмкін. Екіншіден, жасөспірім кезде жеке тұлғаны дамыту үшін стресс пен шиеленіс көп болады. Ал мұсылман иммигрант ата-аналардың американдық мәдениеттен қорқатыны байқалады, өйткені олар нәсілдік алалаушылық, зорлық-зомбылық топтары, тәуелді есірткі, ерте жыныстық қатынас, материалдық құндылықтар, шексіз өзімшілдік жасөспірімдер үшін қауіпті деп санайды. Осы қысымның нәтижесінде сәйкестілік пен аккультурацияны дамыту процесі бірнеше жолмен жүруі мүмкін. Бұған қоса, батыстағы қабылдаушы мәдениет жасөспірімді қауіп ретінде қарастырып, депрессияға, мазасыздыққа немесе кек алу қиялына әкелуі мүмкін жағдайлар жасай алады [32].

П.Г.Шмитц пікірінше аккультурация моделі мигранттардың иммиграция елінің немесе қабылдаушы қоғамның қоғамымен және мәдениетімен, сондай-ақ өздерінің мәдени тобымен танымының, қарым-қатынасының және өзара әрекеттесуінің әртүрлі формаларына қатысты екі аспектіні білдіреді.

I өлшем - «қабылдаушы қоғаммен байланыс және өзара әрекеттесу». Бұл өлшем «Өз мәдени ерекшелігін және құнды әдет-ғұрыптарын сақтау керек пе?» деген сауалға жауап іздейді;

II өлшем - «шығу мәдениетін сақтау». Бұл өлшем «Қабылдаушы қоғаммен немесе басқа әлеуметтік-мәдени топтармен жағымды қарым-қатынас құнды болып саналады ма және оны сақтау керек пе?» деген сауалға жауап іздейді. Екі өлшем де континуум болып саналады және аккультурациялық мінез-құлықтағы жеке айырмашылықтар әр өлшем бойынша қалыпты түрде бөлінеді. Әдістемелік себептерге байланысты істі жеңілдету үшін әр өлшемді жасанды түрде

дихотомизациялағанда және екі дихотомизацияланған өлшемді біріктіргенде, біз төрт өрісті кесте аламыз және әрбір ұяшық аккультурация стратегиясының басқа прототипіне жатады: интеграция, ассимиляция, бөлу, яғни сепаратизация және маргинализация [34] (2-кестені қараңыз).

Кесте 2. П.Г. Шмитцтің төрт өрісті кестесі

Иммиграция елімен байланыс (Relationship immigration country)	Бір этникалық топқа деген көзқарас (Relationship to own ethnic group)	
	Позитив	Негатив
	Позитив	Негатив
	Негатив	Негатив
	ИНТЕГРАЦИЯ (Intergration)	АССИМИЛЯЦИЯ (Assimilation)
	СЕПАРАТИЗАЦИЯ (Separation)	МАРГИНАЛИЗАЦИЯ (Marginalization)

Жоғарыда аталған ғалымдардың ой-тұжырымдарын қорыта келе аккультурация теориясы адамдардың дәстүрлі білімі сақталатын және берілетін мәдениеті мен әдістеріне деген интеграциясын сипаттайды деген негізге келуге болады. Батыстық сипаттағы аккультурацияны «сабақтастық» ұғымымен сабақтау мүмкіндігі бар. Сабақтастық дегеніміз - ғылыми категория, оның маңыздылығы атқаратын рөлінде, яғни өтпелі кезеңдердегі адам баласының басынан өткерген түрлі оқиғаларының бір-бірімен жалғасуында. Сабақтастық тарихты жалғастырушы, адамзатқа бағыт беріп, үлгі көрсетуші. Мұндай процесс ұрпақтар сабақтастығының арқасында жүзеге асады. Сабақтастық қоғаммен қоғамды, тарихпен тарихты, өмірмен өмірді, түрлі оқиғалармен жаңалықтарды жалғастырушы, сабақтаушы маңызды рөлін атқарғанмен осы аталғандар ішінен айқын көрінбейді, аса ерекшеленбейді.

Тарихта, жалпы мәдениет тарихында сабақтастық мәселесіне, прогресивті даму кезеңінен бастап, құлдырау кезеңінің аяқталуына шейін көбіне буржуазия идеологтары үлкен көңіл аударды. Мысалы, XVIII ғасырдың басында Дж.

Вико қоғам дамуын экономикалық қатынастар, саяси және құқықтық институттар және рухани мәдениеттің сан алуан аймақтары жүйесіндегі түрлі аспектілерде қарастырды. Ол жаңадағы сақталынған есікінің сарқыншақтарын тауып, тарих пен мәдениет қоғамының дамуын – «сабақтастық» деп көрсетті. Сонымен қатар, ол дербес бір елдің дамуындағы сабақтастықты және оның бір елден екіншісіне әсерін әр түрлі елдер мен халықтар тарихындағы сабақтастықтың байланысы ретінде қарастырды. Қарастыра келе, ол «халықтың табиғи құқығы әрбір халықта жеке дара жаратылады және де біріншісі екіншісі туралы бейхабар болады. Кейіннен түрлі соғыстар, елшіліктер, сауда қатынастарының одақтары нәтижесінде ол барлық адамзат тегіне тән жалпылық ретінде мойындалынады» [35, 77 б.].

Жер шарының әр бөлігінде тұрған еш тустық тектік қатынасы Дж.Вико айтқандай бір-бірінің бар екендігінен бейхабар халықтарға ортақ салт-дәстүрлер мен мақал-мәтелдер, нақыл сөздерді кездестіруге болады. «Ежелгі даналық» - Дж.Виконың этимологияны философиялық құрал ретінде қолданудағы алғашқы маңызды әрекеттерінің бірі. Вико сөздердің шығу тегін түсіну арқылы құнды түсінікке ие ежелгі даналықты түсінуге және сабақтастыруға болады деп есептейді. Ежелгі даналық үшін бұл жайт метафизикалық шындықты түсіну. Этимологиялар адам заңдары мен әдет-ғұрыптарының табиғатын ашады. Вико көбінесе мифологиялық құдайлардың есімдерін немесе римдік заңды терминдерді алып оларды осы сөздердің шығу тегінен сабақ алу үшін пайдаланады. Этимологияны қолдану Виконың басты мақсатына сәйкес келеді - ежелгі даналықтың құнды екенін және оқырман тарапынан мұқият назар аударуды қажет ететіндігін көрсету [36] болып табылды.

Философия тарихында ерекше есімі бар ғалымдардың бірі Иммануил Кант «ұрпақтар сабақтастығына» назар аударған. Әр түрлі ұрпақ өкілдерінің өз уақытында білімдерін жетілдіруі және келесі ұрпаққа мұрагерлік дайындауы сынды стандартты механизмге былайша анықтама берді: «Аға буын тек болашақ ұрпақ үшін дәлірек айтқанда, өздерінің алдындағы бірқатар аға буын өкілдерінің тастап кеткен құрылыстарын өздерікінен де биік ғимарат тұрғызуға кіші ұрпақтарға баспалдақтар дайындап

беру үшін маңдай терлерін төгіп еңбек еткендей болады [37, 10 с.]» деп ерекше ой айтқан. Өмір сүріп жатқан ұрпақтың алдында келесі ұрпаққа трансформациялауы тиіс мұрагерлік парыз тұратыны анық немесе әр буын өз кезінде өздері үшін жасаған әрекеттерін қоғам Кант айтқандай келер ұрпақ үшін жасап жатыр деген сабақтастық стереотипі орын алған. Бұл трансформация диплом, медаль табыс етілетін іс-шаралар секілді жүргізілмейді, ол өздігінен орын алып жатады, бірақ сол дәуірді сипаттаған уақытта біз осы ұрпақтар сабақтастығы туралы сөз қозғаймыз.

Ұрпақтар сабақтастығы дәуірлермен бірге өздігімен жүретін процесс болғандықтан аға буынның кіші буынға берген нақты үлесін анықтау мүмкін емес. Десек те, адамзат тарихында әр буынның өзі үшін істеген кез-келген әрекеті келесі буынға берілетін мұра екендігі ұрпақтар сабақтастығымен белгіленген. Бұл тамаша тәсілді адамзаттың бір-біріне, жалғастырушы ұрпақтарға деген құрметі мен ізеті деп түсінген абзал. Алдыңғы буын ұрпақтар салған іздер бүкіл мәдени-тарихи кешенді құрайды. Кіші буын өздерін қаншалықты заманауи және алдыңғы ұрпаққа қарағанда дамыған, жетілген ұрпақпыз деп есептегенімен, олар өз дәуірінде істеген іс-әрекеттеріне соншалықты мұқтаж. Десек те, ұрпақтар арасындағы сабақтастық үнемі бір қалыпты жүріп отырады деп айта алмаймыз. Осыған байланысты сабақтастықты шартты түрде «үзілісіз немесе мықты сабақтастық» және «үзілісті немесе әлсіз сабақтастық» деп атауға болады. Бастысы сабақтастық нақты үзілмейді, алайда оның әлсіреген тұстары мен мықты тұстарының арақатынасын талдау арқылы көптеген тұжырымдамалық тәсілдерге қол жеткізуге болады.

Бұл ойды философия тарихындағы «өмір философиясы» атты ерекше ағымның белді өкілі, интуитивист, 1927 жылғы әдебиет бойынша Нобель сыйлығының лауреаты, профессор Анри-Луи Бергсонның «Өмір - үздіксіз ағын», «Әр сәтте жинақталған тәжірибе арқылы салынатын даралық үздіксіз өзгеріп отырады», «Үздіксіз сапалық өзгерістер – өнертабыстар» [38] деген тұжырымдамаларына жүгіне отырып негіздеуге болады. А. Бергсон былай дейді: «Көлемі бойынша бірдей күйлер белгілі бір тереңдікте қайталанбайды. Өмірдің ағынын

анықтау мүмкін емес. Бұл зеңбіректен атылған ядро емес. Бұл снаряд, ол атылғаннан кейін бірден көптеген бөліктерге бөлінеді, сынықтар әртүрлі бағыттарға ұшады және әрқайсысы өз бағытындағына бұзып жалпы жарылыс жасайды» [38, 11 с.]. А. Бергсонның бұл сөздері оның «сызықтық емес даму туралы» тезисін растайды. Ғалым пікірінше үздіксіздікке, дамудағы эволюцияға қарсы тұра алатын өзіне тән ерекшелігі бар «шығармашылық» болып табылады. Ол тек шығармашылық процесте ғана логикалық және хронологиялық сабақтастық болатындығын мойындайды. Бергсон идеяларын қорыта айтқанда ол біріншіден, үзіліс сәтінің абсолюттенуі, екіншіден, дамудағы үздіксіздіктің абсолюттенуі, үшіншіден, үздіксіздік пен үзілісті олардың ішінде біріктіруі, яғни диалектикалық байланыс. Өткен уақыт тек шындықта сақталады. Бергсон идеясының оңтайлылығын оны қолдаған М. Пруст, А. Тойнби, Тейяр де Шарден және т.б. ізбасарларынан байқауға болады.

Осы тұста «Адам құбылысы», «Адам энергиясы», «Адамның пайда болуы», «Жер рухы», «Адамның табиғаттағы орны» сынды эволюция теориясына ерекше дем беретін, ғарыштық көзқарастарды қалыптастыратын еңбектерімен танымал философ Тейяр де Шарден көзқарасы бойынша, жердің дамуы тарихи түрде бірнеше сапалы қабаттардың пайда болуы түрінде жүреді. Ғалым оған «перделер» деген атау береді:

«Бірінші перде» - жансыз табиғат деңгейі, яғни «литосфера». Оның сапалы секірісі салдарынан органикалық табиғат қалыптасады, өмір пайда болады;

«Екінші перде» - жабайы табиғат деңгейінде адам пайда болады, яғни «биосфера». Бұл перде бірте-бірте белгілі бір үзілістерге ұшырап санада «психикалық жамылғы» пайда болады;

«Үшінші перде» - ноогенездің немесе ақылдың туу деп аталатын «ноосфера». Әрі қарайғы эволюция адам рухының жоғары даму кезеңіне – «кристогенезге» өтуімен сипатталады. «Кристогенез» - жердің рухында шоғырланған психикалық өзгерген материя [39, 117 с.]. Тейяр де Шарден теориясы бойынша сабақтастық заңымен материя рухпен толықтырылған сәтте мида тосқауыл болмайды. Мидың және сананың потенциалы шексіз оны шектейтін біздің өзіміз деген

қорытынды жасауға болады. Осы тұста Тейяр де Шарденнің: «Егер барлық дүние пайда болатын болса, онда олар өзара байланысты. Сабақтастық заңы мен өзара байланыстылық болмыстың құбылысы, яғни табиғат туралы басқа да ғылымдармен бұзылған, эволюциялық теориямен анықталынған, ғылыми экстрополяция, заңды өлшемділіктің арқасында жалпыға арналған заң болды [40, 9 б.] деген тұжырымымен де қорытындылауға болады.

«Сабақтастық» - қазақ философиясында, жалпы қазақтың ойлау жүйесінде аса маңызды орынға ие ұғымдардың бірі. Сабақтастық ұғымы философиямен қатар отандық педагогика, филология, психология, тарих сынды бірқатар ғылымдарда өз зерттеу нысандарына орай ұтымды пайдаланылып келеді. Сабақтастық ұғымына қазақ тілінің сөздігінде тіл мамандары «Сабақтастық – сарындастық, үндестік, жалғастық, байланыстылық. Адам мен табиғаттың арасында көрінбейтін сабақтастық бар» [41, 542 б.] деп анықтама берсе әлеуметтік педагогиканың қысқаша сөздігіндегі «ұрпақтар сабақтастығы» ұғымына «материалдық және рухани құндылықтарды, әлеуметтік ақпаратты және алдыңғы және қатар өмір сүріп жатқан ұрпақтардың тәжірибесін өзара беру, игеру, сақтау және пайдалану процесі» [42] деп көрсетілген. «Елдік», «парасат» деген ұғымның негізінде ұрпақтар сабақтастығы жатыр. Үш буын өкілдері арасында сабақтастық болса елдің бірлігі болады. «Ата ұрпақ», «әке ұрпақ», «немере ұрпақ» бірге, түсінікте өмір сүрсе елдік парасат шығады. Яғни ата білетін құндылықтардың әкеге, әке қабылдаған құндылықтардың балаға жетуі арқылы құндылықтар трансформациясының бір отбасында үйлесім табуынан «елдік парасат» құрылады. Ата мен немеренің арасындағы қырық, елу жылдық кеңістік бір-біріне жақындасу керек. Бала әкесін немесе немере атасын құндылық ретінде бағаламаса сабақтастық үзіледі. Сабақтастық үзілсе неше түрлі қиын жағдайлар басталады. Ата заңда «Әкесі баласын асырап, білім беруге міндетті. Керісінше баласы қартайған әкесіне қарауға міндетті» деп жазылған. Ұрпақтар сабақтастығында әке мен баланың арақатынасы мәңгілік мәселе. Мұхтар Омарханұлы Әуезов «Абай жолында» қос

дара тұлға – Құнанбай мен Абайдың қарым-қатынасын шырқау биікке, шын мәнінде әлемдік деңгейге көтерді [43, 21 б.]

Сабақтастық мәселесімен шұғылданушы отандық ғалым, Мұхтар Әуезовтей асылдың тұяғы Мұрат Әуезов пікіріне сүйенсек: «Сабақтастық негізінен уақыттағы тұтас өмір. Сондықтанда қоғам саналы түрде өткенімен байланысты белгілі бір тұтастықты игеруге ұмтылады және болашаққа талпыныста ол сабақтастық заңдарынның мәнін түсінуге тап келеді. Ғалым сабақтастықты бір деңгейден келесі деңгейге өтетін дамудың негізі ретінде қарастыра отырып, үдемелі және инволюциялық сабақтастықтар ұғымдарын енгізді. Үдемелі сабақтастық дегеніміз өткен ғасырлардағы қол жеткен жағымды нәтижелердің, сапалы жаңа деңгейлерінің сақталауы және дамуы. Инволюциялық сабақтастық жағдайында бұрынырақ қол жеткізген бірнеше нәтижелердің, сол немесе басқа белгілер шығысының, белгілі бір объектіні өзгертетін сапалардың сақталуы, жоғалып кетумен бірге жүреді. Осының арқасында сабақтастық ұғымы жәй ғана абстрактылы категория болуды тоқтатады. Сабақтастық тізбегі ғасырлар тереңінен тартылып келеді, әлемдегі халықтардың мәдени байланыс сенімділігін жүргізеді, сондықтанда әрқашан айқын көрінбейді. Тарихи пәндер өздерінің қатып қалған критерийлеріне деген адалдығын сақтай отырып, бір күні бұлыңғыр қарым-қатынастың шынайы бейнесін сақтау үшін айғақтық материалдар жинайды» [44, 36-37 бб.]. Ғалым пікіріне жүгіне отырып сабақтастықтың тарихи формасынан гөрі философиялық мағынасы жоғары екендігін байқауға болады. Тарих атауымен тізбектелетін оқиғалардың ішінде шын мәнінде де көзге көрінбейтін, бірақ аса маңызға ие сабақтастық бар. Әрбір тарихи оқиғаның кейіпкерлері де, оның жасаушылары да адамдар, ал адамдардың белгілі бір ойлау контексті, өзіндік дүниегекөзқарасы мен дүниетанымы бар. Әрбір тарихи оқиғаның сабағында осы жайттар сезілмейді, оны түйсінуге үшін талқылау, философиялық тұрғыдан аналитикалық талдау жасау керек.

Өркениет үрдісіндегі дәстүр мен сабақтастық бірін-бірі толықтырушы категориялар. Себебі, дәуірлер баспалдақтары арасындағы тарихи болмыс, бір күйден екінші күйге ауысу сәтінде белгілі бір жүйелік өзгерістерін сақтауы қажет.

Сабақтастық осы шақпен өткенді және болашақты байланыстыра отырып, тұтас тұрақтылық сипатын түзеді. Ескілік пен жаңашылдықты дәнекерлеуші сабақтастық - мәдени-өркениеттік ұғым болғандықтан, ол мәдени-философиялық ой-пікірдің ерекшеліктерін, даму бағыттарын анықтай алады. Аталмыш салалар бірін-бірі толықтырып, белгілі бір тұтастықты құрайды. Сондықтанда бұл құндылықтардың арасында өзіндік бір сабақтастық бар. Бір жүйедегі құндылық сабақтастығы екінші құндылықта өз жалғасын табады. Осылайша құндылық жүйесіндегі сабақтастық бүтін бір механизмге айналады. Құндылықтар көбіне тарихи алмасуларға байланысты өзгеріп отырады немесе өз құнын жоғалтып алады. Мәселен, Ресейге қосылған кезден бастап қазақ өміріндегі маңызды рөлге ие, ел басын үш жүз жыл бойы бірлікте ұстап тұрған ескі құндылықтар орнын жаңа құндылықтардың басуы. Бұл турасында философ Ғарифолла Есім: «бұрынғы ешкімге бағынбайтын адамдар, бағынышты болды, бұл ескі құндылықтардың сарқылуының тағы бір дәлелі» деп ғылыми пайымдау жасады. Құндылықтың ең үлкені - саяси тәуелсіздіктің жойылуы еді. Жаңа құндылық қазақтың басқару принципін бұзды, елге таңсық жаңадан басқару билігін күштеп енгізді. Ығыстырылған ескі құндылықтар өзімен бірге көптеген дәстүрлі ұғымдарды, салт-сананы ала кетті. Жаңа құндылықтар жұртқа жат тез бейімделуге ыңғайсыз, бірақ өздеріне аса пайдалы жаңашылдық орнатты. Саяси тәуелді елдің еркін ойлап, еркін өмір сүруіне ешқандай мүмкіндік болмады. Мұндай жағдай ашық түрде де өз нақыштарын көрсетті [24, 54 б.].

«Қазақ әлемі: этнографиялық пайымдау» атты еңбегімен қазақ жұртына есімі мәлім ғалым Ақселеу Сейдімбек сабақтастыққа мынандай түсінік береді: «Кез-келген халықтың алыс заманалардан бері қалыптасқан өмір салты, материалдық және рухани мұралар жасау машығы, дәстүр тағылымдары, кісілік қалыптары – сол халықтың бастан өткерген ғұмыр жолының айғағы. Сөз жоқ, тек айғақ қана емес, сонымен бірге бүгінгі және болашақтағы сан тарау әлеуметтік және мәдени болмысының бой көтерер берік тұғыры да. Өткеннің паркын танымай тұрып бүгін мен болашақты дұрыс бажайлауға болмайды. Кез келген адамның кіндігі ілгеріде өткен туған-

туыстарымен ғана жалғасып жатқан жоқ, солар өмір сүрген байтақ өмірмен де біте қайнасқан. Адамзат баласының барша тіршілік-әрекеті, түптеп келгенде, оның адамдық болмысының айғағы.

«Ескіні» жаңаның ығыстыруы, жаңаның уақытқа қызмет етуі, бұл – мәңгілік процесс. Әрбір тарихи-әлеуметтік кезеңнің өз талғам-танымына лайық дәстүрі болады. Мәдениеттің қандайда бір айғағы болса да, мейлі мифологиялық, философиялық, эстетикалық, филологиялық немесе тар аядағы терминологиялық айғақтар болсын, бәрі-бәрі мәдениет атты байтақ әлемде тек ғана дәстүрдің көлігіне мінгесіп ілгері жылжиды. Тарих кең көзді елек сияқты. Уақыт екшеуіне төтеп бере алмағанның бәрі де сол елек көзінен түсіп қалады. Бұл катал заңдылық дәстүрге де қатысты. Қоғам дамуына қағажу келтірген дәстүр атаулы тарихи процестің шаңын қауып қалмақ. Егер адамзат мәдениеті мәңгілік мұқитқа бет алған өзен болса, салт-дәстүр сабақтастығын сол өзенге нәр беріп жатқан бастау бұлақтарға теңеуге болады» [45, 178 б.].

Философия ғылымдарының докторы, профессор, қазақ философиясы турасында философиялық ірі еңбектер жазған Серік Есентайұлы Нұрмұратов: «Қазақтың ежелгі даласындағы түркі тілді мәдениеттің терең астарлы тарихына үңілетін болсақ, онда әлемдік мәдениетке өзіндік үлесін қосатын талай мәдени мұраның қорына тап боламыз. Тек осы рухани байлықты төкпей-шашпай, келесі ұрпаққа барлық қадірін түсірмей жеткізе білу қазіргі заманның зерделі қоғамының тарихи міндеті екенін атап өте аламыз. Мемлекетіміздің осы руханилыққа толы игілікті істі қолға алып, ғалымдардың, зерттеушілердің көмегімен үлкен бағдарламаны жүзеге асырамыз деген талабы күрделі мәселе және ол болашақты ойлаудан туындаған қадамдардың қатарына жатады», – деп ұрпақтар сабақтастығының культін жоғары қояды [46, 5 б.].

Қазақ философиясының ғылыми айналымға енуі үшін үлкен еңбек сіңірген ғалым философтардың бірі әрі бірегейі профессор Гүлжиһан Жұмабайқызы Нұрышова қоғамның ең әлсіз, әрі ең мықты тұсы болып саналатын сабақтастық ерекшелігін былай сипаттайды: «Қоғам тарихында санасы бар, белгілі бір мақсаттарға ұмтылатын адамдар өмір сүріп, әрекет

етеді; не болмаса ойланып-толғанып әрекет етеді, не болмаса нәпсінің жетегіне ереді [47, 18 б.].

«Сабақтастық – философиялық ұғым (құндылықтар трансформациясы) атауымен философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін философия бағыты бойынша диссертация жазған О.Қ.Қабул өз еңбегінде сабақтастық ұғымына қатысты түрлі көзқарастарды жинақтап оны биологиялық, әлеуметтанушылық, мәдениеттанушылық және құрылымдық-қызметтік деп төрт топқа бөліп жіктеген:

• **Биологиялық.** Бұл көзқарас эволюциялық парадигма шеңберінде қоғамның даму заңдары табиғаттың даму заңдарына ұқсас екендігі туралы ой түйіндейді. Өркендеу үнемі қарапайым нәрседен күрделіге қарай бағытталады. Олай болса, әлеуметтік орта –табиғи іріктеуден өткен, ортаға аса бейімделгендердің өмір үшін және күнкөріс үшін күресті басты қағида еткендердің қауымы, деген түсінік. Әлеуметтік бәйгедегі жеңіске адамның түйсіктері мен психикасы арқылы қол жеткізіледі. Осы тұжырымдаманың қалыптасуына Ш.Л. Мальтус, Г. Спенсер, Л. Гумплович, У. Самнер, Р. Парк және т.б. ғалымдар айтарлықтай ықпал етті. Адамның психикалық қасиеттерінің жиынтығы барлық қоғамдық ортада, мәдениетте өзіне тән ерекшелігі бар тұрақты жиынтық ретінде пайымдаланатындығын, яғни, адамның табиғаты туралы сөз қозғалатындығын атап өту керек. Ғалымдардың барлығы адам табиғатын жеке тұлғаның психикалық қасиеттерінің жиынтығы деп қарастырмайды. Ондай көзқарастың негізін қалаушылар: Д. Локк, Д. Юм, Дж.Ст. Милль, одан кейін бұл көзқарас З.Фрейдтің, Э. Фроммның, К. Юнгтың еңбектерінде зерттеліп, жетілдірілген. Есімдері аталған ғалымдар адамның өмір тіршілігіндегі ой елегінен өткізілмеген, бейсаналы факторлардың рөлін көрсете білді.

• **Әлеуметтанушылық.** Қоғам дамуының әлеуметтанушылық тұрғысынан адамдардың бірлескен қызмет түрі немесе өзара қарым-қатынас ұйымдастыру тәсілі басты орынға қойылады. Қоғам дамуындағы сабақтастық дегеніміз ол қоғамдық өмірдегі жекелеген адамдарға қол сілтеу емес, ең алдымен белгілі бір факторларға байланысты орын алатын адамдардың өзара қарым-қатынастарының ерекшелігі арқылы сипатталатын әлеуметтік қатынастардағы сабақтастық. Бұл

көзқарасты көптеген ойшылдар дамытқан, дегенмен негізін қалаушы Г. Зиммель болды. Оның ойынша, әлеуметтік құбылыстар «адамдардың өзара әрекеттесуіне негізделген адамдар бірлестігінің айқын нысандары болып табылады, ол өз тұжырымында бірліктің бар болатындығын да көздейді». Сабақтастықты ауыс-түйіс негізінде қол жеткізілетін игілік деп түсінуге болады.

• **Мәдениеттанушылық.** А.Тойнби, О.Шпенглердің, П.Сорокиннің және т.б. еңбектерінде сипатталған мәдениеттанушылық көзқарас қоғамның өзгеруі барысында мәдениет ерекшеліктерін бірінші кезекке қояды. Табиғат адамның күнкөрісіне кепілдік бермейтіндіктен, күнкөріс мақсатқа, ал, табиғаттағы адамның өзі мен адами орта рефлексияның мәніне айналады. Адамның мінез-құлқы байыпты және пайымдалған болады. Жалпы қоғамның дамуы да байыпты әрі пайымдалған болуы тиіс. Мәдениеттілік биологиялық негізде мұра етілмейді, ол тек оқыған, тоқыған кезде ғана қол жеткізілетіндігін ескерген жөн.

• **Құрылымдық-функционалды** көзқарастың басты басымдығы – әлеуметтік құрылым және оның әрбір элементінде белгілі бір функционалдық жүктеменің болуы. Бір қарағанда әлеуметтік нысандар әртүрлі болғанымен, олардың барлығын әрекет ету мен ойлаудың ортақ сұлбалары шеңберінде сипаттауға болады. Олардың іргелілігі сабақтастық тетігінің жұмысын қамтамасыз етеді. Өкілдері: Р. Мертон және Т. Парсонс.

Келтірілген көзқарастарда қоғам адам организміне ұқсас екендігі есепке алынбаған, алынса да, шектеулі деңгейде. Қоғамның дамуы оның белгілі бір құрамдас бөлігінің дамуымен ұштасады деп біледі [48, 15-16 бб.].

Сабақтастық мәселесі кеңес одағы тұсында да назардан тыс қалмаған. Марксизм-лененизм тұсында диалектикалық материализм дамуындағы сабақтастық, социализм жағдайындағы мәдениет дамуының сабақтастығы, дамыған социализм кезеңіндегі КПСС саясатындағы жаңашылдық пен сабақтастық, социалистік демократия дамуындағы сабақтастық сынды бірқатар тақырыптар аясында философиялық еңбектер жазған В.О. Быстрин, В.М. Каарян, С.В. Колесников, А.Г.

Лашин сынды ғалымдардың ізін жалғаған отандық ғалым З.А. Мұқашев «Философиядағы сабақтастық», «Сабақтастық - дамудың бір сәті тәрізді» деген іргелі еңбектерді жарыққа шығарды. Ғалым пікірінше, философиядағы сабақтастықты жүйелеп түсіндірмейінше, оқытылып жатқан диалектикалық және тарихи материализм курсы жекелеген құрамдас бөлшектерге таралып кетеді. Ал бұл курсты тыңдаушылардың бір ғана мүмкіндігі бар, ол - абстракты құрамалар жинағын қатаң тәртіппен жаттау болып табылады. Сабақтастық – ең алдымен диалектикалық және тарихи материализм категориясы. Ол болмыстың іргелі негіздеріне мұра етілген әмбебапты процестен көрінеді. Сабақтастыққа негізделген даму барынша күрделі қатынастар жүйесіндегі объектінің белгілі бір деңгейіне дейін өседі. Сақталынған объект ұсынылған материалдың сапасына дейін түсіп өзінің даралығын жоғалтады, әйтседе бір нәрсенің қарапайым элементі ретінде қалады. Сондықтанда ол тұтастықтың бір бөлігі іспеттес маңызды қызметтерді атқарады. Терістеу объектіні субъективті түрде шектемейтін тұтастықтың бір немесе бірнеше анықтамаларына сүйенбейді. Сондықтанда сабақтастық бір ақпаратты сақтауды ғана емес, сонымен қатар бар ақпараттарды сыртқа шығару, тарату, жалпы артына еш нәрсе қалдырмауды да мұрат етеді. Тарихи кезеңдерде алдыңғы ұрпақтардың белсенді қатысуымен жасалған материалдар, қорлар, өндіріс күштерін бір ұрпақтың келесі ұрпақпен ауысу сәтінде сабақтастықтың қызметіне жүгінеді [49, 4-14 бб.].

Философия сөзінің этимологиясы даналыққа деген ұмтылыс екені бәріне белгілі. Ешқашан тоқтамайтын және үзілмейтін, бірде әлсіреп, бірде күшейіп отыратын ұмтылыстың негізгі форматы сабақтастықпен ұқсас. Философия пайда болған күнінен бастап шексіз қозғалысты үнемі дамуды, ізгілік жолымен алға жылжуды мегзейді. Философияның қоғамды қозғаушы күш ретіндегі басты тетігіне назар аударған З.А.Мұқашев «ертедегі данышпандар ой байланысы туралы сұрақты алға қойған емес. Тек ежелгі Грецияда ғана емес, сонымен бірге, ежелгі Үнді және ежелгі Қытайда да философиялық ойлау ерекше адамдардың жеке дара қасиеті, яғни данышпандық деп есептелінді» [50, 13 б.] деп

философиялық ой сабақтастығының, ойлау жүйесінің байланыстылығын анық көрсеткен.

Ресейлік ғалым-философ Э.А. Баллер алғашқылардың бірі болып «сабақтастық» ұғымына философиялық түсініктеме бере отырып қарастырған. Ол мәдениет дамуындағы сабақтастық процестерін зерттеп, оған: «Сабақтастық дегеніміз - болмыстың да, танымның да даму кезеңдерінің әртүрлі сәттері арасындағы байланыс, оның мәні жүйе ретінде бүтіндей өзгерген кезде ғана белгілі бір ұйымының негізгі элементтерін немесе жекелеген сипаттарын сақтаудан тұрады» [51, 15 с.] деп анықтама бере отырып, бұл анықтаманың ұтымды тұсы ретінде екі позицияны атап өтеді:

1) материя дамуының барлық деңгейлеріндегі сабақтастықтың көрінісі;

2) тұқым қуалайтын материалдың сақталуы мен дамуы.

Сонымен қатар, Э.А. Баллер әртүрлі ұрпақтар мен замандастар арасындағы сабақтастықты негізге ала отырып оның екі деңгейін атап өтті:

1) бір деңгейдегі сабақтастық; бұл сандық өзгерістер, яғни өзгермеген сапаға салыстырмалы аталмыш шеңберде өтіп жатқан өзгерістер процесінде бақыланады;

2) әртүрлі деңгейлердегі сабақтастық; бұл сапалы өзгерістермен байланысты, яғни объектінің құрылымы қандай да бір жолмен өзгерген кезде, сабақтастықтың мазмұны объектінің байланысын құрайтын жеке элементтер ғана болып табылады [52, 9 с.].

Ғалым пікіріне жүгіне отырып бір деңгейлі сабақтастық тұрмыстық өмірге тән болса, әртүрлі деңгейлі сабақтастық дәуірлік кезеңдерге жүгінеді деп топшылауға болады. Бір дәуір ішіндегі сабақтастық сандық өзгерістер арқылы ғана жалғасады, ал дәуірден-дәуірге өту процесі сапаның өзгеруіне әкеліп тірейді. Себебі бір тарихи кезең ішінде өмір сүрген адамдардың ойлау контексті, қарастыратын ортақ мәселелері, ұстанатын ұстанымдары, стереотиптері тым ұқсас болып келеді. Дәуірлерді дәуірлер жалғаған сәтте, тіпті дәуір ішіндегі ерекше бір дүмпу, аса ерекшелік арқылы жалғасып бара жатқан дәуірді бөледі. Жалғасып бара жатқан дәуірді бөліктерге бөлу үшін міндетті түрде аса ерекше ойлау жүйесі көрініс табуы тиіс. Тарихи

атаулар да дәл осы процесс нәтижесінде дәуірлік атауларға ие болған. Философия тарихындағы «қайта өрлеу дәуірі» немесе «жаңа дәуір» деп аталатын кезеңдердің нақты бөліну себебі бар. Басты себеп өзгеше ойлау жүйесінің пайда болып, сол жүйенің ары қарай лезде сабақтасып кетуі. Кейбір дәуірлердің ғұмыры қысқа болса, кейбіреулері тым ұзаққа созылады.

Э.А.Баллер салған ізді жалғастырған ресейлік ғалымдардың бірі ретінде сана сабақтастығын қарастырған М.П.Завьялованы атауға болады. Ғалымның Баллермен келісетін де келіспейтін де тұстары да бар. Ол оны «Единство и преемственность сознания» [53] деген В.Н. Ростаргуевпен қосавторлықта жазған еңбегінде анық көрсеткен. Онда М.П.Завьялова Э.А.Баллердің мұрагерлік - қоғам алдында тұрған міндеттерді түсіну деп сабақтастықтың белгілі бір көріністеріне сыни көзқараспен қарап, «сабақтастық» ұғымын «мұрагерлік» ұғымынан кеңірек деген ой-тұжырымымен толықтай келісе отырып, аталмыш ұғымдардың көлемдік арақатынасы құқықтық сабақтастыққа жақын жалпы философиялық категория болып табылады және осы себепті жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдардың барлығы үшін жалпы әдіснамалық маңызы бар екендігін мақұлдайды. Алайда, М.П.Завьялова Э.А.Баллерді «сабақтастық» ұғымын зерттеуде тек әдістемелік, эпистемологиялық қатынас деңгейі дәрежесінде ғана шектелген деп сынады. Оған қоса, Баллер «сабақтастық» пен «мұрагерлік» ұғымдарын онтологиялық тұрғыдан ескерілмеген және категориялардың байланысын еш негізсіз мағыналы деп ойлаған, ал ол «сабақтастық» ұғымының мәнін ашу үшін жеткіліксіз деп өз сыни пікірін білдірді.

М.П. Завьялова пікірінше эпистемологиялық тұрғыдан алғанда, қарастырылып отырған екі ұғым бірдей емес, өйткені олардың объектілік-диалектикалық сабақтастық процесінің әртүрлі жақтары бар. Онтологиялық тұрғыдан осы ұғымдардың белгілі бір сәйкестігі туралы айтуға болады. Бұл сабақтастықтың жалпы диалектикалық заңы ретінде қоғамдағы көріністің белгілі бір ерекшелігіне ие. Біріншіден, бұл барлық қоғамдық заңдар сияқты заң адамдардың саналы іс-әрекетінің арқасында жүзеге асырылатындығына байланысты. Оның талаптары қажеттіліктер алдыңғы қызметтің нәтижелерін мұра етеді. Ұрпақтардың тарихи тәжірибесінің мұрагері ерекше дамудағы сабақтастық

заңының әрекет ету нысаны. Қоғамдағы сабақтастықтың объективті-диалектикалық процесі мұрагерлік процесс арқылы жүзеге асырылады. Оны біріншіден, «даму», «теріске шығару», «қайталану» сынды философияның бір деңгейлі іргелі категорияларымен, екіншіден, «мұрагерлік», «парыздану» (қарыз алу) сынды мағынасы жағынан жақын ұғымдармен байланыстырады. Мұнда «сабақтастық» өзін-өзі анықтаудың маңызды факторы бола отырып, дамудың нақты әмбебап негізін қамтамасыз ете алады. «Сабақтастық» ұғымы жаңа күйге өту жолын білдірсе, дамудағы сабақтастық үздіксіздікті білдіреді. «Қайталану» ұғымы болса дамудың толықтығын көрсете алмайды. М. П. Завьялова «сабақтастық» және «өзара қарым-қатынас» ұғымдарының арақатынасын талдай отырып олардың барлығы бірдей «парыз» (қарыз) емес екеніндігін баса айтады. Өзінің парызы екенін сезіну немесе қарыздану оның пікірінше, белгілі бір нәрсені қабылдау, алдыңғы қызметінің белгілі бір нәтижелерін өзекті ету. Осы тұжырымдардың негізінде автор мұрагерлік байланыс сақтауды, өзінде ұстауды және алдыңғы дамудың белгілі бір жақтарын, нысандарын, элементтерін бір мезгілде тастау, жоғалту және қабылдамау деген қорытындыға келеді [53, 109-132 сс.].

Сабақтастық – тарихи-мәдени тәжірибе процесіндегі жаңа мен ескінің арасындағы объективті қажетті байланыс. Бұл байланыс тұтастықты қамтамасыз етеді және мәдениеттің үдемелі дамуының алғышарты болып саналады. Сабақтастық - бұл әр кезең немесе баспалдақтар арасындағы болмыс, сол сияқты таным мен мән тәрізді дамудың байланысы, яғни бір күйден екінші бір күйге ауысу барысындағы жүйелік тұтас өзгерістердің сақталуы болып табылады. Осы шақпен өткенді және болашақты байланыстыра отырып, сабақтастық тұтас тұрақтылық сипатын түзеді. Егер әрбір зат, әрбір процесс басқалардан айрықшалана отырып, басқа заттармен, процестермен бірге жалпы үйлесімділік тапса, ол сабақтастықты маңызды етеді және оның жиі пайда болуы аталмыш құбылыстың даму процесіндегі қайталау болып табылады. Өзгерістер типінің тәуелділігі мен сабақтастық мазмұнының объектісі әр түрлі болуы мүмкін. Осы себеп бойынша

сабақтастықтың негізгі формаларын толыққанды тұтас бөлу шарт.

Кеңес одағы тұсында аса танымал болған және қазіргі заманғы философия мен педагогиканың дамуына еңбектері тікелей ықпал еткен философия ғылымдарының докторы, профессор Мераб Константинович Мамардашвилидің философиялық көзқарастарының ғылыми, философиялық және қоғамдық-саяси аспектілерінің бірлігін негіздейді. Ерекше ойлау кеңістігі бар ғалым-философ, әрі педагог Мамардашвили ойлау заңдары тұрғысынан қазіргі қоғамның көптеген өзекті мәселелері бойынша өзінің философиялық ұстанымын білдірді. Көптеген философтар оның философиясын «Таңдау философиясы» деп те атайды. Себебі оның философиясында әлеуметтік-тарихи болмыс пен тарихтың ақыл мен ойлау заңдарымен терең экзистенциалды қарама-қайшылықтары жан-жақты қарастырылады. Ол адамдардың дәрменсіздігі, ақыл-ой сауатсыздығы, олардың өздігінен әрекет ете алу мүмкіндігі жоқ нәресте сынды шарасыздығын «антропологиялық апат» деп атады. Оның адамзаттың сана дағдарысы туралы ой-тұжырымдарын «Сознание и цивилизация» [54], «Как я понимаю философию» [55] атты еңбектерінен көруге болады. М.К. Мамардашвили: «сана мен руханияттың конституциялық актілері сана тәжірибесінің фонында өтеді. Бүгінгі «хабар тарататын» адам мен оның арасындағы кездесуді кім көрді, оны кім естиді, ертеңгі күні біз оны аңғармауымыз мүмкін, сондықтан ол «эмпирикалық факт» деңгейінде жүреді. Сондықтан да мен алыстағы және жақындағы бүкіл мәселені толығымен өзгертетін алдыңғы, алдын-ала байланыс ұғымын енгіздім» [55, 93 с.] деп жазды. Мәдениеттердің алуантүрлілігінің фактісі - көптеген көзқарастар немесе перспективалар фактісі сияқты эмпирикалық факт. Әлеміміздегі әлемдердің көптігі астарында әлемдердің бір-біріне қосылуы, кеңеюі, жаңа әлемнің пайда болуымен қатар әлемдердің бөлінуі, оқшаулануы, тіпті жойылып кетуі дегенді де білдіреді.

Жоғарыда талданған сабақтастық ұғымын философиялық категория ретінде негізге ала отырып оның нақты онтологиялық, гносеологиялық және әдістемелік (методологиялық) сынды үш қызметін (функция) атап кетуге болады:

• Онтологиялық қызмет - дамудың әртүрлі кезеңдері арасындағы байланысты білдіретін болмыстың объективті заңдылығы. «Сабақтастық» шындықты кездейсоқ немесе оқыстан шыққандай емес, керісінше бір-бірімен байланысты құбылыстар мен олардың арасындағы объективті байланыс ретінде санауға мүмкіндік береді. Оның дамуы тұқым қуалаушылық сынды бірқалыпты тіршілік формаларының пайда болуына немесе артқа оралуына әкелетін өзгерістерге ұшырайды, осы себептен де «сабақтастық» әлемнің ілгерілеуіне қатысты өзара байланысты құбылыстарды зерттеу мәселесін ғылымның шешуіне ықпал етеді;

• Гносеологиялық қызмет - шындықтың даму принциптері мен заңдарын дәйекті түрде жүргізуден тұрады. «Сабақтастық» категориясы таным қозғалысындағы қадам ретінде қызмет етеді. Бұл жайт өткенді бүгінмен, жаңаны ескімен байланыстырады, толық және жан-жақты қамтуға мүмкіндік береді. Сабақтастық – болашақты болжау міндеттерін шешуге ықпал ететін әр түрлі ғылымдар арасындағы байланыстарды, олардың даму сатылары мен өзіне тән белгілерін анықтайды;

• Методологиялық қызмет – «сабақтастық» категориясының мазмұнын қалыптастыру және дамыту теориясы мен практикасының бүкіл даму барысымен анықтайтын процесс. Сабақтастық философиялық категория бола отырып әлемді танудың диалектикалық әдісінің категориясы болып табылады. «Сабақтастық» категориясының ғылыми негізделген мазмұны шындықты зерттеуді жетілдіруге ықпал етеді, әртүрлі сипаттағы жүйелердің дамуындағы әртүрлі процестер мен кезеңдердің өзара әрекеттесуін білудің философиялық әдіснамалық негізі болып табылады. Сабақтастықтың мәнін диалектикалық тұрғыдан қарау дамудың объективтілігін түсіндіруге көмектеседі, адамның білімін қоршаған шындықты практикалық түрлендіру мүддесінде диалектика принциптерімен қаруландырады [56, 104-105 с.].

Сабақтастықтың жоғарыда аталған және аталмаған қызметтерінің нәтижесі тұтас бір мәдени-тарихи кешенді құруға ықпал етеді. Аталмыш кешендік құрылымның бір бөлігі сөзсіз мәдени интеграцияға тиесілі. «Мәдени интеграция» ұғымы ішкі тұтастық жағдайы және оның әртүрлі элементтері арасындағы

мәдениет пен үйлесімділік идеясын қамтиды. «Мәдени интеграция» термині алғаш рет американдық мәдениеттанушылардың еңбектерінде пайда болды. «Мәдени интеграция» әр түрлі зерттеушілер тарапынан әр түрлі түсіндіріледі: логикалық, эмоционалды немесе эстетикалық, мәдени құндылықтар арасындағы сәйкестік ретінде, мәдени нормалар мен мәдени тасымалдаушылардың нақты мінез-құлқы арасындағы сәйкестік ретінде; функционалдық өзара тәуелділік мәдениеттің әртүрлі элементтері (әдет-ғұрыптар, институттар, мәдени тәжірибелер және т.б.) ретінде [57].

«Мәдени интеграция» қазіргі таңда жалпы көпшілік үшін бір мәдениеттен шыққан адамдардың өз мәдениетін сақтай отырып өзге мәдениетті қабылдауы деп түсініледі. Жер шарында адамдар білім алу, жұмыс істеу, емделу, саяхаттау, тұрмыс құру т.б. толып жатқан себептермен қысқа немесе ұзақ уақытқа, өз еркімен, кейде тіпті мәжбүрлі түрде әр елдерге қоныс аударып «эмигрант» болады. Мәдени интеграция дәл осы эмигранттардың өзге елде өмір сүру құқы ретінде пайдалантын құралы. Мәдени интеграцияны эмигранттар бір күн немесе бір апта сынды қысқа уақытта қалыптастыра алмайды, ол эмигранттың үйренетін жаңа тілі, жаңа ережесі, жаңа мекені, жаңа әдет-ғұрпы, жаңа менталитеті сынды толып жатқан жаңа мәдениет, жаңа өмір арқылы біртіндеп ене бастайды. Эмигрант үшін «жаңа» дүниелерді қабылдау, сіңіру, иемдену процестерінің ең қауіпті тұсы оның өз мәдениетін жоғалтып алмауы болып табылады. Жалпы қоныс аудару немесе адамдардың орын ауыстыру мәселесіне байланысты «миграция», «эмиграция», «иммиграция», «урбанизация», «рурализация», «ассимиляция» сынды терминдерді шатастыру көпшілік арасында көп орын алады. Интеграция терминін жан-жақты қарастыру үшін бұл терминдердің мән мағынасы мен атқаратын қызметтерінің ара жігін ашып алу маңызды (3-кестеге қараңыз)

Кесте 3. Терминдер анықтамалығы

МИГРАЦИЯ АНЫҚТАМАСЫ	
Миграция (көші-кон) – адамдар мен жануарлардың бір аумақтан екінші аумаққа орын ауыстыруын білдіретін өте кең термин.	
Жекелеген адам емес адамдардың бір тобы белгілі бір жағдайларға	Жануарлар мен құстардың маусымдық көші-қоны. Олар мемлекеттік шекараны

байланысты басқа елге көшуін білдіретін онша кең емес ұғым	түсінбегендіктен бір мемлекеттің ішінде де, одан тыс жерлерде де қозғала алады.			
МИГРАЦИЯ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ АНЫҚТАМАСЫ				
Сыртқы немесе ішкі	«Сыртқы» - адамдардың түрлі жағдайлармен басқа мемлекетке көшуі. Ол өз ішінде құрлықаралық және құрлықішілік болып бөлінеді. «Ішкі» - адамдардың бір мемлекеттің шегінде (мысалы, Қазақстанның территориясында) көшуі.			
Мәжбүрлі немесе ерікті	«Мәжбүрлі» - азаматтың немесе бір топтың жеке немесе топтық таңдауының болмауы. Мигрант пен оның отбасы үшін қауіпті жағдайлар әрқашан негізгі себеп болады: соғыс, азаматтық толқулар, ұлттық экономиканың құлдырауы, саяси қуғын-сүргін, эпидемия немесе табиғи апат т.б. «Ерікті» - бұл адамның өз еркімен, сыртқы жағдайлардың, мемлекеттің немесе үшінші тұлғалардың қысымынсыз қабылдайтын көші-қоны.			
Тұрақты немесе уақытша	«Тұрақты» - адам өз тағдырын басқа елмен немесе елдің басқа аймағымен байланыстыру туралы саналы шешім қабылдаған кезде жаңа жерге мәңгілікке көшу. «Уақытша» - қоныс аудару қысқа немесе ұзақ мерзімді болуы мүмкін, бастысы мигранттың еліне оралуы немесе өмірінің соңында болса да өз еліне оралуы.			
Заңды немесе заңсыз	«Заңды» - адамның шетелге өз өтініші бойынша, жаңа отанына деген адалдығын көрсете отырып, алдын-ала алынған тұру рұқсатымен, заңды мәртебесін сақтай отырып, заңды негізде көшуі. «Заңсыз» - өзге мемлекеттің шекарасын заңсыз кесіп өту және онда заңсыз тұру. Тексеру кезінде ұсталғандар өз елдеріне жер аударылады және олардың қайта кіруіне ұзақ уақыт тыйым салынады. Кейбір Еуропа мемлекеттерінде жаңа жерде 10-12 жылдан астам жасырын өмір сүрген заңсыз мигранттар тұрақты резидент немесе тіпті азамат ретінде заңды мәртебеге ие бола алады.			
Себепке байланысты	Адамдардың бір орыннан екінші орынға ауысуына немесе бір елден екінші елге көшуіне міндетті түрде бір немесе бірнеше себептер болады. Жекелеген себептердің түбіне жету мүмкін емес, сондықтан оларды саяси, әскери, әлеуметтік, экономикалық, мәдени т.б. деп жалпы салаларға бөлуге болады.			
Елге немесе елден	«Елге» немесе «ЭМИГРАЦИЯ» - экономикалық, саяси, жеке немесе өзге себептермен бір елден екіншісіне ерікті түрде шығу. «Елден» немесе «ИММИГРАЦИЯ» - басқа елге тұрақты немесе уақытша тұруға немесе басқа себептерге байланысты өз еркімен кіру. «Депортация» - адамдарды көбінесе саяси немесе өзге де жағдайларға байланысты мәжбүрлі түрде қоныс аударғызу. «Эмигрант» - латынның «эмигро» сөзінен шыққан «шығу» деген мағынаға ие, яғни өз елінен кеткен адам өз елінің азаматтары үшін эмигрант. «Иммигрант» - латынның «иммигро» сөзінен шыққан «кіру» деген қарама-қарсы мағынаға ие, яғни қабылдаушы ел үшін өзге елден келген адам иммигрант болады.			
ЭМИГРАЦИЯНЫҢ ЕҢ КӨП ТАРАҒАН СЕБЕПТЕРІ				
Экономикалық	Климаттық	Конфликттік	Инвестициялық	Некелік

Адамдар балаларының немесе өздерінің мүмкіндіктері көбірек болатын жақсы мекендеу ортасын іздейді.	Адамдардың денсаулық жағдайына немесе тарихи отанына көшуі	Қуғын-сүргін, азаматтық соғыстар, саяси процестер салдарынан	Мемлекеттік немесе жеке компания есебінен жүргізілетін қаржылық бағдарламаларға ие болу.	Неке визасы бар елдерге жұбайымен заңды некесі болғаны үшін қоныс аудару
--	--	--	--	--

ИММИГРАЦИЯ МҮМКІНДІКТЕРІ

- ✓ Ұзақ мерзімді виза алу;
- ✓ Тұруға рұқсат алу (вид на жительство);
- ✓ Инвестициялық бағдарламаларға қатысу;
- ✓ Қабылдаушы елде өте жақын туысқаныңыздың болуы;
- ✓ Мақсатыңыздың нақты білім алу, бизнес, жұмыс болуы;
- ✓ Еуропалық паспорт алу және еуропалық елдердің азаматы болуы;
- ✓ Кариб теңізі паспортын алу, ол 180 күнге дейін кез-келген елде тұруға мүмкіндік беретін Шенген аймағына, Ұлыбританияға және бүкіл әлем бойынша 100 басқа юрисдикцияға визасыз кіруге кепілдік беретін Кариб теңізінің төлқұжат бағдарламасы.

УРБАНИЗАЦИЯ	РУРАЛИЗАЦИЯ (ДЕУРБАНИЗАЦИЯ)
Қалалардың өсіп, жұмыс орындарының көбейіп, оқу, бизнес мүмкіндіктері артып, индустриализация қарқындап, сауық құру орындары молайып, оларға халықтың көбірек көшіп келуін сипаттайтын процесс. Қазір Токио сияқты мегаполистерде 40 млн. адам өмір сүріп жатыр.	Адамдардың мегаполистердегі өмір сапасының төмендігі, қалалық ортаның деградациясы, экономикалық қиындықтар, кептеліс, қоғамдық көліктің жетіспеушілігі, санитарияның нашарлауы, нашар экология т.б. себептермен ауылға көшуі.

АССИМИЛЯЦИЯ АНЫҚТАМАЛЫҒЫ

Қоғамдағы көпшіліктің азшылықты өзіне қосып алуы, яғни ассимиляция процесі ассимиляциялық топ қоғамның басқа мүшелерінен әлеуметтік жағынан ерекшеленбейтін дәрежеде негізгі мәдениеттің ерекшеліктерін қабылдауды қамтиды. Ассимиляция зорлық-зомбылық немесе ерікті болуы мүмкін, бірақ ол азшылық тобында сирек кездеседі. Бұрынғы мәдени тәжірибелерді толығымен ауыстырады: дін, тағамдық артықшылықтар, проксемика (мысалы, белгілі бір әлеуметтік жағдайдағы адамдар арасындағы физикалық қашықтық) және эстетика өзгерістерге ең төзімді сипаттамалардың бірі болып табылады. Ассимиляция «нәсілдік» немесе «биологиялық» бірігуді білдірмейді, дегенмен мұндай бірігу орын алуы мүмкін.

АССИМИЛЯЦИЯ ТҮРЛЕРІ

Ерікті ассимиляция	Мәжбүрлі ассимиляция
Азшылық тобының мүшелері басым топтың мүшелерінен ерекшеленбейтін кезде пайда болады. Ассимиляцияның бұл түрі кезең-кезеңмен немесе ұрпақтар бойына жүреді. Бұл формада иммигранттардың балалары үшін ассимиляция әдетте оңайырақ, өйткені олар ерте жастан бастап басым мәдениетте туады, әлеуметтенеді немесе білім алады. Ерікті ассимиляция көбінесе басым мәдениеттің қысымына жауап беретінін	Азшылық немесе жергілікті топ үстем топқа сәйкес келу үшін өздерінің мәдени ерекшеліктерін, тілін, нормалары мен әдет-ғұрыптарын тастауға мәжбүр болады. Нәтижесінде мәжбүрлі ассимиляция зорлық-зомбылық қаупіне байланысты әлдеқайда жылдам болады. Бұл процесс соғыстан кейін территория ұлтын өзгерткеннен кейін жүзеге асырылды, дегенмен, тарих бойында оның басқа да

есте ұстаған жөн, ал сәйкестік - бұл адамдарға қауіпсіз және тірі қалуға мүмкіндік беретін шешім	қолданыстары болды.
--	---------------------

<https://imperiallegal.com>; <https://www.verywellmind.com/>

Кестедегі терминдер халықаралық дәрежеде интеграция терминімен келіп шендеседі. Халықаралық әлеуметтік, саяси, ғылыми т.б. байланыстар мәдениеттер бірлігі ретінде тарихи маңызды аспектілердің бірі болып саналады және осы сала қызметінің күшеюіне немесе әлсізденуіне қарай мәдениеттерді өзара зерттеу процесі жүзеге асырылады. Мәдениеттерді зерттеу процесі нәтижесінде ұлттық, халықтық, діни, нәсілдік т.б. айырмашылықтар айқындалып оларды байланыстыратын немесе ара қатынасын түзетін өнер, ғылым, бизнес сынды салаларда оза шыққан адамдар арасындағы кәсіби қарым-қатынастардың интернационалдық қатынастарға айналып, олардың мемлекет саясатының дамуына оң ықпал етуі орын алады.

Адамзат тарихына көз жүгіртсек, мәдениет барлық уақытта әлем халықтары үшін ең тиімді, ең ұтымды әрі оңтайлы өзара қарым қатынас әдісі және құралы бола алды. Мәдениет бертін келе адамдар мен халықтардың арасындағы дәнекер, өзара түсіністік, рухани байыту процесінің сахнасына айналды. Мәдениет мемлекетшілік және мемлекетаралық көптеген мәселелерді зайырлылық, толеранттылық тұрғысынан шешуге ден қойды және үнемі мәдени алмасуларға толы тәжірибелер жасап отырды. Ұлттар мен халықтар бейбітшілік пен тыныштық мұраттарын жүзеге асыруда бірін-бірі түсіну үшін мәдени сұхбаттасу мен мәдени интеграцияны негізгі құрал етті. Мәдениеттің осындай беделінің, тіпті құтқарушылық қызметінің жоғары болуы оның мыңжылдық тарихымен тамырлас.

Мәдени қатынастар ұлтаралық қарым-қатынас мазмұнын байытады, жағдай жасайды, әр түрлі салалардағы халықтар арасындағы ынтымақтастық үшін және шешімдердің кең спектрін ұсынады. Осылайша, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті қазіргі дәуірдегі ең даулы және шиеленісті жағдайларды шешудің икемді құралына айналды. Адам нормаларына негізделген мәдени байланыстар жоғары адамшылық принциптерімен қатар жоғары адами қасиеттерді біріктіреді. Мұндай қарым-қатынас ұлтқа көмектеседі. Мәдениеттер бір-

бірінің моральдық-мұрагерлік құндылықтарынан пайда көреді [58, 298 с.].

Мәдени интеграция туралы сөз қозғалғанда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2011 жылы жарияланған және өзіне көпшілік назарын аудартқан «Еуразиялық одақ: идеядан болашақ тарихына дейін» атты мақаласына тоқталмай кетуге болмайды. XX ғасырдың бірінші жартысында Еуропада қуғында жүрген орыс эмигранттарының арасында алғаш рет туған «Еуразияшылдық идеясының» басты идеяға айналуы бұрынғы ақыл-ойдағы идеологиялық құндылықтардың өзгеріп, жаңа көзқарастың пайда болуымен байланысты туған ерекше идеялардың бірі болды. Е.Қ. Мырзатаев мақаласында «1921 жылы Еуропада жарық көрген орыстың еуразияшыл философтарының пікірлерін жинақтаған «Шығысқа шығу» атты еңбектің алғы сөзінде «Бұл мақалалар дүниетанудың апатты өзгерісі кезеңінде туған дүниелер. Болған және алдағы уақытта болатын өзгерістерден біз саяси, әлеуметтік-экономикалық дағдарыстарды ғана емес, дүниетану көзқарасында да терең өзгерістер болатынын болжап отырмыз» делінген. Демек, мұнда еуразияшылдық идеясының екі кезеңі бар:

Біріншісі, 1920-жылдары Н.С.Трубецкой, П.Н.Савицкий, Г.В.Вернадский дамытқан философиялық ой-пікірлер жүйесі;

Екіншісі, 1990 жылдары Елбасы Н.Назарбаевтың еуразияшылдық доктринасын теориядан шынайы болмысқа ұластыруға талпынған ерік-жігерімен байланыстыруға болады. Олай болса, ресейлік «ескі еуразияшылдық» пен қазақстандық «жаңа еуразияшылдықтың» айырмашылығын ажыратып алайық:

Біріншіден, еуразияшылдық Ресей үшін тарихи тұжырымдама болып қалды, ал Қазақстан үшін өмірлік қажеттілік;

Екіншіден, ресейлік еуразияшылдық Батысқа қарсы тұрушылықпен ерекшеленді. Ал қазақстандық еуразияшылдық Батыстан алыстауға емес, керісінше, мемлекетаралық деңгейде неғұрлым терең қарым-қатынас орнатуға зор мән беріледі. Қазақстанның 2008 жылы қабылдаған «Еуропаға жол» бағдарламасы осының айғағы болып табылады;

Үшіншіден, Назарбаевтың еуразиялық доктринасы орыстардікіндей тар ауқымдағы идеологиялық сызба емес, кең ауқымдағы халықаралық және өркениетаралық байланыстар әдісі, ашық түрдегі өркениеттік карта болып табылады. Ендеше, Көшбасшымыздың Еуразиялық идеясын неоеуразияшылдық емес, жаңа қазақстандық еуразияшылдық деп атауымызға әбден негіз бар [59]. Бұл идея бүгінгі таңда кезең-кезеңімен орындалу үстінде. Осы тұста елімізде интеграция мәселесімен шұғылданып жүрген бірқатар ғалымдар мен саясаткерлерді атап өтуге болады. Олар: М.Әшімбаев, Н.Исингарин, У.Касенов, А.Кожихов, А.Кошанова, М.Лаумулин, Л.Матакбаева, М.Машан, Ә.Нысанбаев, С.Пірімбет, М.Тажин және т.б.

Монографияның бұл тараушасының мақсаты интеграцияға байланысты ағымдағы және тарихи оқиғалар туралы ақпаратты жинақтау арқылы тараушаның интеграциялануы, яғни негізгі тәсілдің әлемдік жағдайдың барлық аспектілерін және олардың өзара әрекеттесуін ескеретін жалпы тәсіл ретінде жұмыс істеуі.

2.3. Жаңа жаһандық контекстегі «мәдени тану» мен «мәдени иемдену» мәселелерінің ара қатынасы

Адамдар үшін әрқашан лайықты өмір сүру маңызды болды. Адамзаттың саналы өмірінің барлығында дерлік адамның жақсы өмірге, бақытты болуға деген ұмтылысы бар. Дәл осы күштарлық қоғамның қозғаушы күші ретінде адамдарға дем беріп келеді. Осы ұмтылыс жолымен жүру арқылы адамзат талай жаңалықтарды ашты, дамыды, бірақ әлі жеткен жоқ. Ұмтылыс жол сапарының ұзақтығы сондай адамзат тіпті түпкі мақсатты ұмытып сапардың өзіне, яғни процеске еніп кеткендей әсер қалдырады. Бастысы, адамзат мазасыз. Мазасыздық күйі адамзатты үнемі қозғалыста ұстап отыр. Қозғалыс тек дамудың сипаты ғана емес, адам өмірінің мәніне айналғандай. Қозғалып тұрған табиғаттың ішінде адам «қоғам» құрды және оны өз үйі «табиғатқа» ұқсатып қозғалмалы етіп жасады. Себебі қозғалыс – ол - «жаралыс», ол – «тіршілік нышаны», ол - «күш», ол - «меже».

Қозғалмалы әлем қозғалысы жер жиһанды толық шарпыған жаһандануды туғызды. Ол коммуникациялық құрал ретінде қоғамның барлық салаларына еніп өз билігін жүргізе бастады. ХХІ ғасырмен интернеттің дамуымен қарқын алған жаңа жаһандану адымы тіпті бөлек. Ол алты құрлықты уысына ұстап шекараларды алып тастауға, мыңды бір етуге дайын. Жаһанданудың жаңа формасы қарқынды дамуға негізделіп аса қысқа уақытта көп жетістіктерге жетуге мүмкіндіктер беріп техника мен технология жағынан ұтымды болғанымен мәдениет тұрғысынан қауіптірек болып келеді. Себебі бұл процесс «мәдени танымды» «мәдени иемденуге» айналдырып жібере алады. Осының салдарынан әлсіз мәдениеттер басым мәдениетке толықтай жұтылып, тарих сахнасынан жоқ болып кетеді. Басымдылық танытатын елдер осы процесті жеделдетуге өздері ықпал етеді. Ол ықпал сырт көзге байқалмайды және ашық көрінбейді, бірақ өз қызметі мен міндетін толықтай атқарады.

Қазіргі таңда заманауи мәдениет осы процеске жол бермеуге, мүмкіндігенше мәдени иемденуді болғызбауға тырысып бағуда. Жаңа жаһандануды мәдениет есебіне

пайдалану немесе мәдени танымды басып озған мәдени иемденудің алдын алу үшін оны мүмкін ететін тетіктерді игеруді, түсінуді жүзеге асыру мәдениетаралық қарым-қатынасымызды контекстеуге көмектеседі. Бұл іске туризм, іскерлік тәжірибе, тамақ, сән, фестивальдар, концерттер т.б. мәдениеттің барлық салаларын және әлеуметтік медианы пайдалану ұтымды болары анық. Себебі әлемдегі мәдени және экономикалық үстемділік жаһандық процестерге өзінің үлкен ықпалын тигізе алады. Ұйымдастырушылар репертуар, афиша, сценарий, жалпы насихатталатын тақырыптар мен оларды орындаушыларды таңдау уақытында барлық жағынан мүмкін болатын тепе теңдікті сақтау маңыздылығына мән беруі тиіс. Бастысы көпшілік «мәдени иемдену» мен «мәдени тану» арасындағы айырмашылықтарды ажырата алу мүмкіндігіне ие болғаны абзал. Өйткені әр мемлекеттегі диаспоралар әлем халықтары үшін өте кең таралған өмірлік тәжірибе.

Жалпы «Иемдену» сөзінің астарында мәжбүрлілік, басымдылық көрсету, қарсылық сынды мағыналардың ұшы шығып тұрады. Көбіне көпшілік тарапынан әртүрлі сипаттағы қарсылықтар орын алып жатады. Кейде бұл мәселе ушығып саяси ойынға немесе саяси астарға айналып та кетеді. Сол себептенде болар қазіргі таңда әлем үшін аса қауіпті әрі қорқынышты сөздер ретінде «терроризм», «экстремизм» саналады және олар әлем халықтары тарапынан «әлемдік зұлымдықтар» ретінде танылады. Бұл тұрасында өзінің философиялық қызметін ғылым философиясының мәселелерін зерттеуге арнаған, негізгі математикалық білімді әдіснамалық талдауға жұмсаған, философия тарихы, этика, диалог және толеранттылық философиясы, жаһандық этос, саяси философия мәселелері бойынша кең ізденіс аясы бар, қазақ халқының мәдени мұрасын, оның философиясының ерекшеліктерін, қазіргі қазақстандық мемлекеттілікті дамытудың философиялық-саяси мәселелерін түсіндіру мақсатында өз еңбектерімен орасан зор үлес қосқан, ҚР-ның энциклопедиясын редакциялаған, көптеген жылдар бойы ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының Философия және саясаттану институтының директоры болған, белгілі қазақстандық философ, философия ғылымдарының докторы, профессор,

ҚРҰҒА-ның академигі Әбдімәлік Нысанбайұлы Нысанбаев кәсіби философтар арасында ірі беделге ие ресейлік «Вопросы философии» журналында жарияланған «Становление глобальной этики взаимопонимание» мақаласында «Әлемдегі жағдай өте күрделі және даулы. Терроризм мен экстремизм бүкіл адамзатқа ең қауіпті тетіктердің біріне айналууда. Көбісі терроризмді батыстың үстемдігіне жауап ретінде, өзінің жеке басы мен өзіндік ерекшелігін қорғау әрекеті ретінде түсінуге тырысады. Бұл түбегейлі дұрыс емес. Адамның өзін-өзі сәйкестендіруімен жеке басын экстремизм мен терроризм арқылы білдіруге болмайды, олар адамзатқа қарсы болып табылады және осы сәйкестік пен өзіндік ерекшелікті жоюға бағытталған.

Шынында да, бүгінде бұл мәселе әсіресе өзекті. Біз әлемді қайшылықтармен бөлеміз, жердің көптеген нүктелерінде әлеуметтік және әскери қақтығыстар туындайды. Адамзат өзін-өзі жою қаупінің алдында тұр, тек ұлтаралық, конфессияаралық, мәдениетаралық және мемлекетаралық диалог осы қиын жағдайларда өзара түсіністікке ықпал етеді. Интеграциялық процестерге тартылған Орталық Азия халықтары ұлттық шоғырлануға ұмтылады. Біртұтас рухани бастауларды нақтылауға негізделген осы аймақтағы халықтардың диалогы саяси тұрақтылыққа ықпал етуі мүмкін. Әрине, бұл диалогты құру өте қиын – бұл тіпті өнер емес, гуманизм, демократия, толеранттылық, әділеттілік, теңдік және мейірімділік сияқты принциптерге негізделген тұтас ғылым. Тек осындай – терең және нақты Еуразиялық диалог қойылған міндеттерді шешуге ықпал ете алады» [60, 11 с.] - деп проблеманың көпшілік тарапынан қате түсінілу мәселесімен одан шығу жолдарын анық көрсеткен. Ә.Нысанбайұлы ресей және қазақстандық философтар арасындағы шығармашылық байланыстарды дамыту үшін көп жұмыс жасаған және «Вопросы философии» журналдың тұрақты авторы, халықаралық редакциялық кеңестің мүшесі. Осындай ерен еңбегі үшін Ресей Ғылым академиясының Философия институты тарапынан «Философияға қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталғанын да айта кеткен жөн.

Жаһанданудың кең етек жайғаны сондай онымен шұғылданатын ғалымдар, арнайы ұйымдар мен университеттер өте көп. Олар әлемдік глобалды мәселелерді жан-жақты қарастырады және зерттейді. Осындай ауқымды зерттеулердің басын қосқан ресейлік ғалымдар 2012 жылы «Глобалистика» атты энциклопедиялық анықтамалық жарыққа шығарған болатын. Атап айтқанда, саясаттану ғылымдарының докторы, профессор И.В.Ильин, техника ғылымдарының докторы, профессор И.И.Мазур және философия ғылымдарының докторы, профессор А.Н.Чумаков авторлығындағы энциклопедиялық анықтамалықтың эсперттік кеңесіне Ә.Нысанбайұлыда енген. Авторлардың айтуынша «Глобалистика» - бұл соңғы бес жыл ішінде басылымда мақсатты түрде жұмыс істеген халықаралық шығармашылық ұжымның ауқымды және дәйекті жұмысының табиғи нәтижесі. Сонымен бірге бұл анықтамалық үлкен ғылыми-зерттеу және баспа жобасының ажырамас бөлігі, оның шығу тегі әлемдік және отандық ғылымда жаңа пәнаралық ғылыми бағыттағы глобалистиканың қалыптасумен байланысты. Әлемдік процестер мен олардың көріністері туралы білім, сөзсіз, хабардар болу үшін оң мәнге ие болды. Қазіргі әлемнің шындықтары сонымен бірге жүйесіздік пен тәртіпсіздікке байланысты осы саладағы ғылыми зерттеулерді қиындата түсті. Осылайша жаңа ғылыми бағытты дамыту жолында елеулі кедергілер жасалды және қазіргі заманның өмірлік маңызды мәселелерін түсіну, бұл әр түрлі және әр санаттағы ақпаратты ретке келтіру міндетін ерекше өзекті етті [61, 8 с.]. Энциклопедиялық анықтамалық жаһандану процесінің әлем үшін қаншалықты маңызды екенін және оны түсініп зерттеушілердің де қарасы мол екендігінен хабар береді.

Батыс идеологтарының ұстанған жаһандану ұстанымы екі жақты мазмұнға ие. Жағымдылық тұсы - адамзат баласын жақындастырып, олардың таным деңгейлерін көтеріп, дамуын қарқындандырып, зейінін еселетіп, жарқын болашаққа жол ашады. Жағымсыз тұсы - ұсақ ұлттарды жойып, бас көтертпей бір ету, қазақшаласак, бір жіппен күрмеу. Бір жіппен күрмелген елдерге бір билік, бір тіл, бір дін жеткілікті. Әлжуаз азшылық ұлттардың мұндай тегеурінге шыдамай тарих

сахнасынан мүлдем жоғалып кету қаупі бар. Жаңа жаһандық контексте ұлттың бірегейлігі мен өзіндік ерекшелігі барынша тегеурінді болуы шарт. Ол әлсіз болған шақта рухани қазына, ұлттық сана мен құндылықтарымызға тежеу болады және бұл құбылыстан сақтану арқылы ұлтсыздану немесе ұлтсыздандыру процесі басталып кетеді. Ұлтсызданаған халық үшін ұлттық құндылық жәй ғана қатынас құралына айналып, өз қызметін бәсеңдетеді.

Қазіргі таңдағы адамзаттың дамыған санасындағы гумандық қатынастардың толыққанды түзілуі көпмәдениетті әлемдегі ұлттық кемсітушіліктің кез келген түрімен үздіксіз күресуде. Мәселе аса күрделі болғандықтан анықтауды қажет ететін шатасулар мен қателердің көп болары анық. Осындай өзекті мәселелердің бірі – «мәдени иемдену» мен «мәдени тану» шекараларын анықтау. Бұл мәселе терминологиялық тұрғыдан «апроприация» деген атаумен ғылыми айналымға енген. Алайда бүгінгі күнге дейін әлемдік ғалымдар арасында аталмыш терминге орай бірыңғай көзқарастар жоқ. Кейбір ғалымдар оған теріс қараса, кейбір ғалымдар бөлігі оны жақтап оң көзқарас білдіреді. Апроприация мәдениеттану саласында көбіне «мәдени ассимиляция», «мәдени алмасу», «мәдениеттердің өзара әрекеттесуі» сынды тақырыптармен бірге маңыздылыққа ие. Мәдени апроприацияның мұндай кереғар көзқарастарға ие болып, кешенді талдауды қажет етуі оның философия құралдары ішіндегі нақтылығының болмауына байланысты болуы мүмкін.

Алғаш рет «Мәдени апроприация» ұғымы XX ғасырдың екінші жартысындағы батыс отаршылдығының мұрасын қайта қарау және еуроцентризмді сынау бағытындағы ғылыми еңбектерде пайда болды. Бастапқыда «апроприация» термині өнертану саласында қолданылды және ол сол салада қазірдің өзінде пайдалануды немесе түрлендіруді білдіреді [62, 9 с.].

Британика энциклопедиясында «мәдени апроприация» терминіне мынандай анықтама берілген: «1980 жылдары пайда болған «мәдени апроприация» термині алғаш рет академияда отаршылдық және көпшілік пен азшылық топтары арасындағы қатынастар сияқты мәселелерді талқылау үшін қолданылды. Көптеген ұқсас терминдер сияқты, мәдени иемдену де

академиялық ортадан танымал мәдениетке көшті. Мәдени иемдену көпшілік топ мүшелері азшылық тобының мәдени элементтерін эксплуатациялық, құрметтемеушілік немесе стереотиптік жолмен қабылдаған кезде орын алады. Алайда оның салдарын толық түсіну үшін мәдениеттің өзі туралы жұмыс анықтамасы бар екеніне көз жеткізуіміз керек» [63]. Оксфорд анықтамалығында «Бір мәдени топтың екіншісінен шығармашылық немесе көркемдік формаларды, тақырыптарды немесе тәжірибелерді алуды сипаттау үшін қолданылатын термин. Ол әдетте Батыстың батыстық емес немесе ақ емес формаларды иемденуін сипаттау үшін қолданылады және қанау мен үстемдік коннотацияларын жүзеге асырады. Бұл ұғым әдебиеттану мен бейнелеу өнертануына Батыс мұражайларының артефактілерді (Эльгин мәрмәрі, Бенин қоласы, Лакота әскери жейделері және т.б.) сатып алуына ұқсас болды. Бұл термин XX ғасырдың соңғы жиырма жылында Батыс экспансионизмінің постколониялық сын сөздігінің бөлігі ретінде пайда болды. К.Куттс-Смит «мәдени отаршылдық тұжырымдамасының кейбір жалпы бақылауларында» бір маңызды пікірталас жүргізді, онда ол марксистік «таптық иемдену» ұғымын біріктіреді және ол «мәдени отаршылдық» деп атайды, бірақ ол оларды «мәдени иемдену» тіркесінде біріктірмейді [64]. Ресейлік және отандық философиялық және мәдениеттану бойынша анықтамалықтар мен сөздіктерде «апроприация» термин ретінде кездеспейді, бірақ ол туралы ғылыми мақалалар мен қорғалған диссертациялар бар. Жалпы ресейлік және отандық ғылыми айналымға етене енбеген «мәдени апроприация» ұғымы «мәдени иемдену» сөзімен пара пар қолданыста.

Қалай болған күннің өзінде де ірі мәдениеттердің кіші мәдениеттерді жұтуы нәтижесінде қаншама адамдардың ыңғайсыз тағдырлары түзіледі. Бір рет ғана берілетін өмірді лайықты сүргісі келетін жалғыз ғана тілегі бар адамның ол тілегіне жету мүмкіндігінің кемшін болуы оны қынжылтады. Бастысы осындай екі мәдениеттің ортасында қалған адамдар өздерін қалай ұстарын білмей қиналады. Мұндай ауыр тағдыр, қынжылсты сәтке толы өмірді, мәдениеттер ортасында қалу жағдаятын Колумбия университетінің профессоры Эдуард

Уади Саид «Ориентализм» атты еңбегінде баяндайды. Бұл кітаптың алғашқы нұсқасы 1979 жылы шыққан, кейіннен 1995 жылы толықтырылған екінші басылымы жарық көрген. Аталмыш кітап Ұлттық аударма бюросы жүргізген «100 кітап» жобасы бойынша қазақ тіліне аударылған. Аударма авторы журналист Қорғанбек Аманжол, жауапты редактор Тимур Мухтаров. Аударманың сапасын ғалым Е.М.Тұрғынбаев өткір сынға алып, кем-кетіктерін аргументтермен шегелей отырып мынандай қорытындыға келеді: «Біріншіден, қазақ тіліндегі аудармаға кәсіби аудармашылар мен мамандарды тарту қажет, екіншіден, аударылатын еңбектердің дер уақытта аударылуы барша оқырмандар үшін өте маңызды, үшіншіден, мүмкін, ең бастысы болар, қазақ тілді оқырманға үлкен құрметпен және жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыруымыз қажет» [65, 238 б.]. Е.М. Тұрғынбаев сыни мақаласында «Ориентализм» еңбегінің 1995 жылы толықтырып шығарылғанын, 2-басылымында Э.Саидтың, яғни автордың 1979 жылы бұл еңбек Америкада, Англияда да жеке басылым болып шығып, көптеген пікір туғызғанын, кейінірек, кітаптың жапон, неміс, араб, португал, италян, поляк, испан, каталон, түрік, серб, хорват, швед және т.б. тілдерде жарық көргенін, орыс тіліндегі «Ориентализм» 2006 және 2016 жылдары 2-басылыммен түзетіліп, толықтырылып қайта басылып шыққанын, сонымен қатар, Э.Саидтың біраз мақалаларымен қатар 1993 жылы жарық көрген «Культура и империализм» де орыс тіліне 2012 жылы аударылғанын негіздеп өтеді.

Автор Э.Саид еңбегі постколониялық ғылыми әдебиеттің классикасына айналды. Саид еуропалықтар шын мәнінде шындыққа қатысы жоқ Шығыстың ұжымдық бейнесін қалай жасағаны туралы жазады. Шығыс елдеріндегі Еуропаның үстемдігінің ұзақ кезеңін негізге ала отырып ғалым еуропалықтардың Шығысты өзін-өзі көрсетуге қабілетсіз пассивті дүние ретінде ұсынуын сынға алды. Оның кітабында «Шығыс сипаты», «Шығыс қатыгездігі» және «деспотизм» сияқты жалпылама құрылымдар арқылы мәдениетті жеңілдететін батыс өркениетінің наразылығы мен елеулі сыны баяндалған. Мұндай дәл емес және біржақты қабылдау Таяу Шығыс пен Шығыс Азия мәдениеттерін нақты түсінуге кедергі

келтіретінін де баса айтқан. Оның пікірінше, білім өзінің мәні бойынша саяси бағытта болды. Еуропалықтардың өркениеттік миссиясын қажет ететін артта қалған Шығыстың бейнесі Батыс елдерінің сол жерге басып кіруіне түрткі болу үшін отаршылдық саясат аясында құрылған. Олардың шығыс елдерінің мәдениеттеріне патронаттық көзқарасы тұрғындарды босату және құтқару, стереотиптер тудыру тұрғысынан ұсынылды [66, 102-153 р.] деп ашық, әрі өткір көзқарасын әлемге паш етті.

Э.У.Саид еңбегі Еуропаны дүр сілкіндірген кітаптардың бірі ретінде жер шарындағы өзін «жат» сезінетін тағдырлас адамдардың қолдаушысы болды. 1948 жылы тәуелсіздік үшін күрес еврей халқының өз мемлекетін құру арқылы өз тағдырын белгілеуіне ғана емес, өзін ұлт ретінде тануына да ықпал еткеніне көңіл аудартады. Бұл соғыс Палестинаның еврейлерден басқа, яғни араб тұрғындарына әскери жеңіліс әкелуімен бірге психологиялық тұрғыдан айықпас ауыр соққы болып тиді. Саид көптеген зерттеушілердің 1967 жылы соғыс сияқты осы жағдайды да назардан тыс қалдыратынын айтып айыптайды. Ал бұл проблема күні бүгінге дейін шешілген жоқ, ол бір емес бірнеше ұрпақтың тағдырына қиянат тигізіп отыр. Саид өзінің өмірбаянына қатысты деректерде өмірінің көптеген тұсында өзін өте жиі «қуғында», «басқа жерде», «қолайсыз» сезінгенін еске алады. Оның басындағы дәл осы жағдай оның өз әлемін, өз (сөйлеу және жазу) тілін, өз сөйлеу мәнерін тудырды, Саидтің өмір жолы – қайталанбас, бірегей жол. Ол өзін «әлемде дәл мен сияқты өзін «жат, орынсыз» сезінгендер ғана түсінуі мүмкін» деп есептейді. Себебі ол Америкада американдық емес, араб. Ал Палестинада ол жергілікті араб емес, американдық. Екі елде де ол жат, бірақ екі елге де тікелей қатысы бар. Біреуінде туып ер жетті, екіншісінде тұрып қызмет етті [67, 4 б.].

Әлемдік ғалымдар арасында кең талқылауға түскен Саидтың еңбегін А.О.Коршикова шығыстану тұжырымдамасын сынаудың мәнін анықтау үшін зерттегенін айтып ғылыми мақала жазған. Мақаласын жазу үшін көптеген дереккөздер қолданғанын және Э.Саидтың «Шығыстану» кітабын сондай-ақ шығыстану тұжырымдамасына жүйелі сын

айтқан әртүрлі гуманитарлық пәндер ғалымдарының еңбектерін бөлек бөліп көрсету қажет деп есептеген. Олар: М.Родинсон «Europe and the Mystique of Islam», М.Керр «Islamic Studies: A Tradition and Its Problems», Б.Льюис «The Question of Orientalism» сияқты тарихшылардың, сондай-ақ антрополог Дж.Клиффорд «The Predicament of Culture: Twentieth Century Ethnography, Literature, and Art Cambridge» және әдебиеттанушы А.Ахмед «Orientalism and After: Ambivalence and Metropolitan Location», сонымен қатар, З.Локманның ««Неоднозначное видение Ближнего Востока: история и политика востоковедения», Г.Пракаштың «Orientalism Now» мақаласы, А.Ю.Ашкеровтың «Неориенталистские мотивы в жизни и творчестве Эдварда Саида», А.А.Теслидің «Ориентализм «ориентализма» Э.В.Саида», М.Д. Никитиннің ««Ориентализм» Э.Саида. Теория колониального дискурса и взаимодействие Востока и Запада: к выработке нового понимания проблемы» [68, 237-238 с.]. А.О. Коршикованың өз мақаласында келтірген дереккөздер Саидтың еңбегіне пікір білдірген ғалымдардың бір парасы. Осынша көзқарастар тудырған еңбектің астында мәдени иемденудің көлеңкелі тұстары менмұңдалап тұр.

Жалпы «апроприация» сөзінің алдына «мәдени» сөзі қосылып «мәдени апроприация» деген ұғымға айналғанда ұғымның астарында қандайда бір қатігездік пен әділетсіздік бар екенін аңғармауға болады. «Мәдени» сөзі апроприация, яғни иемденудің тігісін жатқызып жұмсартып тұрады. Тереңіне үңілсек тамыры тым күрделі. Мәдени құндылықтарды «иемдену» және «ысырап ету» - жымқыру тәсілдері, оның аясында қылмыскер өзіне сеніп тапсырылған мүлікті өз пайдасына айналдырады. Бұл жағдайдағы құндылық кінәліге тиесілі емес, бірақ ұрлау кезінде ол заңды негізде және ол шарттың күші, қызметтік жағдайы, ерекше тапсырмалар және т.б. оларға қатысты белгілі бір өкілеттіктерге тиесілі [69, 416 с.]. Яғни, өзгенікін өзіне алу процесінің артында сол ізді жасыру, алынғанды өзінікіне айналдырып жіберу әрекеті орын алады. Мұндай әрекет мәдениетке жараспайды, себебі мәдениеттің негізгі қызметінің өзі ел мен елді, халық пен

халықты, ұлт пен ұлтты, мемлекет пен мемлекетті қалыпты қарым-қатынаста ұстап отыру.

Мәдениеттер әрқашан адамзат тарихында идеялармен, материалдық заттармен, рәміздермен алмасты. XX ғасыр шекаралық мәдени аймақтарға назар аудара бастайды, өйткені шекаралар бөлініп қана қоймай, оларды байланыстырады, шекараларда диалог, мәдени экспорт пен импорт, қарыз алу және аралас білім беру процестері болуы мүмкін [70, 183-184 с.]. Мәдени трансферттерге рефлексивті көзқарас ретінде өз-өзіңнің дәстүрлерің мен канондарыңа – сырттан қарауға назар аудару, егер шынайы тәжірибелердің қайталамалығын, содан кейін олардың басқа адамдардың мәдени-символдық инфузияларымен шартталуын түсіну – мәдениеттерді зерттеу кезінде маңызды болатын және мәдени иемдену сияқты құбылыстарда проблемалы болатын түсіну қажет. Мәдени иемдену кең мағынада «мәдениеттің басқа мүшелерінің рәміздерін, артефактілерін, жанрларын, рәсімдерін немесе технологияларын қолдануы деп түсініледі, бұл мәдениеттер байланысқа түскенде, соның ішінде виртуалды немесе өкілдік байланыста болады» [71, p. 474].

Ресейлік ғалым Л.С.Московчук «Құбылысты қарастырудың өзектілігі мәдени иемдену кең мәдени және этикалық-философиялық аспектілерде жүйелік және тұжырымдамалық зерттеулердің жеткіліксіздігінен туындайды, олар зерттелетін құбылысты сипаттап қана қоймай, мәдени апроприацияға кең контексте құрылымдық және функционалдық талдау жүргізу мақсаттарын қояды. Зерттеудің қайнар көзі ретінде мәдени иемдену көріністерінің репрезентативті мысалдары таңдалды. Ол сән әлемі, бұқаралық мәдениет, күнделікті тәжірибелер, мәдени иемденуді түсінуге және жеңуге бағытталған арт-жобалар, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердегі қарастырылып отырған жағдайларға реакция болып табылады [72, 54-55 с.] деген орынды пікір айтады.

Соңғы онжылдықта өткір мәдени қатынастар жүйесіндегі өткір тақырыптардың біріне айналған «мәдени иемдену» әртүрлі контекстерде талданып келеді. Мәдени иемдену мәселесі өнер саласында тіпті айқын байқалады. Өнер

адамдары табиғатынан өзгелерден ерекшеленгенді, көпшіліктің назарын өзіне аудартқанды жақсы көреді. Сол себептен болар өнер адамдары үшін «мәдени иемдену» тіпті тиімді деп те айтуға болады. Алайда сауаттылық деңгейі жоғары, көкірек көздері ашық халықтар өнер адамдарының апроприациялық іс-әрекеттерін құптамай оларды жиі сынға алып жатады. Өнер адамдарының көпшілік тарапынан сынға ілігіп бұқаралық ақпарат көздерінде таралуы бір тұсынан қарағанда жарнамаға айналып кетеді. Сондықтанда кейбір өнер иелері өнердегі мәдени иемденуді моралдық тұрғыдан немесе этикалық қырларды аша отырып дұрыс па әлде дұрыс емес пе деген сауалға жауап бере алмауы мүмкін.

Жалпы алғанда мәдени иемдену ұғымын тыңғылықты талдауға танымдық әділетсіздіктің ара жігін ажырата алатын философтар әлі кірісе қоймады. Осы себепті көпшілік мәдени иемденудің жағымды немесе жағымсыз тұстарын ажыратуға қауһарсыз. Қалай болған күннің өзінде де постколониализмді жақтаушылар үшін бұл әлдеқайда тиімді термин. Олар батыс әлемінің қоғамдық-саяси және мәдени үстемдігін сынға ала отырып, әлемдік отаршылдық мұраның дүниетанымдық аспектісін түсінуге тырысады. Салыстырмалы түрде олардың бұл терминді қолдана бастағандарына көп уақыт болған жоқ, яғни шамамен 1980 жылдардан бастап пайдалана бастады. Олар көпшілікке түсінікті болу үшін апроприацияны ассимиляция, аккумуляциядан бөліп алуды көздеді.

Қорыта келе, мәдени иемдену белгілі бір мәдениеттің қандайда бір бөліктерін «отарлық түрде» қарызға алуды білдіреді немесе отарлаушы елдің өзіндік мәдениетімен бөлісуі қажеттігін парыз ретінде меншіктеп қояды. Мұндай жағдайда басым мәдениет азшылық немесе әлсіз мәдениеттің мәдени элементтерін өзіне тікелей көшіреді және шынайы мәдени контекстен тыс пайдаланады. Доминант немесе отаршыл елдер практикасында өзге мәдени элементтерді пайдалану процесінде олардың бастапқы мағынасының бұрмалануы қалыпты жағдай ретінде сомдалады. Мұндай іс әрекетті моралдық тұрғыдан «құрметтемеу» немесе «қорлау» деп санауға болады. Отаршыл елдердің қарыз алу мотиві мәдениет элементін сатудың қарапайым әрекеті болуы да әбден мүмкін.

2.4. «Бұқаралық мәдениет» пен «танымал мәдениет» ұғымдарының философиялық өлшемі

Мәдениет тоқтаусыз процесс. Мәдениет көптеген кіші ағзаларды біріктіретін ірі және тірі ағза іспетті алып кешен. Оның кешенді жұмысы барлық кіші ағзаларды қамтиды, соларға ықпал етеді, оған қоса өзі де олардың жұмысына мұқтаж болады. Мәдениеттің сыртқы қызметі оның ішкі салаларының өзара қарым-қатынастарымен өлшенеді. Қарым-қатынас аясында көптеген мәдениеттер бірте-бірте танымалдылыққа ие болады. Мәдени қатынастар жүйесіндегі танымал мәдениеттер бұқараның назарын өзіне көбірек аударуын қажет етеді. Алайда олардың барлығын дерлік оң немесе дұрыс назар ретінде қабылдау қиын. Себебі көпшілік назары ішінде бұқаралық та элиталық та аудитория шоғырланған. Аталмыш екі топтың ішінде де рационалды және эмоционалды ойлайтын адамдар легі кездеседі. Көптеген адамдар өзі үшін жағымды деп есептелетін ойға сенеді және оны дұрыс деп есептейді. Олардың сенімді ойларының дұрыс немесе бұрыстығын анықтау үшін сол ойға қатысты дәлелдемелер мен тұжырымдар қажет. Кей кездерде белгілі бір ой қате болса және оны дәлелдейтін тұжырымдамалар бар болса да оны қолдайтын адамдардың саны қолдамайтындарға қарағанда едәуір аз болуы мүмкін. Демек, оң немесе теріс аргументтің мойындалуы адамдардың жағымды немесе жағымсыз эмоцияларының қолдауына байланысты болады. Сол себепті келтірілген аргументтердің логикалық дәлелдерінің адамдарға түсінікті және сіңімді болуы аса маңызды. Адамдар сенген мәлімдемелерінің ақиқаттығын индуктивті және эмирикалық әдістер арқылы дәлелдеуге болады. Дәлелденген мәлімдемелер адамдардың аландаушылықтарын басып, оның кең көлемде таралуына ықпал етеді. Мәлімдемелер адамдар арасына көптеп таралған сайын оның танымалдылығы артады. Ең басты шарт оның халықпен қабылдануы болып табылады. Халықтың жалпы көзқарастық өлшемдеріне сәйкес келетін тұжырымдар көпшілік тарапынан тез қабылданады.

«Танымал болу», «танымалдылық», «жұлдыз болу» сынды халықпен қабылданған ұғымдар қолданылу контекстіне байланысты әр түрлі мағынаға ие болады. Халық көпшілік деген

мағынаны білдіреді, сондықтан да «халықтық» немесе «халықтық мәдениет» әрқашан қоғамда басымдылық береді. Белгілі бір қоғамдағы халықтың мәдениетін адамдардың күнделікті іс-әрекеттерінен бірден аңғаруға болады. Адамдардың киім стилі, жаргонды қолдануы, сәлемдесу рәсімдері, күнделікті жейтін тағамдары, көп баратын орындары т.б. Халықтық мәдениетте танымалдылық жағымды және жағымсыз көзқарастарға бөлінеді. Танымал адамдар мен танымал мәдениеттердің халық арасында беделі үстем және олар өз көзқарастарына көпшілікті иландыра алады, олар біріктіруші қасиетке, мұндай қасиет қоғам үшін аса маңызды. Бұл сипаттағы көзқарастар жағымды көзқарастар қатарына жатады. Ал, жағымсыз көзқарастар қатарына танымал адамдар мен танымал мәдениеттердің өзгелерді менсінбеуі, шекеден қарауы және соның нәтижесінде пайда болған теңсіздік мәселесі жатады. Бұл тұрасында заманауи ғалым Барри Брамметтің 1991 жылы жарық көрген «Rhetorical dimensions of popular culture» [73] аударғанда шамамен «Танымал мәдениеттің риторикалық аспектілері» деп аталатын еңбегін атауға болады. Риторика және коммуникация саласындағы айшықты зерттеулердің біріне жататын бұл еңбекте танымал мәдениеттердің өлшемдері берілген.

Танымал мәдениетті құрайтын бірқатар танымал элементтер бар. Танымал мәдениет біздің өміріміздің ең жақын және заманауи аспектілерін толықтай қамти алады. Жоғары технологиялық әлемде барлық салаларда кездесетін бұқаралық ақпарат құралдарының арқасында заманауи аспектілер тез өзгерістерге ұшырайды. Белгілі бір стандарттар мен жалпы қабылданған нанымдар танымал мәдениеттерде ерекше көрініс табады. Өзінің белгілі бір ортасы немесе қауымдастығына байланысты танымал мәдениет адамдардың күнделікті өмірін бейнелейді және өзгеге де ықпал етеді. Адамның туа біткен еліктеушілік қасиеті мәдениеттердің немесе белгілі бір ұйымдардың өзін танымал ету тұрғысында жақсы көмектеседі. Адамдардың осындай психологиясын жақсы игерген менеджмент және маркетинг өкілдері белгілі бір тауарлардың сапалық өлшемін білдіретін арнайы жапсырмалар, яғни

лейблдер, этикеткалар мен эмблемалар ойлап тапты. Тауар өндірісінде оны брендтер деп атайды.

Жасанды интеллекттің ең соңғы заманауи түрі, OpenAI компаниясы әзірлеп 2022 жылдың 30-шы қарашасында іске қосқан, оқытудың мұғаліммен және күшейтілген оқыту әдістерін қолданатын үлкен тілдік моделі, табиғи тілдердегі сұраныстарды қолдайтын диалог режимінде жұмыс істей алатын жасанды интеллект чатботы «ChatGPT»-де бұл туралы былай делінген: «Жапсырмалар - бұл объектілерді сәйкестендіру немесе жіктеу үшін тағайындалатын арнайы белгілер. Компьютерлік көру және машиналық оқыту контекстінде жапсырмалар модельдерді суреттердегі немесе деректердегі объектілерді тануға және жіктеуге үйрету үшін қолданылады. Мысалы, кескінді тану тапсырмасында әр кескінге сол суретте бейнеленген нысанды немесе объектілер класын көрсететін затбелгі тағайындалуы мүмкін. Бұл белгілер қолмен жасалған немесе компьютерлік көру алгоритмдері арқылы автоматты түрде жасалуы немесе адамның аннотациясы болуы мүмкін. Жапсырмаларды музыка немесе мәтіндік өңдеу сияқты басқа салаларда да қолдануға болады. Мысалы, әр әнге сол әннің жанрын көрсететін белгі берілуі мүмкін немесе әр мәтінге сол мәтіннің тақырыбын көрсететін белгі берілуі мүмкін. Жалпы, этикеткалар деректерді ұйымдастыру және осы деректерде модельдерді оқыту үшін қолданылады» [74].

Рэй Браун өзінің «Folklore to Populore» эссесінде танымал мәдениет туралы келесідей анықтаманы ұсынады: «Танымал мәдениет – кез-келген қоғамдағы адамдардың көзқарастарының, мінез-құлықтарының, сенімдері мен әдет-ғұрыптарының және талғамдарының аспектілерінен тұрады. Бұқаралық мәдениет - бұл терминнің тарихи мағынасында халықтың мәдениеті жатыр» [75]. Рэй Браунның бұл анықтамасы танымал мәдениеттің өзгергіштігі мен түсініксіздігін және уақыт өте келе жанрлардың кең ауқымын қамтығанын көрсетеді. Демек «халықтық мәдениет» және «бұқаралық мәдениет» ұғымдарының астарында сол халықтың «мимиі» немесе «мемі» жатқанын түсінуге болады. Тарқатар болсақ, атадан балаға берілетін белгі-нышандарды «ген» десек, халықтан халыққа немесе ұлттан ұлтқа берілетін ортақ белгілерді «мем» деп

атаймыз. Ағылшын тіліде «мим» деп оқылғанмен орыс тілінде «мем» болып ғылыми айналымға түсіп кеткен бұл ұғымды мәдениет дамуының бірден-бір түзушісі деп атауға болады, себебі ол адамдар санасын жаулап, олардың жүріс-тұрысына ықпал етеді, ықпал етіп ғана қоймай, оны өзіне бағынышты етіп, ары қарай таратуға итермелейді. Қазіргі күннің деміне айналған сән үлгілерін қуалау да мемнің бір көрнісі. «Мемдер» - бұл метафора, идеяны таратуды түсінудің теориясы.

Мемдерді зерттейтін «меметика» ғылымы. Ғылымның атауы ертегректік «еліктегіш, айлакер» деген сөздерден пайда болған. 1904 жылы неміс биологы Рихард Земон 1921 жылы ағылшын тіліне аударылған өзінің «The Mneme» кітабында қолданды. 1976 жылы этолог Ричард Докинз «The Selfish Gene» атты кітапты көпшілікке ұсынды, бірақ ол терминді аздап өзгертті. Қазіргі таңда «Мазмұндама» қоғамдық қоры тарапынан қазақ тіліне аударылған «Өзімшіл ген» атты аудармасы бар.

Меметиканың ғылыми айналысқа тез еніп кетуінің бірден бір себебі, түбірдің «мемеос» жады деген латынның сөзіне жақындығы болатын. Әйтсе де 1980 жылдарға дейін ол гипотеза ретінде пайдаланылып, аса бір ғылыми статусқа ие болған жоқ. Бірақ Докинз «Кеңейтілген фенотип» деген атаумен шығарған келесі кітабында «мем» ұғымын ресмилендіріп, оны мәдениеттің жекелеген элементтерін тарату және сақтау процестері ретінде сипаттады. Докинз ойын құптаған Ламсен мен Вильсон «культураген» концепциясын жалғастырды. Аталмыш концепция генетикалық және мәдени информациялардың берілу механизмдері арасындағы аналогияны бекітті. 1983 жылы Дуглас Хофштадтер Американдық бір ғылыми журналда мемді зерттейтін ғылым, генетиканың аналогы ретінде «меметиканы» қайта ұсынды. Бұл танымылдылықтан соң мемді діни тұрғыдан үгіттеу, насихаттауға пайдалану және IT технологияларын дамыту істері алға жылжыды, бірақ оны ақыл теориясына жатқызған Даниел Денне сынды ғалымдарда болды. Оған қоса, футурологиялық болжам айтқан С.Блэкмор өзінің «Эволюцияның үшінші репликаторы: гендер, мемдер – ар қарай не? атты деген мақаласында «ген алғашқы репликатор, ол биологиялық

эволюция нәтижесі, ал мем екінші орында, ол мәдени эволюцияның дамуы, қазір менің ойымша технологиялық дүмпу, эволюциялық сипат алуда» [76] деп бір ой тастады.

С.Блэкмор мезеп отырған үшінші технологиялық эволюция арқылы жақсы бағыттағы мемдерді тарату мүмкіндігі молайады. Бір халықтың ішіндегі жүйеленген насихаттаудың нәтижесі біртұтас «халықтық мемді» құрайды. Қалыптасқан халықтың бір деміне айналып, бір жұдырық сипатын беретін идея ғана идеология ретінде ұзақ өмір сүре алады. Кейбір идеология тарихтың ағымына байланысты түзіліп, мерзімдік мықтылыққа ие бола алады. Ұлы Отан Соғысы жылдарында соғыстағы жауынгердің де тылдағы еңбеккердің де бір ғана «жауды жеңу» идеологиясы табиғи түрде түзілді. Табиғи түзіліске ие бұл идеологияның мерзімі қысқа болғанмен қуаттылығы күшті болды. Күштілігі сондай халықтың әлеуметтік, биологиялық, физиологиялық күйлерінің әлсіреуіне қарамастан массалық инфекциялар өршімеді, себебі оны идеология иммунитеті қорғады. Жалпыұлттық сипатта түзілген идея «халықтық мем» арқылы идеологияға айналып мемлекеттің рухани қорғаныс қабатын түзеді [77, 174-175 бб.].

Демек, халық меметика ретінде де, бұқаралық мәдениет ретінде де алып күшке ие. Әр мемлекеттің ең басты байлығы ол оның халқы болып табылады. Осы іргелі аспектілерді ескере отырып, бұқаралық мәдениетті белгілі бір уақытта белгілі бір қоғамда жиі кездесетін немесе кеңінен танылатын, ұнататын немесе мақұлдайтын және сипаттайтын өзін-өзі көрсету мен сәйкестіктің өнімдері мен формалары ретінде анықтауға болады. Танымал мәдениет көптеген гетерогенді адамдарға өздерін ұжымдық түрде анықтауға мүмкіндік береді. Ол қоғамда инклюзивті рөл атқарады, өйткені ол бұқараны қолайлы мінез-құлық идеалдарына біріктіреді. Адамдарды жалпы қоғаммен байланыстыратын сәйкестік сезімін қалыптастырумен қатар, танымал мәдени заттарды тұтыну көбінесе бір дәуірдің адамдарының, яғни замандастардың беделін арттырады. Танымал мәдениеттің халықтық немесе жоғары мәдениеттен айырмашылығы, ол жеке адамдардың басым сезімдері мен мінез-құлық нормаларын өзгертуіне мүмкіндік береді. Сонымен, танымал мәдениет адамдарды

қызықтырады, өйткені ол жеке бақыт пен әлеуметтік байланыстарға мүмкіндік береді. Танымал философия философиялық идеяларды танымал студент бастап, осы идеяларды күнделікті өмірде қолдануға дейінгі көптеген бағыттарды қамтиды.

Жалпы көпшілік арасында «бұқаралық мәдениет» пен «танымал мәдениетті» бір ұғым, яғни синоним ретінде қарау көзқарасы орын алған. Бұлай болуының да себебі бар, өйткені екі мәдениетте қалалардың өсуі, сәйкесінше адамдардың көбеюіне байланысты туындап отыр. Олардың арасындағы байланыс «бұқаралық мәдениеттің коммерциялық мүдделері» мен «халықтың мүдделері» арасындағы дәйекті байланыс сықылды. Американдық мәдениеттанушы, танымал мәдениеттерді сыни талдаушы, медиа-зерттеуші және теледидарлық зерттеулер жүргізуші Power Plus, Power Works (1993), Reading the Popular (1989), Influential Television Culture (1987) т.б. жалпы саны сегіз кітаптың авторы Джон Фiske 1989 жылы жарық көрген «Understanding Popular Culture» [78] шамамен «Танымал мәдениетті түсіну» деп аударылатын еңбегінде американдық қоғамдағы мәдени мәселелердің қалай құрылатынын және оның әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдарында қалай қаралатынын зерттеген медиа сыншы. Оның пікірінше мәдени индустрия өздерінің мәдени мақсаттарына пайдаланатын өнімдерді табу үшін жасалған репертуарды көрермендердің мүдделері арқылы жасайды. Сол себепті сала тауарға айналып өз пайдасына асыруды көкसेген белгілі бір адамдар үшін көрермендердің талғамы мен қызығушылықтары үнемі зерттеліп, екшеленіп отырады. Танымал мәдениет индустриалды капиталистік қоғам шығаратын «мәдени өнім» және оны адамдар өздеріне қажетті хабарламаларды жасау үшін пайдаланады. Демек, бұл процесте «теріс пайдалану» және «бұрмалау» тәсілдері қолданылады. Бұқаралық мәдениет үстемдік ету үшін әртекті көзқарастардың ортақ қоспасын алу, яғни гомогенизациялау әрекеттеріне аса назар аудару қажет. Бұл қатынастар әрқашан серпінді және халықтың сұранысына сәйкес қалыптасады. Қорыта келе, профессор Фiske бұқаралық мәдениетті құрушы көпшілікті өз деңгейінде бағаламай оларға тобыр деп қарауды доғару керек,

себебі бұқаралық мәдениет көптеген жолдармен қарқынды дамып келеді деген тұжырым жасайды. Фискенің мәдени артефакттерді зерттеуге деген жаңашыл көзқарасы қазіргі күні аса маңызды болып табылады.

Француз философы, мәдениеттанушысы, әлеуметтанушысы және ақыны Жан Бодрийяр: «Көңілге күдік ұялататын, бұлыңғыр кейіптегі «қоғамдық пікір» ұғымы аса субъективті және атауы өз мағынасын дәлме-дәл бере алатын иллюзиялық сипатта, сол себепті ол бұлжытпас айғақтардан гөрі «популизммен», яғни «танымалдылықпен» көбірек байланысты, өйткені ол тұтынушыларға олардың өзінде жоқ көрінбейтін және сезілмейтін басымдылық береді» [79, 86 p.] деп жазды.

Неміс философы және мәдениет теоретигі Теодор Адорно философиясы әлеуметтік және мәдени теориялардың іргелі идеяларына сыни тұрғыдан қарау және олардың қазіргі қоғамдық бейнелерінің патологияларын түсіндіруімен ерекшеленеді. Ол «табиғат», «тарих» және «бостандық» сынды философиялық категориялардың батыстық сипаттағы стандартты түсініктемелеріне түбегейлі балама нұсқалар ұсынып, адам ұтымдылығының иррационалды салдарларының болу мүмкіндігін зерттеді. Оның ғылымға қосқан үлкен үлесінің бірі әрі бірегейі «Мәдениет индустриясы» ұғымы. Адорно мәдениетті «тауарға» айналдырған мәдениет индустриясы мен капиталистік қоғамдардың қызметі арасындағы маңызды байланысты қарастыра отырып «конформизмді» тудыратын салалардың сипаттамаларын анықтады. Анықтай отырып қазіргі таңдағы капитализм мәдениет индустриясындағы адамдардың алмасу принципімен басқарылатын қоғаммен татуласуын тиімді қолдайтын мәдениетті құру керектігін алға тартты [80, 53 p.].

Қазақ мәдениеттанушысы, философы, қазақ тілді аудиторияға әлемдік мәдениеттанулық зерттеулерді таратып, отандық зерттеулердің үлес салмағын арттырып жүрген, жоғары оқу орындарында оқытылатын философия, мәдениеттану, этика, эстетика бағытындағы оқулықтар мен оқу құралдарының авторы, ғалым Тұрсын Хафизұлы Ғабитовтың 2019 жылы жарық көрген «Мәдениеттану» атты оқулығында: «Бұқаралық мәдениет - бұқаралық қоғамға тән, коммуникациялық-ақпараттық жүйелердің дамуының жоғарғы

деңгейінің, урбанизация мен индустриализацияның жоғарғы дәрежесінің арқасында мүмкін болатын күрделі әлеуметтік-мәдени феномен. Ол индивидтің шеттеуінің жоғары дәрежесімен, даралығын жоғалтып, өзіншілдікке айналуымен сипатталады. Осыдан бұқараны жойып, олардың бұқаралық коммуникациялар арналары арқылы мәдени мінез-құлықтарын орнатып, элитаның оларды жеңіл билеп алуы орын алады. Бұқаралық қоғам сатысында өзіндік мақсатқа айналатын техниканың дамуы, Ж.Эллюльдің пікірінше барлық қоғамның дәстүрлі құндылықтарын жояды, бірыңғай маңызы жойылған мәдениетті құрады. Ол адамды қазіргі қоғамның құндылықтар еркіндігінен босатады, ал екінші жағынан, Э.Фромның айтуынша, техникалық абсолюттеуге және адам болмысының құндылықтарын жоюға әкеп соғады. Қазіргі бұқаралық қоғам әрбір индивидтің тереңде жатқан жеке қажеттіліктерін жүзеге асыруға бөгет жасайды. Адамның өзін-өзі тану және басқа адамдармен жеке қатынас орнатуға тырысуы мінез-құлық стандарттылығын тудыратын рухани енжарлықты, не индивид өзі туралы бұлдыр түсінікті жасау үшін қолданылатын жалған бағытқа, «пұтқа» табынуды тудырады» [81, 12 б.] деп жазылған.

Белорус ғалымдары А.Ю.Дудчик пен И.М.Клецкова «Культурология» атты оқу құралында: «Талдау құралы ретінде жоғары және төмен мәдениеттерге бөлу тарихи талдау үшін өте жақсы жұмыс істейтінін атап өткен жөн, бірақ егер біз қазіргі қоғам туралы айтатын болсақ, онда оны талдау үшін қосымша категорияларды, ең алдымен бұқаралық мәдениет категориясын қолдану қажет. Бұқаралық мәдениет салыстырмалы түрде жақында пайда болды, әдетте жаппай немесе индустриалды деп аталатын қоғамның жаңа түрі дамыды. Бұл қоғам массовизация процестерімен және халықтың кең тобын экономикалық, саяси, әлеуметтік процестерге (жаппай білім беру) белсенді енгізумен сипатталады (жаппай өндіріс, жаппай әскерге шақыру және т.б.), бұл жалпы негізді қажет етеді. Бұл негіз жоғары мәдениеттен және халықтық мәдениеттен ерекшеленетін бұқаралық мәдениет болып табылады, дегенмен бұл мәдениеттердің арасында нақты шекара сызу әрдайым оңай бола бермейді. Сонымен қатар, бұқаралық мәдениет тарихи

дамып, өзгергенін есте ұстаған жөн. Осы тұрғыдан алғанда оларды ажырату орынды [82, 27-28 с.].

Олай болса «бұқаралық мәдениет» пен «танымал мәдениет» ара қатынасы көптеген ғалымдар пікірлеріне сүйене отырып екшеленеді (4-ші кестеге қараңыз).

Кесте 4. «Бұқаралық мәдениет» пен «танымал мәдениет» талдамасы

	Бұқаралық мәдениет	Танымал мәдениет
Басталуы	1940-шы жылдары Америкадан басталған. Маркс Хоркхаймер және Дуайт Макдональд есімдерімен байланысты.	1950-ші жылдары «поп» сөзі джаз жанрын жақсы көрушілердің арасында ғана қолданылатын. Кейін 1970-80 жж. танымал мәдениет ретінде таралды.
Анықтамасы	Бұқаралық өндіріс технологияларын қолданатын және көпшілік назарын күнделікті өсіру үшін кино, теледидар, интернет сияқты бұқаралық коммуникация түрлерін пайдалану арқылы пайданы барынша арттыруға ұмтылатын бұқаралық ақпарат құралдарының кең таралған мәдениеті.	Бейресми консенсус нәтижесінде пайда болған көзқарастар мен идеялар жиынтығы. Атап айтқанда, бұқаралық ақпарат құралдарының күш-жігері арқылы насихатталатын музыка, бейнелеу және орындаушылық өнер, әдебиет, фестивальдар, поэзия, көркем және дизайнерлік т.б. жұмыстар.
Нысандары	Әдебиет (фантастика), музыка (поп-музыка, эстрадалық музыка), бейнелеу өнері (комикстер, плакаттар), кино - және бейнефильмдер (триллерлер, комедиялар, детективтер), сериалдар, мюзиклдер т.б.	Бұқаралық мәдениет туындыларын тұтынушылар, құрметтейтіндер және тарататындар топтары, ұйымдары (фанаттар, фан клубтар, ультрас (футбол фанаттары) иглз (91 тобы фанаттары) т.б. әр саланың жанкүйерлері
Болмысы	Қаржы жинақтауды көздейді, көпшілікке танымал және олардың көңілінен шығуды көздейді, бірақ нақты авторы немесе иесі бар.	Көпшілікке танымал, бірақ нақты авторы жоқ, сәйкесінше кейбір адамдар оны өз пайдасына пайдалануы мүмкін.
Бейнесі	Халық шығармашылығына қанағаттанбау және оны заманауи үлгіге сәйкестендіруге әрекет ету, бір сөзбен айтқанда – «Антифольклор»	Халық шығармашылығын сақтауға тырысу, оны адамшылық білім, ата баба мұрасы деп реңін бұзбай келесі ұрпаққа жеткізу – «Фольклор»
Анықтау әдістері	Психоанализ, структурализм, постмодернизм және т.б. сияқты әртүрлі академиялық көзқарастар арқылы	Ойын-сауықтар (фильмдер, музыка, теледидар, бейне ойындар т.б.), спорт, жаңалықтар, саясат, сән, технология және жаргон сөздер арқылы
Жасалуы	Мүмкіндігінше көп адамдарға жету үшін арнайы контент	Ешбір таңдаусыз және арнайы дайындықсыз елге жайылу.

	жасалады.	
Таралуы	Тек техникалық құралдар арқылы ғана емес, тікелей байланыс арқылы да таралды.	Қатысушы бір уақытта хабар таратушысы да бола алады.
Сипаты	Арнайы өндірілетін, таратылатын және сатылатын мәдениет, қысқа қайырғанда – «Өндіруші».	Халықпен жаппай тұтынылады, қолданыс барысында өздігінен қабылданады және іріктеледі, қысқа қайырғанда– «Тұтынушы».
Баламасы	Жоғары немесе элитарлық мәдениет	Төменгі немесе халықтық мәдениет
Ықпалы	Бір тақырып аясындағы әртүрлі адамдардың әртекті көзқарастарын бір жерге шоғырландырады, біртектендіреді	Бір көзқарасты әртүрлі адамдардың әртүрлі мақсатта, әртүрлі жағдаяттарда әртүрлі түсіндіруі, таратуы, салыстыруы

Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей бұқаралық және танымал мәдениеттердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталған. Десекте осы айырмашылықтар аталмыш екі мәдениеттің шекараларын сызып береді деген тура мағынаны білдірмейді. Бұл кесте синоним ретінде екі ұғымның айырмалық мағыналарын түсінуге ғана көмектесуі мүмкін. Қалай болған күнде де бұқаралық және танымал мәдениет ұғымдарын шын мәнінде танымал етіп тұрған «бұқаралық» және «танымал» деген атаулары емес, оларға жалғанып тұрған «мәдениет» атауы. «Мәдениеттің» өзіндік танымалдылығы аталмыш екі ұғымнан да жоғары. Оған дәлел ең алдымен аталмыш екі ұғым кестеде көрсетілгендей өздерінің бастауларын өткен ғасырдың орта шенінен бастап алған, ал мәдениет тамыры тым тереңде. «Мәдениеттану» ғылымы XX ғасырдан бастап қалыптасқанымен мәдениеттің өзі адамзатпен біте қайнасқан. Мәдениеттің аса танымалдығы туралы жүргізілген арнайы ғылыми зерттеу осы ойымыздың негізгі дәлелі бола алады.

Солтүстік Каролина штаты, Гринсборо қаласындағы Солтүстік Коралина университетінің ғалымы Вас Тарас, Канададағы Калгари мемлекеттік университетінің ғалымдары Джули Роуни мен Прис Стил жүргізген «Мәдениеттің жарты ғасырлық өлшемдері: мәдениетті сандық бағалау үшінгі тәсілдер, қиындықтар, 121 құралды талдауға негізделген шектеулер мен ұсыныстар» деп аталатын кешенді зерттеуі. Халықаралық менеджмент журналына жарияланған бұл зерттеу

аса тартымды. Мақалада мынандай қызықты зерттеу мәліметтері келтірілген. «Мәдениет - өте танымал құрылым. Google-ден «Мәдениет» деп іздеу нәтижесінде жарты миллиардтан астам қаралым мен көптеген өтініштер таба аласыз. «Yahoo» көмегімен екі миллиардтан астам мәліметтер табуға болады. Бұл көрсеткіш «саясат», «соғыс», «қоршаған орта» немесе «жыныстық қатынас» сынды аса танымал сөздерден де асып түседі. Үш негізгі электрондық әлеуметтік ғылымдар дерекқорлары іздеу үшін кілт сөз ретінде «Мәдениет» қолданылған кезде 100 000 - 700 000 дейін мақалаларға сілтемелер береді. Дегенмен бірнеше ғасырлар бұрынғы мәдениеттерді цифрлы тұрғыда бағалаудың алғашқы әрекеттері XX ғасырдың ортасында ғана жүзеге асырылды. Содан бері мәдениетті өлшеу әдістері айтарлықтай жақсарды, өйткені жүзден астам құрылғылар әзірленді және мәдениеттің әртүрлі аспектілерін цифрлы бағалауды қамтитын жүздеген зерттеулер жарияланды» [83, 357 р.]. Отандық оқулықтарда мәдениеттің анықтамалары туралы «Мәдениеттің әртүрлі тұрғыдан қарастырылуы, мәдениет мәселесіне деген үлкен қызығушылықтан туса керек. Оған дәлел ретінде 1964 жылға қарай батыс әдебиетінде мәдениетке 257 анықтама берілгендігі жөнінде Американдық мәдениеттанушылары А.Кребер мен К.Клохконның мәліметтерін келтірсек те жеткілікті сияқты» [81, 22 б.] деп келтірілген.

Вас Тарас, Джули Роуни мен Прис Стилдің болжамдарынша алдағы уақытта мәдениетті өлшеу мақсатында ұсынылатын үлгілер мен құралдар саны артады. Олардың өздері пайдаланған 121 құралдың өзі мәдениеттің кең көлемді цифрлы өлшемінен хабар беріп тұр. Авторлар 121 құралды талдауға сүйене отырып зерттеу тәсілдеріне шолу жасайды. Онда мәдениетті цифрлы бағалау мәселелері талданып, мәдениетті өлшеудің ең ұтымды әдістері ұсынылған. Талқыланатын тақырыптар тізімі мәдениетті өлшеуге қатысты мәселелердің барлық спектрін қамтиды, соның ішінде «мәдениетті анықтау», «мәдениет модельдерінің өлшемі», «зерттеу элементтерінің құрамы», «мәліметтер жинау», «сандық бағалауға мәлімет жинау және мәдениеттерді салыстыру», «өлшеу эквиваленттілігі», «өлшеу деңгейлері, сенімділігі» және

«мәдениетті зерттеу құралдарының шынайылығы». Авторлардың айтуынша әдебиеттерге шолу мен мәдениетті өлшеудің қолданыстағы құралдарына сүйене отырып, мәдениетті өлшеу тенденциялары анықталады және осы саланың дамуын анықтайтын факторлар талданады. Көптеген дәлелдер нәтижелерге негізделеді және осы зерттеу үшін арнайы жүргізілген сарапшылардың пікірін зерттеуден тұрады. Біздің талдауымызға сүйене отырып, біз олқылықтарды анықтаймыз және жеткілікті зерттелмеген салалар және қажет болатын негізгі сұрақтардың тізімін ұсынамыз [83, 358 p.] деп зерттеу маңыздылығын ашады.

Бұқаралық мәдениет ұғымының ғылыми айналымға енуіне тікелей ықпал еткен Макс Хоркгеймер «Eclipse of the Mind» шамамен «Ақыл-ойдың тұтылуы» деп аударылатын кітабында «Бүгінгі күннің прагматикалық шындығының қысымымен адамның өзін-өзі көрсетуі оның негізгі жүйеге қызмет етуімен бірдей болды, дегенмен ол өзіне де, басқаларға да кез-келген басқа импульсті қаттырақ басу арқылы қолданыстағы жүйеге сәйкес келмейтін интеграцияланбаған ұмтылысты иемденуге көшті. Қолданыстағы үлгіге ену - адамның өршіп тұрған ренішінің белгісі. Егер қуғын-сүргін жойылса, наразылық оның ұйым мүшелеріне өздерінің тетіктерінің мәніне енуіне жол бермеу тенденциясымен сипатталатын барлық әлеуметтік тәртіпке қарсы болар еді. Тарихқа көз жүгіртсек, физикалық, ұйымдастырушылық және мәдени қысым әрқашан жеке тұлғаны әділ немесе әділетсіз тәртіпке біріктіруде маңызды рөл атқарды. Содан кейін бұқаралық мәдениет пен танымал мәдениет пайданы ұлғайту үшін бірге жұмыс істейді, сонымен бірге бұқараны тыныштандырады немесе алдандырады, ірі жобалар арқылы өзін ерекше сезінуге деген бір сәттік қажеттіліктерді қанағаттандырады» [84, 97-98 p.] деген пікір білдіреді. Ғалымның бұл пікірінен оның қоғамды дамытуға күш жұмсаған адам өзін, яғни адамшылықты ұмытып, өзінің негізгі болмысынан ажырап бара жатқандығына налитынын байқауға болады. Халықты тобыр ретінде қарап оларды алдауға және олардан пайда көруге бағытталған іс-әрекеттердің өршуі мен адамның нақты себебін түсінбесе де сол қоғамға деген патологиялық өкпе-ренішінің бар екендігін түсіндіргендей

болады. Адамдардың қоғам берген қалыпқа түсіп, қоғам дайындаған стандартты үлгіге айналуының басты себебі осы өкпе-реніштің негізі екенін алға тартады.

XXI ғасырдағы техника мен технологияның қарқынды дамуы «бұқаралық мәдениет» пен «танымал мәдениет» ұғымдарын одан сайын жақындастырып, өндіріс пен тұтынудың екі жақтылығын қамтамасыз етуге ықпал етті. Мұндай шешімге келу үшін адамның мәдени интеллекті қалыптасу керектігін байқатады. Мәдени интеллект - бұл адамдармен немесе әртүрлі мәдениеттердің артефактілерімен өзара әрекеттесу кезінде туындайтын мәселелерге тап болған кездегі тез бейімделу қабілеті. Мәдени интеллекті жоғары адамды шартты түрде «хамелеонның» ағзалық жоғары қасиеттеріне теңестіруге болады. Бәрімізге белгі хамелеондар қарым-қатынас жасау және дене температурасын реттеу үшін өзінің түсін өзгерте алады және мұндай керемет қабілет олардың жұмыртқадан шыға саласымен бірден пайда болады. Осы тұста орыс жазушысы А.П.Чеховтың «Хамелеон» әңгімесі де еске түседі. Чехов адамдардың қарым-қатынасындағы, әсіресе адамның статусына қатысты қарым-қатынастың өзгеруін сынай жазған әңгімесіндегі кейіпкердің төменгі мәдени интеллектін көрсетеді. Қазақ халқында да «Төрдегі жымиса, есіктегі ыржияды» деген мақалы бар, астарында адамдардың статустық қарым-қатынасының өлшемі көрсетілген. Қожанасырдың «Же, шапаным, же!» деген сөзінің түбінде де адамның сыртқы келбетімен, киімімен өлшенетінін адамшылығының жалған бейнесі жатыр. Хамелеонның түсіне қарап оның қоршаған ортаға деген эмоционалды жағдайын бағамдауға болады және ол көзін әртүрлі бағыттарға айналдырып панорамалық көрніс алу мүмкіндігіне ие. Демек, мәдени интеллектті қалыптастырған адамда ситуацияға тез бейімделіп, өзінің эмоционалды жағдайын соған ыңғайластырып, жан-жағына шолу жасап, бағдарлап барлық кенеттен болу мүмкін жағдаяттарға дайын болуы шарт.

2.5. Мәдени бірегейлік процесіндегі әлеуметтік-философиялық ұстаным

Мәдениет – кең спектрлі жалпы ұғым. Алдыңғы ««Бұқаралық мәдениет» пен «танымал мәдениет» ұғымдарының философиялық өлшемі» атты тараушада қорытындылағандай мәдениет ұғымының кеңдігін оған берілген анықтамалар мен түсініміктемелердің көптігінен білуге болады. Сонымен мәдениет ол туған жер, дін, діл, тіл, өнер, әдебиет және музыка тіпті ас үй, әлеуметтік мінез-құлық, және т.б. толып жатқан адам өмірінің барлық қырларын қамтитын адамдар тобының жалпы сипаттамалары. Әрбір адамды, елді, халықты, ұлтты, мемлекетті т.б. толып жатқан топтарды қазір немесе белгілі бір дәуірлерде кең таралған қандайда бір мәдениеттермен, құндылықтармен, нанымдармен және шығу тегімен байланыстратыны анық. Қазіргі бейнесі әлсіз немесе өте кішкентай мәдениеттердің сағалары міндетті түрде үлкен, танымал мәдениеттермен барып байланысады. Соған сәйкес салыстырмалы түрде кішкентай және аз ғана адамдар өздерін бастаулардағы ірі мәдениетпен байланыстырады. Алайда мәдениеттің көлемін, ауқымын және құндылығын оның мөлшерімен анықтау мүмкін емес. Анықтай алмау себебі оның тіпті кең көлемдігінен ғана емес, көбіне оның тұрақсыздығына қатысты болып табылады. Әлемнің мәдени тарихында уақытпен санаспаған өз бейне-болмысын өзгеріссіз сақтаған бірде бір мәдениет жоқ. Осы ойлау контексті тұрғысынан бір қарағанда «мәдени бірегейлік» ұғымының мән-мағынасы жоқ іспеттес. Бірақ ол олай емес.

Мәдениеттің негізін қалаушы адам ешқашан бір орында тұрған емес, адамдардың жер шарын кезуі қазіргідей техника мен технология дамымаған адамдардың бір нүктеден екінші бір нүктеге жетуі қиын әрі қауіпті болған шақтарда да тоқтамаған. Қазіргі таңдағы бір орыннан екінші орынға ауысу еш қиындық туғызбайтын, транспорттың кез-келген түрін пайдаланып тез әрі қауіпсіз жету мүмкіндігіне ие адам үшін мәдениет алмастыру тіпті мәселе емес. Мәдени алмасулардың қарқынды орын алуы биогеографиялық тамырлары бір, тіршілік ету ортасы анық, ұзақ әрі шынайы тарихы бар, бір тілде сөйлейтін, түр-әлептері бір біріне ұқсас популяцияны, яғни халықты, оның

аржағындағы этносты, яғни ұлтты сақтауға қиындық туғызады. Тарих жолдарында кең аумақтарды мекендеген ірі халықтардың да мыңжылдықтарды жалғаған көші-қон жолдарының қиылыстары болды. Ол қиылыстар түрлі тарихи оқиғаларға байланысты өз қызметтерін әр түрлі қарқында атқарды, бірақ тоқтамайды. Этностар генетиканың бұлжымас заңы, яғни «ерлер сызығы» арқылы ұрпақ жалғастырып көбейіп келе жатқан рекомбинацияға ұшырамайтын «Ү» ерлер хромосомасының генетикалық құрылымына байланған. Этностардың генетикалық тазалығы мен біртектілігі негізінде жасақталған ұлттық «мәдени үлгілер» мәдени бірегейліктің өзегі болып табылады. Әрбір адам осы мәдени үлгілерге өзін-өзі сәйкестендіру арқылы өз тегі мен тамырын, мәдени қауымдастығын таба алады.

Мәдени үлгі – ол дәуірлер үндестігіне жауап беретін жүгі ауыр, ұзақ қалыптасатын күрделі процесс. Адамзат мәдениеті адамдар арасында зерттеуге және жеткізуге болатын, сонымен қатар уақыт өте келе өзгеруі мүмкін идеяларды, мінез-құлық үлгілері мен артефактілерді қамтиды [85]. Демек, мәдени үлгі ол белгілі бір халықтың жүретін жолының сценарийі немесе үлгіні құру, яки қалыптастыру процесіндегі маңызды мәдени оқиғаларды түсіндіру және ұсыну құралы. Әр халықтың мәдени үлгісі немесе сценарийі әртүрлі болуы заңдылық, өйткені ешқандай халық келесі бір халықтың өмір тарихын айна-қатесіз қайталай алмайды. Осы өзгешелік мәдени құрылымда мәдениеттердің бірінен екіншісін ажырататын құрылымдар, халықтың мінез-құлқы, жүріс тұрысын ерекшелейтін даралық белгісі ретінде аса маңыздылыққа ие. Мәдени үлгілер адамдардың бірлескен тұрмыстық және кәсіби тәжірибелеріне негізделе отырып белгілі бір этникалық немесе әлеуметтік мәдениеттің таралуына ықпал етеді. Бұл процестер халық арасында көрінбей, білінбей, арнайы нұсқаулықсыз өздігінен өрбіп, қалыптасып жатады. Қалыптасып жатқан кезеңге ешкім көңіл аудармайды, ол қалыптасып өзінің айшықты белгілерін көрсете бастаған кезде ғана олар дайын құрылымдар ретінде зерттеледі. Бұл мәселе тек мәдениеттанушыларға ғана емес, сонымен қатар, философтарға, тарихшыларға, психологтарға,

педагогтарға, тіл мамандарына, өнертанушыларға т.б. зерттеушілер үшін қызықты нысан.

Әр мемлекеттің өзегін құрайтын «негізгі ұлт» бірегейлігіне жүгіне отырып «ұлттық мәдени үлгіні» қалыптастыру аса күрделі процесс және оның өз бетінше қалыптасуы мүмкін емес. Жер шарында өзінің ұлттық бет-бейнесін айқындап өздерінің ұлттық мәдени үлгілерін қалыптастырып қойған жапон, қытай, кәріс, ағылшын, неміс, француз, итальян елдері сынды бірқатар елдер бар. Көбінесе осындай әлемдік деңгейдегі мәдени үлгілер барлығына ортақ үлгілерге айналып жас мемлекеттердің дамуында «айна» қызметін атқарады. Қазіргі саяси ғылымда ұлтты анықтаудың француздық және немістік үлгілері кең танымал: француз үлгісінде - ұлт «отандастар» ретінде, ал, неміс үлгісінде - ұлт діл, мәдениет, тіл т.б. ерекшеліктермен анықталады. Мысалы, француздық үлгі бойынша қандай ұлттың өкілі болмасын, қолында Француз азаматы екенін растайтын төлқұжаты бар болса, ол – «француз». Францияға бақыт іздеп келген қаншама араб, африкалық, азиялық мигранттар азаматтық алып, еуропалық өмірден орнын тауып, бағы жанып жатса, өздерін «французбыз» деп мақтанышпен айтады [86, 86-87 бб.]. Ғалымдар ойын толық құптауға негіз бар. Қазіргі таңда кино, спорт сынды салаларда өздерін французбыз деп әлемге паш етіп, сындарлы сағаттарда француз мемлекетінің намысын қорғап жүрген аса танымал есімдер жетерлік. Бұл үрдіске әлем халықтарының да бойы үйреніп еш жатырқаусыз толықтай қабылдау деңгейіне жетті. «Мәдени үлгі» ұғымын талдай отырып оның қалыптасу процесін төмендегідей төрт бөлікке бөліп жіктеуге болады:

1. «Өкілдері», яғни әрбір ұлттық үлгіні қалыптастыратын негізгі ұлттың айшықты өкілдері. Мысалы, 20 жылға жуық жорық жасаған француз қолбасшысы Наполеон Бонапарт.

2. «Ғажайыптары», яғни сол ұлт мекендеген тарихи отанның әлемге танымал табиғи ерекшелігі немесе әлемге әйгілі нысандары. Мысалы, Францияның солтүстік-батыс жағалауындағы қарлы-ақ алебастр жартастары немесе Париж қаласы, Лувр мұражайы, Эйфел мұнарасы, Версаль сарайы т.б.

3. «Тарихи оқиғалары», яғни сол ұлттың басынан өткен және сол ұлттың мықты мемлекеттер қатарында болуына

тікелей ықпал еткен айшықты оқиғалары. Мысалы, 1789-1799 жылдар аралығын қамтыған «Ұлы Француз революциясы» немесе 1792-1804 жылдар аралығында құрылған алғашқы Француз Республикасы т.б.

4. «Өнімдері», яғни сол ұлттың әлемге танымал еткен өндіріс орындары немесе сол ұлттың атауымен жапсырмаланған өнімдері. Мысалы, әлемде жапон «Кензо», неміс «Эскадо», италян «Долче Габанна», Америка «Эсте Лаудер» сынды атақты брендтерді өндіретін бірқатар өзге елдер болса да халық арасында «француз әтірі» деген ұлт атауын өзіне жапсырмалаған өнім атауы бар. Айта кетсек «Channel», «Dior», «Hermes», «Givenchy», «Lacoste», «Louis Vuitton», «Vichy», «L'Oreal», «Lancome» және тағы да басқа рейтингі жоғары 100 ден астам француз киім және косметика брендтері, сондай-ақ «Tefal», «Moulinex», «Luminarc» сынды техника брендтері бар.

Қазіргі таңда қалыптасып жатқан «Қазақстандық мәдени үлгі» құрылымы тіпті өзгеше, себебі оның екі бастауы бар. Бірі ұлттық тарихы терең, қазыналы, өзіміздің ұлттық төл үлгіміз өзіміз болса, екіншісі қазақ жерін түрлі тарихи оқиғаларға байланысты түрлі кезеңдерде мекендеген өзге ұлттардың ұлттық тәжірибесі негізінде. Екі үлгі де «Қазақстандық мәдени үлгі» қалыптасуына толықтай қызмет ете алады. Ары қарай отандық ғалымдардың ұлттық мәдени үлгіні әр тараптан қарастырған зерттеулеріне тоқталамыз.

Ғалым Ә.С. Сағатова өзінің «Ұлттық сананың дүниетанымдық үлгілері» атты ғылыми мақаласында «Ұлттың өзіндік келбетін танытатын оның - өршіл рухы, асқақтаған жігер-қайраты, әрі өз елінің мүддесі мен тағдыры жолындағы қайсарлығы мен ерлігі. Осындай болашаққа, жасампаздыққа ұмтылыстар алға қойған асыл арман – мызғымас тәуелсіз мемлекет орнату жөніндегі ұлы мақсат-мұраттарға айналған еді. Көкірек түбінен халықтың мұратына, ізгі тілегіне айналған сара жолды игеру жеке тұлғалардың көпшілік алдындағы жауапкершілігін арттыра түскен болатын. Олар өмір сырын тереңінен бағдарлай отырып, халқына жанашырлықпен елдік пен қайсарлыққа үндеген. Міне, осы міндеттерді жауапкершілікпен атқарған ақын-жырауларымыз қазақ философиясының рухын асқақтатқан өршіл намыстың

жаршылары болған еді» [87, 219 б.] деп қазақтың ұлттық мәдени үлгісін қалыптастырушылардың бірі ретінде жыршыларды негіз еткен. Жалпы «жыршы» атауы мен қызметінің өзі қазақ халқының тарихи және табиғи ерекшелігін айқындайтын өзгеше бір өзгеден бөлек болмысы. Халық мұрасының ұрпақтан ұрпаққа вербалды тұрғыда ұлттық философия мен ауыз әдебиетін қалыптастыра отырып жетуіне тікелей ықпал еткен де осы жыршылар болатын. Жыршылар өз дәуірінде бір айтылғанды лезде жаттап алу және оны тарату, суырып салу, астарлап сөйлеу сынды ұлттық жадының тереңдігі мен мықтылығын білдіретін генофонд жасай алды. Бұл үлес қазақ ұлтына таусылмас қазына.

Келесі бір отандық ғалым Ж.Б. Ошақбаева қазақ халқының ұлттық үлгісін тарихы терең мифтік бастаулардан көреді. Ол «Діни дастандардағы мифологиялық көрністер» атты мақаласында «Қазақтың арғы ата-тектерінің дүниені мифтік тұрғыдан түсінуі әлемдік үлгілермен сабақтас. Көне түркілердің діни-мифологиялық тағылымдарына тоқталар болсақ, Орхон руникалық жазбаларының мәнмәтінінде Тәңір, Ұмай және Жер-Су наным-сенім ұғымдары берілген [88, 197 б.] деп келтіреді. Қазақтың кең даласында сырға толы киелі мекендер көп. Әр мекеннің өзіндік аңызы бар. Әр аңыздың түбінде тап таза мифтік дүниегекөзқарасқа негізделген халықтық дүниетаным жатыр. Қаншама тарихи тәлкектерге түссе де, замануилықтың көшіне ілессе де қазақ халқы осынау бір тұнық бастаулардан еш бас тартқан жоқ. Қазіргі таңда сол дүниетанымның көмескіленген тұстарына қайта үңілу, өзгеше көзқараспен қарау, кәдеге жарату әрекеттері жасалуда.

Қазақ ғалымдарының бірі К.М.Қоңырбаева өзге тілдермен өзін толықтырған жазу үлгілерінің ерекшеліктеріне тоқталады. Ғалым пікірінше, Ислам діні тарала бастаған кездері көне түркі жазуларының орнын араб жазулары басты. Қазақ жерінде бірнеше жазу үлгілері қатар қызмет көрсеткен уақыттар болатын. Араб және парсы әдебиеті қазақтың линвистикалық кеңістігінде жиырма пайыздан асып барады деген тіл білімі ғалымдарының көрсеткішіне тоқталсақ, қазақтар ол сөздерді талғамсыз қабылдай бермеген. Жаңадан енген сөздердің дені категориялық ұғымдар. Мәселен адам – араб сөзі. Түркілерде ол

– кісі деп аталады. Саясат, мәдениет, кемел, шапағат, мұғалім – деген сөздер де ислам арқылы еніп сөз қорымызды толықтырды. Исламның таралуына дейінгі барлық далалық жырлар қобыздың сүйемелдеуінде орындалды. Негізінен жырлардың мазмұны бұрында өткен белгілі халық батырларының өмірі мен қаһарманық іс-әрекеттері болып келеді [89, 206 б.] дей келе қазақ халқының талғампаздығы мен парасаттылығын жоғары қояды.

Философ-ғалымдардың бірі С.Шамахай мәдени үлгіні сонау ерте замандардан бері сабақтаса жалғасып келе жатқан шежіреден көреді. Адамзат мәдениетінің дамуындағы сырға толы асыл қазынасы – шежіре. Арабша «шаджарат» – бұтақ, тармақ дегенді білдіреді. Шежіренің дүниеге келуі сол ұлттың мәдениетінің көркейіп, кемелденгенінің көрсеткіші. Ру, тайпалардың тарихын ұрпақтан ұрпаққа жеткізген, қалыптасқан ресми Шежіре барлық халықтарда кездеседі. Рашид әд-Дин, Ұлықбек, Әбілғазы, Бейбарыс, ибн Халдун, т.б. көптеген ортағасырлық авторлардың еңбектерінде белгілі бір тұлғалардың, рутайпалардың, халықтардың шығу тегі таратылып, бірнеше ұрпақтар алмастығы өрбітіліп отырды. Түркі халықтарында шежірені шежіреші қарттар ауызша да таратып отырған. Олай болса, тарихтың өзі әрбір халықтың өткен өмірі туралы ауызша және жазбаша сақталған эпикалық шежірелерінен туындады [90, 165 б.]. Шежіре – шығыстық мәдени үлгі, ол расыменде ғалым айтқандай кемелденген, толықсыған мәдениеттің көрінісі, дамудың ұрпақтар сабақтастығының мәдени үлгі мен мәдени мұраның болмысы. Бұл ата-бабаға, өткен ұрпаққа деген кішілердің құрметі мен үлкен буынның кіші буынға сабақтастыра жалғау үшін беріп отырған шақыруы, жалғастылық ұсынысы.

Зиялы қауымға жақсы таныс «ұлттық бірегейлік», «мәдени бірегейлік», «діни бірегейлік» сынды бірқатар өзекті мәселелерді көтеріп жүрген отандық философ-ғалым Бақытжан Меңлібекұлы Сатершинов «Қазақстан халқы бірегейлігінің этноконфессионалдық үрдістері» атты ғылыми мақаласында «Қазақстанда көптеген ұлттық қауымдастықтардың мүдделерін реттеудің қомақты тәжірибесі жинақталды. Қазақ халқымен қатар, әрқилы ұлттардың мәдени-тарихи дамуының

ерекшеліктерін ескеретін, өз бойына халықаралық құқықтың әмбебап ұстындарын және ұлттық топтардың өзара әрекетінің өзіндік қазақстандық тәжірибесінің ерекшелігін үйлестіре енгізген осы халықтардың бірге тұруының өзгеше қазақстандық үлгісі қалыптасты» [91, 336 б.] десе, келесі бір ғалым Е.Б. Тоқтаровтың «Проблема национальной идентичности в работах современных казахстанских философов» мақаласында «Ұлттық бірегейлік жеке индивидтің, әлеуметтік топтың белгілі бір ұлтпен сәйкестендіру процесінің нәтижесі болып табылады. Сәйкесінше, қазақстандық қоғам үшін қазақстандық ұлт бейнесін жасау және оған ұмтылу, осы бейнемен теңдестіру мәселесі өзекті саналады. Қазақстандық философтардың басым бөлігі қазақ этносы, оның мәдениеті, тілі қазақстандық қоғамда негізгі болуы керек, сәйкесінше, елдің барлық азаматтары игеруі тиіс тәсілін ұстанады. Мұндай тәсіл мемлекеттіліктің ұлттық сипаты себебімен байланысты, яғни Қазақстан – бұл бірінші кезекте қазақ этносының мемлекеттілігі. Кеңес өкіметінің қоныс аудару саясатының нәтижесінде республиканың заманауи тұрғындарының бөлігі болған диаспоралар титулды қазақ этносы мен оның мәдениеті айналасында, жаңа саяси-мәдени қауымдастық – қазақстандық ұлтпен біте қайнасуы керек» [92, 200 с.]. Бір қарағанда екі ғалымның пікірлері бір-біріне қарама қайшы сынды көрінуі мүмкін, алайда екі ғалымда «Қазақстандық үлгіге» келудің екі тәсілін қарастырып отыр.

Қазақ халқының мәдени үлгісінің ерекше бір қыры ретінде территориялық орналасуымызға орай ынтымақтастық пен ымыраластық стилін ұстануымыз болып табылады. Бұл турасында ғалым Бақытжан Меңлібекұлы өзінің Әбдімәлік Нысанбаев және Серік Нұрмұратов сынды қазақ философиясының ірі ғалымдарымен бірге ілгерілікте жазған «Еуразиялық идеяның қысқаша тарихы мен мәні» атты ғылыми мақалада шығыс пен батыстың ерекшеліктерін олардың ұранымен негіздей отырып «Еуразия философиясы» идеясын ұсынады.

Еуразияшылдық – халықтардың бірлігі, ол – басты мұрат ретінде адам мәдениетінің екі жағының тұтастығы, Шығыс пен Батыс қуаттарының бірігуі. Еуразияшылдық дегеніміз – іштей

топтастыру, бірлік. Қазақ даналығына сүйенсек, бірлік бар жерде тірлік те болады. Өз мағынасы, өзінің табиғаты мен мәні жөнінде де ол солай болуы тиіс. Егер Батыстың ұраны: «Сыртқы дүниені танып, соның негізінде оны қайта өзгерт» десе, Шығыстың ұраны: «Өзіңді өзін танып, соның негізінде оны қайта өзгерт». Ал Еуразияның ұраны: «Ізгілік жасау немесе жақсылыққа, жарастыққа, парасаттылыққа ұмтылу». Ұлы Абайдың сөзімен айтсақ: «Адам бол!», рухани-адамгершілік жағынан жетілген, Шығыстың руханияты мен Батыстың озық технологиясын, білімін, ақыл-ойын бойына сіңіріп, екеуін ұштастырған толық адам бол! Еуразиялық идея Шығыс пен Батыс идеяларымен салыстырғанда өзіндік ерекшелігі бола тұра, оларға кереғарлық жасамайды, олармен бір қатарда айрықша тұрмайды. Керісінше, екі идеяны да жандандырып, мәдени-рухани жағынан біріктіреді, синтездейді. Ол дүниені жаңғырту мен адамды рухани жетілдіруді бір-бірінен алшақтатпайды, керісінше, жақындатады, толықтырады. Басқаша айтқанда, адамның материалдық-практикалық іс-әрекеті рухани-адамгершілік бастамасымен молығады; өз кезегінде адамның рухани-адамгершілік тұрғыдан дамуы дүниеден сырт қалуды емес, қайта ол нақтылы іс-әрекетті талап етеді. Көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі Еуразия құрлығында ең шешуші суперэтностар – славян және тұран халықтарының кейінгі ұрпаққа қалдырған бай философиялық және рухани мұралары бар, олардың жиынтығын «Еуразия философиясы» деуге әбден болады [93].

Мәдени бірегейліктің тек бір қыры ғана болып табылатын «мәдени үлгі» ұғымының жіктелімін талдай келе оның стратегиялық құрылысын түсіну және қолдану үшін бірнеше аспектілерге негіздеп топтастыруға болады:

Біріншіден, мәдени үлгілер белгілі бір ойлау жүйесін, ойлау контекстін құрылымдайды. Бұл стратегиялық мақсат әлем халықтарының ортақ ойларын біріктіре отырып жаңа немесе бейтаныс үлгілерді қабылдауға, түсінуге және жіктеуге көмектеседі. Табиғаттағы барлық экожүйелердің өзара байланысы секілді әлем халықтары да өзара тығыз байланыста екендігін түсіндіре алады. Әлем халықтарына ортақ мәдени үлгілер арқылы «адамзат жолы» ұғымын түсінуге ықпал етеді.

Екіншіден, мәдени үлгілер кез-келген саланы және әрбір мәселені қамти алады. Мәдени үлгілердің көптігі сондай оларды тізімдеу мүмкін емес және ол арнайы құжат ретінде рәсімделмейді. Адамдар өзіне қажетті уақытта мәдени үлгіні өзіне өзі тауып ала алады.

Үшіншіден, мәдени үлгілер қол жетімді және кең таралған. Белгілі бір ұлттың бірде бір өкілін жеке танымасанда да ол ұлт туралы қандайда бір мәдени үлгілерді білуге болады немесе керісінше, белгілі бір ұлт өкілімен жақсы қарым-қатынас жасау арқылы сол адамның ұлттық мәдени үлгілерімен танысуға, түсінуге және пайдалануға болады.

Төртіншіден, мәдени үлгілер тұрақты және берік. Көптеген мәдени үлгілер мерзімдері тым ұзақ. Олар өте ұзақ өмір сүрсе де өздерінің түпкі мағынасын жоғалтпаған. Мәдени үлгілердің сақтау қабілеті оның онсызда әмбебап болмысын одан әрі маңызды ете түседі.

«Мәдени бірегейлік» ұғымы сан қырлы, әртүрлі жағдайларда әр түрлі мағыналарға ие бола алатын, коммуникациялық мүмкіндігі жоғары көп өлшемді ұғым деп айта аламыз. Мәдени бірегейлік белгілі бір мәдени топтардың жалпы сәйкестігін білдіреді. Мәдени бірегейліктің ерекшеліктеріне нәсіл, этникалық, дін, гендерлік нормалар, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер жатады. Осы аталғандардың барлығын біріктіре келе «мәдени мұра» немесе «мәдени құндылық» деп атауға болады. Әдетте «мұра» сөзі бір дегеннен атадан балаға немесе ұрпақтан ұрпаққа берілетін қандайда бір материалдық немесе рухани құндылықтар деп түсініледі. Аталмыш ұғым мағынасы расыменде осындай, алайда оған есте сақтау әрекеттерімен байланысты мәдени процесс немесе сол процеске тікелей ықпал ете алатын мәдени құрал ретінде қарау «мәдени мұра» ұғымының екінші тынысын ашып мәнін де, ауқымын да ұлғайта түседі. Қазіргі уақытта жаңашылдық ретінде танылған және заманауи форматтан көрніс беретін идеялардың түбіне үңілсек, сонау ертеден келе жатқан мұралы процесс екеніне көз жеткізуге болады.

Мысалы, қазіргі таңда озық мемлекеттердің келісім мен талқылаудың үлгісі ретінде өткізіліп жүрген симпозиум ежелгі гректерде де негізгі мәдени құбылыс болды. Гректер әр түрлі

жанрларда кештер мен қойылымдық көрністер жасады, олар көрермендерді оқиғаға сендіре алды. Осылайша мәдени диалогтар шеңберлері кеңейіп, дискурсивті түске ие болуы мүмкін идеяларды жеткізді. Демек, симпозиумда арнайы стильдер мен сәйкестіктер орын алды, соған сәйкес олар сынға да алынды, күдікке де ілінді. Гректер симпозиумдарды билік үшін күрес туралы тарихи әңгімелерге айналдырды, ал философтар үшін симпозиум жазудың өзі риторикалық әрекет болды. Симпозиумның дискурсивті әлеуетін зерттеу гректердің симпозиумды қалай бастан өткергенін және тұжырымдамалағанын түсінуді жақсартады және оның грек ой әлеміне қосқан үлесін көрсетеді [94] дейді Кембридж университетінің ғалымы Фиона Хобден. Ғалым Б.М.Сатершинов болса, «VIII–XII ғасырларда мәдениеті гүлденген Араб халифатында (оның орталығымен қатар, батысы мен шығысында да) мұсылман дінімен қатар, еркін ойшылдық та болды, дінге сенуші және атеист-ғалымдар арасында диспуттар өткізіліп тұрды. Бағдат, Дамаск, Куфа, Басра, Бұқара, Самарқанд, Каир, Стамбул, Кордова, Севилья және т.б. шаһарларда қазіргі Лондон, Париж, Брюссель, Нью-Йорк және т.б. қалалар тәрізді әртүрлі ұлттар мен діндер өкілдері бейбіт қатар өмір сүрді. Тіпті бүгінгі күндері Қазақстан Республикасының Астана қаласында өткізіліп жүрген Әлемдік діндер съезінің бастапқыда, 1254 жылы буддизм, христиан және ислам өкілдерінің қатысуымен Азия түкпіріндегі Қарақорымда өткізілгенін Рубрук қолжазбаларынан оқуға болады» [95, 82 б.]. Ғалым тұжырымына мысалы болған еуропа саяхатшысы немесе француз жансызы Гилом (Вильгельм) Рубрук және сол сықылды П.Карпини, И.Шильтбергерлерді атауға болады. Көптеген тарихи деректер осы саяхатшылардың жазбаларында сақталған. Докторант А.К.Тоқсанбаевтың «Орталық Азия көшпелілерінің ортағасырлардағы билік жүйесі: тарихнама мәселелері» атты диссертациясында аталмыш еуропалық саяхатшылар туралы мынандай бір қызықты мәлімет келтіріліпті: «Г.Рубрук Бату ханның алдына барып бір тізесін бүккенде, хан оған екі тізесін де бүгуді талап етеді. Бұл басқа хандармен кездескенде байқалмаған үрдіс. П.Карпини Күйік ханның алдында сол тізесін бүгіп тағзым еткенін жазады.

Г.Рубруктың саяхатының жалпы бағытына талдау жасасақ, бастапқы мақсат тек Сартақ ханға бару болғаны белгілі. Сартақ ондай шешім қабылдай алмайтынын айтып, оны әкесі Бату ханға жібереді. Ең қызығы Бату хан Г.Рубрукты Қаракорымдағы Мөңке ханға бірақ жібереді. Өз кезегінде Бату ханның Мөңке хансыз шешім қабылдамайтынын Г.Рубрук жазған. Г. Рубрук Мөңке ханмен кездесудегі атқарылатын іс-шараларда оның шатырына бару үшін алыстан аттан түсу керектігін жазады. Тура осы құбылысты біз П.Карпинидің Күйік хан шатырына бару үшін жасалғаны көрсетіледі. Мөңке хан Рубрукпен тілдескенде, Рубрукті тізерлетіп тұрып сөйлеседі. Жалпы хандардың елшіні қабылдаудағы әрекеттері П. Карпини жазған Күйік ханға қарағанда, Г. Рубрук жазған Мөңке ханның арасында айырмашылықтар анық байқалады. Г.Рубруктың серігі Мөңке ханмен кездесу кезінде байқаусызда табалдырыққа сүрінеді. Жалпы осы бір оқиға П. Карпини жазбаларында және Г. Рубрук жазбаларында да қатты қадағаланған мәселенің бірі. Рубруктың серігін қайтып ханмен кездесуде кіргізбеген. Табалдырықты басу мен оған сүріну көшпелілер қоғамында қатты қадағаланғаны, екі әлемнің арасында медиатор іспеттес рөлді атқарумен байланысты тәрізді [96, 109 б.] деп жазады. Осы деректерге сүйене отырып хандардың басқару қағидаттарының қатандығын, асқан зеректігін байқауға болады. Жоғарыда айтылғандай мәдени мұра ретінде тек деректер ғана емес осындай іс әрекеттер де бола алады. Келер ұрпақтың ынжықтығы мен бос белбеулігін болдырмау немесе алдын алу мақсатында да қызмет ете алады.

Мәдени мұра ұғымына өзгеше түсінік бергендердің бірі әлеуметтік психолог Эрих Фромм. Ол өзінің «To have or to be» [97] шамамен «Иемдену немесе бар болу» деп аталатын еңбегінде мәдени мұраны анықтайтын екі тәсілдің түбегейлі айырмашылықтарын анықтауға тырысады. «Иелену» немесе «иемдену» ұғымы тікелей құқық саласына қатысты, ал «бар болу» ол мәдениет саласына қатысты ұғым болуы мүмкін. Грамматикалық тұрғыдан қарағанда «иемдену» бір нәрсеге расымен де ие болу, яғни тұрақтылықтың белгісі іспетті, ал «бар болу» бір нәрсенің уақытша болуы сынды. Мысалы, «Менің сөмкем бар», бұл иемдену сөзі, алайда сөмкеңіз ұстауға

келмейтіндей ескіріп, жыртылып қалса немесе жоғалып кетсе онда сіздің оған деген иелігіңіз де жоғалады. Демек, адам қандай да бір затты иеленген сәтте, сол адаммен, яғни қожайын мен зат арасында екіұшты дүниетаным пайда болады. Адам және оның айналасындағы заттарына деген ресми меншік құқығы бар, алайда олар өзгеріске ұшырайды, ал адамның өзі мүлдем өзгермейді. Сіздің қолыңыздағы сіздің сөмкеңіз жоғалды, бұл сәтте сіз бен сөмкенің арасындағы байланыста өзгеріске ұшыраған – ол сөмке. Бұдан шығатын қорытынды адам иелігіндегі меншікті заттар толығымен сыртқы әлемге бағытталған, ол меншік иесінің болмыстық пайымына еш әсер етпейді және өзгертпейді. «Бар болу» - ол адамның белгілі бір жеке немесе ішкі қасиетіне байланысты орын алады. Мысалы, «Мен – ақынмын!», яғни менің бойымдағы ақындық қасиетті менен ешкім тартып ала алмайды, яғни ол жоғалып кетпейді, ескірмейді. Демек, «бар болу» - ол адамның ішкі әлеміне бағытталған, тек өзіне тиесілі, өзі ғана қолдана алатын меншіктік дағдылары.

«Фромнның пайымдауынша егер екі ұғым қатар жүретін болса, онда ол «белсенді болу» болмысын білдіреді. Бір нәрсеге иелік ету түптеп келгенде болмысты жоққа шығармайды, алайда иеленуге деген ұмтылыс болмыстың анықтаушы тәсілі ретінде анықталса, онда иеленушінің өзімен теке тіресуге болмайды, яғни бұл жәй ғана иелену емес, нақты неге ие екендігінді білу. Демек, мәдени мұра иемденудің үздіксіз процесі. Адам меншік иесі және жеке тұлға ретінде билік етуге құқылы, оған иелік ету міндеті жүктелген. Мәдени мұраны иемдену мүмкін емес, себебі ол бізден бұрын бізге иелік етіп қойған» [97, 179 с.]. Сонымен Фромнның бұл ұғымдық айырмашылығы назар аударуға тұрарлық. Адамның барлық өмірі «иемдену» және «бар болу» ұғымдарының өзі үшін маңыздылығын анықтаудан тұрады. Студенттің оқып жатырған мамандығы бойынша алған білімін дәлелдейтін құжат – «Диплом» және «Диплом» - студенттің сол мамандықты игергендіктен, білімі бар болғандықтан беріледі. Егер диплом жоғалса, онда студенттің бар білімі онымен бірге қалады, егер студенттің арнайы білімі жоқ болса, онда дипломның қажеттілігі шамалы болуы мүмкін.

Әрбір адамның, ұлттың, халықтың кешегі күннен бүгінгі күнге дейін келіп, қазіргі таңда ие болып отырған мәдени мұрасының сапасы сол ұлттың бірегейлігінің көрсеткіші. Мәдени бірегейлік дегеніміз - объектіні (субъектіні) басқалармен байланыстыру, жалпы немесе ерекше белгілерді, сипаттарды анықтау, жеке тұлғаның басқа адаммен, топпен, үлгімен, идеалымен, белгілі бір ұлттың мәдениетімен сәйкестендіру процесі. Мемлекетаралық саяси және экономикалық байланыстар мен өзара байланыстар мәдениет саласындағы интеграциялық процестердің даму факторы бола алады және сол арқылы ұлттық мәдениеттің әлемдік мәдени кеңістікке енуіне негіз болады [98, 308 с.]. Мәдени бірегейлікті қалыптастыру процесінің философиялық мәдениетпен дүниетанымдық және әдіснамалық бірлестігі философияның өзін адамның терең өзін-өзі тануының бір түрі ретінде алуынан көрінеді. Философиялық білімнің пәні - адамның шындыққа қатынасы. Философиялық проблемалар адамдардың өмірінің нақты қажеттіліктерімен анықталады. Адамның өзі тарихи болғандықтан, философия пәні де, философиялық проблемалар да, адамның әлемге деген көзқарасымен байланысты проблемалар, адамның көзқарасы өзгеретіндігіне байланысты нақты тарихи сипатқа ие болады [99, 80 с.]. Сайып келгенде, мәдени бірегейлік көпполярлы әлемде өзін-өзі ұлт, халық ретінде жоғалтып алмау үшін аса қажет. Еліміздегі мемлекеттік маңызы бар бағдарламалардың барлығы дерлік дәл осы ой-тұжырымға бағытталған. Жаһандану процесі қарқын алған сайын онда жоғалудың қаупі басым. Жоғалу еш мәжбүрлеусіз ақ өзінен өзі орын алатын процесс.

«МӘДЕНИ БІРЕГЕЙЛІК» ТАРАУЫ БОЙЫНША ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Межуев В.М. Философия культуры и науки о культуре: различие в подходах // Вестник Московского государственного университета культуры и искусств. 2019. № 3 (89). С. 72–88. DOI: 10.24411/1997-0803-2019-10306
2. Вартанова Ж.А. Планета философа // Философские науки. 2012. №3. – С. 152-156.
3. Цветкова И.В. Структура философской культуры / И. В. Цветкова // Вестник СамГУ. Сер.: Философия. – 2002. – № 1. – С. 1–10.
4. Цветкова И.В. Проблема философской культуры / И. В. Цветкова // Философия и общество. – 2003. – № 4. – С. 76–86
5. Баранец Н.Г. Метаморфозы этоса российского философского сообщества: в XIX – начале XX веков / Н. Г. Баранец. – Ульяновск: УлГУ, 2007. – 252 с.
6. Атманских А.С. Философия в России: диалог двух традиций / А. С. Атманских. – Екатеринбург: УрГУ. –1998. – 150 с.
7. Ершова О.В. Философская культура как основа конвенции в философии // Вестник ВГУ. Философская серия. – 2016. – № 3. – С. 161–166.
8. Кононенко Б.И. Культурология в терминах, понятиях, именах. Справочное учебное пособие: М.: «Щит-М», 1999. – 225 с.
9. О повышении качества и эффективности философских исследований и публикаций. Круглый стол // Вопросы философии. – 1976. – № 9. – С. 131– 144.
10. Баранец Н.Г. Философское сообщество / Н. Г. Баранец. – Ульяновск: УлГУ, 2003. – 299 с.
11. Нұрадин Г.Б. Мәдениет философиясы: Оқу құралы. Астана, 2010. 90 б.
12. Reinhard Zöllner. The Bonn Handbook of Globality. 2019. p. 806.
13. Стюард Д.Х. Библиотека архива портала Иллинойс, (2015). library.illinois.edu.
14. Стюард Д.Х. Британская энциклопедия. britannica.com

15. Стюард Д.Х. Национальная Академия Наук им. Р. Портала (1996). Автор: Маннерс. nasonline.org
16. Герт Хофстеде <https://geerthofstede.com/>
17. Hofstede, G. (2011). Dimensionalizing Cultures: The Hofstede Model in Context. Online Readings in Psychology and Culture, 2(1). <https://doi.org/10.9707/2307-0919.1014>
18. Нурушева А.М. Қала кеңістігіндегі әлеуметтік теңсіздіктің жаңа формалары. 6D050100 – «Әлеуметтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертация. 2013. – 145 б.
19. Rausell-Köster P., Ghirardi S., Sanjuán J., Molinari F., Abril B. Cultural experiences in the framework of «cultural cities»: measuring the socioeconomic impact of culture in urban performance // City, Territory and Architecture. № 40 (2022).
20. Самые большие города мира. <https://moya-planeta.ru/>
21. Миронов В.В. Семиотические выражи культуры: от диалога к монологу? // Вестник Московского университета. Серия 7. Философия. 2017. № 5. -3-18.
22. Shapin S. Science and the Modern World. 2007. -445 p.
23. Ғылым тарихы мен философиясы / Құрастырушы – Алтаев Ж.А.: ЖОО-ның магистранттары және аспиранттарына арналған оқулық. – Алматы: Раритет, 2007 – 320 б.
24. Нұрадин Г.Б. Өркениет: дәстүр және сабақтастық. – Алматы, ТОО «Издательский дом «АСА». 2007. – 159 б.
25. Berry J.W. Acculturation. A Personal Journey across Cultures. 2019.
26. Уоллес Э. Аккультурация. Британская энциклопедия. <https://www.britannica.com/>
27. Дж. В. Берри. Энциклопедия прикладной психологии. 2004 г
28. Бойер П. Культурная ассимиляция. Международная энциклопедия социальных и поведенческих наук, 2001 г.
29. Graves D.T. Psychological Acculturation in a Tri-Ethnic Community. 1967.
30. Сэм Д.Л. Аккультурация. Международная энциклопедия социальных и поведенческих наук (второе издание), 2015 г.

31. Дельгадо-Ромеро Э.А., Ридли Ч.Р. Расовые и этнические меньшинства, Консультирование. Энциклопедия прикладной психологии. 2004 г.

32. Ибрагим Ф.А., Хойер Д.Р. Оценка, диагностика и лечение психических расстройств у мусульман. Справочник по мультикультурному психическому здоровью (второе издание). 2013.

33. Блюм А.В. Группы меньшинств и зависимости. Принципы зависимости. 2013.

34. Schmitz, P.G., Schmitz, F. Correlates of Acculturation Strategies: Personality, Coping, and Outcome(Article) // Journal of Cross-Cultural Psychology. Vol. 53, Issue 7-8, August 2022, Pages 875-916. DOI: 10.1177/00220221221109939

35. Вико Дж. Основания новой науки об общей природе наций. - Л.: Гос. лит.изд, 1940. - 619 с.

36. Использование Вико этимологии. Интернет-энциклопедия философии (IEP). <https://iep.utm.edu/vico/>

37. Кант И. Идея всеобщей истории во всемирногражданском плане, 1784 // Соч. в 6 т. – М.: Мысль, 1966. – Т. 6. – С. 7–23.

38. Бергсон А. Творческая эволюция. – СПб.: Издание М.И. Семе нова, 1913. – Т. 1. – 332 с.

39. Тейяр де Шарден. Божественная среда. – М.: Гносис, 1994. – 220 с.

40. Тейяр де Шарден. Феномен человека. - М., 1965. - 410 с.

41. Қазақ тілінің сөздігі. - Алматы: Дайк-пресс, 1999. - 776 б.

42. Преемственность поколений. Социальная педагогика краткий словарь понятий и терминов. РГСУ. Москва. 2016.

43. Садыкова А.Е. Интеллектуалды ұрпақ қалыптастырудағы тәрбие мен білімнің сабақтастығы. – Алматы, 2012. № 4. – 20-22 бб.

44. Әуезов М. Евразийская духовная традиция и преемственность казахской культуры // Культура Казахстана: традиции, реальности, поиски. - Алматы, 1998. - С. 31-38.

45. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы. - Алматы: Санат, 1997. - 464 б.

46. Нұрмұратов С. Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. 5-том. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. -Астана: Аударма. -2006. - 516 бет.

47. Нұрышева Г.Ж. Өмірдің мәні: философиялық-антропологиялық талдау / Монография. – Алматы: Інжу-Маржан, 2011. - 347 б.

48. Қабул О.Қ. Сабақтастық – философиялық ұғым (құндылықтар трансформациясы). 6D020100 - Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Қолжазба құқығында. 2019. - 137 б.

49. Мұқашев З.А. Преемственность в философии. - Алма-Ата: Казахстан, 1973. - 102 с.

50. Мұқашев З.А. Преемственность как момент развития. - Алма-Ата: Казахстан, 1980. - 203 с.

51. Баллер Э.А. Преемственность в развитии культуры. - М.: Наука, 1969. - 294 с.

52. Баллер Э.А. Социальный прогресс и культурное наследие. - М.: Наука, 1987. - 225 с.

53. Завьялова М.П., Расторгуев В.Н. Единство и преемственность сознания. Томск: Изд-во Том. ун-та, 1988. - 208 с.

54. Мамардашвили М.К. Сознание и цивилизация. Азбука, 2018. – 352 с.

55. Мамардашвили М.К. Как я понимаю философию. – М.: Группа Прогресс, Культура, 1992. – 415 с.

56. Рубанов В.Г. Понятие «преемственность» и его социальное измерение // Известия Томского политехнического университета. 2013. Т. 323. № 6. – С. 103-110.

57. Стукалова О.В. Интегративные процессы в современной культуре в контексте идей Ю.М. Лотмана (педагогический аспект) // Институт художественного образования Российской академии образования электронный научный журнал «Педагогика искусства». 2008. № 4.

58. Гусейнова Ф. Культурные отношения как одно из основных направлений интеграции с миром // Единство. Гражданственность. Патриотизм. Сборник научных трудов к

100-летию Республики Башкортостан. - Уфа: Мир печати, 2019. - 392 с. – С. 296-298.

59. Мырзатаев Е.Қ. Президент Н.Назарбаевтың Еуразиялық идеясы және оның дамуы. 2016. <https://qamshy.kz/article>

60. Нысанбаев А.Н. Становление глобальной этики взаимопонимания // Вопросы философии. 2017. № 8. С. 11–20.

61. Глобалистика. Персоналии, организации, издания: энциклопедический справочник; гл. ред., сост. И.В. Ильин, И.И. Мазур, А.Н. Чумаков. – М.: Альфа-М, 2012. – 432 с.

62. Савинова В.В. Проблема культурной апроприации в современном мире (конец 1970-х – начало 2020- х гг.) 46.03.03 - Антропология и этнология. 2021. -119 с.

63. Что такое культурная апроприация? Британская энциклопедия. <https://www.britannica.com/>

64. Культурное присвоение. <https://www.oxfordreference.com/>

65. Тұрғынбаев Е.М.Эдуард Уади Саидтың «Ориентализм» еңбегінің қазақ тілінде шыққан (Алматы, 2019. Ұлттық аударма бюросы, аудармашылар Т. Мұхтаров, Қ. Аманжол) аудармасына ПИКІР // Journal of history. №2 (97). 2020. – 236-238 бб.

66. Said E.W. Orientalism, Penguin Modern Classics, NY, 1994. - P. 351.

67. Қалиева Ш.С. Ориентализм. Кіріспе. Эдвард Саидтің «Ориентализм» еңбегі: өзектілігі, авторы, тақырыбы. 1 дәріс. Қазақстанның ашық университеті. – 6 б. https://openu.kz/storage/lessons/2482/1_lecture.pdf

68. Коршикова А.О. Анализ критических подходов к концепции ориентализма Эдварда Саида. // Працы гістарычнага факультэта БДУ: навук. зб. Вып. 9 / рэдкал.: У. К. Коршук (адк. рэд.) [і інш.]. – Мн.: БДУ, 2014. – с. 237 – 246.

69. Бойцов А.И. Преступления против собственности. - СПб.:Юрид. центр. Пресс, 2002. - С. 773;

70. Лотман Ю.М. Понятие границы // Лотман Ю.М. Внутри мыслящих миров. Человек – текст – семиосфера – история. М.: Языки русской культуры, 1996. С. 175–192.

71. Rogers R.A. From Cultural Exchange to Transculturation: A Review and Reconcep-tualization of Cultural Appropriation, Communication Theory, Volume 16, Issue 4, November 2006, pp.

474–503. URL: <https://doi.org/10.1111/j.1468-2885.2006.00277.x>
[Дата обращения: 12.02.2023].

72. Москочук Л.С. Культурная апроприация как этическая проблема в контексте сохранения культурного наследия // Наследие Веков 2022 № 1. – 54-62. DOI: 10.36343/SB.2022.29.1.005

73. Brummett B. Rhetorical Dimensions of Popular Culture (Tuscaloosa, University of Alabama Press, 1991, XXIII + 220, ISBN 0-81730-0156-5). <https://doi.org/10.7202/1082463ar>

74. Чат Gpt. 30.11.2022. <https://chat.openai.com/>

75. [Brown Ray B., Folklore to Populore, in POPULAR CULTURE STUDIES ACROSS THE CURRICULUM 24, 25 \(Ray B. Brown ed., 2004\). " Papke, supra note 10, at 127-2](#)

76. Блэкмор С. Третий репликатор эволюции: гены, мемы – что дальше? // Нью Сайентист В.2719. 31.07.2009.

77. Нұрадин Г.Б. «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын «халықтық мем» арқылы идеологияға айналдыру // «100 нақты қадам» ұлттық жоспарын жүзеге асыру аясындағы «Мәңгілік ел» идеясының білім беру жүйесіне енгізілу стратегиясы мен жүзеге асырылуы. ҚР білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы» АҚ филиалы. -172-177 бб.

78. Fiske, John. Understanding popular culture. 2nd Edition. Routledge, 2011. – 206 p.

79. Baudrillard, J. Consumer Society: Myths and Structures. 1998. – 224 p.

80. Bowie A. The culture industry. 2022. doi.org/10.1093/actrade/9780198833864.003.0005

81. Ғабитов Т.Х. «Мәдениеттану». - Алматы: ЖШС Лантар-Трейд, 2019. – 416 б.

82. Дудчик, А. Ю. Культурология: пособие / А. Ю. Дудчик, И. М. Клецкова. – Минск: БГУ, 2015. – 186 с. ISBN 978-985-566-244-1.

83. Taras V., Rowney J., Steel P. Half a century of measuring culture: Review of approaches, challenges, and limitations based on the analysis of 121 instruments for quantifying culture // Journal of International Management. 2009. №15. - P. 357–373.

84. Horkheimer M. Eclipse of reason. 1947 by Oxford University Press, New York New material copyright © 1974 by The Continuum Publishing Company, Incorporated This edition 2004. - 129 p.

85. Cavalli-Sforza LL, Feldman MW (1981) Cultural Transmission and Evolution: A Quantitative Approach (Princeton Univ Press, Princeton).

86. Сақбекова Ә.Б., Мұсатаев С.Ш. Ұлттық бірегейліктің этносаияси тұжырымдамалары: әлемдік тәжірибе және қазақстандық үлгі // ҚазҰУ Хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. № 1(83). 2023. – 81-91 бб.

87. Сағатова Ә.С. Ұлттық сананың дүниетанымдық үлгілері // ЕҰУ Хабаршысы. Тарих ғылымдары. Философия. Дінтану сериясы. 2022. Т. 139. №. 2. - 218-233 бб. DOI:10.32523/2616-7255-2022-139-2-218-233

88. Ошақбаева Ж.Б. Діни дастандардағы мифологиялық көрністер // «Рухани жаңғыру» концепті идеясын жүзеге асыру аясындағы «Ұлы Дала халқының діни бірегейлігі қалыптасуының рухани қырлары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2019. – 600 б. – 197-204 бб.

89. Қоңырбаева К.М. Ислам құндылықтарының қазақ этикасына әсері. «Рухани жаңғыру» концепті идеясын жүзеге асыру аясындағы «Ұлы Дала халқының діни бірегейлігі қалыптасуының рухани қырлары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2019. – 600 б. – 204-211 бб.

90. Шамахай С. «Құпия шежіре» - мәдени мұра // Хабаршы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. №2 (60). 2017. – 164-174 бб.

91. Сатершинов Б.М. Қазақстан халқы бірегейлігінің этноконфессионалдық үрдістері // Үлкен Алтай әлемі – Мир Большого Алтая – World of Great Altay 3(3) 2017. – 335-340 бб.

92. Токтаров Е. Философской мысли: история, современность, перспективы» проблема национальной идентичности в работах современных казахстанских философов

// Философия Казахстана в пространстве мировой философской мысли: история, современность, перспективы. 25 лет независимости Казахстана в философско-политологическом измерении. Материалы Международного форума философов и политологов, II Казахстанского философского Конгресса (Алматы, 29-30 сентября 2016 г.). – Алматы, 2016. – 416 с. -199-201 с.

93. Нысанбаев Ә. Н., Нұрмұратов С.Н., Сатершинов Б.М. Еуразиялық идеядан - Еуразиялық интеграцияға // Президент Н. Ә.Назарбаевтың Еуразиялық бастамалары. 2013. <http://dspace.enu.kz/handle/data/7035>

94. Хобден Ф. Симпозиум в древнегреческом обществе и мысли. Издательство Кембриджского университета. 2013. ISBN 9781107026667

95. Сатершинов Б.М. Исламнан үрейленудің бастаулары: тарихи және әлеуметтік-мәдени аясы // Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы. № 6. 2014. – 81-87 бб.

96. Тоқсанбаев А.К. Орталық Азия көшпелілерінің ортағасырлардағы билік жүйесі: тарихнама мәселелері. 6D020300 – «Тарих» Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2021. – 164 б.

97. Иметь или быть? / Эрих Фромм; [пер. С нем. Э.Телятниковой]. – Москва: Издательство АСТ, 2018. – 320 с.

98. Темиртон Г. Современные научные исследования: к изучению процессов культурной интеграции // Философия Казахстана в пространстве мировой философской мысли: история, современность, перспективы. 25 лет независимости Казахстана в философско-политологическом измерении. Материалы Международного форума философов и политологов, II Казахстанского философского Конгресса (Алматы, 29-30 сентября 2016 г.). – Алматы, 2016. – 416 с. -306-308 с.

99. Аббасова К.Я., Солощенко П.П., Караконисова С.Г. Философская культура как способ формирования культурной идентичности // Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия». № 4 (88) / 2017. – 75-81 с.

ҚОРЫТЫНДЫ

Көптеген теориялық және эмпирикалық әдебиеттерге ие мәдени қатынастар жүйесін зерттеушілер әр түрлі пәндерден алынған ақпараттар мен әртүрлі пәндерді біріктіретін тәсілдерді ұсына алады. Пәнаралық зерттеулердің де ұтымды тұсы осында. Монографияның негізі ретінде әлеуметтік-философиялық симбиоз алға шыққанымен мәдени қарым-қатынастарды зерттеу барысында шығу тегі ұқсас, мәртебесі мен проблемалық жақындығы бар, ортақ мәселелер бір-біріне тартылады және ұзақ мерзімді зерттеуді қажет етеді.

Көпшілік назарына ұсынылып отырған «Мәдени қатынастар жүйесіндегі әлеуметтік-философиялық симбиоз аспектілері» атты монография екі тараудан тұрады, оның бірінші тарауы «Мәдени дипломатия» деп аталды. Тарау алты тараушадан тұрады. «Көпполярлы әлемдегі «жұмсақ күш» атауына ие мәдени дипломатия» атты алғашқы тараушада мәдениетаралық қатынастардың ең бейбіт және тиімді құралы ретінде мәдени дипломатия мен оның көпжақты әрекеттері көрсетіледі. Мәдени қатынастар жүйесі халықаралық қатынастардың толықтай жаңа парадигмасы бола алады. Мәдени қатынастар жүйесі - мәдени дипломатияның маңыздылығын мойындайтын прогрессивті тәсіл және мәдени сұхбаттасу, яғни өзгедегі ізгілікті идеялар, құндылықтар мен дәстүрлерді мәдениеттің немесе жеке тұлғаның басқа маңызды аспектілерімен алмасуы немесе толығыуы, яғни көпполярлы әлем атауын бекітуі. Олар ұлттық мүдделерді алға жылжытады, қарым-қатынас орнатады және әлеуметтік-мәдени түсіністік қалыптастыра алады. Ал, өркениеттер сұхбаты әр түрлі ұлттық мүдделер қатысатын процесс, этникалық және діни топтар, зорлық-зомбылықтың алдын алатын немесе одан аулақ болуға ықпал ететін әртүрлі идеялар, көзқарастар, мақсаттармен тұжырымдалады және адамдардың әр қилы болмысы негізгі ресурс ретінде қарастырылады.

Мәдени қатынастар жүйесінің жалпы нәтижелері - тығыз байланыс, жақсы түсіністік, терең қарым-қатынас, өзара тиімді мәмілелер және мемлекеттер, халықтар, мемлекеттік емес субъектілер мен мәдениеттер арасындағы кеңейтілген тұрақты

диалог. Бүгінгі күнгі қазақстанда өмір сүріп жатқан әрбір ұлт өз еркімен келмеген, тарихқа жүгінсек олардың басым көпшілігі солдыр саясаттың құрбандары, мәжбүрлік, жер аударылу, қашып келу т.б. Бұл орын алған тарихи өзгерістерді кері қалпына келтіру мүмкін емес, сол себепті Қазақстан көптеген мемлекеттерге үлгі боларлық ұлттар достығын дәріптеуге үнемі ден қояды. Мұндай мемлекеттік мәселелер философия, әлеуметтану мен мәдениеттану арасындағы симбиотикалық қатынасты зерттеу қажеттілігін тудырады. Бұл туралы «Мәдени ынтымақтастық: философия мен әлеуметтанудың симбиотикалық қолданылуы» атты екінші тараушада баяндалады.

«Мәдени қатынастар жүйесіндегі құқықтық мәдениет пен әлеуметтік даму» атты үшінші тараушада «құқық» пен «мәдениет» ұғымдарының ұқсастықтары мен айырмашылықтары екшеленіп құқықтық мәдениетке талдама жасалады. Тараушаның ең мағыналы тұсы «әділетті мемлекет» формасының жасақталуы болып табылады, формадағы әртүрлі кезеңдердегі ойшылдардың әділетті мемлекет туралы жинақталған ой-пікірлері осы бағытты ұстануға бекінген біздің еліміз үшін де пайдалы болмақ. Қазақтар қазақ жерінің байырғы халықтары ретінде оны қорғауға және сақтауға мүдделі. Бұл іргелі істі тиянақты атқару үшін халқымыздың мәдени экологиялық түсінігі қалыптасуы шарт.

Монографияның төртінші тараушасы дәл осы мәдени экологиялық түсінікті қалыптастыратын «экологиялық мәдениет», «мәдени экология», «экологиялық білім беру», «экологиялық орта» ұғымдарын талдауға арналған. Тарауша «Экологиялық мәдениет - адамның адамшылық болмысының сақталуы» деп аталады. Онда экологиялық мәселелерді қарастырған ғалымдар және одан шығу жолдарын іздеген әлемдік және отандық ізденістер мен зерттеулер негізге алынды. Адамзаттың астамшылық іс-әрекетінің арты орны толмас қайғыға апаруы мүмкін екендігін алға тартқан ғалымдардың ой-пікірлерін қолдай отырып, экологиялық сауаттылық пен экологиялық білім берудің аса қажеттілігі аталмыш тараушада талданады.

Бірінші тараудың соңғы тараушасы мәдени қатынастар жүйесінің кезекті өткір мәселелерінің бірі «көпмәдениеттілік» ұғымын талдауға арналады. «Этнотолеранттылық - көпмәдениетті білім беру кеңістігінің өзегі» атты тараушада сан түрлі жағдаяттарға орай табиғи немесе мәжбүрлі түрдегі үздіксіз ассимиляция процесінде өмір сүріп жатқан әлем халықтарының өз-өздерін сақтау мақсатындағы әрекеттерінің бірі «көпмәдениеттілік» мәселесі қозғалады. Ассимиляциялық процестер табиғаттың, динамикалық қарқынның және форманың өте көп түрлерінің пайда болуымен ерекшеленеді, сондықтан оларды толықтай бақылау немесе сыңаржақты бағалау мүмкін емес. Негізге алынып отырған «көпмәдениеттілік» ұғымы да өз ішінде көпқырлы процеске түсе алады. Ғылыми айналымға етене еніп өз жетістігін мен нәтижесін көрсеткен көпмәдениеттілік қазіргі таңда саяси ракурсқа ілігіп мемлекеттік маңызы бар бірегейлікті көксейтін процеске айналған.

Монографияның екінші тарауы дәл осы бірегейліктің қыр-сырын талдауға бағытталып «Мәдени бірегейлік» деген атауға ие болған. Аталмыш тарау өз ішінде бес тараушадан тұрады. Бірінші тарауша «Философиялық мәдениет – әлеуметтік-мәдени элементтер өзгерісі» деген атауға ие. Онда көбіне мәдениет философиясымен шатастырылатын «философиялық мәдениет» ұғымы және оның атқаратын қызметі қарастырылады, оған қоса, қоғамның бет-бейнесін түрлендіретін әлеуметтік-мәдени өзгерістер және оның таралуы мен тигізетін көпшілікке тигізетін ықпалдары баяндалады.

Екінші тарауша «Мәдени сабақтастық және интеграция» деп аталады. Тараушада «сабақтастық», «мұрагерлік», «парыз» сынды мәдени трансформация қызметінің ұғымдары жан-жақты қарастырылып, олардың интеграцияға алып келетін жолдары, интеграцияның қоғамдағы атқаратын қызметі талданады. Мәдени сабақтастық ұғымының батыстық тұжырымдардағы ұғымдық ерекшеліктері батыстық зерттеуші ғалымдардың ой-тұжырымдары арқылы талданады және сабақтастықтың қоғамдағы орны мен рөлі бағамдалады.

Келесі үшінші тарауша ««Жаңа жаһандық контекстегі «мәдени тану» мен «мәдени иемдену» мәселелерінің ара

қатынасы» деген атауға ие. Онда аталмыш екі ұғым туралы ой-пікірлерге шолу жасалып салыстырмалы талдау жүргізіледі. Осы екі ұғымның орындары алмасуы нәтижесінде туындаған және туындауы мүмкін қауіп қатерлер баршылық. Адамзаттың өз болашағына алаңдауына және оның бұлыңғырлығына сәйкес мазасыздануына себеп бар. Тараушада берілген салыстырмалы талдау жіктемесі осы мәселе қызықтырған оқырманның белгілі бір түсінік-танымының қалыптасуына өз көмегін тигізуі мүмкін. Осы стиль келесі ««Бұқаралық мәдениет» пен «танымал мәдениет» ұғымдарының философиялық өлшемі» атты төртінші тараушада да сақталады. Соңғы тарауша «Мәдени бірегейлік процесіндегі әлеуметтік-философиялық ұстаным» деген атауға ие. Онда ауқымы кең, түсінілуі әр тарапты «мәдени үлгі», «мәдени мұра» ұғымдары қарастырылады. «Мәдени дипломатия» атты бірінші тарауда 103 әдебиет қолданылса, «Мәдени бірегейлік» атты екінші тарауда 99 әдебиет, жалпы саны 202 еңбек қарастырылып кіріктірілген.

Қорыта келе, қазіргі әлемдегі экономикалық, діни, саяси, экологиялық тағы да басқа толып жатқан мәселелер өткірленген сайын адамзаттың тығырықтан шығу жолы тарыла береді. Мұндай жайт онсызда ығыры шыққан адамды жайсыз күйге түсіреді. Жайсыздыққа ие болған адамның дұрыс шешім қабылдауы екіталай. Ал әрбір адамзат үшін қабылданған бүгінгі яки дұрыс шешімдер, ертеңгі ұрпақ үшін олай болмауы мүмкін. Осындай қиын да күрделі іс-әрекеттердің бір ғана шешімі оны талдау, түбін түсіну, көпшіліктің түсінуін қамтамасыз ету, келісімге келу, татулыққа шақыру.

Еліміздің жаңа даму бағытының ізгілікті құрылымы, дұрыс та анық жолы болуы үшін қажетті әрекеттерді жасау біздің парызымыз. Мемлекеттің жарқын болашағы оның әрбір мүшесінің жарқын болашағының кепілі.

НҰРАДИН ГҮЛХАН

**МӘДЕНИ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ
ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ СИМБИОЗ
АСПЕКТІЛЕРІ**

Монография

Подписано к печати 13.07.2023 г.

Заказ №0028426

Формат 60х80/16.

Объем 13,8 п.л.

Тираж 500 экз.

ЖШС «Lantar Books»

Тел.: +7 702 251 02 18

e-mail: lantar2018@mail.ru

г.Алматы, Мухамеджанова, 9.